

Киелі Рух

Кіріспе

Джон Бивер

және Эдиссон Бивермен бірлесе жазған

Аялы ағайын!!!

Құдай сізге қатты қуанып, риза болып тұр. Ол сізбен өзара тығыз байланыста болғысы келіп, сіздің Өзін жақыннан танып білуіңізді қалайды. Құдаймен тығыз қарым-қатынаста тұрған сайын, Ол сізге Өзінің жоспарын білдіріп, өзіңізді Құдай Патшалығын осы жерде орнату үшін Өзінің әріптесі болуға, яғни бірге қызмет етуге шақырады. Пауыл Елші айтқандай: «Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды» дегендей, Жаратқан Иеміз біздің өмірімізде болсын! (Еф.2:10)

Біз Көктегі Әкеміздің балалары болғандықтан, Оған ұнамды өмір сүруге талпынып келеміз. Бірақ, Иса бізге : «Құдайдың жоспарын орындау үшін тек Оның құдіретіне бөленіп, Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұрудан келеді» деп нақты түрде білдірді. Біз осы шындықты жиі ұмытып кетеді екенбіз.

Құдай сіздің Оның жұмысын өз күшіңізбен атқарғаныңызды қаламай, қайта, Ол сізбен бірге қызмет етуіңізге шақырады. Ол сізбен дос болғысы келеді және де өміріңіздің серігі болуды қалайды. Ол өміріңізге Құдайдың хабарын жеткізгісі келеді, сізді жігерлендіріп, Өз құдіретімен бөліскісі келеді. Киелі Рухтың арқасында, Құдай Әкемен тығыз байланыста болудан басқа керемет нәрсе жоқ.

Құдай Тағала сізге және бүкіл дүние жүзіндегі Оған қызмет етіп жүрген жетекшілерге осы Киелі Рух туралы шындықты жеткізуге менің жүрегіме күшті бір түрткі қалау салды. Сіз, оны шын жүректен қабылдасаңыз екен, соны тілеймін. Және де осы шындықты жақындарыңызбен бөліссеніз, жақсы болатын еді. Мен сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңыз терең болып, өмір бойы Онымен бірге ерекше жүретініңізге, сондай-ақ сіздің артыңыздан ерген адамдардың өмірінде де осындай Құдаймен ерекше қатынас болатынына сенемін.

Егер сіз Құдайдың баласы болсаңыз, онда Киелі Рух сізді ешқашан тастап, сіз туралы ұмытып кетпейтініне уәде етті. Киелі Рух сізді достық қатынасқа шақырады. Осы кітапта жазылған шындық менің өмірімді ерекше өзгертті. Мен осы шындықтың сізге ерекше әсер етіп, рухани мәнін ашып беріп, өміріңізді өзгертсін деп дұға етіп отырамын. Осы кітаптағы Жаратқан Иеміздің сөздерінің арқасында, мен сіздің және өзіңіздің жақындарыңыздың өмірлерінде қандай өзгерістердің пайда болғаны жөніндегі куәліктерін естігім келеді.

Джон Бивер

Сіздің рухани бауырыңыз



Джон Бивер
JohnBevere@ymail.com



Messenger
International
MessengerInternational.org

Киелі Рух

Кіріспе

Джон Бивер

және Эдиссон Бивермен бірлесе жазған

The Holy Spirit: An Introduction Kazakh by John Bevere

© 2014 Messenger International

www.MessengerInternational.org

Originally published in English as The Holy Spirit: An Introduction

Additional resources in Kazakh by John & Lisa Bevere are available for free download at: www.CloudLibrary.org

To contact the author: JohnBevere@yemail.com

Қазақ тіліндегі Джон Бивердің Киелі Рух: Кіріспе деген кітабы

© 2014 Messenger International

www.MessengerInternational.org

The Holy Spirit: An Introduction деген ағылшын тіліндегі тұпнұсқадағы басылымы.

Қазақ тілінде қосымша материалдарды мына сайттан тегін алуға болады:

www.CloudLibrary.org

Кітаптың авторымен осы электрондық пошта арқылы хабарласуға болады:

JohnBevere@yemail.com

МАЗМҰНЫ

<i>КІТАПТАҒЫ МӘЛІМЕТ</i>	5
<i>КІРІСПЕ СӨЗ</i>	7
1. КИЕЛІ РУХ ДЕГЕН КІМ?.....	9
2. КИЕЛІ РУХТЫҢ МІНЕЗІ.....	49
3. КИЕЛІ РУХПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУДЫҢ ҮШ ДЕҢГЕЙІ.....	93
4. КИЕЛІ РУХТЫҢ ҚҰДІРЕТІНЕ КЕНЕЛУ.....	131
5. КИЕЛІ РУХТЫҢ СӨЙЛЕГЕН ТІЛ.....	177
<i>Қосымша тарау: Сұрақтарға берілген жауаптар</i>	227

КІТАПТАҒЫ МӘЛІМЕТ

Осы кітапты басқа кітап сияқты басынан бастап аяғына дейін жай оқи салуға болады. Дегенмен, біз сізге кітапты жай оқып ғана қоймай, сонымен бірге қосымша материалдарды оқып, қабылдаған білімді қолдануға ұсынамыз.

Әрбір тарауды оқу үшін, әр күні бес тараудан оқуға бөлінеді және де тараудың аяғында тәжірибелік тапсырмалар* жазылған. Сіз бір уақытта бір тарау оқып, бір тәжірибелік тапсырманы* орындай аласыз немесе өз мүмкіндігіңізге қарай істей аласыз.

Біз сізге аптасына бір тарауды оқып, зерттеп, тәжірибелік тапсырмаларды* орындауға ұсынамыз. Бұл тапсырмаларды орындау үшін, шағын топтарда істеуге болады. Егер сіз «Мессенджер Сериеc оқуына»* қатысушы болып, осы «Киелі Рух: Кіріспе» деген кітапты оқып жатқан болсаңыз онда біз апта сайын бейне сабақтарды көруге немесе тыңдауға әрі берілген сұрақтарды шағын топтарда талқылауға ұсынамыз. Содан кейін, бір тарауды оқып болған соң, практикалық тапсырмаларды орындаңыз. Әр тарауда бір оқу тақырыбы бар. Әр тарауды талқылауға берілген сұрақтар тәжірибелік тапсырмалардан кейін жазылған.

Мен сіздің осы кітапты рахаттана отырып оқитыныңызға үміттенемін!

**Тәжірибелік тапсырмалар* - Құдаймен ерекше уақыт өткізу, сондай-ақ оқып жатқан материалды зерттеп, ойланып талқылау.

**Мессенджер Сериеc оқу* - Джон Бивердің апта сайынғы бағдарламасының бейне сабақтары.

КІРІСПЕ СӨЗ

Менің әкем осы кітапты жазуға көмектесуді сұраған кезде, өзімнің мұны істей алатыныма ешқашан сенген жоқпын. Әкем осы туралы әлі мінажат еткен жоқ шығар деген ойға келдім. Шындығын айтқанда, өзімді лайықты емеспін деп санадым. Сонымен бірге, әкемнің өтініші туралы ойлағанда, өзім қатты уайымға салынып, басым да, ішім де ауырып кетті.

Мен әкеме менен басқа лайықты адамдарды тауып алсаңыз екен, тағы осы жайында көбірек (бір немесе екі жыл бойы) мінәжат етсеңіз екен деп өтініп, оған көмектеспеуге сылтау іздей бастадым. Бірақ, әкем бір -ақ күн мінәжат еткеннен кейін, тек менің ғана осы жұмысты істей алатыныма кәміл сенді. Неге десеңіз, өйткені менің әкем көптеген жастардың Киелі Рухпен қатынаста тұрмай, өз беттерімен жүргенін жақсы біледі, сондай-ақ Киелі Рухтың оларға бейтаныс Құдай болып қалғанын қаламайды. Сол себептен, әкем өзіне көмектесуді сұрады. Біз екеуіміз, көптеген адамдардың жас немесе кәрі болса да, Киелі Рухты жақыннан танып білмегендіктен, әрі Оның адамның өмірінде қалай жұмыс істейтіні мәлімсіз болғандықтан, осы маңызды шындықтан аулақ жүргенін білеміз.

Сонымен, өзімнің істей алмайтыныма қарамай, мен әкемнің мұқтажынан бас тарта алмадым. Шындығын айтқанда, әкеме көмектесу үшін, шешім қабылдауға мәжбүр болдым. Бірақта, осындай шешім қабылдағаныма ешқашан өкінбедім. Сонымен қоса, өмірімде мен қабылдаған шешімнің жемісін көрдім. Мен Құдайдың Сөзіне басқаша, жаңа көзқараспен қарай бастадым, сондай-ақ, Құдай, маған Киелі Рухтың көп керемет істерін ашып көрсетті. Кейін, Киелі Рух деген қауымдардың ішінде бейтаныс Құдай болып қалады деген ащы шындықты түсіндім. Біздің Киелі Рухқа деген көзқарасымыз өзіміздің, яғни адамның ойынан шығарылған діни рәсімдеріне негізделген. Ал шынымен, тек азғантай ғана адамдар, Оны жеке тұлға ретінде жақыннан біледі, Онымен тығыз байланыста тұрады.

Осы кітаптың мақсаты сізді Құдайдың сөзі арқылы Киелі Рухпен таныстыру және де Онымен тығыз қарым-қатынаста тұруға шақыру. Бұл кітаптағы кейбір тапсырмаларды орындаудың қиын болуы мүмкін, бірақ та егер сіз тұрақты түрде оны орындай берсеңіз онда өміріңізде лайықты жемісті көретін боласыз.

Тараулардың мәтіндерін оқығанда, Киелі Рух сізге рухани мағынасын ашып берсін деп мінажат етіңіз. Құдайдың Сөзіне негізделмеген неше түрлі бекіністер немесе күмәндану, сенбеушілік болатын болса, соларды жойып алуға Киелі Рухтың құдіреті жетеді. Тек Оған жол берсеңіз екен. Сіз Киелі Рухтың қандай да бір деноминациямен немесе тек ерекше рухани өскен сенушілермен қатынаста тұрмайтынын түсінесіз. Сонымен бірге, сіз Киелі Рухтың Оны іздеген барша халыққа ашылып, Өзінің барлық адамның өміріне қатысқысы келетінін түсіне бастайсыз. Құдайдың Рухы Иса Мәсіхті бізге көрсетуге, әрі бүкіл дүние жүзіндегі қауымдарын Құдайдың құдіретіне кенелтуге жіберілген болатын. Ол біздің жүрегімізден орын алып, біздің өмірімізді жақсылыққа өзгертуге уәде етті. Тек Оған толықтай бағышталу, Оған мойынсұну, біздің міндетіміз болады. Сіз Киелі Рухтан басқа ең жақсы өміріңіздегі серігіңізді және ең жақын досыңызды таба алмайтыңыз шындық.

Киелі Рух сізбен бірге барлық жағдайларыңыз және қиындықтарыңызда да, қуанышты сәтте болғаныңызда да бола береді. Ол сізді қатты сүйгендіктен ешқашан тастап кетпейтініне уәде етті. Сонымен, сіз Киелі Рухпен танысуға әрі Онымен бірге өмір сүруге дайын болыңыз!

- Әдиссон Бивер, СОО Мессенджер Интернейшенал

Екі жағымызға да Мәсіх арқылы бір Киелі Рухтың арқасында
Құдай Әкеге сиынуға жол ашылды. (Ефес. 2:18)

КИЕЛІ РУХ ДЕГЕН КІМ?

Ал Әкем Менің атымнан Қамқоршыларың-Киелі Рухты жібереді. Ол Менің сендерге айтқан сөздерімнің бәрін естеріңе салып, рухани өмірлеріңе керектігін бәрін үйретеді.

– Жохан 14:26

Бірінші күн

Бұл оқиға Жаңа жылда кешке жақын болған. Мен ораза тұтып, ерекше мінажат етумен болдым. Өзім Құдайға «Киелі Жазбадан қандай кітап оқуым керек» деген сұрақ қойдым. Ал Құдай маған: «Елшілердің істерін оқы» деп таңғалдырып жауап берді. Мен неге таңғалдым? Өйткені, соңғы мәрте мінажат етіп, ұзақ ораза тұтқан уақытта Құдай маған: «Елшілердің істерін оқы» дегенді де естідім. Себебі, осы кітапта Пауыл елшінің өмірін, Құдайдың оған тапсырып берген мақсатын, орындап жүрген қызметін әрі оның қалай азап шеккені маған өте түсініксіз болған. Әсіресе, оның азап-шеккенін өзіме ақылға сыймайтын, мәнсіз болып көрінген. Неге, десеңіз. Қазір мен сізге түсіндірейін.

Құдай Пауылды, басқа ұлттарға Ізгі Хабарды уағыздауға таңдап алған. Ол: «Тәңір мені осы Ізгі Хабарды халықтарға жариялаушы, елші, ұстаз етіп тағайындады» (2 Тим. 1:11) деп айтты. Бұл оның ең маңызды мақсаты болған. Осы сөзді Пауыл елші өмір сүру барысында айтатын. Бірінші елшілік сапарға шыққанда өз қандас Яһуди бауырластарына: «Мен сені басқа ұлттарға Нұр болуға белгіледім» (Елш. 13:46-47) деп Құдайдың оған тапсырған аманатын батыл қылып жариялады.

Және екінші елшілік сапар жасаған кезде ол: «Қазірден бастап, басқа ұлттардың адамдарына барамын» (Елш. 18:6) деп бекітті. Ал Рим қаласының мәсіхші бауырластарына: «Мен басқа халықтарға жіберілген елшісімін (Рим 11:13) деп осындай сөздер жазған. Барлық Пауылдың жазған хаттарында біз осы айтылған сөздерді көреміз.

Алайда, өзінің яһуди халқын қатты сүйіп, қандас бауырластарымды құтқарамын деп кірген әрбір қаласында еврейдің ғибадатханасын (еврейше-синагога) іздеп жүрген. Пауыл, басқа халықтарға Ізгі Хабар уағыздаудың алдында, ең алдымен, синагогаларға барып яһудилерге Құдайдың Сөзін жеткізуге тырысатын. Шындығын айтқанда, олар Пауылдың сөздерін қабылдамай, оның басқа халықтарға бет бұрып, Ізгі Хабар жеткізуіне себепші болған екен. Пауыл елші өз яһуди бауырластарынан талай рет азап шегіп, солардың кесірінен көп қиындықтар көрген болатын. Олар Пауылдың және басқа халықтардың жетекшілерінің арасында арандатушылық жасап, біріне -бірі қарсы шықсын деп жаулық әрекет жасайтын. Олар Пауылға қарсы бүлік көтеріп, оны ұрып-сойып, түрмеге жапқызып, басына көп қиындық түсірген болатын. Басқа сөзбен айтқанда, яһудилердің мақсаты Пауылды жер бетінен құрту болған. Бірақ сіз мына шындықты біліп, түсініп алыңыз: Құдай яһуди халқының қамын ойлап, оларды құтқарамын деген мақсаты бар. Сол себептен, Жақып, Петір және Жохан елшілері яһуди халқына Ізгі Хабар жеткізуге жіберілген. Біз оны Киелі Жазбадан көреміз: «**Қауымның тіректері**»: деп саналатын Жақып, Петір және Жохан Құдайдың маған берген рухани дарынын мойындап, менімен және Барнабамен қол алысып, қатынасымызды бекіттік. Сонымен біз Ізгі Хабар басқа халықтарға, ал олар оны яһуди халқына алып барсын деп келістік». (Ғал. 2:9)

Мен өткен жолы ораза ұстаған уақытта, Құдай маған : «Балам, менің рақымымнан құралақан қалмау үшін, өзіңе Көктен ашылған ерікке сай қызмет ет! Менің берген аманатымды

орындаудан өз жаныңды ұстап қалатын заттардан аулақ жүр» деп анық білдірді. Осы сөздерді естігенде, «Елшілердің істері» кітабын неге тағы толық оқуым керектігіне өзім қайран қалдым. Басқа Киелі Жазбалардың ішінде жазылған алпыс бес кітап бар емес пе?

Тәңір Иемнің айтқанын орындап, елшілер туралы оқып жатқанда өзіме жаңа, басқаша рухани мағынасының ашылғанына қуандым. Құдайдың Сөзінің тірі сөз екені дәлел болды. Осы жолы оқығанда, алғашқы қауымдағы жетекшілер мен қызметшілері, сондай-ақ қарапайым сенушілер Киелі Рухпен бірге қалай жүргенін, Онымен бірге қызмет еткенін, Оған сүйеніп жүргенін, әрі Оның жетелеуіне тәуелді болғанын терең түсіне бастадым. Ол әлгі адамдардың өмірлерінің жан-серігі болып, өмірлерінің кез келген салаларына қатысқан болатын. Ол сенушілердің барлық іс-әрекеттеріне ортақ болған. Олар не істесе де, бәрін Киелі Рухтың қолдауымен істейтін: адамдарға Ізгі Хабар уағыздаса да, қызмет етсе де, бірге мінажат етуге жиналса да, қызмет жасау жоспар құруға жиналса да, Киелі Рухтың арқасында істейтін. Мына Киелі Рух туралы жазылған аяттарға назар аударайық:

- «Анани, неге жүрегіңе шайтанды ұялатып, Киелі Рухты алдап, жеріңнен түскен ақшаның бір бөлігін жасырып алдың?». (Елш. 5:3)
- «Сонда Петір: қалайша сендер Киелі Рухты алдауға бола ма деп сынауға келістіңдер?». (Елш. 5:9)
- «Біз де, Киелі Рух та бұл оқиғаларға куәміз». (Елш. 5:32)
- «Ата-бабаларымызға ұқсап Киелі Рухқа әлі де қарсы тұрып келе жатырсыздар». (Елш. 7:51)
- «Киелі Рух маған ойланбастан солармен бірге кетуім керек екенін айтып бұйырды». (Елш. 11:12)
- «Солардың ішінен Агаб деген біреуі орнына тұрып, Киелі Рухтың бүкіл жерді аштық жайлайды деген хабар жеткізді». (Елш. 11:28)

12 КИЕЛІ РУХ

- «Осылайша Киелі Рух жіберген екі елші.....Кипр аралына жүріп кетті». (Елш. 13:4)
- «Киелі Рухтың білдіруімен біз сендерге төмендегі қажетті ережелерден басқа салмақ салмауымыз керек деп шештік». (Елш. 15:28)
- «Олар Мүзияға жеткеннен кейін, Бітүнияға кіруге ұмтылды, бірақ Иса жіберген Киелі Рух оларға рұқсат бермеді». (Елш. 16:7)
- «Пауыл өзін түгелдей уағыз жұмысына арнап, Киелі Рух оны Исаның Құтқарушы Мәсіх екеніне куәлік келтіруге қыстады». (Елш. 18:5)
- «Пауыл олардан: Сендерсенген кезде, Киелі Рухты қабылдадыңдар ма?». (Елш. 19:2)
- «Пауыл Киелі Рухтың жетелеумен Македония мен Ахаия өлкелері арқылы Иерусалимге баратын шешімге келді». (Елш. 19:21)
- «Тек әрбір қалада Киелі Рух мені түрме мен азаптардың күтіп тұрғанын білдіреді». (Елш. 20:23)
- «Енді өздеріңе де, Киелі Рух басқарушы етіп қойған барлық қауымға да қарандар». (Елш. 20:28)

Елшілер туралы оқығанда, Киелі Рух туралы ашылған аяттар көзіме жиі түсетін. Өкінішке орай, қазіргі заманда дүние жүзінің қауымдарында Киелі Рухтың жұмысының көріністерінің азырақ екендігі көрініп тұрады. Елшілердің заманында болған кереметтер қазіргі сенушілердің өмірінде өте сирек кездеседі. Мен тек сенуші адамдардың өмірі жөнінде ғана емес, алғашқы кезекке өзім жайлы да айтып отырмын. Мен «Елшілердің істері» кітабын оқығанда, өзімнің Киелі Рухпен тығыз байланыста тұрмай, Оның жетелеуінсіз жүріп, құдіретіне ие болмай, қуанышсыз өмір сүріп келе жатқанымды түсіндім. Маған осы шындық ашылғанда, қалайша оны сізден жасырып, ешкіммен бөлісе алмаймын?

МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАР

Бұл тақырыпты талқылар алдында, сізбен Киелі Рух туралы ең маңызды қағидалар туралы бөлісейін:

Біріншіден, сіз Киелі Рухпен тығыз қатынаста тұрмайынша, рухани, жеңімпаз өмір сүре алмайсыз.

- Киелі Рухсыз рухани өміріңіз жалықтыратын, өнімсіз, қурап қалған шөптей болады.
- Киелі Рухпен қатынаста тұрмай, қызмет еткенде шаршап, қажып кетесіз.
- Киелі Рухсыз Құдаймен қатынаста тұра алмайсыз.

Егер қауымда Киелі Рухқа жол бермесек, онда мына екеуінің бірінің салдарына ұшыраймыз:

- Қауым, қызығушылық бойынша жиналатын қоғамдық тобырға айналып кетеді
- Қауым діншіл болып кетеді.

Мына шындыққа ерекше ден қойыңыз:

- Киелі Рухтан басқа сізге рухани түсінікті ешкім бермейді. Сонымен қоса, Киелі Рухсыз Киелі Жазба әр адамға «жай жазылған заңдар» ғана болады, ал бір аятта мынадай сөздер: «Жазылған заңдар өлім әкеледі, Ал Киелі Рух шынайы өмір сыйлайды» деп бізге осы шындықты растайды. (Қор. 2 хат 3:6)
- Сіз Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұрмай, Құдайдың сізге ашқысы келетін жоспарын немесе еркін ұға алмайсыз.
- Киелі Рухсыз қуанышты өмір сүре алмайсыз.
- Киелі Рухсыз жүрегіңізде тыныштық болмайды.
- Киелі Рухсыз рухани азаттыққа жете алмайсыз.

Иеміз – Рух, Иеміздің Рухы бар жерде азаттық бар.
(Қор. 2 хат 3:17)

Иеміздің Рухы бар жерде деген сөздеріне назар аударып, бірге ойланайық. Құдайдың Рухы барлық жерде бір уақытта бола алатынын түсінейік. Дәуіт пайғамбар: «Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын? Көз алдыңнан қайда жасырынбақпын?» дейді (Забур 138:7). Әрине, бұл сұраққа «еш жерде, еш жерге» дегеннен басқа жауап бола алмайды. Дәуіт өз сөзін жалғастырып: «Көкке көтерілсем, сол орындасың. Таң шапағатына қалықтап ұшсам да, не теңіздің ар жағына қонсам да, сол жерде мені қолың жетелеп, құдіретті қолың ұстайды демеп» (Забур 138:8-10) деп жазған. Құдайдың Рухы барлық жерде екені айдан анық.

Осыдан келіп, біз басқа сұраққа келеміз: Ал рухани азаттық барлық жерде болады ма? Енді Пауылдың «Иеміздің Рухы бар жерде азаттық бар» деп айтқан сөзіне тағы да қарайық. Біз жаңа ғана Киелі Рухтың барлық жерде бола алатынын түсіндік, онда рухани азаттық барлық жерде болады ма? Жоқ, мүлдем олай емес. Егер сіз ауруханаға, түрмелерге, ішімдік жасайтын мекеме, не болмаса жезөкшелікпен айналысатын орындарға қарасаңыз, сол жерлерде Киелі Рухтың азаттығының болмайтынын көресіз. Мен мектепте болғанда, адамдардың үйлеріне кіріп шыққанда, тіпті кейбір қауымдарды аралап шыққанда рухани азаттықты көрмеппін. Онда, Киелі Жазбаның «Киелі Рухтың барлық жерде бола алатыны» жайлы сөздерін қалай түсінуге болады? Мен сізге осы аяқтың басқа аудармасын келтірейін:

Киелі Рух қай жерде Тәңір болса, сол жерде азаттық бар.
(Қор. 2 хат 3:17 автордың жеке аудармасы)

Грек тілінде «Тәңір» деген сөз «Кюриос» деп айтылады. Оның мағынасы: «Жоғарғы билеуші» дегенді білдіреді. Бірақ, ішімдік ішетін жерде, түрмелерде, ауруханаларда, адамдардың үйлерінде, тіпті көптеген қауымдарда Киелі Рухтың басқаруына, ешкім жол бермейді. Қай жерде Киелі Рухтың «жоғарғы билеуші» болуына жол берілсе, сол жерде барлық адамдарға азаттық келеді әрі әділдік басқаратын болады

ОСЫ ЖАЗҒАННЫҢ МАҚСАТЫ

Менің жазғанымның мақсаты, сізді Киелі Рухпен таныстыру. Ол туралы мыңдаған кітаптар жаза берудің шегі болмайды. Ол туралы тоқтамастан әңгіме айтуға да болады.

Менің өз жұбайыммен бірге өмір сүріп келе жатқаным отыз жылдан асып кетті. Мен онымен көп уақыттан бері бірге тұрғанмен, оның ерекшелігін, қасиеттерінің, әрі оның жүрегіндегі сырларын әлі де біліп келе жатырмын. Біз жақын арада бірге болғанымызға отыз жыл толуына орай той жасап, өзіміз оңаша қалып бірге болдық. Сол уақытта, жұбайымның армандарын, оған ненің ұнайтынын, өзінің қандай қабілеттерінің бар екенін біліп алдым.

Ал оның қабілетіне келетін болсам, жұбайымның гольф ойынын жақсы ойнай алатын табиғи дарыны бар екенін де білмеппін. Менің спортпен айналысуды қалай жақсы көретінімді білгендіктен, ол бірге гольф ойынын ойнайық деп маған ұсыныс жасады. (Біз бірге уақыт өткізгендіктен, көп ойнағымыз келмей, бір раунд ғана ойнадық). Сол гольфтың алаңында он жетінші шұңқырда терең шыңырау бар екен. Мен өз жұбайымды гольфтың добын ана жерге лақтыра аласың ба? деп сұрадым, өйткені ол ешқашан істемеген нәрседен қашпайды да, барлық кезде жаңа нәрсеге үйренгісі келетін адам екен. Ол осы доптың 60 метрлік үлкен ордан ұшып өтіп кетуі үшін 137 метрге алыс лақтыруы керек еді. Егер ол қатты ұрмаса онда доптың теңізге құлап кетуі мүмкін. Мен, Лизаға әдейі ескі допты тауып алып бердім, өйткені оныенді ешқашан көрмеймін деп ойлап едім. Дегенмен, Лиза жақсылап тұрды да, допты қатты ұрып, оны 160 метрге алыс лақтырыпты! Міне, отыз жылдан бері бірге тұрғанда, мен оның жаңа дарынын бар екендігін білдім.

Ал, әр кеш сайын, кешкі тамақты бірге ішіп отыалар сізге үлкен көмек береді.

Екінші күн

КИЕЛІ РУХ ТУРАЛЫ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ҚАТЕ ТҮСІНІК

Көптеген мәсіхшілердің Киелі Рух жөніндегі түсініктері қате болады. Біріншіден, олар Киелі Рухпен тығыз байланыста болу, Оның Өзінің қандай екенін түсінгеннің орнына, Киелі Рухтың құдіретіне қалай толуға болатыны немесе қалай Өз құдіретімен ерекше әрекет жасауға болатынын түсінуге ұмтылады.

Біріншіден, біз Киелі Рухтың Өзі жеке тұлға екенін, бізбен байланыста тұрғысы келетінін түсіне білуіміз өте маңызды. Ол Киелі, даналығы мен құдіретінің шегі жоқ, сонымен бірге нәзік, адамдарға сезімтал және жанашыр. Біз Оған қалай қараймыз? Оған біздің құрметіміз, толық бағышталуымыз бен сүйіспеншілігімізді қабылдауға лайықты Құдай ретінде қараймыз ба? Әлде жай ғана Құдайдан келген құдіреті тіпті кейде сикырлы күш ретінде қараймыз ба? Немесе «бізге әрдайым жомарт болып, сыйлық бере салатын Жаратқан Иеге» сол үшін ғана үміт артамыз ба?

Бұл өте шектеулі, діншілдік көзқараспен байланысты болатын қате түсінік. Егер біз солай ойласақ, онда өркөкіректеніп, біздер, ерекше мәсіхшілерміз деп, өзімізді жоғарылатып кетеміз.

Бірақ, егер біз Оған құдіреті шексіз, табынуға лайық, даналық пен ақылға толы, қасиетті Құдай деп қарайтын болсақ, және Оның Құдай Әкемен және Оның Рухани Ұлымен арасындағы байланыстырушы қатынас бар екенін түсінетін болсақ және де өмірімізді толық Киелі Рухқа арнайтын болсақ, онда біз Оған басымызды иіп, Оны терең қастерлейтін боламыз.

Құдайдың Рухына табиғаттан тыс күш ретінде қарайтын

адам, «Өзімде Киелі Рух көбірек болсын» деп жиі айтады. Ал Киелі Рухпен жеке тұлға ретінде байланыста тұрғысы келетін адам: «Өз өмірімді Оған толық арнау үшін, тағы не істеуім керек?» деп сұрақ қойып, сол ойымен жүреді.

БІЗДІҢ КИЕЛІ РУХҚА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

Көптеген сенушілер Киелі Рухпен жеке тұлға ретінде тығыз қарым-қатынаста тұрғанның орнына, Одан тек ғана құдіретін қабылдауға тырысуының себебі, олардың Киелі Рух туралы қате түсінікке ие болғаны деуге болады. Көптеген адамдар Киелі Рухқа «жансыз табиғат» ретінде қарайды. Ол туралы айтқанда «Ол» деген сөздің орнына «бұл» деп айтады. Менің Құдайға қызмет етіп жүргеніме отыз жыл болды; егер Киелі Рухқа «бұл» деген айтылған сөзді естіп тұрған сайын, маған біреу бір доллар беріп тұратын болса, онда мен өте бай адам болып кетуші едім. Өкінішке орай, біз Киелі Рухты жеке тұлға ретінде қабылдамағандықтан, Оның біздің өмірімізге толық қатысуына жол бермейміз. Құдайдың Рухын сыйламаған, Оған құрмет көрсетпеген адамның өмірінде Киелі Рухтың құдіреті болмайды. (Мат. 13:54-58; Забур 89:7)

Киелі Рухты жеке тұлға ретінде айтатын болсам, Оны адам ретінде айтып тұрған жоқпын. Жеке тұлға болғандықтан Киелі Рухтың барлық қасиеттері бар екенін сізге айтқым келіп отыр. Киелі Рухтың Өзі- Құдай, біз сияқты пенде емес. Барлық адамдардың рухани жағынан Құдайға ұқсас етіліп жаратылғанын есімізде сақтауымыз керек. Ол бізге ұқсас бола алмайды, қайта біз Оған ұқсап келеміз.

Біз сенушілер бола тұра, Оны Жалғыз Киелі Құдай ретінде қабылдамай, Оның Өзіне жай қасиетті «жансыз болмыс» ретінде қараймыз. Киелі Рухтың қалауы бізбен дос болу, дегенмен, біз Оның өз өмірімізге әсер етуіне көп жол бере бермейміз. Шындығын айтқанда, біз өзіміздің білместігімізден, Онымен

тығыз қарым-қатынаста болу үшін, Оған қарсы тұрамыз.

Киелі Рухтың Өзінің жеке тұлға екенін білдіретін Киелі Жазбаның аяттарына назар аударайық:

- Киелі Рухтың ой-ниеті бар. (Рим. 8:27 аятқа қараңыз)
- Киелі Рухтың еркі-қалауы бар. (Қор. 1 хат 12:17 аятқа қараңыз)
- Киелі Рухтың сүйіспеншілік пен қуаныш яғни, жан-сезімі бар. (Рим. 15:30 және Гал. 5:22 аятқа қараңыз)
- Киелі Рух жұбаныш береді. (Елш. 9:31 аятқа қараңыз)
- Киелі Рух адамдарға анық сөйлейді. (Евр. 3:7; Тим.1 хат 4:1 аятқа қараңыз)
- Киелі Рух бізді рухани шындыққа үйретеді. (Қор.1 хат 2:13 аятқа қараңыз)
- Біз Оны ренжітіп алуымыз мүмкін. (Еф. 4:30 аятқа қараңыз)
- Адамдар Оны қорлауы мүмкін. (Евр. 10:29 аятқа қараңыз)
- Адамдар Оған қарсы тұруы мүмкін. (Елш. 7:51 аятқа қараңыз)
- Адамдар Оған өтірік айтуы мүмкін. (Елш. 5:1-11 аяттарға қараңыз)

Егер Оның қасиеттері Киелі Жазбада анық көрініп тұратын болса, неге біз Оның қандай екенін түсінбейді екенбіз деп сұрақ туындайды.

КӨГЕРШІН

Көптеген адамдар Киелі Рух туралы ойлағанда, олардың ойына көгершіннің бейнесі болып келеді. Неге көгершін бейнесі бірден ойына келеді? Киелі Рух көгершін болып жерге түскен бе? Әрине, олай емес. Барлық жазылған Ізгі Хабардың төрт кітаптарында, Құдайдың Рухы Исаның үстінде қонғанын оқимыз (Матай 3:16, Марқа 1:10; Лұқа 3:22; Жохан 1:32 аяттарға қараңыз).

Біз мысалы, «анау қыз жел сияқты ұшып жүгіріп жатады» немесе «ол жігіт бұқадай мықты» деп астарлап айтпаймыз ба? Егер өз ұлым туралы «бұқадай мықты» деп айтсам, оның шынымен «төрт аяқты малға» теңеп айтуға бола ма? Әрине болмайды ғой. Дәл солай, егер Киелі Рух жерге көгершін бейнесінде түскен болса, біз Киелі Рухтың Өзінің көгершін болып түскенін айта алмаймыз.

Біреу менімен: «Джон, бірақ, Киелі Рух Құдайдың тағының алдында жалындап жанып тұрған от іспетті болып айтылмаған ба?» (Аян 4:5) деп келіспеуі мүмкін. Иә, олай деуге болады, бірақ тағы бір аятқа қарауыңызды қалаймын: «Мен қарасам, тақтың ортасында, айнала тұрған төрт нөкер мен ақсақал қоршаған «Тоқтыны» көрдім» (Аян 5:9). Бұл Жохан елшінің Исаның сипаттамасы. Сіз және мен Исаның төрт аяғы бар мал еместігін жақсы түсінеміз ғой!!! Дәл солай, «Киелі Рухтың Құдайдың тағының алдында жалынып тұрған от» еместігін де түсінейік.

ОНДА, КИЕЛІ РУХ ДЕГЕН КІМ?

Киелі Кітап бізге Киелі Рухтың үшінші тұлға болып табылғанын анық растайды. Жаратылыстың басталуында 1:26 аятта: «Құдай енді: Біз (рухани жағынан) Өзімізге ұқсас әрі бейнелеп етіп адамды жаратайық» деп жазылған. Құдайдың «жаратайық» деген сөзіне назар аударыңыз. Ол «жаратайын» деп айтпаған. Құдай Өзіне-Өзі Әке, Ұлы, Киелі Рух деп қарайтын. Сол үш тұлға, бір-ақ Құдайдың Өзі бүкіл әлемді жаратқан.

Тағы басқа Құдай Әке, Ұлы, Киелі Рухтың бірігіп, әрекет жасағынын аятқа қарайық:

Құдайдың Өзінің, Киелі Рухы мен құдіретін назареттік Исаға дарытты. Ол игі істер жасап, шайтанның құрсауындағы адамдарды азат етіп

сауықтырып, ел аралап жүрді, өйткені Құдай Оған жар болды. (Елш. 10:38)

Осы аятта, *Құдайдың Исаға Киелі Рухты* дарытқанын көреміз, яғни үшеу біріктіріп бір мақсатты көздеп әрекет жасағанын түсінеміз.

Тағы бір мысалға қарайық:

Иса шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін дереу судан шықты. Сол сәтте көк ашылып, «Бұл -Менің сүйікті рухани Ұлым, Оған толықтай ризамын!» деген дауыс естілді. (Матай 3:16-17)

Бұл мәтінде, тағы бір рет үш тұлғаның Құдайының бір болатынын көреміз. Біріншіден, Иса Жақия пайғамбардың су рәсімінен өтіп, Құдайдың Рухы Оған қонғанын және де Құдай Әкенің көкпен: «Бұл Менің сүйікті рухани Ұлым» деп жариялағанын көреміз. Міне, үш тұлға бір мақсат үшін бірге әрекет жасайды екен.

Сізге осы маңызды шындықты жеткізу үшін қарапайым мысалды келтірейін. Судың үш түрі бар. Судың не сұйықтың, не мұздатылған, немесе газдық күйіндегі түрі болып кетуі ауаның температурасына байланысты болады. Судың құрамының молекулалық құрылымы бар. Оның ешқашан өзгермейтіні бізге анық белгілі. Бірақ судың түрі ауаның температурасына қарай өзгереді. Дәл солай, Құдайдың «құрамы» яғни табиғаты ешқашан өзгермейді. Біз Құдайдың рухани Ұлын көргенде, Құдай Әкені көргеніміз, сонымен бірге Киелі Рух бізге Исаны таныстыру үшін дүниеге жіберілген деген түсінікке келеміз. (Жохан 17:21; Еф. 1:17-18). Құдайдың бір мақсаты бар, алайда Ол Өзін бізге үш тұлға арқылы көрсетеді. Киелі Кітап үш тұлғаның әрқайсының Өздерінің жұмысы бар екенін нақты айтады. Сонымен, біз мынадай қорытындыға келеміз: үш тұлғада бір-ақ Құдай бар! Бір Құдайға ғана табынып келеміз. Заңды қайталаудың 6:4 аятында «Тыңда, Израил: Құдайымыз

Жаратқан Ие-жалғыз Құдай!!!» деп жазылған. Жақыптың 2:19 аятында «Сен жалғыз Құдай бар екеніне сенесің бе? Мұның дұрыс...» деп жазылған. Мен жазған кітаптың негізгі шындығы осы, Өзін бізге үш тұлғада көрсететін бір ғана Құдай бар.

Үшінші күн

БІРІНШІ ТҰЛҒА

Негізі, Киелі Кітапта, ең бірінші тұлға, Киелі Рух болып табылады. Жаратылыстың басталуының бірінші тарауының, бірінші аятында келесі сөздер бар: «Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты». Әрі қарай 2 аятқа қарайық: «Жер ретсіз, тіршіліксіз бос жатты; суға толы тұңғиықтың үстін кара түнек жауып тұрды. Ал Құдайдың Рухы су бетінде қалықтап ұшып жүрді» Киелі Рух бізге осы аятта көрсетілген алғашқы тұлға болды. Ол Құдайдың ең алғашқы тұлғасы болып, Киелі Рух деп аталған.

Сіздің менімен: «Жоқ, Джон, бірінші аятта «Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратқаны жөнінде жазылған емес пе?» деп келіспеуіңіз мүмкін. Егерде, бірінші аятта, Құдай туралы жазылған болса, қалайша сіз Киелі Рух туралы ең бірінші тұлға болып табылғанын айтасыз? Бұл өте жақсы сұрақ екен. Алайда, Құдайдың: «Біз Өзімізге ұқсас әрі бейнелес етіп адамды жаратайық» айтқанын есіңізде болсын. Бірінші аятта «Құдай» деп жазылған кезде, жалғыз бір Құдайдың Өзін білдіреді. Ал екінші аятта Құдайдың үшінші жеке тұлға екені туралы нақты айтылады. Сондықтан, өз жұмысын атқарған ең алғашқы тұлға Киелі Рух деп аталған. Екінші аятта: «Ал Құдайдың Рухы (яғни Киелі Рух) су бетінде қалықтап ұшып жүрді» деп жазылған.

Тағы, ең маңызды сұрақ қояйық: Киелі Рух деген Кім? Мен сізге бүкіл дүние жүзінде, Киелі Рухтың Өзі ең керемет, күшті, сезімтал, нәзік, құдіреті шексіз жеке тұлға екенін нақты айта

аламын. Ал сіз «шынымен, бүкіл дүние жүзінде Сол ғана ма?» деп күмән келтіруіңіз мүмкін. Иә, бұл шындық, бүкіл дүние жүзінде, Одан басқа ешкімді таба алмайсыз. Құдай Әкенің жерде емес, көкте тұрғанын түсінуіміз керек. Оның рухани Ұлы Иса Мәсіх көкке көтеріліп, Құдай Әкенің оң жағында отырғанын да түсінейік. Мен: «Иса менің жүрегімде» дегенді жиі естимін. Бірақ, Киелі Жазба Исаның көкке көтеріліп, Әкенің оң жағында отырғанын бізге нақты айтады (Марқа 16:19).

Елшілердің істерінде 1:9-11 аяттарда:

«Иса осылай деді де, олардың көзінше жоғары көтеріліп кетіп, бір бұлт Оны көзінен таса қылды. Олар аспанға қарағанда, қарап тұрған кезде, кенеттен ақ киімді екі жігіт қастарында пайда болды да, оларға тіл қатып: «Уа, ғалилеялықтар! Неменеге бұл жерде аспанға қарап тұрсындар? Құдай қабылдаған Иса көз алдарыңнан көкке қалай кетсе, тура солай қайтып келеді» деп осы шындық деп жазылған.

Негізінде, осы екі жігіт періштелер болған. Олар Исаның шәкірттеріне Оның қалай көкке кетсе, тура солай қайтып келетінін хабарлады. Басқа сөзбен айтқанда, Иса бұлттардың үстінде болған кейіпінде ғана жерге қайтып келеді. Иса бұлттардың үстінде болған кейіпінде ғана жерге түсті ме? Әрине, әлі түскен жоқ. Онда Исаның Құдайдың оң жағында әлі отырғаны айдан анық.

Степанды таспен атқылып, өлтіргенде не болғанын қарайық. Елш. 7:55-56 аяттарға назар аударайық: «Ал Киелі Рухқа кенелген Степан көкке қадала қарап, Құдайдың нұрлы салтанатын және Исаның Оның оң жағында тұрғанын көрді. Содан ол, міне, ғажап, көктің ашылғанын және көктен келіп, сонда қайта оралған Билеушінің Құдайдың оң жағындағы құрметті орнында тұрғанын көріп тұрмын!»-деп дауыстап жіберді. Исаның салтанатты ұлылықпен көкте тұрғанын елестетіп көрейік. Осы аяттарды оқығанда, тағы да Исаның

көкте Құдайдың оң жағында тұрғанын түсінеміз.

Мәселе, Исаның екі мың жылдан артық бойы Әкенің данқында орналасуында болып отыр. Оның жерде емес екендігі де бізге түсінікті болды. Біздер, Иса біздің жүрегімізден орын алған деп айтқанды жақсы көреміз, бірақ, шындығына келетін болсақ, біздің жүрегімізден орын алған Иса Мәсіхтің Рухы өмір сүреді. Киелі Рух деген кезде, Оны Құдай Әкенің Рухы немесе Иса Мәсіхтің Рухы деуге де болады. Сізге бірнеше мысал келтірейін.

Філіп 1:9 аят Пауыл бізге: «Өйткені сендер сиынып, Иса Мәсіхтің Киелі Рухы көмек көрсеткендіктен, осы жағдайымның жақсылықпен аяқталатынын білемін» деп жазады. Иса Киелі Рухтың жерге келуі үшін, Өзінің кетуі керектігін нақты айтқан. Пауыл елші Исаның Өзі емес, Киелі Рухтың ғана осы жерде болып, арамызда әрекет жасайтынын айтады. Өйткені Иса қазір жерде емес, Көктегі Әкенің қасында отыр.

Мат. 10:20 аятта Иса бізге: «Осылай өздерің емес, сендер арқылы көктегі Әкелеріңнің Киелі Рухы сөйлейтін болады» деп айтады. Иса Өзінің шәкірттеріне Ізгі Хабарға бола қуғын-сүргін кездері туатынын айтады. Бірақ, Әкенің Рухы оларды жетелеп, не айту керектігін түсіндіреді.

Мен, қазір, өзімнің ақылды болып немесе өмірімнің тәжірибесі көп болғандықтан осы кітапты жазып отырған жоқпын. Құдай Әкемнің Рухы мен арқылы сізді шындыққа үйретіп жатыр. Қаншама адамдарды өз күшімен тәлім үйретуге тырысқаныммен, дұрыстап үйретіп, жеткізе алмадым. Тек қана Құдайдың рақымының және Оның құдіретінің арқасында мен қазір қандай болсам, сондай болдым. Ол мені басыма қиыншылық түскен күндері де, сәтті күндерінде де ешқашан тастап кеткен жоқ. Мен өз күшіме сүйенбей, әлсіреп, рақымын жеткізетін Киелі Рухқа (Евр. 10:29) мойынсұнған кезде, Ол мені мықты қылады.

ОСЫ ҮШЕУІ ӘРЕКЕТТІ ҚАЛАЙ ЖАСАЙДЫ?

Үшбірлік Құдайының қалай жұмыс істейтінін біздің шектеулі ақыл ойымызбен түсіну өте қиын.

Қор. 1 хат 12:5-7 аяттар бізге Үшеуінің біртұтас Құдай болып әрекет жасағанын шамалап ашып береді:

Түрлі қызметтер де бар, ал біздің қызмет ететін бір Тәңір Иеміз Біреу. Әрекеттер де алуан түрлі, бірақ олар арқылы сендердің барлығында әрекет ететін Құдай біреу. Ол Өз Рухының өмірлерінде бар екенін әрқайсыңа бәрінің игілігі үшін көрсетеді.

Осы мәтінді оқығанда, Әке, Ұлы және Киелі Рухтың әрқайсысының атқаратын рөлі бар екен деген түсінікке келеміз. Әке әрекет жасайды, Ұлы қызмет етеді, ал Киелі Рух адамдардың өмірінде Өзінің дарындарының бар екендігін көрсетеді. Үшеуі бір мақсатқа жету үшін бірге әрекет жасайды.

Егер біз үй салайық десек, бізге ең алдымен не керек болады? Үй салу үшін бізге архитектор, прораб және құрылысшыларды жалдау керек. Осы мысалды келтіргенде, Құдай -бас архитектор, Иса- прораб, ал Киелі Рух құрылысшы болып үй салады. Ол бізге үй салуға, яғни рухани өмірімізді нығайтуға көмектеседі. Оның жұмысы өмірімізде анық көрінетін болады. Кез келген үй салу үшін осы Үшеудің атқаратын жұмысы өте маңызды.

ҚҰДАЙДЫҢ «САУСАҒЫ»

Киелі Кітаптың әр түрлі екі аятында Исаның жын соққан жігітті сауықтырғаны туралы жазылғанынақарайық. Иса әлгі жігіттен жынды қуып шығарған кезде, жұрт таңқалып, ал парызшылдар іштей: «Сол адам жындарды тек шайтанның күшімен ғана қуып шығарады» ойлап, жала жапты (Мат. 12:23-24 аяттарға қараңыз). Ал 28 аятта Иса оларға: «Бірақ шынында

Мен жындарды Құдайдың Киелі Рухынның құдіретімен қуып шығарамын. Демек, араларыңда Құдайдың Патшалығы орнаған!» былай деп жауап берді.

Лұқа жазған Ізгі Хабарда осы оқиға кішкене басқаша жазылған: «Бірақ шынында Мен жындарды, Құдайдың саусағымен (ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта «саусағы» деп жазыған) қуып шығарамын. Демек араларыңда Құдайдың Патшалығы арнаған» (Лұқа11:20). Матай және Лұқа жазған Ізгі Хабардың авторларының екеуі де, Киелі Рух туралы айтады. Киелі Жазбаны зерттеген көпшілік адамдардың ойынша, Лұқа Киелі Рухтың жеке тұлғасы емес, Оның әрекеттерін суреттейді деп жобалайды.

Сондықтан, біз Киелі Рухқа «Құдайдың саусағы» деуімізге болады. Киелі Жазбада Жаратқан Ие Өз халқын құтқарғанда «Өзінің құдіретті қолымен (ағылшын тіліндегі *Kieli Kimanta* «қолымен» деп жазылған) жүзеге асырды» деп айтады. Ал Забур жырында мына сөздер жазылған: «Сенің қолыңнан шыққан аспаныңа, Өзің орнатқан ай мен жұлдыздарға назар аударған әрбір уақытымда мынадай, сұрақтар туады ойымда» (Забур 8:4). Көптеген адамдар Киелі Рухтың аспан мен жұлдыздарды жаратқанын білмейді. Оның бүкіл дүниені жаратқанын да түсінбейді. Жаратылыстың басталуының 1 тарауы, 2 аятын есімізге салып кетейік: «Ал Құдайдың Рухы су бетінде ұшып қалыптап жүрді» Киелі Рух Құдай Әкеден жұмыс істеуге рұқсат беруін күтті. Жарық пайда болсын деп айтылған кезде Ұлы Әкесінің еркін орындады, ал Киелі Рух осы айтылғандарды іс жүзіне асырды.

Ишая пайғамбардың жазбасына қарайық:

Кім теңізді алақанымен (Ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта «саусағымен» деп жазылған) сарқып өлшеген, аспанды қарысымен қамтып белгілеген? Кәм жердің топырғын себетке салған, тау төбелерді де таразыға тартқан? Кім Жаратқаның ақыл ойын

ұққан, кенесшісі болып бағыт берді Оған? Жаратқан, Ие кіммен ақылдасқан, кім түсінік беріп те еді Оған, кім Жаратушы білімге үйреткен, Оған даналық жолын да нұсқаған? Қайта, бар халықтар судың шелектегі тамшысындай ғана болып көрінеді, таразыға қонған шаң-тозаң іспетті. Олар да салмақсыз деп есептеледі. Құдай араларды түйіршік секілді. Оп-оңай қолына алып көтереді. (Ишая 40:12-15)

Он екінші аятта: «Кім теңізді алақанымен (Ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта «саусағымен» деп жазылған) сарқып өлшеген...» деп жазылған. Сонымен, Киелі Рухтың жұмысына қарап, Оның қандай екенін түсінеміз. Құдайдың Рухы барлық мұхит пен теңіздерді Өз құдіретімен ұстап отыр екен. Бұл туралы ойланып көріңізші. Оның қандай құдіреті бар екенін көріп тұрсыз ба? Дегенмен, Ол біздің жүрегімізден орын алу үшін, кішіпейіл болып, Құдай Әке және Оның Ұлымен келісіп алды. Киелі Рухтың істеген кереметі не деген ғажайып еді!

Төртінші күн

КИЕЛІ РУХТЫҢ ӨЗІ-ҚУДАЙ

Киелі Рухтың адамды жаратқанына Өз үлесін қосқанына қарайық: «Сонда Құдай Ие жердегі топырақтан адамды қалыптастырып жасап, оның мұрнына тіршілік лебін үрледі. Адам осылай тірі жан болып шыға келді» (Жар.баст. 2:7). Киелі Рухтың Өзі адамды жаратып, оның мұрнына тіршілік лебін үрледі. Мұны қалай түсінуге болады?

Әуіптің кітабындағы 33:4 аяттан мына сөздерді оқимыз: «Құдайдың Рухы мені жаратты, құдіретті шексіз Тәңірдің лебі маған өмір берді» Киелі Рух тек Адам атаны ғана емес, бізді де жаратып, Өз лебін бізге үрлеп, өмір берді. Забур 138:13 аятында: «Сен іш құрылысымды қалыптастырдың, ана құрсағында мені жараттың» деп жазылған. Киелі Рух көзге көрінетіндердің

барлығын жаратқан, біз Нақыл Сөздер кітабында 26 тарау 10 аятта мынаны көреміз: «Бүкіл әлемді жаратқан Құдіретті Құдай...» Киелі Рух Құдай Әкенің жоспарын орындап, бүкіл көзге көрінетін әрі көзге көрінбейтін әлемді жаратты.

Мен сіздің Киелі Рух- Құдайдың Өзі екендігіне көзіңіз жетіп тұрғанына сенемін. Киелі Рухтың Киелі Кітапта қалай аталғанын қарайық:

- Киелі Рух (96 рет аталған)
- Тәңірдің Рухы (28 рет аталған)
- Құдайдың Рухы (26 рет аталған)
- Мәңгілік Құдайдың Рухы (Евр. 9:14)
- Қамқоршы (*Көмекші** ағылшын тіліндегі Киелі Кітабында) Иса Мәсіх Жохан жазған Ізгі Хабарында 4 рет айтқан)
- Жұбатушы
- Киелі (Забур 77:41)
- Иеміз (Қор 2 хат. 3:17)
- Шындықты жеткізетін Рух (4 рет аталған)
- Мәсіхтің Рухы (Рим 8:9, Петір. 1 хат 1:11)
- Исаның Рухы (Філіп. 1:19)
- Ақыл-кенес дарытатын Рух (Ишая 11:2)
- Білім дарытатын Рух (Ишая 11:2)
- Құдірет дарытатын Рух (Ишая 11:2)
- Даналық пен парасат беретін Рух (Ишая 11:2)
- Құдайды терең қастерлеуді дарытатын Рух (Ишая 11:2)
- Көктегі Әкелеріңнің Рухы (Мат. 10:20)
- Ұлылыққа бөлейтін Құдайдың Рухы (Петір 1 хат. 4:14)
- Рақымдылық сыйлайтын Рух (Зақария 10:9; Евр. 10:29)
- Әділ сотты жүргізетін Рух (Ишая 4:4)
- Отты Рух (Ишая 4:4)
- Шынайы өмір сыйлайтын Рух (Рим. 8:2)

28 КИЕЛІ РУХ

- Сүйіспеншілік сыйлайтын Рух (Тим. 2 хат 1:7)
- Құдірет сыйлайтын Рух (Тим. 2 хат 1:7)
- Ұстамдылық сыйлайтын Рух (Тим. арналған 2 хат 1:7)
- Пайғамбаршылық жеткізетін Рух (Аян 19:10)
- Рухани түсінік беретін Рух (Еф. арн. хат 1:19)
- Қасиеттілік Рухы (Рим. 1:14)
- Киелі Құдайдың Рухы (Даниял пайғамбардың кітабында 4 рет кездеседі)

Ол құдіретті, ғажайып, құрмет қабылдауға лайықты Құдай!

ИСА МӘСІХ КИЕЛІ РУХҚА СҮЙЕНІП ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН

Иса Мәсіх Киелі Рухқа толық мойынсұнып, Оның жетелеуімен жүретін. Иса Киелі Рухтан туылып, Одан үйреніп, Иордан өзенінде су рәсімінен өткеннен кейін, Киелі Рухтың құдіретіне бөленген. Ол Киелі Рухтың құдіретіне толмайынша, ешқандай кереметі орындаған жоқ (Бірінші жасаған керемет туралы Жохан 1:29-34 және Жохан 2:1-11 аяттарға қараңыз). Иса Киелі Рухтың жетелеумен жүрген, сондай-ақ, Киелі Рухтың сөйлеген сөздерін ғана адамдарға жеткізетін.

Жохан жазған ізгі хабар 14:10 аят бізге: «Сендерге айтып жүрген сөздерім Өзімдікі емес, Әкемдікі. Сол Сияқты Менімен тығыз байланыстағы Әкем, Өзіңнің істерін де Мен арқылы істеп жатыр» дейді.

Алайда сіз маған: Онда не болмақ? Иса Киелі Рухқа Әке деп айтып жүрген бе? деп келіспеуіңіз мүмкін. Иә, дәл солай. Жәбірейіл періштенің Жүсіпке не айтқанына көңіл аударңыз: «Дәуіттің ұрпағы Жүсіп, қалыңдығың Мәриямға үйленуден қорықпа! Себебі, құрсағындағы Баласы Киелі Рухтан» (Мат. 1:20). Иса Киелі Рухтан туылғандықтан, Оған «Менімен тығыз байланыстағы Әкем» деп айтатынын түсінікке келеміз.

Ол осы жерде өмір сүргенде, Киелі Рухпен бірге ғана қызмет еткені шындық. Соған қоса, Исаның Өзі «Оның рухани Ұлы Өздігінен ештеңе істей алмайды» (Жохан 5:19) деп жүретін. Егер Иса Мәсіхке, Құдайдың рухани Ұлы бола тұра, Әкесінің еркін жүзеге асыру үшін Киелі Рухқа сүйену керек болса, онда қаншама зор пендеміз бола тұра, өзіміз Киелі Рухпен тығыз байланыста тұрып, Оған сүйеніп жүруіміз керектігін түсінейік.

Исадан басқа ешкім Киелі Рухты жақыннан танымайды екен. Сондықтан, Киелі Рухтың Өзінің және Оның құдіреті, мінез-құлқының, істеп жатқан жұмысының қандай екенін білу үшін Исаның сөздерінен қарайық:

Сендер Мені сүйсеңдер, өсиеттерімді орындандар!
Мен көктегі Әкемнен сендермен бірге болатын басқа Қамқоршыны жіберуін өтінемін, Ол шындықты білдіретін Киелі Рух. Осы күнәкар дүние Киелі Рухты қабылдай алмайды, себебі Оны көрмейді әрі білмейді. Ал сендер Оны білесіңдер, өйткені Киелі Рух сендермен бірге тұрып, жан-дүниелеріңнен орын алады. Мен сендерді жетімсіретпей, өздеріңе қайтып келемін. (Жохан 14:15-18)

Осы мәтінде өте көп рухани түсініктер бар екен. Біріншіден, Иса «Сендер Мені сүйсеңдер, өсиеттерімді орындандар» дейді. Иса біздің өмірімізде аға-басқарушы яғни, Қожа болғысы келгенін айтады. Ол Өзінің өсиеттерін орындауға қажет екенін бізге түсіндіреді. Петір елші де: «Біз де, Киелі Рух та бұл оқиғалараға куәміз. Құдай осы Киелі Рухын Өзіне бой ұсынғандарға сыйға береді» деп бізге шындықты айтады (Елш. 5:32). Осыдан келіп, біз Құдай тек Өзіне мойынсұнған адамдарға ғана Киелі Рухты дарытады екен деген түсінікке келеміз.

Енді, Исаның тағы басқа сөздеріне қарайық (Жохан 14:16): «Мен көктегі Әкемнен сендермен бірге болатын басқа Қамқоршыны жіберуін өтінемін». «Басқа» деген, грек тілінде жазылған сөзіне қарайық. Біздің ағылшын тіліндегі Киелі

Кітапта «басқа» деген сөз бір сөзбен жазылған, ал түпнұсқада осы сөздің екі түрі бар. Грек тілінде: «гетерос» және «аллос» деген сөздер бар. «Гетерос» деген сөз «басқаға ұқсамайтын түрі» деген мағынаны білдіреді. Ал «аллос» деген сөздің «басқа тура осындай» деген мағынасы бар. Онда, Иса қандай сөзді қолданды деген сұрақ туындайды?

Осы сұраққа жауап берер алдында, сізге бір мысал келтіріп айтайын. Осы мысал сізге грекше екі сөздің арасында қандай айырмашылықтың бар екенін түсінуге көмектеседі. Мысалы, сізге жеу үшін бір жемісті, алманы беріп тұрмын дейік. Сіз алманы жеп болған соң, мен сізге «тағы басқа жейсіз бе?» деп ұсынамын.

Сіз «иә, жеймін» десеңіз, егер мен сізге апельсин берсем, сізге «басқа, алмаға ұқсамайтын жемісті» бергенім. Апельсин бұл алмадан ерекшеленетін жемістің басқа түрі болып табылады. Бұл «гетерос» деген сөз.

Бірақ егер мен сізге басқа тура осындай алманы берсем, онда мен сізге «аллос» дегенді бергенім.

Енді, Исаның қолданатын сөзі қандай болған? Иса Әкем сендерге басқа Қамқоршыны жібереді деп айтқан кезде, «аллос» деген сөзді қолданды. Басқа сөзбен айтқанда, «Құдай сендерге Өзім сияқты басқа Қамқоршыны жібереді» демек, Иса мен Киелі Рух бірдей Қамқоршылар екен.

Бесінші күн

БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДІҢ ЖАН-СЕРІГІ

Иса Жохан жазған ізгі хабардың 14:16 аятында «Көмекші, Жәрдем беруші» деген сөзді қолданады. Грек тілінде «Көмекші», яғни «Параклетос» деп айтылады. Жохан елші өз хатында Иса туралы «Параклетос» деп жазады: «Балаларым менің... Өкенің алдында әділ Қорғаушымыз бар, Сол Қорғаушымыз-Иса Мәсіх» (Жохан 1 хат 2:1). Екеуі де Иса Мәсіх және Киелі

Рух - Көмекші (*Параклетос*) болып табылады. Грек тілінде осы сөздің мағынасы қандай екен? Бұл сөздің «сәт алдында қорғаушы болып, біреу үшін өтініш жасаушы» деген мағынасы бар. Және екінші мағынасы: «жеке ақыл кеңес беруші, ұстаз немесе өмір бойы болатын бапкер (тренер)» болады.

Параклетос деген сөз екі сөзден құралады. «Пара» және «калео» сөз бар. Пара деген сөз «өте жақын, жан досым». Пауыл елші Тимоте туралы жазғанда осы сөзді қолданды. Пауылдың Тиметеден басқа, ешқандай жақын досы болмады (Фил. 2:20). Менің жұбайым Лиза маған тең адам яғни (пара) ең жақын, жан досым болады. Лизадан басқа ешкім де маған жақын дос бола алмайды. Егер біздің қарым –қатынасымыздың қандай екенін сипаттау қажет болса, онда мен мүдірмей осы сөзді қолдана алар едім.

Екінші сөз «калео» яғни «шақырылған, тағайындалған» мағынаны білдіреді. Пауыл елші өзіннің қызметі туралы айтқанда осы сөзді жиі қолданатын. Мысалы, Пауыл елші «Мен басқа ұлттарға Ізгі Хабарды уағыздауға тағайындалғанмын» дегенде, грекше «калео» деген сөз қолданды. «Шақырылған немесе тағайындалған» деген сөз, «тағдыр және әрекет» деген түсінікті білдіреді.

Осы екі сөзді бірге қосқанда, Исаның айтқан сөзін терең түсінеміз. Негізі, Исаның айтатыны: Киелі Рухтың басты мақсаты-бізді жетелеп, керектігін үйретіп, ақыл-кеңес беріп, бізбен бірге өмір бойы болу. Бұл Оның басты қызметі, бізге әрдайым көмектесу, бізбен бірге өмір бойы жүру. Ол ешқашан шаршамайды. Иса Киелі Рух жүрегімізден орын алады деп айтқан (Жохан 14:16). Ол бізді ешқашан тастамайды да, жалғыз қалдырмайды да. Не деген керемет уәде! Киелі Рух Исаның жұмысын жалғастырып, біздің өмірімізге қатысатындығына Құдай уәде берді.

Мен адамдардан: «Қап! Егер мен Исаның қасында жүрсем, Оған көп сұрақ қоя алар едім» деген осындай сөздерді жиі естимін. Неге барлық сұрақтарды Киелі Рухқа қоймасқа?

Киелі Рухқа дұрыс көз-қараспен қарау өте маңызды. Егер біз Оған сене алмай, Киелі Рухтың Өзіне жансыз табиғат ретінде қарайтын болсақ, онда Оның бізді жетелеп, керектіні үйретуіне жол бере алмаймыз. Ол жансыз табиғат емес, Ол тірі Құдай!

Ал егер біз Оған, Құдайдың Сөзі Ол туралы айтқандай сенетін болсақ, онда біз Оны құрметтеп, Оның бәрі білетін және шексіз құдіретінің бар екенін, бізді жетелеп, көмектесіп, үйреткісі келетінін түсінеміз. Оның Өзі бізбен сөйлесіп, қарым-қатынаста тұруды қатты қалайды.

Өкінішке орай, көптеген қауымдарда адамдар Киелі Рухқа немқұрайды қарайды. Оған құрмет көрсетпей, не Оны есімізге түсірмей, қанша рет бірге жиналатынбыз?

Біз күннің барысында, Онымен қатынаста тұрмай, Оған бір сөз де айтпай, өз бетімізбен жүріп кеткен күндердің саны жоқ екен. Ал Киелі Рух бізбен жақын қарым-қатынаста тұрып, көкке барғанымызша, бізбен бірге болу үшін шақырылған.

ИСАНЫҢ ТҮСІНІКСІЗ СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРІ

Иса түсінуі өте қиын сөздерді өз шәкірттеріне айтқан: «Мен сендерге өте маңызды шындықты айтайын» (Жохан 16:7).

Осы аятты әрі қарай оқымастан бұрын, сізге бір мысалды суреттеп келтірейін. Иса Өз шәкірттеріне сөз сөйледі. Осы шәкірттерімен бірге жүргеніне үш жыл болды. Ол не айтса, соның барлығы да орындалатын. Ол желге: «тына қал, басыл» деген кезде жел басылды. Шәкірттеріне: «ешкім мінбеген тайқар есекті көресіңдер. Соны шешіп алып, әкеліңдер» деп айтқанда, олар барып тайқар есекті көріп, соны шешіп алып, Исаға әкелді. Шәкірттердің арасында Оған кімнің опасыздық жасайтыны ешкімге мәлім болмағанда, Иса алдын-ала опасыздың кім болатынын білді. Інжір ағашына қурап қалсын деп бұйырғанда, сол ағаш қурап қалды. Иса не айтса да, бәрі орындалатын. Дегенмен, Иса өз шәкірттеріне айтқан сөздерінің

түсіну қиын болатынын білді. Осы сөздер шәкірттерінің ақылына сыймайтын қандай сөздер болды екен?

Иса Өз сөзін жалғастырып: «Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Менің кететінім сендер үшін жақсы, егер Мен кетпесем, сендерге Қамқоршыларың (яғни Параклетос) келмейді; ал Мен барған соң Оны сендерге жіберемін» деді (Жохан 16:7).

Өзіңізді шәкірттердің орнына қойып көріңіз. Сіздің жетекшіңіз, Құдайдың Ұлы бола тұра, сізге «Менің кететінімнің өзіңіз үшін жақсы болады» дейтіні қалай? Маған осындай сөздерді есту бір түрлі болады. Егер Ол Өзі Құдай болса, онда сізбен бірге қалғаны дұрыс емес пе еді? Шәкірттері тура осылай ойлап қалған деп ойлаймын. Сол себептен, Иса оларға «сендерге маңызды шындықты айтамын» деп айтып бекітуі керек еді.

Онда, неге Исаның кетуінің Өз шәкірттеріне және бүкіл Оған сенетін барлығына да, сізге де, маған да жақсы болады? Мынаны ойланып көріңізші. Егер Иса кетпеген болса, онда Киелі Рух ешқашан келіп, бізбен бірге болмайтын еді. Егер өзіме Исадан бір нәрсе керек болса, онда Оны тауып алу үшін маған алыс жерге баруым керек еді. Мен Америкадан ұшақпен ұшып, Тель Авив қаласының әуежайына қонып, таксиге мініп, Ғалилеяға баруым керек еді. Содан соң, бір қонақ үйде тоқтап, жататын орын табуым керек еді. Білмейтін болсаңыз, осы аймақтағы барлық қонақ үйлерде бос орын табу өте қиын. Сонда ғана, менің Исаны тауып алуым мүмкін. Әрине, егер мен жалғыз болсам онда қиын болмайтын еді. Бірақ, қанша миллион адамдардың Исамен сөйлескісі келетіні жөнінде ойланайықшы.

Оны тауып алғаннан кейін, Өзімен сөйлесу үшін, маған дүние жүзінде ешқашан болмаған ұзақ кезекке тұру керек еді. Неге десеңіз, өйткені барлық адамдар Оған барып, Одан көмек сұрайтын еді. Артымда сансыз көп адамдар тұрғандықтан, Исамен сөйлесуге шамалы алпыс секундтай уақыт болатын еді. Сондықтан маған дайындалып, Оған айтатынымды қысқаша айту керек еді. Адам болғандықтан, Исаның тамақ ішіп,

демалуы керектігін есіңізден шығармағаныңыз жөн болады. Сондықтан Исаның бір күнде адамдарды қабылдауға небәрі он төрт сағат қана мүмкіндігі болатын еді. Егер, күнде әр адамды қабылдау үшін Исаның алпыс минут уақыты болса, онда Ол әр күнде 840 адамды қабылдайтын еді. Ал бір миллион адамды қабылдау үшін Оған 1190 күн немесе үш жарым жылдан аса уақыт керек болатын еді. Сонымен қоса, мен келгеннен кейін қатты ауырған, көп тоса алмайтын, зор мұқтажы бар адамдарды алдымда өткізуім керек болатыны есіңізде болсын. Қорытындылай келгенде, менде Исамен кездесіп, сөйлесуге ешқандай мүмкіндік болмайтын еді!

Бірақ, Құдайға шүкір, бізде қазір Киелі Рух бар! Ол әр уақытта әркезде бізді қабылдауға дайын. Оған демалып, тамақтанудың қажеті жоқ. Ол бір уақытта сансыз көп әр түрлі адамдармен сөйлесе алады екен. Біздер ой-пікірімізді өзгерту үшін, Құдайдың Сөзіне және Киелі Рухтың жұмыс істеуіне жол беретін болсақ, онда Исаның Өзінің бізден кететінінің жақсы болатыны жөнінде айтқан сөздерін терең түсіне бастаймыз.

Киелі Рухтың Иса іспетті әрекет жасайтынын есімізде сақтайық. Ол Исадай бізге керектіні үйретеді, Исаның жасағанындай Құдайдың кереметтерін жасайды. Ол әрқашан бізбен бірге болады. Сіз Киелі Рухтың қандай екенін түсіне бастадыңыз ба? Мен өзім қазір осы кітапты жазып отырғанда, Киелі Рухтың сөйлейтініне шеқ қойып, Оған менің өмірімді өзгертуіне жол бермегенімді түсіндім. Ол біздің жетелеуші, кеңесші, қорғаушы әрі ұстазымыз. Оның өмірімізге қатысуына жол берейік.

Келесі тарауда, біз Киелі Рухпен қалай тығыз қарым-қатынаста тұра аламыз деген сауалды тереңірек талқылаймыз.

ҚҰДАЙДЫҢ РУХЫН ТАНЫП БІЛУ

*Мен Көктегі Әкемнің сендермен мәңгі бірге болатын
Қамқоршыны (Кеңесші, Көмекші, Қорғаушы, құдірет
сыйлайтын) жіберуін өтінемін.*

–Жохан 14:16-17

Киелі Рух керемет Құдай. Құтқарулыдан кейін, Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұру ең ғажайып нәрсе. Киелі Рух деген кім? Бір тәжірибелі, көп қызмет ететін А.В. Тозер атты бағушы Киелі Рух туралы былай деп жазады:

«Киелі Рух жай эмоционалдық күш, емес Ол жеке тұлға болып табылады. Осы шындықты есіңізде сақтаңыз; Киелі Рух жансыз табиғат емес, қайта Ол мінез-құлқы, қасиеттері бар жеке тұлға екен. Оның адамда болатындай, ой ниеті, сезімі, еркі, білімі, жанашырлығы және сүйеге, естуге, көруге және ойлануға да қабілеті бар».

Сіз әрі қарай оқымастан бұрын, Киелі Рухты кім дейсіз? Осы тарауды оқып болған соң, сізге Киелі Рух туралы не ашылды?

Киелі Рухтың қалай аталатыны (27-28 шы бетін қараңыз) туралы тағы оқып шығып, ойланыңыз. Оның аталған есімдері сізге қандай мағынаны ашып береді?

Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста тұру үшін, Оның Құдай Әке және Рухани Ұлымен тепе-теңдікте тұрғанын білу өте маңызды. Тозер бағушы жалғастырып:

«...Киелі Рух Ұлымен және Әкемен де біртұтас, сонымен бірге Киелі Рух Оның қауымын басқаруда. Киелі Рух кімге ұқсайды екен? Ол Иса Мәсіхке ұқсайды. Егер сіз Інжілді оқысаңыз, сіз Исаның қандай екенін көресіз, Киелі Рух Исамен біртұтас, Исаның Өзі Құдай және Киелі Рухтың Өзі де Құдай. Әке Исамен біртұтас, біз Әкеге қарағанда, Исаның қандай екенін түсінеміз. Ал Исаға қарағанда, Киелі Рухтың қандай екенін де біле бастаймыз.»-деді.

Сіз Киелі Рухқа басқаша, жаңа көзқараспен қарай бастадыңыз ба? Сізге Киелі Рухпен терең қарым-қатынасты жетілдіру үшін, Ол туралы ашылған жаңа түсініктер қалай әсер етті?

Әр қарай оқу үшін, мына қосымша аяттарға қараңыз:

Жохан 12:44-45; Қор. 2 хат 4:4; Қол 1:15-19; Евр.1:3

КИЕЛІ РУХ ЖАНСЫЗ ТАБИҒАТ ЕМЕС, ҚҰДАЙДЫҢ ӨЗІ

Иеміз және Рух біртұтас...

– Кор. 2 хат 3:17

Сіз Құдайдың баласы болғандықтан, Құдай сізге ең керемет сыйлық берді, бұл Киелі Рухтың Өзі. (Ғал. 4:6 қараңыз) Оның Рухы жансыз, сиқыршы бүкіл дүниеде ұшып жүретін күш емес. Оның Рухы - Құдайдың Өзі. Бұл шынайы айтылған сөз.

19 ғасырда қызмет еткен мәсіхші, 200 астам кітап жазған, Эндрю Мюррей деген жазушы Киелі Рух туралы былай деп айтқан: «Құдай Әке мен Рухани Ұлымен біртұтас»және «Киелі Рух Құдайдың ұлылығын бізге толық түсінік жеткізетін тұлға болып табылады» және де ол жалғастырып:

«Киелі Рухтың арқасында барлық Тауратта Құдайдың берген уәделері және Исаның бізге көрсеткен рақымы мен Оның кереметтері енді біздің өмірімізде жүзеге асқан. Құдайдың Рухының арқасында барлық Құдайдың айтқандары, Оның рақымы және құтқарылуы Оған сенген адамның өмірінде орындалатынын түсінеміз».

Сіз түсіндіңіз бе? Барлық Құдайдың уәделері Киелі Рухтың арқасында енді біздің меншігіміз болады. Бұл бір адамның ойынан шыққан емес, Құдайдың Сөзінде жазылған шындық. Төмендегі аяттарға зейін қойып, оқып ойланыңыз:

«Иеміз Иса Мәсіхтің Әкесі - Құдай мадақталсын(даңқ пен құрмет)! Ол бізді әр қилы рухани игіліктерді сыйлады».

– (Еф. 1:3)

«Құдай бізді құдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті. Ол бізді Өзінің ұлы да ізгілікті болмысы арқылы меншікті халқы болуға шақырды».

– (Петір 2 хат 1:3)

Не деген керемет шақыру!!!

«Алайда Киелі Жазбаларда алдын ала жазылғандай, көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына келмеген игіліктерді Құдай Өзін сүйетіндерге дайындап қойған. Бұны Құдай біздерге Өзінің Киелі Рухы арқылы анық білдірді».

– (Қор. 1 хат 2:9-10)

Осы аяттар арқылы Киелі Рух сізге нені ашты?

Сіз Киелі Рухтың қандай екенін қате түсінгендіктен, Оған өз өміріңізге қатысып, әсер етуіңізге жол бермей жүріп келдіңіз бе? Ойланып, мінажат етіңіз. Сіз қай жерінде түсінуде кеткен қателіктерді Киелі Рухтың өзіңізге көрсетуін сұраңыз да, ашып бергенін жазып алыңыз.

Әрі қарай оқу үшін, мына қосымша аяттарға қараңыз:

Қор.1 хат 12:4-11; Ғал. 5:5; Сал.2 хат 2:13

ОЛ- ӨМІР СЫЙЛАЙТЫН РУХ

Себебі Иса Мәсіхпен тығыз байланыстырып, жаңа өмір сыйлаған Киелі Рух мені күнәлі құмарлық пен рухани өлімнің күштерінен азат етті.

– Рим. 8:2

Киелі Рух өмір сыйлатын Рух! Не деген керемет есімі! Бұл туралы ойланып көріңіз. Өмір деген бар болғаны. Бұл барлық өмірдің салаларына қатысты; денсаулық, күш-қуат, өсіп-өніп көбею және тағы басқа салалар. Киелі Рухтың Өзінде ешқандай ауру -сырқау, шаршап-шалдығу, уайым, абыржу, не болмаса өлімнің иісі де жоқ.

Әлем жаратылған кезде Киелі Рух барлық тірі жандарға, демі барлардың бәріне детіршілік пен өмір берген. Бүкіл дүние жүзінде қызмет еткен, Лестер Самралл деген Ізгі Хабарды жариялаушы:

«Киелі Рух туралы ең бірінші жазылғанын Киелі Кітаптың бірінші кітабында яғни Жаратылыстың басталуында 1 тарауда 2 аяттан көреміз. Осы аятта Киелі Рухтың істеген жұмысының көрсетілгені өте маңызды.... Киелі Рухтың ретсіздіктен, жоқтан бар қылатын, бүкіл көзге көрінетін әлемді әдемі қылып жаратып, ретке келтірген деген түсінікке келеміз. Жер ретсіз, тіршіліксіз бос жатты. Құдай бүкіл әлемді жаратуды жоспарлады, ал Киелі Рух Құдайдың жоспарын орындады. Киелі Рух су бетінде қалықтап ұшып жүріп, бүкіл әлемді (аспан, ғарыш, жұлдыздар т.б.с құбылыстарды) жоқтан, ретсіздіктен жаратты».-деп жазған

Сіздің өміріңіздің қай салаларында ретсіздік немесе тәртіпсіздік орын алған? Өміріңіздің қай саласында Киелі Рухтың жұмыс істеп, бәрін ретке келтіргенін қалайсыз? Одан мінажат етіп, сұраңыз. Оған толық бағышталып, мінажат етіп, өзіңізге көмектесуін сұраңыз. Киелі Рухтың әлемді жаратып, бәрін ретке келтіргеніндей, өз өміріңізді де ретке келтіруін сұраңыз.

Філіп.4:6-8; Петір 1 хат. 5:7; Забур 36:4-6 аяттарға қараңыз.

Сіз күнделікті жұмыстан шаршап-шалдығып жүрсіз бе? Өмір сыйлайтын Рух сізге жаңа күш-қуат бергісі келеді. Сіз Киелі Рухпен сөйлесіп, Оған уақыт арнап, қарым-қатынас жасаған сайын, оның беретін жаңа күшіне ие боласыз. Мына ерекше аяттарға назар аударып, ойланыңыз:

«Сен мынаны естіп, білмеуші ме едің: Мәңгілік Құдай-сенің Жаратқан Иең, шексіз зор даналығы Өзінің, Ол жаратты жердің түкпір-түкпірін! Ешқашан Құдай шаршап шалдықпайды, қалжырағанға Ол қуат сыйлайды. Қажып шаршағанға қуат табыстайды».

– Ишая 40:28-29

«Өлімнен Иса Мәсіх қайта тірілткен Құдайдың Киелі Рухы өмірлеріңнен орын алды. Сондықтан Құдай бойларыңда тұратын Өзінің Киелі Рухы арқылы сендердің денелеріңді де өлімнен тірілтіп алатын болады».

– Рим.8:11

«Себебі маған күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де төзе аламын».

– Філіп.4:13

Осы аяттар арқылы Киелі Рух сізге нені ашып берді? Киелі Рух сізге Исаның осы жерде жүріп, Құдайдың құдіретіне бөленіп қызмет еткендей, өмір сыйлайтын Рух сізге күш -қуат берсін деп мінажат етіп, жазыңыз:

Әрі қарай оқу үшін мына аяттарға қараңыз:

Жарат.баст.1:2; Нехемия 9:6; Ишая 40:12-15; Забур 8:3-9;
Забур 103:24-30; Әйүп 33:4

БІЗ КИЕЛІ РУХҚА СҮЙЕНІП, ОҒАН ТОЛЫҚ БАҒЫШТАЛУЫМЫЗ КЕРЕК

*Күш қуатпен емес, билік күшімен де емес, тек Менің
Рухымен ғана табысқа жетесің.*

– Захария 4:6

Иса Мәсіх Құдайдың рухани Ұлы болса да, Киелі Рухқа сүйеніп жүретін. Ол Киелі Рухтың арқасында дүниеге келген және өлімнен тірілген. Бәрі Киелі Рухтың жұмысы болған. Киелі Жазба былай дейді:

Ол Киелі Рухтан туған - **Матай 1:20; Лұқа 1:31-35**

Ол Киелі Рухтың жетелеуімен жүрген - **Матай 4:1; Лұқа 4:1**

Ол Киелі Рухтың құдіретіне кенелген - **Лұқа 4:14, 18-19;**
Жохан 3:34

Ол Киелі Рухтың даусын естіп, Оған мойынсұнып жүрген -
Жохан 5:19-20,30; Жохан 14:10

«Иса оларға былай деп жауап берді: Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды. Өйткені Әкесінің жасап жатқанын Ол да дәл солай жасайды. Әкесі Оны сүйеді, сондықтан Өзі істегенінің бәрін Оған көрсетеді... Мен өздігімнен ештеңе істей алмаймын. Әкемнен естігенім бойынша соттаймын. Менің сотым әділ, өйткені өз еркімді емес, Мені жіберген Әкемнің еркін орындаймын».

– Жохан 5:19-29, 30

Исаның Киелі Рухқа сүйеніп, мойынсұнғанын мұқият оқып,

зер салып, ойланыңыз. Киелі Рух Исаның Онымен қандай қатынас жасағаны туралы нені ашып берді? Исаның үлгісіне қарап, осындай қатынас жасауға сізде қандайтүрткі қалау пайда болды ?

Елш. 5:32; Рим 8:16, Ғал. 4:6; Жохан 1 хат 3:24 және де Жохан 1 хат 4:13 оқыңыз.

Сіз Киелі Рухпен қатынасымыз туралы осы екі қайталанып отыратын түсінікке қарап не дей аласыз?

Ғалатия аймағында алғашқы сенушілердің Киелі Рухқа өте мұқтаж екендігін ұмытып кеткендей, біз кейбір кезде Киелі Рухпен қатынас жасауды ұмытып кетеміз.

Ғал. 3:2-9 сонымен қатар, Лұқа 11:13 аяттарды мұқият оқыңыз. Киелі Рухтың сізге әрқашан көмектескісі келетіні туралы не түсіндіңіз. Осы түсінгеніңізді өміріңізде қалай орындай аласыз?

ОЛ СІЗДІҢ МӘҢГІ ДОСЫҢЫЗ!

*Мен көктегі Әкемнен сендермен мәңгі бірге болатын
Қамқоршыны жіберуін өтінемін, Ол- шындықты
білдіретін Киелі Рух.*

– Жохан 14:16-17

Киелі Рух сіздің ең жақын Досыңыз болғысы келеді. Ол әрқашан қасыңызда болып, жиырма төрт сағат бойы көмекші болғысы келеді. Киелі Кітап бізге былай дейді: «Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы басқаларды қызғаныштан көре алмайды» (Жақып 4:5).

Киелі Рухпен достық қатынас жасау баға жетпес нәрсе екен. Киелі Рухтың өмірімізден орын алғандықтан, біздің рухани шөлімізді қандырып, жанымызды үздіксіз қанағаттандыратыны рас. Иса Мәсіх Киелі Рух туралы: «Ал кімде-кім Мен беретін «судан» ішсе, ол мәңгі бақи шөлдемейтін болады. Мен беретін «су» оның ішінде мәңгілік өмір сыйлайтын, бұрқылдап жатқан «қайнарға» айналады» деді (Жохан 4:14).

Р.А. Торрей атты Ізгі Хабар жариялаушы және де дін мұғалімі, осы аятты талқылап былай деді: «Су-бұл Киелі Рухтың Өзі білдіреді. Осы дүниедегі сіздің жаныңызды ешқашан қанағаттандыра алмайды. Бұл жай ішетін су секілді: «мына судан ішкен адам тағы да шөлдейді» Тек Киелі Рух кез келген адамның шөлін қандырып, бақытты қыла алады. Киелі Рухтан суды ішкен адам, ешқашан шөлдемейтін болады.

Егер сіз Киелі Рухқа толық берілсеңіз, онда Оның мәңгі бұрқылдап жатқан «қайнарынан» шөліңізді қанып, жаныңыз рахат табады. Сіз ешқашан шөлдемейтін боласыз. Киелі Рухтың көптеген адамдарды үлкен шаттыққа әрі айтып жеткізе алмайтын рахатқа толтырғаны не деген керемет!!! Сізде осындай қайнар бұлақ бар ма? Ол бұрқылдап жатыр ма? Ол сізге шынайы өмірді берді ме?».

Торрейдің: «сізде осындай қайнар бұлағы бар ма?, үлкен

шаттыққа толып, рахатанып өмір сүріп келе жатырмын ба?, егер олай болмаса, не себептен болмағаны?» деген сұрағына назар аударып, ойланып, өзіңізге жауап беріңіз.

Содан кейін, Киелі Рухтан көмек сұрап, мен Онымен достық қатынас жасау үшін күн сайын, не істеу керектігін, Оның нені ашып бергенін жазып алыңыз:

Киелі Рухтың алдында тыныштықта отырып, Онымен шынайы достық қатынас жасау үшін, көмек сұраныңыз. Оның Өз сүйіспеншілігі және тыныштығымен кенелугедұға етіңіз. Асықпай, сөйлеп отырыңыз. Оның сізді қатты сүйетінін түсініп, тынышталыңыз. Киелі Рухтың сізге ашып бергенінің барлығын жазып алыңыз.

Сіз өзіңіз қандай болсаңыз, Киелі Рухқа сол бетінше келуге болатынын түсіне біліңіз. Ол сіздің түкпір-түкпіріңіздегініжәне көзге көрінетін өміріңіздің бәрін біледі. Егер сіз өзіңізді «өмірімде адасып кеткен адам тәріздімін» деп сезініп жүріп жатқан болсаңыз, Киелі Рухтың сізді керек жолмен жетелейтініне сенім артыңыз. Оған кез келген уақытта келуіңізге болады. Киелі Рух сізден ешқашан шаршамайды. Ол сіздің ең жақын досыңыз!

Мінажат

Уа, Киелі Рух, Сен Өзің Кім екенінді маған ашып берші.
 Өзім ешқашан түсінбеген, Өзіңнің Көмекші болып,
 қандай жоспарыңның бар екендігінен түсінік бере гөр.
 Сенің даусыңды естуге үйретіп, әрі шексіз құдіретіңмен
 толтыруға шек қоймауға көмектесе гөр. Өзім, отбасым
 және бүкіл қауым үшін Саған сиынамын. Иса Мәсіх
 атынан, Аумин.

ТАЛҚЫЛАУҒА БЕРІЛГЕН СҰРАҚТАР

Егер сіз «Мессенджер серияс» пен бірге осы кітапты оқып жатқан болсаңыз онда бірінші бейне сабақты көріп алыңыз

- 1 | Киелі Рухпен тығыз байланыста тұрмай, біздің рухани өміріміз күшсіз, қурап қалған шөпке ұқсайтын болады. Ал Киелі Рухпен тығыз байланыста болсақ, біздің өміріміз қандай болады? Барлық Киелі Рухпен тығыз байланыстағы артықшылықтарын атап шығыңыз.

Иеміз –Рух, Иеміздің Рухы бар жерде азаттық бар.

– Қор. 2 хат 3:17

- 2 | Киелі Рух жансыз сиқырлы күш емес. Ол Құдайдың Өзі. Әке және Рухани Ұлымен теңдесі бар жеке тұлға. Оның бойында барлық Құдайдың қасиеттері бар. Адамдардың Киелі Рухтың кім екенін дұрыс түсінбегендігінен оның салдарының қандай болатынын атап шығыңыз. Ал егер сенуші адам Оның Құдай екенін түсінетін болса, оның өмірінде қандай жемістері болады?
- 3 | Алғашқы сенушілердің өмірлерінде Киелі Рухтың қатысқаны, өте керемет болғаны бізге мәлім болды. Бірақ қазіргі заманда сенушілердің өмірлерінде Киелі Рухтың жұмысының шамалы екені көрініп тұрады. Қазіргі мәсіхшілердің Құдайдың Рухының жетелеуімен жүрмей, Оның құдіретіне бөлене алмайтын себептері қандай?
- 4 | Иса Мәсіх қазір қайда? Ол сіздің өміріңізден орын алған ба? Сіз Құдайдың өміріңізден орын алуының құпиясы және де құтқарылуыңызды қалай түсінесіз?

Сабақ жетектейтін адамдар үшін: өз тобыңызға осы аяттарды келтіріңіз: Марқа 16:19; Елш.іс. 1:9-11, 7:55-56; Рим. 8:34; Евр. 10:12-13 бірінші сұрақтарға және Рим. 8:9-10; Қор. 1 хат. 3:16, 6:19; Жохан 1 хат 3:24

«Иса былай деп жауап берді: -Кім Мені сүйсе, сол айтқан сөздерімді берік ұстанады, әрі Әкем оны сүйеді. Біз сондай адамдарға келіп, өмірлеріңнен орын аламыз».

– Жохан 14:23

- 5 | Құдай біреу-ақ. Алайда Оның Өзі үш тұлғасы бар-Әке, Ұлы, Киелі Рух. Осы үш тұлғаның Құдайдың еркін жүзеге асыру үшін қандай әрекет жасайтынын сипаттап беріңіз.

Сабақ жетектейтін адамдарға: Қор.1 хат 12:5-7 және де әлемді жарату туралы аяттарға қараңыз: Жарат.баст.1 тарау, сонымен бірге Исаның сөздерін оқыңыз Жохан 5:17, 19-20.

Құдай Әкенің Рухы=Мәсіхтің Рухы=Киелі Рух

- 6 | Иса Киелі Рух біздің көмекшіміз «параклетос» деді. Яғни Киелі Рух бізбен бірге әрқашан болуға, Құдаймен қарым-қатынас жасауға көмектесуге, бізді жетелеуге және керектінің барлығын үйрету үшін, жерге келген. Осы түсінік Құдаймен қатынас жасау үшін,сізге қандай жігер береді? Құдаймен қарым-қатынасты дамыту үшін, тағы да не істейтін боласыз?
- 7 | Сіз Киелі Рухтың бұрын ешқашан білмеген қасиеттерінің енді қайсысын біліп алдыңыз? Оның Кім екенін терең түсіну үшін сізге не нәрсе терең ашылды?

КИЕЛІ РУХТЫҢ МІНЕЗІ

Лайым Иеміз Иса Мәсіхтің рақымы, Құдайдың сүйіспеншілігі және Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынастарың бәрінде бола берсін!

– Қор. 2 хат 13:13

Бірінші күн

Басқа адаммен қарым-қатынаста тұру үшін, біздер ең алдымен оның қандай адам екенін түсінуіміз керек. Осы адамның арманы, оған ненің ұнайтынын, не нәрсенің ұнамайтынын білетін болсақ, онда бізге сол адаммен тығыз қарым-қатынас жасау жеңілдеу болады. Киелі Рухпен де солай. Егер біз Онымен тығыз байланыста тұратын болсақ, онда Оның Өзі қандай екенін білуіміз керек.

Бірінші тарауда түсінуге қиын болатын Исаның айтқан сөздерін қарап алдық: «Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Менің кететінімнің сендер үшін жақсы, егер Мен кетпесем, сендерге Қамқоршыларың (Құдай Рухы) келмейді; ал Мен барған соң Оны сендерге жіберемін» (Жохан 16:7). Басқа жерде Иса былай деді: «Астарлы әңгімелерді айтамын, әлем жаратылғаннан бері бар құпияларды ашамын» (Мат. 13:35). Иса Мәсіх дүние жүзіндегі ең жақсы ұстаз болып, әлем жаратылғаннан бері бар құпияларды ашқан. Алайда, Иса шәкірттеріне Өзінен басқа ең жақсы көмекші болатыны, яғни Киелі Рух туралы шындыққа сенерліктей дәлел келтіріп берді. Бұл шындық тек Исаның шәкірттеріне ғана емес, бүкіл келешекте сенуші болатын ұрпақтарына да қатысты. Не деген керемет! Сіз оған қалай қарайсыз? Мен өзім Киелі Рухты одан

да жақыннан танып білгім келеді.

Пауылдың айтқан сөздеріне қарайық:

Лайым Иеміз Иса Мәсіхтің рақымы, Құдайдың сүйіспеншілігі және Киелі Рухпен қарым-қатынастарың бәрінде бола берсін!

–Қор. 2 хат 13:13

Пауыл елші осы аятта Құдайдың үш тұлғасының жұмысы туралы айтады. Осы аят «Мәсіхтің рақымынан» басталады. Біз сенуші болып, Құдайдың бізге Өз әділдігін сыйға бергенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Тек Иса Мәсіхтің құрбандығы мен Оның рақымының арқасында біз Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұра аламыз. Біз Оның рақымына игі істер жасау арқылы ие бола алмаймыз. Бұл Мәсіхтің біздің өмірімізді рухани нығайтатын, кешірім беретін және Оның құдіретіне бөленетін сый екен.

Пауыл елші өз сөзін жалғастырып: «Құдайдың сүйіспеншілігі» дейді. Менің төрт ұлым бар, оларды қатты жақсы көремін. Менің жанымда тек солардың біреуі ғана болса, біртүрлі болады. Мен барлық төрт ұлымның қасымда болғанын қалаймын. Егер менде жалғыз бір ұл ғана болып, оның жаны жауларым үшін құрбандыққа келтіруім керек болса, бұл масқара, ақылға сыймайтын іс болады ғой! Дегенмен біз Құдайға мойынсұнбай жауласып жүрген кезімізде, Ол Өз рухани Ұлын аямай біз үшін құрбандыққа берді (Рим 5:10). Не деген шексіз сүйіспеншілік! Құдайдың сізді қатты сүйгеніне қуанасыз ба? Кезінде сіз Оған қас болған едіңіз, ал енді Оның рухани баласы болдыңыз. Сол себептен, Құдай Өз сүйіспеншілігін молынан төкті. Ол сізді Өзінің сүйікті баласы ретінде қатты сүйеді.

Мен өз балаларымды қатты жақсы көремін, бірақ Құдайдың шексіз сүйіспеншілігі менің сүйіспеншілігіммен ешбір теңдесе алмайды. Киелі Кітап бізге былай дейді: «Мен мынаған нық сенемін: өлім де, өмір де, періштелер де, жын-перілер де, бүгінгі

күн де, болашақ та, табиғаттан тыс күштер де, бізді Құдайдың сүйіспеншілігінен айыра алмайды! Рас, не үстіміздегі, не астымыздағы ешқандай күш те, тіпті жаратылыстан басқа ешбір нәрсесі де, бізді Құдайдың Иеміз Иса Мәсіх арқылы көрсетіп жүрген сүйіспеншілігінен айыра алмайды!» (Рим. 8:38-39). Қандай керемет уәде екен! Сіз өзіңізді Құдайдың сүйіспеншілігінен еш нәрсе айырылта алмайтынына қуана аласыз ба? Енді, осы аяттың соңғы сөздеріне қарайық. Бұл хат қорынттықтарға арналған ең соңғы хат болғанын есімізде сақтайық. Осы хатта ерекше даналық пен рухани түсініктер бар. Пауыл Құдайдың Рухының жетелеуінде болып, өз адамдарына бұл хатының аяғында не демекші болды? «Киелі Рухпен қарым-қатынастарың бәрінде бола берсін!» қарым-қатынас деген сөзге назар аударайық. Ол не деген сөз? Егер біз түпнұсқа сөзіне, яғни Грек тіліндегі айтылуына қарасақ «қарым-қатынас» деген сөз «койнония» деп айтылады. Оның мағынасы өте көп екен: байланыста болу, тілдесу, қарым-қатынаста болу, сырласу, бірге болу, бірге жүру, әріптестік жасау. Басқа сөзбен айтқанда осы сөздің үш негізгі мағынасы бар:

- Тығыз байланыста болу
- Әріптес болу
- Сырластықта болу қарым-қатынасы

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС БҰЛ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА БОЛЫП ЖҰРУ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ.

Менің ағылшын тіліндегі сөздігімде қарым-қатынас деген сөз: достық қатынас, әріптестік, бірге бөлісуді білдіреді. Мен гольф ойынын ойнауды жақсы көргенімді бағана айтып кеттім. Гольф ойнағанда, жалғыз өзім емес, достарыммен бірге ойнаймын. Біз ойнап тұрғанда, бір-бірімізбен сөйлесеміз, әңгіме айтамыз. Достарыңмен бірге болу, бұл ең жақсы уақыт. Өйткені ешнәрсе кедергі жасамайды. Мен мектепте оқығанда,

үстел теннисін де ойнауды жақсы көретінімнің, бірақ ойнаған кезде бірге ойнайтын адаммен сөйлесе алмайтынмын. Менің гольф ойнауды жақсы көретінімнің себебі, адамдармен бірге уақыт өткізіп, әңгімелесіп жүргенім. Достық қарым-қатынасты дамыту үшін гольф алаңынан басқа жерді таба алмадым. Гольф алаңында менің достық қатынасым «нығайып келеді». Енді сіз, менің өз жұбайыммен гольф ойнауды неге жақсы көретімді түсінген шығарсыз? Өйткені дүние жүзінде тығыз қарым-қатынас жасау үшін, жұбайымнан басқа керемет адам жоқ.

Дәл сол сияқты, менің Мессенджер Интернейшеналдың тобының достар мен қызметтестерім бар. Біз алдымызға мақсаттар қою, жоспар құру, қиындықтарды шешу үшін бірге жиі жиналамыз. Мен олардың тәжірибесіне, әрі қабілеттеріне сеніп, оларға әр түрлі жұмыстарды орындауды тапсырамын. Егер олар менің жанымда болмаса, мен ешқашан жеткен мақсатыма жете алмайтын едім. Біз бірге болып, әріптестік жасауға шақырылған адамбыз, егер арамызда достық қарым-қатынас болмаса, онда Мессенджер Интернейшеналдың оқыту, сабақ беру, адамдарды Құдай Патшалығына әкелу мақсаты жүзеге аспас еді.

Пауыл елшінің Киелі Кітапта Киелі Рухқа сүйеніп, Онымен тығыз байланыста болғанына көзіміз жетіп отыр. Елшілердің істерінде біз былай оқимыз: «Қазір Киелі Рухтың жетелеуімен Иерусалимге бара жатырмын, онда неге душар болатынымды білмеймін. Тек әрбір қалада Киелі Рух мені түрме мен азаптардың күтіп тұрғанын білдіреді» (Елш.20:22-23). Пауыл Киелі Рухпен сөйлесіп, оны не күтіп тұрғанын білді. Киелі Рух оны түрме мен азаптардың тек, бір қалада ғана күтіп тұрмағандығын білдіргеніне назар аударыңыз. Пауыл Киелі Рухпен барлық кезде тығыз байланыста болғандықтан, оның әрбір қалада азапқа түсетінін білді.

Мен сіз туралы ештеңені білмеймін, ал өзіме келсек, егер менің жақын досым маған: «Қай жерге барсаң, сені азап пен түрме күтіп отыр» дей берсе, онда өзім оған біртүрлі қарап, көп

сұрақтар қоятын едім. Мен оған: «Сен өз ойыңды өзгерткен жоқсың ба?» немесе «ал болатын азапты кішкене өзгертуге бола ма?» немесе «азап шегудің орнына сәл ғана ыңғайсыз жағдайдан өтсем бола ма?» деп айтушы едім.

Киелі Рух Пауылдың қандай азапқа түсетініне қуанышты болған жоқ деп ойлаймын. Қайта Пауыл елші Киелі Рухпен байланыста болғандықтан, Ол Пауылды азаппен кездесуге дайындауға көмектесті.

Менде Киелі Рухтың айтқанын естігім келмейтін кездер болды. Киелі Рухтан сұрап, Одан құлағымға жағатын жауап күтіп отырдым, бірақ Ол маған, бағанағы айтқандарын қайталап айтатын. Егер біз Киелі Рухтың айтқанына мойынсұнбай жүрсек, онда Ол бізге сөйлемейді. Киелі Рухтың айтатыны сол: «Мен саған не істеу керектігін таяуда анық айттым, енді өзің шешім қабылдайсың». Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұру, бұл Одан құлағымызға жақпайтын сөздерді естумен бірдей.

Елшілердің істерінің 10-шы тарауында, Петір елші Киелі Рухтан өзіне түсінбейтін аян алады. Құдай Петірге басқа ұлт адамдарын құтқару үшін, өз жоспарын ашып береді. 19 аятта: «Петір көрген аяны туралы әлі ойланып тұрғанда, Киелі Рух оған: «Қарашы, сені үш кісі іздеп келді» деп жазылған. Осы үш кісі Петірге келіп, оны Корнел деген есімді жүзбасының үйіне ертіп бармақшы болды. Петір яһуди бола тұра, басқа ұлт адамының үйіне ешқашан кірмейтін еді. Сондықтан, Киелі Рух Петірге: «Мен сенің осы үш кісімен бірге барғаныңды қалаймын, өйткені сол жерде бір жұмыс бар» деп анық айтты. Киелі Рух Петірдің олармен бірге барғысы келмейтінін білгендіктен, оған әрі қарай түсіндірмей, әшейін ғана баруға бұйрық етті.

Басқа тарауда біз Киелі Рухтың айтқан сөздерін көреміз. «Бір күні Жаратқан Иенің періштесі Філіпке: «жиналып, оңтүстікке қарай Иерусалимнен Ғазаға елсіз жолға шық!» деп тапсырды (Елш.8:26). Бұл аятта Құдайдың періштесі Філіпке тапсырма бергенін көреміз. Бұл жерде «періште оған келді» деп айтылмаған, қайта «Жаратқан Иенің періштесі оған тапсырма

берді, яғни сөйледі» деп жазылған. Мен сізге осыны не үшін айтамын? Філіп періштесінің дауысы мен Киелі Рухтың дауысын ажырата білетін. Өйткені 29 аятта былай айтылған: «Киелі Рух Філіпке: «Күймеге жақындап, қатарласып жүр!» -деді» Філіп Киелі Рухтың дауысын жақсы танитын, ол періштесінің дауысы мен Құдай Рухының дауысын жақсы ажырата білетін.

Мен өз жұбайымның дауысын жақсы танымын. Егер де мен оны көрмесем де, бірақ оның сөйлегенін естісем, жұбайымның дауысын бірден танымын. Біз екеуміз адамдарға толы екі басқа бөлмелерде болсақ та, Лизаның сөйлеген дауысын мыңдаған адамдардың дауысынан ажырата білемін. Дәл сол сияқты алғашқы сенушілер Киелі Рухтың дауысын өте жақсы танитын. Мен Філіптің өзінің оқиғасы туралы Лұқаға айтып бергенін көзіме елестетіп отырмын. Філіп оған былай айтқан шығар: «Жоқ, бауырым, мен қалада болғанда Киелі Рух емес, Құдайдың періштесі маған сөйледі. Ал «күймеге жақындап, қатарласып жүр» дегені Киелі Рухтың Өзі болған. Біз Құдайдың Рухының дауысын сонша жақсы білеміз бе? Бізге Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста болу қажет емес пе?

Філіп шөл далада болғанда, Киелі Рух оған күймеге жақындауды бұйырды. Неге Філіптің Киелі Рухтың айтқанын орындауы өте маңызды болған? Ефиопиялық уәзірі өз елінде беделі зор үшінші басқарушы болған. Өлгі адамның әсері күшті болғандықтан, Ефиопия еліне Құдайдың Ізгі Хабары жетті. Егер Філіп, Киелі Рухтың жетелеуіне сезімтал болмаса, онда ол Ізгі Хабар жеткізуге мүмкіндікті жібермейтін еді.

Елшілер туралы кітабын әрі қарай оқысақ, біз тағы Киелі Рухтың Тимоте, Пауыл және Силаның жетелегенін көреміз.

Киелі Рух Пауылға және оның жолдастарына Азия аймағында уағыздауға тыйым салғандықтан, олар Фругия және Ғалатия аймақтарын аралай жүрді. Олар Мүзияға жеткеннен кейін, Бітүнияға кіруге ұмтылды, бірақ Иса жіберген Киелі Рух оларға рұқсат бермеді.

–Елш.16:6-7

Киелі Рухтың оларға тыйым салғанына және рұқсат бермегеніне ерекше зейін қойыңыз.

Сіз енді алғашқы сенушілер мен Киелі Рухтың арасында ерекше қарым-қатынастың болғанын байқадыңыз ба? Бүгін де осылай болу керек емес пе? Біз Киелі Рухпен тығыз байланыста болмайынша, Оның колдауынсыз, Құдайға басқаша қызмет етіп, жемісті бола аламыз ба? Алғашқы қауымның жетекшілерінің жаңа технологиясының болмағандығынан, қарапайым түрде, қарапайым тәсілмен қызмет етуге мәжбүр болған деп көпшілігі ойлайтын шығар. Олар Құдайға қызмет көрсету кезінде, жаңа технологияның пайдаланбағандығына қарамастан, олардың жасағаны көпшіліктің таңданысын тудырды. Ешқандай қазіргі технология не болмаса заманауи тәсілдер, Киелі Рухтың дауысын алмастыра алмайды. Қауым жетекшілері өз өмірлеріне және қызметіне Киелі Рухты шақырып, Оған жол беріп, зор құрмет көрсететін. Бүгін де солай болуы керек. Киелі Рух бізбен тығыз байланыста болғысы келіп, қызметімізге қатысуды қалайды.

Сіз менің Лизамен күні бойы бірге болып, бір бөлмеде отырып, бірақ бір-бірімізге бір сөз де айтпағандығымызды қалай ойлайсыз? Бұл бір түрлі болады ғой! Бір-бірімен сөйлеспей, бірін-бірі білмей, қалай екі жас қосылып, отау құра алады? Мен Лизаны қатты сүйемін де, онымен бірге әрқашан болғым келеді. Оның дауысы маған қатты ұнайды. Біздің үйленгенімізге отыз жылдан асқан. Егер менің жолдасым күйеуге шықпаған қыз болатын болса (маған тұрмысқа шыққанына Құдайға алғыс айтамын) онда мен оны бір көргенімнен алып қашар едім. Бүкіл дүние жүзінде Лизадан басқа ең сұлу әйел жоқ деуге болады. Мен өмір бойы тек сонымен бірге болғым келеді. Дәл сол сияқты, Киелі Рух та сізбен бірге болғысы келеді.

Мен сапарға шығып, қонақ үйлерде тұрып жатқанда ешқашан ішім пыспайды. Құдаймен әр минут сайын болғанда, қалайша ішім пысады? Ол менімен бірге қонақ үйдің бөлмесінде болады. Онымен әрқашан қарым-қатынас жасаймын. Сол себептен, сапарластарыммен бірге сирек боламын, өйткені Киелі Рухпен

бірге уақыт өткізгім келеді. Мен Оның өзіме сөйлегенін естігенді жақсы көремін. Сіз мені дұрыс түсінуіңізді қалаймын. Мен адамдармен бірге болуды ұнатамын. Мен жұрттан безген адам емеспін. Адамдарды жақсы көремін, алайда Киелі Рухпен оңаша болып уақыт өткізуді одан бетер қатты жақсы көремін.

Екінші күн

ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС ЖАСАУ БҰЛ ӘРІПТЕС БОЛУДЫ БІЛДІРЕДІ

Ағылшын тіліндегі койнония деген сөз әріптес болу дегенді білдіреді. Әріптестіктің мысалын Лұқа жазған Ізгі Хабар кітабынан көреміз: «Ауларын салғанда, олар өте көп балық ұстады. Балықтың көптігінен аулары жыртыла бастады. Содан олар екінші қайықтағы жолдастарын (әріптестерін –ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта) қол бұлғап көмекке шақырды. Олар келгеннен кейін бәрі бірігіп екі қайықты балыққа толтырды. Тіпті қайықтары суға бата бастады» (Лұқа 5:6-7).

Әріптес деген сөз грекше метохоз болады (бұл койнонияның мәндел сөзі). Оның мағынасы: әріптес, бірге жұмыс атқаратын адам, жолдас дегенді білдіреді. Осы балықшылардың бизнестегі әріптестері болған. Бұл мәтінді оқығанда, әріптестік деген бірге болу, бірге қатынас жасау, бірге жұмыс істеу екендігін түсінеміз. Балықшылар өз жолдастарын көмекке шақыру үшін қол бұлғап еді, көмекшілері қайықпен жүзіп келді де, көмек берді.

Ал енді, ең керемет әріптестік туралы айтылған аяққа қарайық. Пауыл елші былай деп жазады: «сонымен біз Құдаймен бірге еңбектенушіміз» (Қор. 1 хат 3:9). Бұл керемет емес пе? Маған Вэймуттың жазған Киелі Кітаптың аудармасы көбірек ұнайды «Біз Құдай үшін, әрі Онымен бірге жұмыс істеп, Оның әріптестеріміз» Бізге көк пен жерді жаратқан Құдай үшін әрі Онымен бірге еңбек ету үшін керемет мүмкіндік берілген. Басқа сөзбен айтқанда, біз Құдаймен бірге әріптестік жұмыс жасауға

шақырылғанбыз. Не деген ерекше шақыру еді!

Жақсы әріптестер бірі-біріне көмек беріп, бірін-бірі толықтырады. Мен Мичиган көлінің аймағында өстім. Көлдің бетінде қайықпен жүзумен көп айналыстым. Өз отбасымдағы қайықпен жүзуді жақсы көретінмін. Мен қайықпен жүзуден екі жыл арнайы даярлықтан өтіп, жарысқа да қатыстым. Бірінші рет жарысқа қатысқанда, ең жақсы капитанмен бірге қатысуға және ең жақсы топқа қосылуға ұсынылдым. Олар да менің өз қатарларына қосылғаныма мәз болды. Бірақ, жарыс басталғанда, өзімді ебедейсіз, жарамсыз бала ретінде сезіндім. Капитан бұйрық беріп отырғанда, жолдастарым оның айтқанын дереу орындайтын.

Әр жарысқа қатысушы өз міндетін жақсы біліп, бұлжытпай атқарып, соның нәтижесінде мәреге жеттік. Бірақ маған келетін болсақ, мен шынымен де жарысқа жарамсыз адам едім. Өзіме не істеу керектігі айтылғанымен, өз міндетімді жөнді атқара алмадым. Ал жарыс тобының мүшелері бәрін, өз міндеттерін бір адамдай орындап, жұмыстарын реттелгендігін көрдім.

Киелі Рухпен әріптестік қарым-қатынаста болу, бұл бір топтың мүшесі болумен бірдей. Сіздің Онымен бірге еңбектенуіңіз керек. Бірінші рет уағыздағанымда, менің жұбайым және достарым бірінші қатарда отырып, мені әрең тындап, отырған күйінде ұйықтап қалды. Өйткені, мен Киелі Рухпен бірге уағыздаған жоқпын. Біраз уақыттан кейін, Киелі Рухпен бірге қалай уағыздау керектігін түсіне бастадым. Дәл солай кітаптар жазумен болдым. Мен Киелі Рухпен бірге жазуды білмегенше, бір жылдың ішінде қатты қиналып, әрең дегенде бірінші кітапты жазып бітірдім. Кейін, кітаптарды Киелі Рухпен бірге жеңіл және жылдам жазуды үйрендім. Мен екі маңызды ережені ұқтым. Киелі Рухтың Өзінің жұмысы (рөлі) бар, өзімнің де атқаратын жұмысым бар. Киелі Рух Өзінің тек осындай болғанын қалайды. Әркім өз жұмысын орындағанда, керемет нәтижеге жететін боламыз.

Елшілердің істерінің 15 тарауында, біз тағы да әріптестікті

көреміз. Елшілер басқа ұлт адамдарынан сенушілеріне хат жазып беріп жіберді. Соның хатында біз мынандай сөздерді оқимыз: «Киелі Рух және біз сендерге.....дұрыс деп таптық» (Елш. 15:28).

Міне, біз әріптестіктің жұмысының нәтижесін көреміз. Қауым жетекшілері мен Киелі Рух бірге басқа ұлт адамдарының сенушілерінің жағдайын қарастырып, дұрыс шешім қабылдады. Екеуі бірлесіп, Киелі Рух және жетекшілер бірге шешім тапты. Екеуінің өз рөлі бар еді. Өйткені, олар Құдай Патшалығының игілігі үшін әріптестер болды.

Көңе өсиетте де әріптестік қарым-қатынаста болған. Құдайдың Ыбырайым пайғамбарға емен ағашының қасына келіп, бірге сөйлесіп, Соддом мен Ғомораны құртпақшы болғаны сіздің есіңізде ме? (Жарат. баст. 18 тарауды қараңыз). Құдай Ыбырайымға әріптес ретінде сөйледі. Құдай мен Ыбырайым бірге бір төбеге көтеріліп жүріп жатқанда, оған: «Мен осы күнәға әбден батып кеткен екі қаланы құртсам екен оған сен қалай қарайсың?» деп Өз ниетін білдірді (бұл менің жеке аудармам). Ыбырайым пайғамбардың сол екі қаланың бірінде Лут есімді жиені тұрғандықтан уайымға салына бастады. Ол Жаратқан Иемен ұзақ сөйлесіп болған соң, егер де сол қалаларда он шақты әділ адам табылатын болса, онда соларды құртпауға келісті.

Құдай Ыбырайымның екі қаланы құртудан сақтауға үлес қосқанын ұнатқан екен. Ол Ыбырайым туралы былай деген: «*Өзімнің не істейтімнің Ыбырайымнан қалай жасырмақпын?*» (Жарат. баст. 18:17). Осы аяттан Құдай Өзінің жоспарының Ыбырайымға білдіргісі келгені анық көрініп тұр. Неге? Өйткені Ыбырайым пайғамбар Құдаймен бірге әріптестік қатынаста болған.

Дәл осындай Құдаймен әріптес болған тағы бір атақты адам бар еді. Ол Мұса есімді адам. Жаратқан Ие Мұса пайғамбарға былай деген: «Енді мені тоқтатуға тырыспа. Қаһарым лаулап, оларды құртып жібермекшімін, содан кейін өзіңнен үлкен халықты жаратамын» (Мысыр 32:10). Осы сөздерді естігеннен

кейін Мұса пайғамбар Құдайға жалынып, Өз қаһарын басып, халқын құртам деген ниетінен бас тартсын деп Оны көндірді. Біз осы аяттарды оқығанда, бұл әншейін оқиға болған деп жай оқи саламыз. Бірақ, сіздің ден қойып мұқият оқуыңызды сұраймын. Мұса пайғамбар Құдайдың «Енді, Мен Өзім құртамын» (ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта «Өзім құртамын» деп жазылған) деп айтқанына қарамастан, Өзіне де, Оның халқына да жақсы болатыны жөнінде ұсыныс жасады.

Енді мен сізге бір шындықты айтайын: Құдай - Ол Құдіретті Құдай және де Ол біздің құрмет көрсететінімізге лайықты. Біз тек Оның шексіз құдіреті мен рақымының арқасында Онымен әріптес бола аламыз. Ол бізді Өзінің еркі мен мақсатын орындауға таңдап алды. Оның еркін орындау біз үшін зор құрмет екендігін түсінейік.

Біз Көне Өсиеттегі жазбалардан әріптестіктің екі мысалын көреміз. Бірақ, біздің қолымызда болған нәрсенің Ыбырайым мен Мұсада болмағандығының бір айғағын көреміз. Осы екі атақты қызметшілерінің өмірінде Құдаймен әріптестік жасаған кезде, керемет нәтижесін көрдік. Алайда, біздің өмірімізде Киелі Рух орын алғандықтан, Онымен бірге 24 сағат бойы әріптес бола аламыз. Бізге Құдаймен әріптес болу үшін, емен ағашының көлеңкесінде күту немесе таудың басына көтеріліп шығудың қажеті жоқ. Біз кез келген уақытта, Киелі Рухпен тығыз байланыста бола аламыз. Ең кереметі-Киелі Рухтың бізбен әріптес болғысы келіп, ой-ниетімізді біліп, бізді жетелегісі келгені!!! Киелі Рух бізбен бірге 24 сағат бойы болады және Ол ешқашан ұйықтамайды да.

Таяуда, қызмет еткенімнің нәтижесіне риза болып, түнгі сағат екі жарымда оянып, ұйқым ашылып кетті де, кейін ешбір ұйықтай алмай төсегімде жаттым. Мен орнымнан тұрып, өз Әріптесіммен сөйлестім. Сосын не болғанын білесіз бе? Қандай күшті болды! Ол да менімен сөйлесті. Өйткені Киелі Рух ешқашан ұйықтамайды. Ол маған наразылық білдіріп: «Джон, неге сен Менің ұйқымды бұзып, ояттың» деген жоқ. Бірақ, егер

мен өзімнің сүйікті әйелімді түн ортасында оятсам, ол маған : «Джон, неге мені таң атпай оятасың?» деуші еді. Ал егер мен : «Жаным, сенімен сөйлескім келіп отыр» деп жауап берсем, онда ол мені жастықпен қатты ұратын еді. Ол ұйықтағанды жақсы көреді, сондықтан менің оны оятпауым керек екенін білемін. Мен де түнде ұйықтасам, Лиза мені оятудың қажет еместігін біледі. Бірақ, Киелі Рух кез келген уақытта менімен сөйлесуге дайын тұр. Ол менімен келе жатқан күн туралы сөйлескенді ұнатады және кейбір кезде алдында не болатынын хабарлайды. Сол себептен мен Киелі Рухпен таңертең сөйлескенді жақсы көремін. Ол менің әріптесім, Онымен қарым-қатынаста тұру мен үшін өте маңызды.

Киелі Рухтың біздің аға әріптесіміз екенін түсінуіміз қажет. Пауыл елші Ефес қаласындағы қауымның жетекшілеріне былай дейді: «Енді өздеріңе де, Киелі Рух басқарушы етіп қойған барлық қауымға да қараңдар! Шопан қойын қалай бақса, сендер де Құдай Иеміздің өз қанын төгіп, иемденген қауымына солай қамқор болыңдар» (Елш. 20:28). Пауылдың: «Иса басқарушы етіп қойған барлық қауымға қараңдар» деп айтпағанына назар аударыңыз. Бұл аят Иса мен Киелі Рухтың арасындағы әріптестікті көрсетеді. Иеміз Иса Өз қанын төгіп, бүкіл қауымды иемденген. Көктен жерге түскен Киелі Рух осы адамдарды қауымның жетекшілері етіп тағайындады, оларға қауымды басқаруды аманат етіп тапсырды. Сондықтан Киелі Рух біздің басты әріптесіміз болып табылады. Пауыл Киелі Рухтың біздің жүрегімізден орын алып, бізбен бірге болғандығын өте жақсы білді.

Тағы басқа мысалға қарайық: «Олар Иемізге ғибадат етіп, ораза тұтып отырғанда Киелі Рух: «Мен арнайы шақырған іске Барнаба мен Саулды Өзіме бөліп шығарып беріңдер.... Осылайша Киелі Рух жіберген екі елші Селеукия қаласына барып....». Елш. 13:2 және 4 аятында міне, біз тағы да Киелі Рух пен елшілердің арасындағы әріптестікті көреміз. Исаның Өзі және Құдай Әкенің көкте отырғанын есімізде сақтайық. Киелі

Рух өмірімізді ерекше қылып, бізбен бірге қызмет етуге, әрі біздің әріптесіміз болуға осы жерге жіберілген.

Үшінші күн

ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫП БІРГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Тағы бір рет мына аятты оқып шығайық: «Лайым Иеміз Иса Мәсіхтің рақымы, Құдайдың сүйіспеншілігі және Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынастарың бәрінде бола берсін!» (Қор. 2 хат 13:13). Енді біз «тығыз қарым-қатынас» деген сөздің екі мағынасының бар екенін түсіндік. Бұл үздіксіз тығыз байланыста болу және әріптестік жасау деген мағынаны білдіреді. Сіз Пауылдың сөзінің терең мағынасы бар екенін түсіндіңіз бе? Дегенмен, койнония сөзінің тағы бір мағынасы бар. Бұл өзара байланысып, бірге жұмыс атқару.

Мен «өзара байланысып, бірге жұмыс атқару» туралы ойлағанда, жас кезімдегі болған Битлз деген атакты музыкалық топ есіме түседі. Егер біреу маған «Пол Маккартни» десе, менің ойыма дереу Джон Леннон, Ринго Стар және Джордж Хариссон түсетін, яғни олардың барлығы да мен үшін Битлз болатын. Осы төрт адамның жеке тұлға емес екендігін, жай ғана бір Битлз екен деп ойлайтынмын.

Мен Киелі Рухпен өзара байланысып, әріптес болған осындай адамдар туралы ойлаған кезде, менің ойыма бірден Йонги Чо бағушы түседі. Йонги Чо бағушының қауымы дүние жүзіндегі ең үлкен қауым болып саналады. Онымен бірінші рет 1980 жылдарда кездесіп, танысқанымды ешқашан ұмытпаймын. Оның біздің қауымға бірінші рет келген кезі еді. Қауымның жетекшілері маған осы кісіні әрі оның сапарластарын қарсы алуға және қонақ үйіне орналастыруға тапсырма берді. Менің біздің қауымға келген уағыздаушыларға осындай қызмет еткеніме көп болған. Дегенмен, Йонги Чо бағушымен кездесу өзгеше, айрықша еді. Әлгі кісі, менің автокөлігіме

мініп отырғанда, сол сәтте-ақ көлігіме Құдайдың Өзі мініп отырғандай болды. Киелі Рухтың осы адам арқылы маған әсер еткені соншалықты, өзім дереу жылай бастап, көз жасымды ағыза бердім. Мен Йонги Чоның қызмет етуіне кедергі жасағым келмей, жылағанымды тоқтатуға тырыстым. Бірақ, оған өзімнің қандай ерекше күйге түскенімді айтуға мәжбүр болдым. Мен оған жұқалап: «Чо бағушы, Құдай қазір бізбен бірге машинада отыр екен» деп айттым. Ол маған: «Иә, білемін» деп күлімсіреп қарап, басын изеді.

Йонги Чоның Киелі Рух туралы кітаптар жазып, Онымен тығыз байланыста болғаны туралы көп уағыз айтқандықтан, осы кездесу маған өте маңызды болды. Ол адамның кем дегенде екі сағаттан төрт сағатқа дейін, рухта мінажат ететінін өзінен естідім. Йонги Чо бағушының ең басты ісі, Киелі Рухпен тығыз қарым қатынаста тұру, Онымен бірге оңаша уақыт өткізу. Сол себептен, оның өмірінде Құдайдың құдіреті ерекше көрініп тұр.

Бірнеше жыл бұрын, мен бір үлкен қауымда болып, жексенбі күні таңғы жиналыста уағыз айттым. Сол күні кешкі уақытта, Құдайды мадақтау қызметінен кейін, мен қырық бес минут уақыт бойы сабақ беруім керек еді. Бірақ, Киелі Рух адамдарды әр түрлі ауру-сырқаудан сауықтыра бастады да, көптеген жаңадан келген адамдарды теріс жолдан қайтарып, құтқарды. Мен тіпті екі сағат ішінде қолыма микрофон алмайтын болдым. Ақырында, қызмет біткен кезде, әлгі қауымның бағушысы маған келіп, көз жасын төгіп, жылап: «Джон бауырым, мен осы қауымда сегіз жылдан бері қызмет етіп келе жатырмын, алайда Құдайдың қауымға әсер еткенін бірінші рет көріп тұрмын» деді. Мен оған дереу: «Өйткені, біз таңғы қызметте Киелі Рух туралы уағыздадық. Ал егер біз Ол туралы айтсақ, Оның бізге әсер етуі күшті болады» деп жауап бердім. Егер сіз және мен «қарапайым» сенушілер бола тұра, Киелі Рухпен байланысып еңбек етсек, ғажайып кереметтерді өмірімізде көретін боламыз.

КИЕЛІ РУХПЕН ТЫҒЫЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА БОЛУ, БҮЛ СЫРЛАСТЫҚТА БОЛУДЫ БІЛДІРЕДІ

Соңғы койнония сөзінің мағынасы «сырластық қарым-қатынаста болу». 2 Қор. 13:13 аятта Пауылдың қарым-қатынас жазған сөзінің негізі сырластық қатынаста болу дегенді білдіреді. Осындай қатынастың дәрежесіне тек тығыз байланысу арқылы ғана жетуге болады. Сырластық қарым-қатынаста болу деген, бұл ой-толғаулардың және көңілдегі қалаулардың арман аясынан тыс жоғары не болмаса аса жоғары тұратын қарым-қатынасты білдіреді. Осы аятты былай оқуға болады: «Сендердің Киелі Рухпен сырластық қарым- қатынастарың өсе берсін» Өзім де сырластық қарым- қатынастың тығыз, достық қатынас екендігін түсінемін. Киелі Рухтың сізге ең жақын дос болғысы келетінін ешқашан ұмытпаңыз. Ол сізбен өзара байланыста болуды қатты аңсайды. «...бойымызды мекендейтін рух басқаларды қызғаныштан көре алмайды. Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды» (Жақып 4:5). Ол сіздің Онымен бірге уақыт өткізуіңізді қатты аңсап, басқаларды қызғаныштан көре алмайды. Ойланып көріңіз: Киелі Рухтың Өзі Құдай, Одан ешкім ешнәрсе жасырынып қала алмайды. Оның даналығы әрі білім-парасатының шегі жоқ, дегенмен, Ол сіздің өміріңізге қатысуды қатты қалайды. Мен бір жақсы хабарды естісем, не бір керемет нәрсеге ие болсам, сол сәтте-ақ ең жақындарыммен бөліскім келеді. Сізде де сондай күйдің болатынына сенемін, сондай –ақ Киелі Рух та сізбен ең жақсысымен бөліскісі келеді.

Өкінішке орай, көптеген сенушілер Киелі Рухқа немқұрайды қарап, Исамен бірге қарым-қатынаста болғысы келеді. Парызшылдар да осылай қателесіп жүрді. Олар Исаға: «Біз некесіз туғандар емеспіз, біздің бір ғана рухани атамыз бар, Ол-Құдай» деді. Исаның оларға берген жауабы былай болды: «Рухани аталарың Құдай болса, сендер Мені жақсы көрер едіңдер. Мен осында Құдайдан келдім» (Жохан 8:41-42). Парызшылдар Исаны

менсінбей, Құдай Әкемен тығыз байланыста болуға тырысты. Олар Құдайдың өздеріне ашып беретін ниетін түсінген жоқ. Иса оларға Әкем екеуіміз біртұтаспыз дегенді білдірді. Соған қоса, Иса оларға былай деді: «Мені жақыннан танысандар, Әкемді білер едіңдер» (Жохан 14:7). Бірақ олар Исаның сөзін тындамады. Олар Иса арқылы Құдайға келгесі келмегендіктен, Құдай Әкемен тығыз байланыста бола алмады. Сондықтан, Иса Өзінің осы жерден көкке кететінін, әрі Киелі Рух Оның орнына түсетінін анық білдірді. Киелі Рух Исамен бірдей Қамқоршы мен Көмекші екендігі бізге түсінікті болуы керек.

Исаның Құдай Әкені көрсетуге келгеніндей, Киелі Рух та бүкіл адамзатты Исамен жақын таныстыру үшін осы дүниеге келді (Жохан 16:7). Біз Киелі Рухтың Исаның данқын арттыруды жақсы көретінін түсінуіміз керек. Егер сіз Иса туралы көбірек білгіңіз келсе, онда сіздің Киелі Рухпен бірге болып, Онымен уақыт өткізуіңіз керек. Киелі Рух сізге Исаның қандай екенін анық көрсетеді. Киелі Рух Өзіне құрмет көрсеткендерге ғана ашылады. Егер біз Оны құрметтесек, онда Ол бізге Өзінің қандай екенін ашады. Ал Оның Өзі бізбен тығыз байланыста болғанына, және Иса Мәсіхті жақыннан тануға көмектескендігінен жанымыз рахат табады.

Менің Құдайға қызмет еткеніме отыз жылдан асқан болса да, осы шындыққа көзім жетті: Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста тұрған адам, Исаны жақсы біледі. Сол себептен, біздер Киелі Рухтың басты мақсаты -Исаны бізге таныстырып, Оның қандай екенін ашып көрсету екен деген қорытындыға келдік.

КИЕЛІ РУХТЫҢ МІНЕЗІН ТҮСІНУ

Егер сіз біреумен тығыз қарым-қатынаста болғыңыз келсе, онда сіздің сол адамның мінезінің қандай екенін түсінуге талпынуыңыз қажет. Бізде осы түсінік болатын болса, қарым-қатынасымыздың құнын ерекше қылып, сырластығымызды терең дәрежеге апарарды.

Мен өз ұлдарымның төртеуінің де барлығын бірдей қылып тәрбиелеуге тырысқандықтан, ұлдарым мен менің арамызда түсінбеушіліктер көп болды. Неге менің тәрбиемнің нәтижесі болмады? Өйткені, әр ұлымның мінезі әр түрлі екен. Менің зайыбым баламыздың әрқайсының мінезін біліп алып, мені олардың мінездерінің жеке айырмашылығын ажырата білуге үйретіп алды. Олардың әрқайсының жеке мінездерінің қандай екенін біліп, түсініп алғаннан кейін, біздің арамыздағы қарым-қатынасымыз күшті, жаңа дәрежеге жетті.

Мен өз жұбайыммен тығыз-қарым-қатыныста болғандықтан, оның маған өз сезімін қалай білдіретінін жақсы білемін. Біз отыз жылдан бері бірге тұрғандықтан, біздің сырластық қарым-қатынасымыз осындай дәрежеге жетті. Ал сырлас қарым-қатынас бұл бірге уақыт өткізудің нәтижесі. Егер Лиза маған көз тастаса, оның не ойлағаны туралы бірнеше бетке жаза аламын. Оның маған бір сөз айтпастан, нені білдіргісі келетін кездері туралы сізге айта алам. Егер сіз таңғы ас пісіріп, маған: «Джон, мен жұмыртқа, бекон және сұлу жармасын дайындап қойдым» десеңіз, мен сол сәтте: «Лиза бекон және сұлу жармасын ұнатпайды» деп жауап берер едім. Мен Лизадан сұрамай, оның беконмен сұлу жармасын жемейтінін жақсы білемін. Мен сізге жай, қарапайым мысал келтірдім, дегенмен, сіз менің не айтып отырғанымды жақсы түсінгеніңізге сенемін. Осы сырластық қарым-қатынас бір күнде болмайды. Оған уақыт пен үздіксіз өзара қатынасу керек. Менің жұбайыма ненің ұнайтыны және ненің ұнамайтыны жөнінде өзімнен басқа ешкім жақсы білмейді, сондай – ақ өзіме не ұнайтыны, ненің ұнамайтынын жұбайымнан басқа ешкім жақсы білу мүмкін де емес. Киелі Рухпен де солай. Біз Онымен тығыз қарым-қатынас жасаған сайын, Онымен бірге уақыт өткізген сайын, Оның қандай екенін жақсы түсіне бастаймыз.

Төртінші күн**ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІН ТҮСІНІП БІЛУ**

Жохан жазған Ізгі Хабарында 14 тараудан бастап 16 тарауға дейін Иса Киелі Рух туралы он тоғыз рет айтқан. Ол Киелі Рух туралы жеке тұлға ретінде сөйлейді. Мен жеке тұлға дегенде адам баласы екенін білдірмеймін. Адам баласы Құдайға рухани жағынан ұқсап жаратылғанын есімізде сақтайық. Адамның бар жақсы қасиеттері Құдайдың Өзінде бар, алайда Құдайдың бізге ұқсап жаратылмағандығын түсінуіміз керек. Сондай-ақ Оның, жеке тұлғаның кейбір қасиеттерін біздің ақыл-санамыз шектеулі болғандықтан толық түсіне алмаймыз. Жаңа ашылған түсінік маған Киелі Рухқа дұрыс қарауға, әрі Онымен байланысып, біріктіріп әрекет жасауға көмектесті. Киелі Рух туралы грек тілінде оқығанда, Оның үшінші жақ есімдігі ретінде жазылады. Яғни осы есімдікте бір адам туралы айтылып, ер адамға да, әйелге де қатысы бар. Біздің ағылшын тілінде осындай есімдігінің түрі жоқ. Бізде ол дегенін есімдігінің аталық пен аналық тегі бар, және не дегенін заттарға немесе малға қатысты айтылады. Әйел және ер адамды білдіретін үшінші жақ есімдігі жоқ. Бірақ грек тілінде үшінші жақ есімі бар және Інжіл кітабында, бұл есімдігі Киелі Рухқа жатады. Бұл есімдігі жансыз затқа емес, жанды тұлғаға айтылады. Көне Өсиетте үшінші жақ есімдігі де кездеседі. Еврей тілінде, әйел адамға жататын әрекеттері Киелі Рухтың жасағаны да жиі кездеседі. Еврей халқы біреудің жасағанын әрекеттеріне сай суреттеп жазатын (олардың кім екендеріне емес, қайта, кім немесе не істегеніне қарап суреттейтін). Киелі Кітапта Киелі Рухтың аналық тегі ретінде (әйелге ұқсап) еш жерде жазылмаған, бірақ оның кейбір жасайтын әрекеттері әйелге жататыны анық. Бұл өте күрделі, терең ойландыратын тақырыпты әрі қарай талқылауға уақыт жоқ. Бірақ, мен сізге нақты айтайын, өзім Киелі Рухтың әйел адам секілді еместігін ойлаймын. Тағы да сізге айтып кетейін, Киелі Рух әйел адам емес. Кейбір адамдар осындай оғаш пен

түсініксіз доктринаны үйретеді. Киелі Рух Әйел Құдай емес!

Менің айтарым осы: Құдай бізге ұқсап жаратылмаған, қайта біз Оған ұқсап жаратылғанбыз. Бұл тақырыпты талқылап отырғанда, осы шындықты түсіну өте маңызды. Біз Тауратта былай оқимыз: «Осылайша, Құдай адамды рухани жағынан Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты» (Жар. 1:27). Басқа Киелі Кітаптың аудармасында «Құдай адамды немесе адамзатты жаратты» деп жазылған. Өзім, Құдай адамзатты жаратты деп сол аударманы ең жақсы деп ойлаймын. Енді, осы аятқа қарап, Құдайдың Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратқанын білеміз. Ол ерлер мен әйелдерді де Өзінің бейнелес қылып жаратты ма деген сұрақ пайда болады. Осы жағдайда, «әйелдерге» тән қасиеттер Құдайдан келуге тиіс пе еді? Онда, Киелі Рухтың тұлғасының ерлер мен әйелдер жөніндегі біздің түсінігімізден асып түсуі мүмкін бе екен? Солай болуға тиісті, өйткені ерлер мен әйелдер Жаратқан Иеге бейнелес етіп жаратылу керек.

Осы кітапты оқығаныңызда, менің Киелі Рухқа ер адам ретінде сөйлегенімді байқаған шығарсыз. Киелі Рухтың кейбір қасиеттерінің әйел адамдарға тән болуын көптеген адамдар бір түрлі, өте қиын түсінеді. Онда мен не үшін осы тақырыпты жаздым? Менің жазғанымның себебі, сізге Киелі Рухтың қандай екенін терең түсінуге және Онымен қарым -қатынасыңызды арттыруға көмектесу.

ОЛ ЖҰМСАҚ ЖӘНЕ НӘЗІК

Осы тақырыпты бұдан ары қарай жалғастыра алдында, өзімнің өмірбаяным туралы айтып кетейін. Менің әкем Екінші Әлем Соғысының ардагері болған. Ол қазір тоқсан үшке келген кісі, мен оны қатты сүйемін. Әкем мені өміріме қажеті пайдасы тиетін нәрселерді білуге үйретті. Бірақ, мені отбасын құрып, әйелге үйленуге дайындаған жоқ. Петір елші былай деді: «Сол себептен, күйеулер, әйелдеріңе ілтипат пен қамқорлық көрсетіп бірге өмір

кешіндер» (Петір 1 хат. 3:7). Мен Лизаға үйленгенде, оған ілтисат пен қамқорлық жасаған жоқпын. Лиза менің алғашқы махаббатым болды. Мен ешқашан басқа қызбен жүріп көрмегенмін. Сол себептен, оған жігітке қарағандай, қарап жүрдім. Менің Лизаның бабын табуымның дұрыс болмағанын түсінген шығарсыз. Мен оған әйел ретінде қарауды үйрене бастадым.

Лизаға жұқалап сөйлеу, менің үйренген әдеттерімнің бірі болған. Өкінішке орай, менің өз үй-ішіме өрескел айтқан кездерімболды. Мен өзімді әшкерелеп, өз қателерімді түзеткені үшін Киелі Рухқа алғыс айтамын. Бір күні мен бір ұлыммен арамыздағы қарым-қатынасты бұзып алғаннан кейін, оған келіп, кешірім сұрадым. Ол мені бірден кешіріп, арамыздағы қатынасымыз қалпына келді. Бірақ Лиза менің баламызға өрескел айтқаныма бірнеше күн бойы ренжіп жүрді. Бұл менің оны ренжіткендігімнен емес, арамыздағы бұзылып үлгерген қарым-қатынасқа қатысты оның әрекет етуі еді. Біз балам екеуіміз ұрсысқаннан кейін тез татуласып алдық, дегенмен, өз жұбайыммен қарым-қатынасымызды қалпына келтіруге біраз күш салуым керек болды. Екі күн өткен соң, ол маған: «сендердің екеуінің ұрсысқандарың маған әлі де жаман әсер етіп жатыр» деді. Менің Лизаның қарым-қатынасқа қатысты сезімтал қасиетінің бар екенін түсіндім. Ол көптеген әйелдер сияқты, қарым-қатынасты өте бағалайды да және өз жақындарын қорғайды екен.

Киелі Рух та қарым қатынасты қатты бағалап, оның бұзылғанына ренжиді. Киелі Кітап бізге былай дейді: «Осылай Құдайдың Киелі Рухын ренжітуден аулақ болыңдар!» (Еф.4:30). Грек тілінде ренжіту сөзінің «қатты қайғырту» деген мағынасы бар. Бұл сөзді, екеуінің бірін-бірі қатты сүйетін, араларындағы қарым-қатынастың бұзылғанының кесірінен, нашар болып кеткен жағдайда қолданады. Пауылдың айтқанын былай деп түсінуге болады: «Өздеріңді жақсы көретін Киелі Рухты ауыртпалыққа түсіріп, қайғыртудан аулақ болыңдар» Әрі қарай жалғастырып, оқиық:

Ауыздарыңнан жаман сөз емес, тыңдап тұрғандардың сенімдерін жетілдіріп, игілік сепсін. Осылай Құдайдың Киелі Рухын ренжітуден аулақ болыңдар! Онымен «таңбаландыңдар»: өмірлеріңнен орын алған Киелі Рух-бір күні жамандық атаулыдан азат етілулеріңнің кепілі. Әр қилы кекшілдік, ашу-ыза, айқай-шу, қаралау, тағы басқа барлық жаман нәрселерден арылыңдар! Қайта, бір-біріңе мейірімді де жанашыр болыңдар; Мәсіхтің арқасында өздеріңді Құдай кешіргендей, сендер де өзара кешірімді болыңдар.

– Еф. 4:29-32

Сіз Киелі Рухтың мінезінің жұмсақ екендігін байқадыңыз ба?

Адамның мінезінің жұмсақ болғаны, соның мінезінің мықты екендігін көрсетеді. Егер мен өз жұбайыммен қарым-қатынасымыздың жақсы болғанын қаласам, онда оған жұмсақтық танытып, балаларыма жұқалап сөйлеуім керек. Дәл солай, егер біз Киелі Рухпен жақсы қарым-қатынаста тұрғымыз келсек, онда біздің оның жүрегін ауыртпалыққа түсіретіндей нәрсе жасайтынымыздан аулақ болуымыз керек. Пауылдың Киелі Рухты ренжітетін қылықтар: *кекшілдік, ашу-ыза, айқай-шу, қаралау, тағы басқа барлық жаман нәрселер* деп атап шыққаны өте қызық. Осындай қылықтар жұбайыма да қатты тиеді. Енді Киелі Рухтың кейбір қасиеттерінің әйел адамға тән екендігін көрдіңіз бе?

Пауылдың: «Исаны ренжітуден аулақ болыңдар» деп айтпағанына назар аударыңыз. Және ол «Құдай Әкені ренжітуден аулақ болыңдар» деген де жоқ. Қайта, бізге «Осылай Құдайдың Киелі Рухын ренжітуден аулақ болыңдар!» деп нақты айтқан. Киелі Рух біздің жүрегімізден (рухымыздан) орын алғандықтан, біз қай жерге барсақ та, Ол да бізбен бірге жүреді, өйткені, Ол бізбен тығыз байланыста тұрады. Сондықтан, біздің істеген жаман қылықтарымыз Оған қатты тиеді екен.

Осыған басқа жағынан қарайық. Егер біреу маған тиісетін

болса, мен соған назар аудармай үнсіз отыра берер едім, ал бірақ егер менің жұбайыма қатты тиіссе, онда мен сол адамның ит терісін басына қаптаймын. Иса осы жөнінде былай деп айтқан: «Көктен келген Маған қарсы сөйлеген әркімге кешірім беруге болады, бірақ Құдайдың Киелі Рухына қарсы сөйлейтіндерге не осы заманда, не келешекте кешірім болмайды» (Мат. 12:32). Өзін Рухани Ұлы арқылы көрсеткен Құдай Әкенің Киелі Рухты қорғайтыны сізге қызықты нәрсе емес пе? Құдай Әке Өзі немесе Иса Мәсіхті емес, Киелі Рухты қорғайды.

Біз Құдай Әке, Рухани Ұлы мен Киелі Рухтың арасындағы қарым-қатынасының ұлы құпиясын ешқашан толықтай түсіне алмайды екенбіз. Жаратқан Иеміз біздің Киелі Рухпен қарым-қатынасымыздықатты бағалап, бұзылып кетуден сақтағысы келеді. Біздің Оны ренжітіп, кейде көңіліне қатты тиіп кетуіміздің мүмкін екенін есімізде сақтауымыз керек. Осы шындықты білу неге сіздің Киелі Рухпен қарым-қатынасыңыз үшін өте маңызды? Егер сіздің Киелі Рухпен қарым-қатынасты қалай құру керек екендігі туралы білімдеріңіз жеткіліксіз болатын болса, онда, Киелі Рух толығымен сіздің өміріңізге қатыса алмайтын болады.

Бесінші күн

КИЕЛІ РУХ СЕЗІМТАЛ БОЛСА ДА, ӨЗІНІҢ МЫҚТЫ БОЛҒАНЫ

Киелі Рухты жұбатушы деп атайды, ол рас па? Егер балалар далада ойнап, өздерін жарақаттап алса, немесе біреу оларды ренжітетін болса, олар, біріншіден, кімге жүгіреді? Әрине, өз аналарына жүгіреді. Кейбір Америка штаттарында, үкімет органдары жасөспірімдер арасындағы қылмысты тоқтату қызметінде әйел адамдар еңбек ету керек деген шешімге келді. Гавай штатында, жаңадан тұтқындалған жасөспірім қылмыскердің біріншіден, полицияның қызметкерінің әйел

адаммен кездесуге тиісті екені жөнінде заң шығарылды. Өйткені, жасөспірім қылмыскермен жұмыс істеуде, әйел адамның еңбегінің тиімді болғанының нәтижесінің оң болатыны көрсетілді. Балаларды жұбату және тыныштандыруда әйелдердің туа біткен қабілеттері бар. Осы жағдайда айта отырып, мен Киелі Рухтың әйел болып табылатындығын айтып отырған жоқпын.

Киелі Рухтың сезімталдығы мен күштілік қасиеттері Дәуіт пайғамбарда болғандығына мысал келтіргім келеді. Сіз Дәуіттің мінезінің жұмсақ болғанын байқадыңыз ба? Оның жанашыр әрі сезімтал адам болғанын көрдіңіз бе? Оның баласы Абесалломның көтерілісін басуға өз жауынгерлеріне нұсқау берсе де, баласы қаза тапқанда қатты жылады (Патш. 2 жазба 19 тарауды оқыңыз). Қиын қыстау кездерінде, Дәуіттің жырларын жылап отырып жазғанын білеміз. Оның Жонатан есімді досымен қатты достық қатынаста болғанын Киелі Жазба бізге растайды. Сонымен бірге, Дәуіттің күшті батыр болып, алып денелі адамды өлтіріп, мыңдаған жауларын қырып жойғанын есімізден шығармайық. Ол Исраил елінің тарихында үш батырлардың, ең мықты жауынгерлердің жетекшісі болған (Патш. 2 жазба 23 тарау). Дәуіт өз батырларына нан-суды беруден бас тартқан адамды өлтіргісі келген. (Патш 1 жазба 25 тарау). Дәуіт ақсаусақ адам емес, қайта батыр адам болған. Сонымен бірге, ол мінезі жұмсақ, өте сезімтал адам болған.

Мен Киелі Жазбада Киелі Рухтың құдіретті Рух деп аталғанын есіңізге салғым келеді (Ишая 11:2). Ол әлсіз, күшсіз емес, қайта Ол шексіз құдіретті. Сонымен бірге, Ол өте сезімтал және жанашыр екен. Біз Оны сөздерімізбен де, іс-әрекетімізбен де ренжітіп алуымыз мүмкін. Қандай керемет Құдай екен!

Сіз Киелі Рухтың қасиеттерін толық түсінбесеңіз де, ештеңе етпейді. Біз пенде болғандықтан, Оның табиғаты, мінез-құлқы және қасиеттерін толығымен танып біліп, түсіне алмайтынымызды есімізде ұстауымыз керек. Бірақ, егер біз Онымен тығыз байланыста болсақ, Оның Өзі бізге ашылуға

уәде берді. Бұл тамаша емес пе?

Мен бағана айтып кеткендей, Киелі Рухтың салтанатты әрі оның құпиясын толық суреттеп айту мүмкін емес (Қор. 1 хат 2:6-16). Менің мақсатым сізді Киелі Рухпен таныстырып, Онымен тығыз байланыста болуға және соның нәтижесінде рахаттанып өмір сүруге шақыру.

ОНЫ РЕНЖІТУДЕН АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ!

Таяуда, мен біраз уақытқа дейін теледидар көрмеуге шешім қабылдадым. Жаратқан Иемен күшті тығыз байланыста болып, Құдайдың Сөзін оқып, ерекше мінажат етумен болдым. Сол уақытта, бір фильмді көріп отырған балаларымның бөлмесіне кірдім. Осы фильмде, бір кісінің өлтірілгені жөніндегі қойылымға көз тастап, дереу шығып кеттім. Өйткені, Киелі Рухпен күшті тығыз байланыста болғандықтан, осы жаман фильмнің қойылымы, Оның жүректі айнытарлықтай жексұрын болғанын сездім.

Киелі Рух біздің жүрегімізден орын алып, тұрақты түрде мекендегенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Сіз бір жерге, мысалы киноға барғанда, әлемді жаратқан құдіретті Құдайды, яғни Киелі Рухты бірге алып барады екенсіз. Өйткені, Ол әрқашан сізбен бірге болып, өзіңізді ешқашан тастап кетпейтініне уәде етті. Бірақ, егер сіз Оған ұнамсыз жерге барсаңыз, не Оның жек көретін іс әрекетін істейтін болсаңыз, онда Ол сол сәтте үндемей қалады. Алайда, егер біз оны ренжітіп кетсек, не істеуіміз керек? Одан кешірім сұрауымыз керек, жай «кешіре сал» деп емес, шынайы кешірім сұрауымыз қажет. Мен өз жұбайымды ренжітіп алып, «болды енді, кешіре салмайсың ба?» дегенімде, ол өтірік кешірім сұрайтынымды сезіп қояды. Себебі, ол менің ниетімді жақсы біледі. Менің одан шынайы кешірім сұрағанымның орнына, ренжіткенімді тезірек ұмыттырып жіберуге тырысқанымды бірден түсінеді екен. Лизаның қалауы мені соттау емес, қайта арамыздағы ешқандай екіжүзді немесе жалған қарым-қатынасты болдырмау еді. Дәл солай, Киелі Рух арамызда екіжүзді, жасанды қарым-қатынастың болғанын қаламайды, керісінше, адал, шынайы қарым-қатынастың болуын аңсайды.

Осы тарауда, өз балаларымның біреуіне өрескел сөз айтқаным туралы жаздым. Бұл оқиғадан кейін, мен мінажат еткенде, бірнеше күні бойы, Киелі Рух бұған менің назарымды аудартты. Ол мені айыптамай, баламнан өзімнің өтірік кешірім сұрағанымның, Киелі Рухтың жанына қалай батқанын көрсетті. Кешірім сұраудағы ниетімнің Құдайға ұнамды емес, жалған болғанын да білдірді. Менің жалған кешірім сұрағанымның мақсаты, тезірек ұмыттырып, «әрі-қарай жылжиық» дегендей болды. Киелі Рух маған шыдамды болып, өз кінәмді мойындатып, шынайы Құдайдың алдында тәубеге келтіріп болған соң, жаным тазаланып, қайтадан туылғандай адам болдым.

Пауыл елші Қорынт қаласындағы сенушілерге Құдайға мойынсұнбағанның кесірінен, Киелі Рухпен қарым-қатынаста болуына зияны келтіргендіктен, хат жазып жіберді. Оның Киелі Рухтың жетелеуімен жазғанын есімізде ұстап, келесі аятқа қарайық:

Құдайдың еркімен болған қайғыларыңнан өздерінде не туындағанын қарандаршы: қандай ынта-жігер, күнәдан арылуға деген неткен ұмтылыс, болған жайтқа не қылған наразылық пен абыржу, неткен сағыныш, бәрін түзеуге соншама құлшыныс, қандай әділ жаза.

– Қор. 2 хат 7:11

Құрбандық Тоқтысының төгілген қанының арқасында кешіріліп, әр күнәдан тазаланғанымыз үшін Құдайға шексіз алғыс! Алайда, Құдай бізге ешқашан күнә жасамаған, әділ адам ретінде қараса да, біздің күнә жасағанымыздың кесірінен Киелі Рухпен бұзылған қарым-қатынасымызды қайтадан қалпына келтіру қажет. Пауыл елші қорынттықтардың шынайы тәубе етпегенінше, хат жаза беріп, оларды көндіре бергеніндей, Киелі Рух та шынайы қарым-қатынаста болуға ынтасын білдіріп, біздің күнәларымызды әшкерелей береді. Менің Құдайдың еркімен болған шынайы тәубе етуім, жүрегімді тазартып, Киелі Рухпен қарым-қатынасты қалпына келтірудің қорытындысы осы болды. Бізді Киелі Рухтың тез арада кешіретіндігі үшін Құдайға мың да алғыс айтамын!

Киелі Рухтың (әйел адамға тән болатын қасиеттері) нәзік,

сезімтал, жанашыр болып, сонымен бірге, (ер адамға тән болатын қасиеттері) күдіретті, мықты, жауынгер болғанын есіңізден шығармаңыз. Егер біздің Онымен тығыз қарым-қатынаста болғымыз келсе, Оның мінез-құлқының қандай екенін біліп алуымыз керек. Киелі Рухтың бізбен тығыз қарым-қатынаста болуды қалағанындай, байланысып тұруымыз керек. Киелі Рухтың Кім екенін танып білген сайын, Онымен қарым-қатынасымыз терең болып, өсе береді.

Кейде, мен өз жұбайыммен «гольфтың» тілімен сөйлесемін. Мен оған, «Жаным, білесің бе? Мен, бүгін, алпыс сегізді соқтым...» деген сияқты сөздерді айтсам, менің балаларым мәз болып, маған: «Әке, енді бізбен бірге ойнап, допты соғасың ба?» дейтін еді. Ал, менің жұбайым гольф ойнау барысында қандай әңгіме, не туралы сөйлесіп жүргенімізге қызығатын еді. Оның адамдардың қарым-қатынасына көңілін аударатыны маған өте ұнайды. Егер мен Лизамен тығыз байланыста болғым келсе, онда оның көңілінің не нәрсеге тартатынын ескеруім керек. Дәл солай, Киелі Рухтың көңілін не тартатыны және Оның нені ұнататынын білуіміз керек. Егер біз Құдай Сөзін оқып, Онымен бірге уақыт өткізе берсек, онда Ол бізге біртіндеп ашыла береді.

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМАЛАР
БІРІНШІ КҮН

Кім Құдайдан болса, сол Оның айтқандарына құлақ асады.

– Жохан 8:47

Иә, осы сөз шындық! Сіз Құдайдың дауысын ести алады екенсіз. Құдай қазіргі уақытта да Өз адамдарына сөйлейді екен. Ол Өзінің аса құнды болып табылатын Киелі Рухы арқылы сөйлейді. Мәсіхшілерге Құдаймен тығыз байланысты тереңдетіп, арттыруға көмектесуіне ниет еткен Генри Блэкаби есімді және Клод Кинг екі атақты жазушылар былай жазады:

«Құдай алғашқы мәсіхшілерге анық сөйледі. Ол бізге де анық сөйлеуде. Алғашқы сенушілердің заманынан бастап, осы күнге дейін, Құдай бізге Киелі Рухтың арқасында сөйлеп келеді. Киелі Рух сіздің рухыңызда мекендейтіндігінен өзіңізге кез келген уақытта әрі кез келген жолымен анық сөйлейді».

Иса, Өзінің Ізгі Бағушы, ал біз оның қойлары болғандықтан, Оның даусын ести алады екенбіз деді. Жохан 10:3-5,11,14,27 аяттарын оқып, Исаның айтқанын ойланыңыз. Киелі Рух сізге не білдірді?

Киелі Рухты шындықты білдіретін Рух деп атаған. Неге? Генри Блэкаби жалғастырып, былай жазады:

«Киелі Рух бізге Құдай туралы ашпаса, өзіңіз ештеңені түсіне алмайсыз. Ол біздің Ұстазымыз. Оның алдында келіп отырып, өзіңізді Құдайдың Сөзінің шындығын үйреткенде үндемей қалмай, Онымен сөйлесіңіз.

Мінажат еткенде, Оның Құдайдың Сөзін пайдаланып, сіздің жүрегіңізге Құдайдың айтқанын жеткізіп, рухыңызды бекіткеніне көңіл бөліңіз. Мінажат еткенде, Киелі Кітап оқығанда, Құдай сізге сөйлеп, жүрегіңізді өзгертеді. Құдай Киелі Рухтың арқасында Киелі Кітап оқу арқылы, мінажат ету арқылы, әр түрлі жағдай арқылы, қауым арқылы бізге сөйлеп, Өзін де, Өз еркі мен жолдарын да анық ашып көрсеткісі келеді».

Киелі Рухтың өзіңізге маңызды болатын қай нәрселерді ашып көрсетуін күтесіз? Жохан 14:26,15:26, және 16:12-15 аяттарды мұқият оқып, Киелі Рухтың бес нәрсеге үйреткенін жазып алыңыз:

Құдайдың дауысын ести алудың ең маңыздысы неде? Блэкаби және Кинг жалғастырып, былай дейді:

«Құдайдың дауысын ести алатынның маңыздысы, ешқандай формула болмағанын түсініп алу. Бұның ешқандай бір ғана тәсілі жоқ. Құдайдың дауысын тану, Онымен тығыз қарым-қатынаста тұрудан келеді. Құдай сізге сөйлеп, Оның айтқанына сай әрекет еткен сайын, Оның дауысын одан да жақсы ажырата біле бересіз».

Құдайдың дауысын танып білу үшін, сіздің Онымен тығыз қарым-қатынаста тұруыңыз керек. Енох, Нұх, Ыбырайым пайғамбарлар және тағы басқа Құдайдың қызметшілер Киелі Рухтың дауысын анық еститін, сіз де Оның дауысын ести аласыз. Тауратта Амос 3:7; Даниял 2:22 және Забур 24:14 жазылған аяттарының және Инжіл Кітабында Жохан 15:15; Қор 1 хат. 2:9-10 және Ефес. 1:9 аяттарынның арасында қандай өзара

байланыстар бар? Сіз «Ақыр заманындағы сенуші» бола тұра, осы аяттар өзіңізге қандай жігер береді?

Енохтың (Жар. 5:21-24), Нұхтың (Жар. 6:9-18), Ыбырайымның (Жар. 18:16-22) және Петір елшінің өмірлеріне қарап (Елш. 10:9-23) тексеріп көріңіз.

ОНЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА БОЛУ СІЗГЕ АУАДАЙ ҚАЖЕТ

Сен «алдыма келіп, сиыныңдар» дедің, Саған шын жүректен жауап беремін: «Уа, Ием, сиының алдыңа келемін.

– Забур 26:8

Дәуіт пайғамбар кәдімгі жай адам болған жоқ. Оның ең басты қалауы Құдаймен тығыз байланыста тұру болған. Ол Құдайдың Өзін қатты аңсайтын. «Иемнен бір-ақ нәрсені сұрадым, тек мынау ғана менің аңсағаным: Өмір бойы Оның үйінде болсам, Жаратқан Иенің көркіне қарасам, ғибадатханасында ойланып-толғансам» (Забур 26:4).

Құдаймен тығыз байланыста болу әрі Онымен бірге еңбек етуден басқа жоғары тұратын нәрсе жоқ. Құдай Әке мен Оның рухани Ұлы көкте болғандықтан, Киелі Рух біздің өмірімізде Құдайды анық көрсетіп, бізбен бірге болып, біз арқылы әрекет ету үшін осы дүниеге келді. Николас Херман есімді сенуші, оны қасиетті Лаврентий бауырымыз деп атаған, Құдаймен тығыз қарым-қатынаста тұруға үйреніп, басқа сенушілерге де соны үйретуге өмірін арнады. Он жетінші ғасырда өмір сүрген сенушінің түсінігін бізге жазып қалдырды:

«Ең қажеті, ең басты рухани өміріміздің мақсаты, Құдаймен бірге болу, Оның жанында жүру. Бұл Онымен тығыз қарым-қатынаста тұрудан рахат алып, барлық уақытта Онымен сөйлесіп, үзбей байланыста болу».

Енді, сіз тоқталып, келесідегідей ойланып көріңіз: менде Құдайдың Өзін аңсау деген мұқтаждық бар ма? Ол болмаса, өмір қандай болатын еді? Сіз таңертен тұрып, Киелі Рухтың жаныңызда болмағанын елестетіп көріңіз. 27 бетте Киелі Рухтың есімдері мен

оның рольдеріне тағы да қарап шығып, Оған жаңа көзқараспен қарап, Онымен бірге болудың қажеттілігін жазып алыңыз:

Киелі Рухтың бізге қатысқаны, яғни біздің жанымызда болғаны қай жерде және қай уақытта болады? Лаврентий бауырымыз былай жалғастырып жазады:

«Құдаймен тығыз байланысымызды үзбей, бірге болғанымыздың орнына қауымда тұрып қалудың қажеттілігі бар ма? Онымен бетпе-бет сөйлесу үшін, Оған өз жүрегіңізді «тірі ғибадатханаға» айналдырып алуыңыз керек. Осындай Жаратқан Иемен аса жақсы, тамаша сөйлесе аласыз. Неге Құдаймен тығыз байланыста тұруды бастамасқа?».

Киелі Рухқа назар аударып, Онымен үзілместей қарым-қатынаста болу үшін сіздің Оған оңаша уақыт бөлуіңіз керектігі сөзсіз. Киелі Рухқа уақыт арнауға Құдайдың Сөзі оқу, Онымен сөйлесу, Оған алғыс білдіру мен ән-жыр айтып мадақтау және Оның алдында тынышталып, үндемей отыру жатады. Сіз тоқталып, мінажат етіп сұраңыз: «Киелі Рух, Өзіңе қазіргі кезде уақыт бөлуімнің себебі қандай болған?» Оның сізге ашып берген аянын жазып алыңыз:

Сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңызды қалай жетілдіруге болады?

Лаврентий бауырымыз: «Құдайға келіп, ешнәрсенің сіздің Құдайға деген назарыңызды алаңдатуына жол бермеуіңіз керек. Егер ойыңызда уайым не абыржу болса, Құдайға тапсырыңыз, өйткені олай етпесеңіз, ол сізге Құдаймен сөйлесуге кедергі жасайтын болады. Өз жан-дүние, ой-сана мен ерігіңізді Құдайға бағыштауға талпыныс жасаңыз. Құдай туралы ойлануды қасиетті әдетке айналдырыңыз». дейді. Енді, «Киелі Рух Өзіңе назарымды одан да жақсы аудару үшін, не істеуім керек?» деп мінажат етіңіз. Оның сізге не айтатынын тыңдап, ашып бергенін өміріңізде жүзеге асырыңыз.

Осы тақырыпты әрі-қарай оқу үшін мына аяттарды қараңыз:

Шеж. 1 жазба 9-11; Забур 21:26; Забур 104:3-4; Нақыл сөздер 8:17-18;

Ишя 55:1-3; Иер. 29:11-13; Мат. 6:33; Евр. 12:1-2

ОНЫҢ СІЗДІҢ ЖАНЫҢЫЗДА БОЛҒЫСЫ КЕЛЕДІ

Міне, Мен есік алдында келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім менің даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниелесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады.

– Аян 3:20

Құдай, басқа адамдардан гөрі, Киелі Рух арқылы сіздің жаныңызда болғысы келеді. Ол сізбен сырластық қарым-қатынаста болуды қалайды.

Киелі Рух, адам баласы кіре алмайтын, біздің рух пен жан-дүниемізге кіріп, орын алады. Ол уақытқа немесе кеңістікке байланысты емес. Киелі Рух тек адамның жүрегін ғана емес, Ол Құдайдың жүрегіндегі құпия сырларын, ой-ниеті мен арманын да біледі.

Иеміз Өзін қастерлейтіндерге сырын (яғни сырластық қатынасты) ашады және білдіреді келісімін (яғни оның терең мағынасын).

– Забур 26:14

Тек қана Киелі Рух, «шындықты білдіретін Рух», бізді бар шындыққа жеткізеді. Сіз Құдайдың немесе Исаның бір ерекшелігін не болса Киелі Кітаптың жазғанының мағынасын түсінгіңіз келе ме? Киелі Рух сізге ашып берсін деп мінажат етіңіз. Оның сізге ашып бергенін жазып алыңыз.

*Оларға Мұса мен бүкіл басқа пайғамбарлардан
бастап, Киелі Жазбалардың бәрінде Өзі туралы
айтылғандары түсіндірді.*

–Лұқа 24:27

Киелі Рух тек Киелі Кітап туралы шындықты ғана емес, өзіміз туралы және біздің өмірімізде не болып жатқанын ашып береді. Сіздің қазір не болып жатқанын түсінбей жүрсіз бе? Сіз болып жатқан жағдайға ашуланып, не амалын таппай жүргендіктен қорқынышты сезіп жүрсіз бе? Киелі Рух сіздің жағдайыңызды де, амалын да біледі. Сіз мінажат етіп Киелі Рухтан: «Киелі Рух, менің қорқып, абыржып жүргенімнің себебін ашып берші. Рухани көзімді аша гөр! Осы жағдайды шешіп алу үшін, Сенің көмегіңнен жүрегімде не өзгертуім керек?» деп сұраңыз. Оның сізге ашып бергенін жазып алыңыз.

Сіз өміріңізде болған немес қазір болып жатқан жағдайды түсінбей жүрсіз бе? Киелі Рух оны толық түсініп отыр. Киелі Рухқа мінажат етіп, сұраныз: «Киелі Рух, осы жағдайдың не екенін айтып түсіндірші. Сен бұған қалай қарайсың? Менің жүрегімде не өзгертуді қалайсың? Жүрегімді өзгерту үшін қай жерде Өзіңе жол беруім керек?» Оның сізге ашып бергенін жазып алыңыз.

Осы тақырыпты әрі қарай зерттеп, оқу үшін мына қосымша аяттарды оқып шығыңыз:

Иса Құдай Әкемен тығыз қарым-қатынаста болған: Мат. 14:22-23, 17:1-5, Марқа 1:35,6:31,46-47, Лұқа 5:16, 6:12.

Киелі Рухпен жақындаған сайын, Ол да біздің жанымызда болады:

Забур 16:8, Забур 33:19, Забур 72:28, Забур 144:18; Евр. 10:22;

Жақып 4:8

ОНЫ РЕНЖІТУДЕН АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ

Осылай Құдайдың Киелі Рухын ренжітуден аулақ болыңдар! Онымен «таңбаландыңдар»: өмірлеріңнен орын алған Киелі Рух-бір күні жамандық атаулыдан азат етілулеріңнің кепілі.

– Еф. 4:32

Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұру бұл баға жетпес қазына. Киелі Рухтың өмірімізге қатысқандығы, өмірдің барлық салаларына жақсы әсер етеді. Кэтрин Кульманның өміріне Киелі Рухтың қатысқаны анық болған. Ол Құдайдың сүйіспеншілігі мен Киелі Рухтың құдіреті туралы сансыз көп адамның уағыздағанын естіп, Киелі Рухтың сауықтыратын құдіретін көрді. Оның жазған «Дүние жүзіндегі ең күшті құдірет» деген кітабында, біздің Киелі Рухты қалай ренжітетіндігіміз жөнінде жазды.

«Киелі Рух, құдіретті Үшбірліктің Құдайы болса да, Оның сезімтал болып, Оның жүрегін оңай ауыртуымыз мүмкін. Біз Киелі Рухты ашу-ызамен, айқай-шумен, басқаларды жамандаумен ренжітеді екенбіз. Оның мінез-құлқына сәйкес келмейтін адамның барлық қылықтары оны ренжітіп алады».

Киелі Рухты не ренжітетіні немесе ненің бізден алшақтатағынын білу өте қажет. Еф. 4 тарауды мұқият оқып, Оны не нәрсенің ренжітетініне назар аударыңыз. (1-6 және 17-32 аяттарға ерекше ден қойыңыз).

17-24 аяттарында айтылған Киелі Рухты ренжітетін ой-ниеті, қылықтары мен жүріс-тұрысын жазып алыңыз:

Еф. 4:17-24 аяттарда, Киелі Рухты не ренжітетіні және біздің өмірімізден не нәрсенің алшақтатағыны жөнінде айтылған.

25-31 аяттарда жазылған Киелі Рухты ренжітетін барлық қылықтарды тұжырымдап алып, жазыңыз.

Еф.4:25-31 басқаларға жаман қарайтынымыздың нәтижесінің Киелі Рухты ренжіткені туралы нақты айтылады.

Біздің Оны ренжітуіміз мүмкін екенін түсіндік, бірақ, Оның жүрегін қуантуымыз да мүмкін. 1-7, 14-15,25,29 және 32 аяттарды мұқият оқып, не нәрсенің Киелі Рухты қуантатынын жазып алыңыз:

Жауапты жазу үшін, Киелі Рухты ренжітетін қылықтарының қарсы мәндес сөздерін жазып алыңыз.

Киелі Рухты ренжітуден аулақ болу үшін, жүрегімізді ерекше таза ұстап, Онымен біртұтас болуымыз керек. Адамның өр-көкірегі мен жүрегі қырсығатын болса, Киелі Рухтың оның өміріне қатыспайтыны айдан анық. Киелі Рух кішіпейілді адамға жақындап, өміріне рақымын төгеді. Құдай алдында үндемей қалып, отырып сұраңыз: «Мен Сені ренжітіп жүрмін бе?» Егер Киелі Рух сізге Өзін ренжіткеніңізді көрсетсе, кешірім сұрап, тәубе етіңіз. Одан кішіпейілді болып, таза жолмен жүріп, Оны қуантып жүруге және сіздің өміріңізге қатысуға рақымын төгуін сұраңыз.

СІЗ КИЕЛІ РУХ МЕКЕНДЕЙТІН КИЕЛІ ҮЙ ЕКЕНСІЗ

*Сендер өздеріңнің «Құдайдың киелі үйі» екендіктеріңді
және Құдайдың Рухы өздеріңде тұратынын
білмейсіңдер ме.*

–Қор. 1 хат 3:16

Микроскопиялық молекулалардан бастап, ғалактикалық жұлдыз жүйелеріне дейін бүкіл әлемді жаратқан ,бәрін білетін, шексіз құдіреті бар Құдай сіздің өміріңізге келіп, жүрегіңізден орын алып, сізбен бірге мекендеуді таңдады. Иса Мәсіхті өлімнен қайта тірілткен Киелі Рух, біздің жүрегімізден де орын алған!!!

Грек тілін жақсы білетін жазушы, Рик Реннер есімді бағушы, Киелі Рухтың мекендейтін үйі болудың не екенін былай деп түсіндіреді:

«Киелі Рух сіздің жүрегіңізге кіріп орын алғанда, оны Өзіне ыңғайлы «үй» етіп, сізбен бірге тұрғаны қатты ұнап қалды. Ол жан-дүниеніңізге көшіп келіп, жайлы орналасып алып, сіздің жүрегіңізді жаңа тұратын үй еткеннен кейін, еш жаққа көшкісі келмей, сізбен бірге тұрғысы келеді. Енді Киелі Рухтың жаңа үйі бар-бұл сіздің жүрегіңіз!».

Сіз құтқарылғанда, жүрегіңізде бір керемет пайда болды. Сіздің рухыңыз күнәнің кесірінен өлі болғанымен, Киелі Рух оны өлімнен тірілтіп, жана өмірді сыйлады. Құдайдың сіздің жан-дүниеніңізде істеп жатқан жұмысының күшті болғаны сонша, өзіңіздің ерекше болып жаратылғаныңыз жарияланды (Еф. 2:10). Сол сәтте сіздің рухыңыз Киелі Рухтың мекендейтін үйіне айналды. Сіз қай жерге барсаңыз да, Киелі Рухты өзіңізбен бірге алып барады екенсіз, сіз не айтсаңыз да, не істесеңіз де, Ол жаныңызда куә болып тұрады

да. Осы жерде тоқталып, ойланып көріңіз.

Осы ашылған шындық сізге қандай күш-қуат және жігер береді? Мінажат етуге батылдық беріп, қуантады ма?

Құдайдың уәделерін ескеріп, мына аяттарды оқыңыз: Еф. 3:14-20; Лұқа 12:11-12; Жохан 14:12-17; Қол.1:27; Тим. 2 хат 1:13-14; Рим 8:1-17

Осы шындық сізді қай жерде әшкереліп, өміріңізде қай нәрсені өзгертуге шақырады? Сіздің жазылған жауаптарыңыз мінажат етуіңізге әсер етті ме?

Сіз бос уақытты қалай өткізіп, нені көріп, нені тыңдап, кіммен аралысып жүріп, не істеп жүргеніңізді де ескеріңіз.

Сіздің Киелі Рухпен қарым-қатынасыңыз қандай деңгейге жеткенін суреттеп айта аласыз ба? Сіз араңыздағы достық пен сырластық қатынастың, әрі Онымен бірігіп, еңбек етіп жүргеніңіздің деңгейіне ризасыз ба? Сіз Оның даусын естіп, Киелі Рухтың өміріңізге қатысып жүргенін көрдіңіз бе? Киелі Рухтың жүрегіңізде ыңғайлы орналасып тұрып, рахатанып алу үшін «үй ішіңізді жинайтын уақыт келді ме?» Сіздің жүрегіңіздің күйін көрсету үшін Киелі Рухқа мінажат етіп, сұраңыз. Ол сізге не айтып жатыр? Ол сіздің не істеуіңіз керек екенін айтып жатыр ма?

Сонымен, бауырластарым, бізге осындай мол мейірімін, төккені үшін өздеріңді Құдай жолына арнауға шақырамын. Өмірлерің Құдайға ұнамды, толықтай бағышталған, тірі құрбандықтай болсын: Оған лайықты рухани қызмет көрсетулерің осы болады. Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпеңдер, қайта, ой-тілектерің Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгерсін! Осылай сендер Оның еркін-ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білетін боласыңдар.

–Рим. 12:1-2

Егер сіз «Мессенджер серияс» пен бірге осы кітапты оқып жатқан болсаңыз онда онда екінші бейне сабақты көріп алыңыз.

Біз Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұрамыз.

Грек тілінде қарым-қатынас деген сөзі койнония болады. Оның мағынасы «тығыз байланыста болу, әріптестік, сырластық қатынас, біреумен бөлісу, бірге тұру, қосылып бірге істеу, ортақтасу. Қарым-қатынастың үш негізгі түрінен құрайды: достық қатынас, әріптестік жасау, сырлас қатынас.

- 1 | Біздер рухани балалар болғандықтан, Киелі Рух бізбен бірге үзбей қарым-қатынаста болғысы келеді. Достық қатынас, өмір тарихымен бөлісіп, бірге тұру, осы қарым-қатынастың түріне жатады. Киелі Рухты өмірімізге қабылдап, Онымен тығыз қарым-қатынаста тұруды түсіну неге өте маңызды? Егер біз оны түсінбесек, не болады?

- 2 | Киелі Рух достық қатынас жасап, бізбен бірге әріптес болып, еңбек етуді қалайды. Мақсатқа жету үшін-әріптес жолдастар бір-біріне көмектесіп, қандай әрекет жасайды? Көне Өсиетте, Ыбырайым немесе Мұса пайғамбар сияқты адамдардың, Құдаймен бірге қалай еңбектенгенін салыстыра келіп, қазіргі уақытта, Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұрып, әріптес болуының ерекшелігі қандай? Сізге осы ерекшелік қандай жігер береді?

- 3 | Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұру бұл тек Онымен достасып, әріптестік жасау емес, сонымен бірге ерлі-зайыптылардың арасындағы сырластықта болу қарым-қатынасын жасау сияқты. Біз сенушілер бола тұра, осы қатынастың дәрежесін қалай жетілдіре аламыз?

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ

Бұл біреуді сөзбен немесе іс-әрекетпен сыйлап, қатты бағалау. Сонымен бірге, терең қастерлеу, сыйластық көрсету, дұрыс көзқараспен қарау.

1828 ж. Ноах Вебстердің Ағылшын тілінің Американдық сөздігінен бейімделіп алынған анықтама.

- 4 | Киелі Рухтың басты жұмысы бізге Исаны көрсету және Оны құрметтеп, Оның ұлылығын айқын ету. Киелі Рух Өзіне құрмет көрсеткен адамға, Исаның Өзінің кім екенін және Оның құдіретін анық көрсетеді. Жоғарыда жазылған құрмет көрсетудің анықтамасын мұқият оқыңыз. Біз өзіміз жеке және де қауым ретінде, Оны қалай құрметтей аламыз?
- 5 | Киелі Рух әйел адам ретінде суреттелмесе де, Оның әйел адамға тән болып келетін қасиеттері бар және кейбір кездерде, Оның әрекеттерінің әйел адамның істейтін әрекеттеріне сәйкес келетінін түсіндік. Жар. баст. 1:27 аятты мұқият оқып, Құдайдың және Киелі Рухтың Өзі қандай екендері жөнінде не айтылады? Осы шындықты біліп алғаннан кейін, сізге Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұру қалай әсер етті?

Киелі Рухтың сезімтал, жұмсақ болып, жұбататын қабілеті бар. Егер біз абайлап жүрмесек, Оны ренжітіп аламыз немесе Киелі

- 6 | Рухтың әрекетінен тежеліп қаламыз да, солардың кесірінен, Киелі Рух бізден алшақтай түсіп, өмірімізге қатыспай, Ол әсер ететін жолды жабамыз. Еф. 4:29-32 аяттарды ойланып, оқыңыз. Оны ренжіткен қылықтарыңызды анықтаңыз. Киелі Рухты ренжіту мен Оның әрекетін тежеудің арасында (Сал. 1 хат. 5:19-22). қандай айырмашылық бар? Осы қылықтардан қалай аулақ жүреміз?
- 7 | Киелі Рухқа қарсы сөйлеп, Оны қорлаудан басқа, Құдайға қарсы жасаған кез келген күнә кешіріледі. Исаның Киелі Рухты қорламау жөніндегі ескертуін Мат. 12:22-32, және де Марқ. 3:22-23, сонымен қоса Лұқа 12:10 мұқият оқыңыз. Осы аяттарға негізделіп, Киелі Рухты қорлау дегенді қалай түсінесіз?

ТАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

- Киелі Рух бізбен үзбей тығыз байланыста болғысы келеді.
- Тығыз қарым-қатынас бұл достық қатынас, әріптестік және сырластықта болу қатынасты білдіреді.
- Достық қатынас бұл үздіксіз байланыста тұру, өз өмір тарихымен бөлісу.
- Әріптестік, бұл бірігіп жұмыс істеу, ол біздің қарым-қатынасымызды дамытуға көмектеседі.
- Сырластық қарым- қатынас, бұл қатынастың ең терең деңгейі болып, ой-арман, құпия-сырлар, қалауымызбен Киелі Рухпен өзара бөлісу дегенді білдіреді.
- Киелі Рухтың Өзі Құдай болып, біздің рухымызды Өзінің мекендейтін үйі ретінде таңдап алды.
- Киелі Рух жұмсақ пен нәзік болғандықтан, Оны ренжітуден аулақ болуымыз керек.

КИЕЛІ РУХПЕН ҚАРЫМҚАТЫНАСТЫҢ ҮШ ДЕҢГЕЙІ

Осылайша өз дәстүрлеріңе бола Құдайдың бұйрығын жоққа шығардыңдар! Екі жүзділер! Сендер жайында Ишая пайғамбар алдын ала дәл айтып кеткен: «Бұл халық Мені тек аузымен сыйлайды, ал жүректері тым алшақ. Адам баласы шығарған ережелерді үйретіп, Мені құр босқа құрметтегенсиді.

– Мат. 15:6-9

Бірінші күн

Парызшылдар Құдайдың Сөзінің орнына өз салт-дәстүрлерін қойып, жоққа шығарғандықтан, Иса оларға айықтыратын сөздер айтты. Менің қолданатын сөздігімде салт-дәстүр дегеніңіз, мұра етіп қалдырылған, орнатылған ойы, жүріс-тұрысы мен өмірдің салты деген мағына білдіреді. Дәстүрдің өзі жақсы нәрсе болып табылады. Біз отбасымыз және достарымызбен бірге жақсы көп дәстүрлерді ұстанып келе жатырмыз. Бірақ, парызшылдар өз дәстүрлерін (яғни, әбден бойына сіңіп кеткен әдеттерді) Құдай Сөзінен жоғары қойғандықтан, Оның күшінен айырылды. Өкінішке орай, бүгінде солай болып жатыр. Біздің шындық жөніндегі түсінігіміз өз сезімімізге, салт-дәстүрімізге немесе адамның философиясына емес, Құдайдың Сөзіне негізделуі керек.

Иса парызшылдардың ұстаған дәстүрлерінің Құдай мен олардың арасындағы қарым-қатынасын бұзғанын оларға айтып түсіндірмекші болды. Соған қоса, олардың адам баласының

шығарған ережелеріне қатты сенгендіктен, Жаратқан Иеге табынғаны бекер болғанын да айтты. Парызшылдар шындықты қабылдаған жоқ және рухани соқыр екендіктерін мойындамады, сондықтан олардың Жаратқан Иемен араларында шынайы қарым-қатынастар болған жоқ. Бүгін де солай, егер біз Құдаймен тығыз қарым-қатынас жасап, одан рахат алғымыз келсе, онда адамның ойы мен ережелерін алып тастап, Құдайдың Сөзінің шындығын қабылдауымыз керек. Әйтпесе, біз парызшыларға ұқсап, Құдаймен қарым-қатынаста тұруымыздың мәнісі болмай қалады.

ЕҢ КҮШТІ ҰСТАЗ

Мен Киелі Рухпен бірге қарым-қатынас жасамастан бұрын, Киелі Кітапты оқыған уақытта, Құдайды қанша сүйсем де, бірақ Киелі Кітапты оқу қызық емес деп өз-өзіме айтатынмын. Мен, дұға ету және Киелі Кітапты оқу үшін, Киелі Рухты көмекке шақырмайтынмын. Құдайдың Рухының ғана тірі Құдайдың Сөзін жүрегіме жеткізетінін түсіндім. Киелі Кітаптың Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған сөздері болып қана қалмай, тірі, өмір беретін сөздеріне айналады.

Қор. 2 хат 3:6 аятта былай оқимыз:

Ол бізді жазылған заңдарға емес, Киелі Рухына негізделген Жаңа Келісімге сай қызмет етуге қабілетті қылды. Жазылған заңдар рухани өлім әкеледі, ал Киелі Рух шынайы өмір сыйлайды.

Құдайдың Сөзі арқылы көрінетін, біздің ие болған «жаңа келісіміміз», ережелері мен нұсқауларына негізделген емес. Жаңа келісім-бұл өмірдің өзі, оның ережелеріне мойынсұнатындардың барлығына өмір береді. Біз Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста тұрғанда ғана, жаңа келісімге толық мойынсұнып, қуанып жүре аламыз. Өйткені, Киелі Рух біздің Иса Мәсіхте байланыста бола тұрып, бізге өзіміздің шынайы кім екенімізді ашып келе жатыр. Бұл Жаңа өсиеттің өзегі болып

табылады. Сол себептен, біз Киелі Кітапты оқыған кезде, рухани түсінік беру үшін, ең күшті Ұстазды, яғни Киелі Рухты шақыруымыз керек.

Сіздің мектепте оқып жүрген кезіңізде, сабақ өткізуге ынтасы болмай, қалай болса, солай болсын деп сабақ берген мұғалім болды ма? Осы мұғалімдердің сабақты нашар бергені менің әлі есімде. Сабақтың тақырыбын өткен кезде, оттан өткендей қиналдым. Сіз өз оқушыларын жақсы көрмейтін мұғалімнің сабағында отырдыңыз ба? Не деген нашар мұғалім? Бірақ, менің сізге айтайын дегенім, Киелі Рух құштарлықпен сабақ беріпсізді қатты сүйіп, Құдайдың шындығының құпия-сырларын ашқысы келетін ұстаз екен! Ол сізге Иса Мәсіх арқылы берілген барлық рухани дарындар мен игіліктеріне ие болғаныңызды қалайды. Егер біз іздеп немесе сұрайтын болсақ, Ол адал болып, өзімізге шынайы өмірдің құпия сырларын ашып білдіреді.

ЖАҚСЫ АТМОСФЕРА ЖӘНЕ КИЕЛІ РУХТЫҢ ҚАТЫСУЫ

Өкінішке орай, біз көбінесе, Киелі Рухты қатыстырмай, Оның жетелеуінсіз, өз күшімізбен рухани өмір сүруге тырысып келеміз. Шындығын айтқанда, көптеген қауымдарда Киелі Рухтың Өзі бейтаныс тұлға болып келеді. Біз өзіміздің білместігіміздің салдарынан, Киелі Рухтың қатысуын жақсы атмосферамен шатастырып аламыз. Ал кейбір адамдар Киелі Рухтың жұмысына орай «бір түрлі әрекет» етіп, немесе Киелі Рухтың жұмысының көшірмесін алуға тырысқаннан кейін, біз Киелі Рухтың шынайы әрекеттерін тежейтін боламыз.

Сіз мені дұрыс түсіндіңіз. Біздің қауымда жақсы атмосфера болуы керек. Бірнеше жылдардан бері, көптеген қауымдарда, мәдени саласындағы қажетті өзгерістер болып келе жатып, солардың бірінің қауымдағы атмосферасын өзгерткен кезі де болды. Көптеген жағдайларда, қауымдар аса тартымды бола

бастады және олар мына күнәкар әлемге жағымды ықпал ете бастады. Мұның Құдайға ұнамды болып жатқанына сенемін. Пауылдың өзі былай деді: «Мен де, бәріне қай жағынан да ұнамды болуға тырысып, жеке басымның емес, көпшіліктің мүдделерін ойлаймын. Мұны олардың құтқарылуы үшін істеймін» (Қор. 1 хат 10:33).

Біз адамның жеке креативтік қабілеттерін жетілдіріп, технологиянының дамуына үлес қосып, өнімді еңбек етіп, көп жұмыс орындадық. Ең жақсы жанартушылықпен жұмыс істейтін мекемелердің бірі – сенушілердің қауымы менің болған жерім.

Дүние жүзілік Мәсіхтің қауымы жанартпашыл болып, өздерінің өнерпаздық қабілеттерін жаңа деңгейге жетілдіру керек деп ойлаймын. Бірақ, егер қауым өзінің барлық істеп жатқан еңбектеріне қатысу үшін, Киелі Рухты көмекке шақырмайтын болса, онда оның осы дүниеде билігінің күші аз болып, Құдайдың құдіреті мен сүйіспеншілігіне бөленбейтін болады. Оның ең басты жұмысы- әріптесіміз болғанын есімізде ұстайық.

Біздің қауымдарға Киелі Рухтың және жақсы атмосфераның да қатысуы тиісті. Мен қауымдарда, осы екі нәрсенің қатысқанын көрсем, қатты қуанамын. Сізде Киелі Рухтың адамның өміріне қатысуының күшті болуының, оның Құдай Патшалығына кіруіне кедергі болады деген қате түсінік болмасын. Елшілер осы дүниедегілер үшін түкке тұрмайтын адамдар болса да, олар Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста тұрғандықтан, ерекше табысқа жеткендерін есімізде сақтайық. Киелі Рухпен қатынаспайынша, біздің қол жеткен барлық жетістіктеріміз ақыр аяғында жоққа шығарылады.

Иса Мәсіх, Құдайдың рухани Ұлы болса да, Киелі Рухтың құдіретін қабылдамағанша, ешқандай қызмет бастаған жоқ (Лұқа 4:1-15 аяттарға қараңыз). Лұқа 4:14-15 аяттардан біз осыны оқимыз: «Киелі Рухтың құдіретіне кенелген Иса Ғалилея аймағына қайтып келді. Ол туралы хабар бүкіл төңірекке тарап кетті. Иса мәжілісханаларда жұртқа тәлім беріп, бәрі Оны мадақтады» Исаның Киелі Рухтың құдіретіне кенелгенін

есіңізде ұстаңыз. Бұл оқиға Исаның қырық күн айдалада болып, шайтанның азғыруынан өткеннен кейін болғанына көңіл бөліңіз. Айдаладан шығып, Киелі Рухтың құдіретіне толып, Назарет қаласына қайтып келген соң, Иса жазбаны ашып, мына жерін тауып, жамағат алдында оқып берді:

Жаратқан Ие Маған Өзінің Рухын қондырды. Мені жарлыларға Ізгі хабар жеткізуге тағайындап, сондай –ақ, тұтқындарға босатылып, соқырларға көре алатындарын жар салуға жіберді, Жаратқан Ие мені езілгендерді қанаудан азат етуге және Жаратқан Иенің кешірім беретін мейірімділік жылын жариялауға да жіберді. (Лұка 4:18-19)

Киелі Рухтың құдіретіне кенелуінің арқасында Иса, Құдай Әкесінің еркін толығымен орындады. Мәсіхтің қауымы да, Киелі Рухтың құдіретіне кенеліп, жарлыларға ізгі хабарын жеткізіп, тұтқындарды босатып, соқырлардың көздерін ашып, езілгендерді қанаудан азат ете отырып, Құдайдың құдіретінің құтқара алатыны көрінеді. Алайда, егер біз Киелі Рухтың құдіретіне сүйенбей жүрсек, онда осындай «көктегі» нәтижені көрмейміз. Егер Иса Құдайдың құдіретіне мұқтаж болса, біздің де қаншама зор мұқтаж болғанымыз!

Екінші күн

ИСАҒА МОЛЫНАН ОРЫН БЕРУ

Қауымдарды аралап, Исаның қатысуын көру үшін, іздеп жүретін адамдарға айтатыным бар. Мен адамдардың қауымдарда: «Біздің қауымымызға Иса көбірек керек» деп айтып жатқанын жиі естіп отырамын және де олардың айтып жатқанына келісемін. Бірақ бізге Исаны Кім ашып көрсетеді? Әрине, Киелі Рух ғана. Біз өткен тарауларға қарап, Киелі Рухтың бізге керек-жарақ зат еместігін, Оның жеке тұлға болып, Оны құрметтеп, өмірімізге

шақыруымыз керектігін түсіндік. Шындықты білдіретін Рухты барлық өміріміздің салаларына неге шақырмасқа? Иса Өз шәкірттеріне келесі аятты айтқан еді:

Сендерге айтарым әлі де көп, бірақ қазір оның бәрін тыңдауға төзімдерің жете қоймас. Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді. Себебі Ол Өзінен шыққан сөзді емес, көктегі Әкемнен естігенін айтады және болашақта не болатыны сендерге хабарлайды. Құдай Рухы Менің ұлылығымды көрсетеді, себебі Ол Менен қабылдаған хабарларды сендерге жеткізбек. Әкемдегінің бәрі Менікі де. Сондықтан да «Ол Менен қабылдаған хабарларды сендерге жеткізбек» дедім. (Жохан 16:12-16)

Киелі Рух Исаның ұлылығын көрсетеді. Киелі Рухтың арқасында ғана біз Исаның қандай екенін көреміз. Біз Құдайдың бекіткен заңын айналып өте алмаймыз. Егер біз Исаға молынан орын бергіміз келсе, онда біз Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста болуымыз керек. Сол себептен, Киелі Рух Мәсіхтің Киелі Рухы деп аталған (Пет. 1 хат. 1:11; Рим. 8:9). Киелі Рух бізге сөйлегенде, Исаның Өзін көрсетеді. Киелі Рух біздің рухани өміріміздегі қосымшасы емес, қайта ол Мәсіхтің болмысы болып табылады. Оған құрмет көрсетілмесе, Оның қатысуы көрінбейтін болады. Сондықтан, егер біз Киелі Рухты құрметтесек, онда Исаның құдіреті өмірімізде болмайды. Сол себептен, қауым арқылы Құдайдың құдіретіменен күнәкар дүние құтқарылмай, оған қауым өмірі жоқ және әлсіз болып көрінеді.

ҚҰДАЙМЕН ТЕРЕҢ ДОСТЫҚ ҚАТЫНАСТА ТҰРУ

Құдаймен тығыз байланыста болудың мақсаты, Онымен терең достық қатынас жасау. Құдайдың Рухы сізбен дос болуды қатты аңсайды. Жақып елші, Жақыптың хатының 4-тарау,

5-аятында: «Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы жалғыз Оны ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды» деді. Ол нені қатты аңсайды? Ол бізбен сырлас қатынаста болуды қатты аңсайды. Біздің барлық аңсағанымыз, жақын адамдармен бөліскіміз келетіні рас екен. Киелі Рухтың Оны басқалардан қызғаныштан көре алмайтынына назар аударыңыз. Егер мен, Құдай сақтасын! Басқа біреудің әйелінің көңілін тауып жүрсем, менің жолдасым бұған төзе алмайды да, өзі жүрегінің сырларын ешқашан ашпайды да. Дәл солай, Киелі Рух басқа адамдарды немесе қандай да болмасын, бір нәрсені жүрегімізден бірінші орын беретінімізге төзе алмайтыны шындық.

Құдай Өзіне толық бағышталуымызды қалайды. Осы аяттың жоғары жазылған басқа аятта былай оқимыз: «Күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екен» (Жақып 4:5). Қастық дегеніміз «жауласу, жек көрінішті болу, бас араздықты» білдіреді. Бұл керемет жазылған сөздер! Онда күнәкар дүниемен достасу неге Құдайға қастық тудырады деген сұрақтың туындауы мүмкін.

Күнәкар дүниемен достасу бұл ескі күнәкар болмысының құмарлыққа берілуі. Бұл пайда көруді, мәртебелелікті немесе қоғамда алатын орнын сараң түрде қудалау. Киелі Рух біздің осындай мақсаттарға қара ниетпен жетудің нәтижесінің өміріміздің мағынасыздығына айналып кетіп, әрі қиындықтарға ұшырайтынымызды біледі. Құдай, бізді қызғанып, қатты сүйіп, біздің мұндай нәрселермен ойнап жүргеніміздің салдарының жаманшылыққа ұшырататынын жек көреді. Кез келген баласының әкесі болғанындай, Құдай Көктегі Әкеміз болып, тек, біздің өміріміздің ең жақсы өмір болғанын қалайды. Иса сізге ең жақсы өмір беру үшін келді (Жохан 10:10 аятына қараңыз), ал Киелі Рух Иса Мәсіхтің қалауын жүзеге асыруға келді. Құдайдың Бірақ Құдай екенін ұмытпаңыз. Көктегі Әкеміз өз балаларымен сырлас қатынаста болуды қатты аңсайды. Біз күнәкар дүниенің «көңілін тауып жүргенде», Жаратқан Иемен сырлас болу деген қатынасымызды бұзып кетеміз. Құдай Әкенің жүрегіне ауыртпалық түсіру не деген қасірет еді!

ҚҰТҚАРЫЛҒАННАН КЕЙІНГІ ӨМІР

Құдайды мақсаты бізді құтқару ғана емес, ары қарай бізді жетелеу екен деген түсінікке келдім. Біздің құтқарылғанымыз ғана жеткілікті болмайды. Әрине, біздің құтқарылғанымыз ең үлкен керемет екен, бірақ жұмаққа кіру бұл бастамасы ғана, оған қоса, Құдай бізге арналған ерекше тағдыр дайындап қойған. Осы дүниелік құмарлыққа беріліп, оның қорқынышының жетегінде жүргенде, біз Құдай Патшалығын осы жерде орнату үшін тиімді бола алмаймыз. Бір рет Пауыл елші былай деді: «Құдайға ұнамды өмір сүру барлық жағынан да пайдалы» (Тим. 1 хат 4:8).

Пауылдың Құдайға ұнамды өмір сүру дегеніне көңіл бөліңіз. Тек Құдайды жақыннан танып білген адам ғана Оған ұнамды өмір сүре алады, өйткені Оған ұнамды өмір сүру бұл Құдайға ұқсас болу дегенді білдіреді. Егер мен біреудің жанында жүрмесем, оған ұқсап кету қиын болатынын түсіндім. Біз адамдармен көп уақыт достасып жүргенде, бір-бірімізге ұқсап кете бастаймыз. Сол себептен Жақып елші, күнәкар дүниемен достасып жүргендерге былай жазды: «Құдайға жақындандар, сонда Ол сендерге жақындайды» (Жақып 4:8). Құдайға ұқсас болу үшін Оның сізбен бірге болғысы келеді. Біз Киелі Рухтың арқасында Құдаймен тығыз қарым-қатынаста болу арқылы ғана Оған ұқсап кетіп, ұнамды өмір сүре аламыз (Қор. 1 хат 2 тарау).

Кейбір сенушілер, «Күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екен» деген аятты оқығаннан кейін, дереу, осы күнәкар дүниеден аулақ болып жүреді. Бұл қате түсінік! Егер сенушілер адамдардан аулақ болып жүрсе, онда олар қалай бүкіл адамзатты Исаға әкеле алады? Біз сенушілер бола тұра, Исадан үлгі алуымыз керек. Осы дүние үшін түкке тұрмайтын адамдар Исаға жақындағысы келіп, үнемі Оның қасында болуды аңсады. Иса салық жинаушылармен әрі жеңіл жүріске берілген әйелдердің араларында болғанда, діншілдер Оған жоғарыдан қарап жүретін. Ол тіпті солардың дастарқанында

бас қосып бірге отыратын. Бірақ Оның солардың қатарына қосылғандығы өзгеше болатын. Иса күнәкар дүниеде жүрсе де, бірақ оның ықпалының Оған әсер етпегінін білдіріп, бізге үлгі етіп көрсетті. Оның жүрегі діншіл адамдар теріске шығарған кісілерге ашық болды. Неге Ол діншіл менсінбейтін адамдарға қызмет жасап жүрді? Өйткені олардың кішіпейілді болып, Құдай Патшалығына мұқтаж болғанын білді. Иса адамдардың іс-әрекеттеріне қосылу үшін емес қайта, жаңа жолын көрсету үшін жиын-тойларға қатысатын.

Біз де адасқан, бұзылып кеткен адамзатты құтқару үшін шақырылғанбыз. Егер сенушілер Исаға ұқсап, Оның істегенін жасамақ, онда кім мұны істейді? Тек біз ғана Исаның мейірімділігін көрсетіп, күнәға батқан адамзатты құтқара аламыз. Құдайдың рақымының арқасында біздің өміріміз Иса Мәсіхпен байланысты болып өзгеріп келеді. Біз Оның өкілдері болып, қызмет етудеміз. Бізден басқа ешкім де Құдайдың шындығы мен нұрын күнәкар дүниеге жеткізе алмайды.

Үшінші күн

ҮНСІЗ КИЕЛІ РУХ

Киелі Рухпен бірге жүрген уақыттарда, Оның көргенді, тәрбиелі екенін түсінеміз. Ол бізге ешқашан Өз еркін орындауға мәжбүр етпейді. Егер біз Оның қалағанын орындағымыз келмесек, онда Ол үндемей тұрады.

Менің Құдайға қызмет етіп жүріп, жер жүзін айналып саяхат жасап жатқанымға жиырма бес жылдан асқан. Мені әуежайда қарсы алған автокөліктің жүргізушілері жайында бір нәрсені байқадым. Олар мені жылы жүзбен қарсы алып, аса керемет көмектесіп, қызмет еткен кезімде жақсы қамқорлық жасайтын. Бірақ, мен олармен сөйлеспейінше, өздері менімен сөйлеспейтін. Өйткені, егер маған машинада отырып, уағызға дайындалу керек болған жағдайда, олардың бағушылары

менімен құр босқа сөйлеспеуге нұсқау берген болатын. Маған сондай жақсы қызмет көрсеткен көлік жүргізушілерінің көп болғанына өте ризамын. Сол себептен, мен олардың отбасы жайында, қауымындағы қызметі туралы сұрақ қойып, сөйлесемін. Егер мен әңгіме бастамасам, онда біз жол бойы үндемей отыратын боламыз.

Дәл солай, егер біз Киелі Рухпен сөйлеспесек, онда Ол үндемейтін болады. Егер біз Оның дауысын естігіміз келмесек, Ол түк те айтпайтын болады. Жақыптың «Құдайға жақындандар, сонда Ол сендерге жақындайды» деп айтқанын есіңізде ме? Біз бірінші қадам жасауға міндеттіміз. Біздің Онымен әдейілеп, бірінші болып, қарым-қатынас жасап, сөйлесуіміз керек. Жай ғана айтқанда, Киелі Рух бізді Онымен қатынас жасауға барлық уақытта шақырады. Енді, сіздің өзіңіз әрекет жасауыңыз керек.

Көптеген сенушілер осы шындықты білмейді екен. Мен, адамдардың: «Неге Құдай маған сөйлемейді?» немесе «Құдайдың маған сөйлемегеніне бірнеше жыл болды» деп осылай айтатынын жиі естимін. Ал, осы адамдар Киелі Кітапта айтылғандай, Құдаймен қарым-қатынаста тұруға талпыныс жасай ма? Егер біз Құдайға жақын болғымыз келсе, онда Оны жақыннан танып білуге талпынуымыз керек. Бұл Киелі Рухпен дос болу дегенді білдіреді.

Мен сізді Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынас жасау үшін, ынталандырғым келеді. Сіз, Онымен қарым-қатынаста тұруыңыздың ұсынысына сай әрекет ететініне риза боласыз. Маған қызмет еткен көлік жүргізушілері сияқты, Киелі Рух сізді ешқашан тастап кетпейтініне уәде бергендіктен, Онымен сөйлесесіз бе, әлде үндемей отырасыз ба, ол сізбен әрқашанда бірге болады (Евр. 13:5). Бірақ, егер сіз Оны шақырмасаңыз, Ол үндемей тұрады. Сөйтіп, Киелі Рухтың өміріңізге толық қатыса алмайтынына риза болмайсыз және де Онымен қарым-қатынасты болудың жарылқауын көрмейтін боласыз.

ҚҰДАЙДЫҢ ОЙ ТЕРЕНДІГІ

Жохан 16:12-15 аяттарға қарайық:

Сендерге айтарым әлі де көп, бірақ қазір оның бәрін тыңдауға төзімдерің жете қоймас. Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы, келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді. Себебі Ол Өзінен шыққан сөзді емес, көктегі Әкемнен естігенін айтады және болашақта не болатыны сендерге хабарлайды. Құдай Рухы Менің ұлылығымды көрсетеді, себебі Ол Менен қабылдаған хабарларды сендерге жеткізбек.

Бұл сөздерді Иса өз шәкірттерінің арасында соңғы рет болғанда, Оны айқыш ағашқа шегелер алдында айтқан. Кейінірек Оны римдік жауынгерлер ұстап алып, өлімге кесілу үкімі шығарылды. Бұл ең қиын сөздерді айтатын уақыт болды.

Исаның оларға айтқанына наза аударыңыз: «Сендерге айтарым әлі де көп, бірақ қазір оның бәрін тыңдауға төзімдерің жете қоймас». Иса өз шәкірттеріне шынайы өмір болған. Олар Онымен бірнеше жыл бойы бірге жүрді. Олардың әрқайсысы өз отбасын, достарын, тұратын жерін тастап, Исаның соңынан еріп жүрді. Шәкірттері: «Бізге толық түсіну үшін, өзіміздің осы дүниеде тағы не істеуіміз керек?» деп ойлайтын шығар. Бірақ Иса олардың ақылдарына сымайтын уәдені берді: «Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы, келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді». Басқа сөзбен айтқанда, «Мен сендермен бірге жүріп жатсам да, өздерің Менің беретін барлық игіліктерімді әлі иемдене алмайсындар. Алайда, Мен сендерге Киелі Рухты жіберемін, Ол Менің сөздерімді сендерге жеткізіп, Менің еркімді ашып білдіріп, болашақта келетінін қабылдауға сендерді дайындайды»

Не деген керемет уәде екен! Исаның тағы бір айтқанына назар аударайық:

Сендерге шындығын айтайын: Менің кететінім сендер үшін жақсы! Себебі, кетпесем, сендерге Қамқоршыларың (Құдай Рухы) келмейді; ал Мен барған соң, Оны сендерге жіберемін. (Жохан 16:7)

Осы сөздер бізге жаңа түсініктің бастамасы болады. Құдай бізден оны жасырмай, қайта бізге ашып бергісі келеді. Біз жақсы көретін адамдардың өзімізді жақсы түсінгенін қалаймыз. Құдай да солай. Иса осы дүниеде өмір сүргенде, Өз Әкесінің өкілі ретінде болып, Құдайға апаратын жолды білдіріп, Құдайдың Өзі қандай екенін адамзатқа ашып көрсетті (Евр. 1:1-3, Қол. 1:15-19). Біз Исаның Құдайдың оң жағында көкте отырғанын білеміз. Киелі Рух, Құдай болып, Құдайдың балаларының жүректерінен орын алып, араларында жүреді. Құдайдың терең ойы, ниетін білу үшін, Оның Рухын, яғни шындықты жеткізетін Рухты білуіміз керек.

КҮМӘНДАНЫП ЖҮРГЕН ТОМА ЕЛШІ

Иса өлімнен қайта тірілгеннен кейін, Оның шәкірттері он адам болып, есікті құлыптап, бекіткен бөлмеде тұрған. Кенет, Иса оларға келгенде, шәкірттері одан шошып кетіп, аң-таң болды. Иса оларға елес емес екенін айтып, көндіруге мәжбүр болды. Осы он шәкірттері Исаның өлімнен қайта тірілгеніне қатты қуанып, кейін, Оның Өзінің келген кезде болмаған Томаға қуанышты хабарын айтып берсе де, ол: «Мен Оның қолдарынан шегелердің орнын көрмесем, саусағыммен шегелердің орнын сипап, бүйіріндегі тыртығын қолыммен ұстап көрмесем, Оның тірілгеніне еш сенбеймін» -деп жауап берді (Жохан 20:25).

Біраз, уақыттан кейін, он бір шәкірттері тағы жиналып, Иса оларға аяқ астынан келіп көрінді. Ол дереу Томаға бұрып, оған былай: «Жарайды, Тома сенің Маған сене алмайтын мәселесін шешіп алайық» деген сияқты. Иса оған: «Менің қолым саусақтарыңды тигізіп қара, алақаныңды бүйіріме қой

және сенімсіз болмай, сенетін бол» деді (Жохан 20:27). Және Тома Оған: «Ием менің, Құдайым менің» деп мойынсұнды. Енді Исаның не деп айтқанына мұқият қарайық:

«Тома, сен мені көргендіктен Маған сеніп тұрсың. Ал Мені көрмесе де сенетіндер бақытты». (Жохан 20:29)

Негізі, Иса оған былай деп жариялап тұрды: «Мені көрмей, сенім артатын адамдар бар, олар шынымен бақытты болмақ» Мен былай деп ойлайтынмын: «Мына, бейшара, Тома елші, Саған әрең дегенде сеніп, кейін, сенбегеніне тәубе етіп, өз кінәсін мойындап тұр екен. Ал Сен оған қарап тұрып: Ал Мені көрмесе де сенетіндер бақытты» деп айтасың. Мен Исаның Томаға солай қатты айтқанын түсіне алмадым. Бірақ, бір күні Құдай маған сөйлеп, былай деді: «Менің ниетім Томаны әшкерелеу емес, оған шындықты айтуға болды. Мені көріп, денемді қолымен ұстап, сезіп жүрудің қарым-қатынастың деңгейінен гөрі, Киелі Рухтың арқасында Менімен тығыз байланыста тұрудың деңгейі тым жоғары».

Төртінші күн

КИЕЛІ РУХПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ТҰРУДЫҢ ҮШ ДЕҢГЕЙІ

Иса Томаға осы шындықты айтқан кезде нені білдірмекші болды? Сізге жауап беру үшін, көргенімізбен емес, сенімімізбен ғана Құдаймен тығыз қарым-қатынаста тұра алатынымызды айтып түсіндірейін.

Адамдардың арасындағы қарым-қатынастың үш деңгейі бар: тәндік деңгейі, жан-дүниелік деңгейі, рухани деңгейі. Ең төмен деңгей-тәндік деңгейі болып саналады. Қыз бен жігіт біріне-бірі: *«Сондай айдай сұлу қыз, сүйем-күйем, жаным, сенсіз күн түндей болады ау!!!»* деп айтуымен тәндік деңгейі басталады. Өкінішке орай, көптеген екі-жас үйленгенде осы деңгейде ғана тұрады. Олар: *«бір-бірімізге сүйкімді, тартымды*

болғандықтан, қарым-қатынасымыздың онша жақсы болмағанына мойынсұнбай бір-бірімізбен уайымдағанымыз жайында сөйлеспей жүрсек болады» деп ойлайды. Сөйтіп, жан-дүниелік қатынас өспейді екен. Той-думан жасалып, үлкендердің батасы айтылып болған соң, шынайы жұбайлық өмір басталады. Осы екі жас арасындағы қарым-қатынасты дамыту қажеттігін түсінбесе, сәтсіз некеге ұшырайтыны сөзсіз. Егер олар бір-біріне өз өмірлерін арнамаса, әйелі өз мүддесін ғана ойлап, өз дос-қыздарына жүгіретін болады, дәл солай күйеуі де өз бетімен жүріп, достарына жүгіретін болады. Олар бір пәтерде тұратын адамдар ғана болады. Бұл Құдайдың еркі еместігі айдан анық.

Келесі қарым-қатынастың деңгейі, бұл- жан-дүниелік деңгейі. Осы қарым-қатынас Дәуіт пайғамбардың мен Жонатан ханзаданың арасында болған; *«Жонатан оны қатты ұнатып, жанындай жақсы көріп қалды»* (Патш. 1 жазба 18:1). Жонатан қаза тапқан кезде, Дәуіт оны қатты жоқтап, жылады: *«Жоқтаймын өзінді қайран бауырым, жанымдай жақсы көрген сырлас досым! Мен үшін адал сүйіспеншілігің махаббатынан да артық әйелдің»* (Патш. 2 жазба 1:26). Дәуіт пайғамбар бұрмалаған табиғи емес қарым-қатынас туралы айтып кеткен жоқ. Дәуіт пен Жонатанның арасында тән тартымдығы болған жоқ. Олардың арасында жанды қатынас болып, ешқандай бір-біріне табиғи емес тартымдық болмаған. Дәуіттің *«махаббатынан да артық әйелдің»* деген сөзінің, өздерінің арасындағы қарым-қатынастың мықты болып, жан-дүниелік деңгейіне жеткенін білдіреді.

Кез келген неке жан-дүниелік деңгейіне негізделу керек. Әрине, некеде тән тартымдық өте маңызды болып саналады. Менің жолдасым дүние жүзіндегі ең сұлу әйел болып, ол мені өзіне қарай тартып келеді. Ерлі-зайыптылардың арасында одан да тығыз, сырлас қатынас болу керек деп ойламын. Лизаның келбетінен гөрі, Оның мінез-құлқы мені көбірек баурап келеді.

Өкінішке орай, мен ерлі-зайыптылардың басқа адаммен

интернет арқылы танысып, өз жұбайын тастап кеткен оқиға жайында көп естіп келемін. Бірнеше жыл бұрын мен бір қауымда уағыз айтып, қызмет етіп болған соң, бір ер адаммен танысып алдым. Оны алты баласы қоршап тұрған еді. Екі бала оның қолында болып, тағы екеуі аяғынан ұстанып тұрды, ал тағы басқа екі баласы холлда жүгіріп жүрген. Әлгі адамның беті қайтқанын байқап: «сізде бәрі жақсы ма?» деп сұрадым. Ол «жоқ, мүлдем жақсы емес, бүгін, менің жұбайым интернет арқылы басқа еркекпен танысып алып, бізді тастап кетті» деді. Оның жанының басқа еркекпен байланып алғаны сонша, өз күйеуімен бірнеше жыл бойы өмір сүргеніне қарамастан, оны тастап кеткен. Жанды байланыстың мықты болғаны соншама, оның аналық сүйіспеншілігі мен сезімталдығы басылып, өз балаларынан бас тартқан анасы болып кетті. Жан-дүниелік деңгейі сәл ғана тән тартымдығының болуын талап етеді. Сол себептен, осындай қарым-қатынас алыстан басталып, шынайы басталатын некелік өмірге апарады. Ерлі-зайыптылар өздерінің тәндік кемшіліктеріне қарамай, өзара жанды қатынасты жетілдіре алады.

ЕҢ ЖОҒАРЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ДЕҢГЕЙІ

Рухани деңгей бұл қарым-қатынастың ең жоғары деңгейі болып саналады. Бұған Исаның Томаға рухани қарым-қатынас жайында айтқан әңгімесі куә болған. Пауыл елші былай жазған: «Себебі адамның ішкі құпия-сырларын оның өз рухынан басқа бірде-бір адам біле ме? Сол сияқты, Құдайдың терең ой мақсаттарын да Оның Киелі Рухынан басқа ешкім білмейді» (Қор. 1 хат 2:11). Басқа сөзбен айтқанда, сіз біреуді жақын білмесеңіз, соның ой-ниеті мен арманын біле алмайсыз.

Мен бағана айтып кеткендей, біз жұбайым екеуіміздің қосылғанымызға отыз жылдан асқан. Бассейннің жанында отырып, Құдайдың істеп жатқан әрекеттері жайында айтып

отырғанымыз есімде бар. Біз Құдайдың кереметтері жайында ұзақ сөйлестік. Менің жүрегіме Құдайдың берген аянымен Лизамен бөліскенде, оның маған рухани түсінігі мен даналығымен жауап беріп, Киелі Рухтың өзіме ашып білдіргені қосымша, тереңірек ашылды. Біз екеуміз Киелі Рухпен сырлас достық қатынаста тұрғандықтан, бір-бірімізбен терең, рухани деңгейдегі қатынаста болдық.

Сол себептен, біз екеуміз бірге жиі мінажат етеміз. Біз Киелі Рухпен байланысып жүргендіктен, бір-бірімізбен өзара рухани байланыста тұрамыз. Сондықтан, Мессенджер Интернэйшенал қызметінде, біз жұмыс күнінің басталар уақытынан бұрын, он бес минут бірге мінажат етуге міндеттеме алдық. Біздің барлығымыз өзара рухани байланысқымыз келгендіктен, осындай шешімге келдік. Барлық әріптестердің арасында мінажат етіп, сиынудың арқасында қандай күшті бірліктің туғанын түсіндік. Бұл барлық адамдардың арасындағы қарым-қатынасына қатысты, Киелі Кітап жайында сөйлесіп, бірге мінажат ету арқылы адамдарды біріктіріп, олардың өзара қарым-қатынасын терең, рухани деңгейге жетілдіретін болады.

Рухани нәрселерді интеллектуальдық талқылау мен шынайы рухани қарым-қатынастың арасында үлкен айырмашылық бар екен. Кейбір адамдар Киелі Кітап туралы әңгіме айтқанда, олар жалпы үстіртін мәліметтерге сүйеніп айтады. Оны мен қайдан білемін? Олардың сөйлескенінен ішім пысып, миым да шаршап кетеді. Өйткені, олар өз рухына емес, ақыл-ойына сүйеніп сөйлейді. Сонымен, Құдайдың Сөзін өз рухынан да сөйлейтін адамдар бар. Біз рухани байланыста болғандықтан, мен олармен еш шаршамастан, ұзақ уақыт сөйлесемін.

Бесінші күн**КИЕЛІ РУХТЫҢ АРҚАСЫНДА ҚҰДАЙДЫ
ТАНЫП БІЛУ**

Енді Қор. 1- хаттың 2-тарауын , 11- аятты толық оқып шығайық:

Себебі адамның ішкі кұпия-сырларын оның өз рухынан басқа бірде-бір адам біле ме? Сол сияқты, Құдайдың терең ой мақсаттарын Оның Киелі Рухынан басқа ешкім де білмейді.

Грек тілінде «ой-мақсат» сөзі «жеке тұлғаның күйі, немесе ақыл-жаратылысы» дегенді білдіреді. Пауылдың: «Киелі Рухты жақын білмейтін адам, Құдайдың жүрегінің күйін білмейтін болады» деп айтқанының мәні осы болған. Білу дегенім, жай мәлім болу еместігін айтқым келеді. Біздің АҚШ елінде, елбасымыздың кім екені бәріне мәлім, алайда азғантай ғана адамдардың онымен қарым-қатынаста тұратыны анық. Біз оның шынайы ой-арманы, қалауының, оның не нәрсеге сенетінін білмейміз. Дәл солай, Киелі Рухпен тығыз байланыста тұрмағанда, Құдайдың терең ой-мақсатын түсінбей, жай ғана Ол туралы хабардар боламыз. Пауыл елші өз сөзін жалғастырып, былай деді: «Ал біз осы дүниелік рухты емес, Құдайдан келген Киелі Рухты қабылдадық, Соның көмегімен Құдайдың бізге сыйлаған игіліктерін біле аламыз» (Қор. 1 хат 2:12). Не деген керемет сөздер! Құдайдың терең ой-мақсаттарын Киелі Рухтан басқа ешкім білмейді, алайда Ол бізге Киелі Рухты сыйлады. Құдайдың Рухымен тығыз байланыста болып, Құдайды жеке танып, Онымен сырлас қатынаста тұра аламыз. Бұл ең жоғары, рухани деңгейде, Құдаймен қарым-қатынаста болу.

Пауыл елші Киелі Рухтың арқасында Құдаймен ең жоғары, рухани деңгейдегі қарым-қатынаста тұрған. Ол Исаны өз көзімен көрмей, Оның жанында жүрмеген болса да, былай деген: «Бауырластар, сендерге мынаны айтамын: мен уағыздаған

Ізгі Хабар адам ойынан шыққан емес. Оны ешбір адамнан не қабылдаған, не үйренген емеспін. Иса Мәсіхтің тікелей білдіруімен қабылдадым» (Ғал. 1:11-12). Иса Пауылға қалай көрінді? Пауылдың Ізгі Хабарды адамнан қабылдамағанын анық айтқан. Егер ол мұны адамнан қабылдамаған болса, Исаны өз көзімен көрмеген болса, онда Мәсіхтің Рухының арқасында аян қабылдағаны рас екен.

Егер Пауыл Иса Мәсіхті ешқашан өз көзімен көрмеген болса, Киелі Рухтың арқасында Онымен терең, рухани деңгейде тығыз қарым-қатынаста тұрудың қалай болуы мүмкін еді? Исамен бірге жүрген, өз көзімен Оны көрген Петір елші өмірінің аяғында хат жазып, былай деді: «Сүйікті бауырласымыз Пауыл да сендерге Тәңірдің өзіне сыйлаған даналығымен осы туралы хат жазған болатын. Ол бұл мәселеге тоқталып өткен барлық хаттарында да осылай дейді. Оларда бірқатар түсінуге қиын жерлер бар» (Петір 2 хат. 3:15-16). Петір елші Исаның жанында күнде жүрген. Иса Тавор тауында Өз салтанатын Петірге көрсетті. Ол Исаның айқышқа шегеленгеніне куә болып, өлімнен қайта тірілгенінен кейін, Онымен бірге болған. Дегенмен, Исаны өз көзімен көрген, Онымен бірге жүрген шәкірті, Пауылға Киелі Рух білдірген түсініктерінің түсінуге қиын болғанын мойындады. Мен, Пауылдың Исамен Киелі Рухтың арқасында ерекше, рухани терең қарым-қатынастың деңгейінде болған деп есептеймін.

Пауыл Исамен бірге жүрмесе де, Жаңа Өсиеттің кітаптарын Киелі Рухтың арқасында жазған. Бұнын бәрін қалай жазған? Өйткені, Киелі Рух оны Исамен байланыстырып, ашып көрсетті. Исаның: «Сендерге айтарым әлі де көп, бірақ қазір оның бәрін тыңдауға төзімдерің жете қоймас. Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы, келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді» (Жохан 16:12-13) дегені есіңізде болсын. Пауыл елшінің Тәңір Исаны өз көзімен көру мүмкіншілігі ешқашан болмағандықтан, оны сенімі көргеніне байланысты болмаған. Ол көрмегеніне қарамастан, Мәсіхке сенім артып жүретін.

Негізінде, ол Киелі Рухтың бағытын алуы үшін сеніп, көзге көрінетіндерге қарамауға тиіс еді. Иса Томаға осы шындықты айтып түсіндірмекші болды. Пауылдың Иса Мәсіхті өз көзімен көрмей, Онымен бірге жүре алмағандықтан, сенімнің арқасында рухани қарым-қатынаста болуға үйретуге мәжбүр болды. Оның басқа таңдауы болмаған.

Біз де, Пауыл сияқты, көргенімізбен емес, сеніммен Иса Мәсіхпен тығыз байланыста тұрып, жүреміз. Біз Тәңіріміз Исаны өз көзімізбен көрмесек те, сеніміміздің арқасында Оған жақын болып, тығыз қарым-қатынаста тұра аламыз. Біздің рухымыздан орын алған Мәсіхтің Рухының арқасында Тәңіріміз Исамен рухани тығыз байланысып жүреміз. Сөйтіп, Құдаймен терең, рухани қарым-қатынасымызды жетілдіреміз. Не деген керемет екен!

ҚҰДАЙДЫ ТЕРЕҢ СЕЗУ

Құдай біздің тәніміздің толық күнәнің әсерінен азат етілмегенін біледі. Біздің рухымыз Исаға ұқсас әрі бейнелес етіліп, толық құтқарылған (Жохан 1 хат 4:17 аятқа қараңыз). Біздің жанымыз әлі де құтқарылып келе жатыр (Жақып 1:21 аятқа қараңыз). Бірақ, тәніміз әлі де толық құтқарылмаған.

Сіз жаңа заттарды сатып алған соң, біраз уақыттан кейін олардың қызықтырмайтынын байқадыңыз ба? Кейбір адамдар жаңа автокөлік сатып алғаннан кейін, бір апта өтпей жатып-ақ, оған ескі көлік ретінде қарай бастайды екен. Бұл азат етілмеген тәннің табиғаты. Көзге көрінетін барлық зат шіріп, бұзылып, ғайып болады. Сонымен, Жаратқан Иеміз ізгі Құдай болғандықтан, бізге: «Менің адамдарым Өзімді өз көзімен көрмейді. Мені жақыннан білу үшін, оларға Өзімді Рухымның арқасында айқын көрсетіп, рухани байланысып қастарында жүремін» дейді. Құдайдың айтатыны былай деп түсінуге болады: «Мен сүйетін адамдардың жүрегімдегін түкпірін білу үшін, олармен тығыз байланыста боламын».

Біздің барлығымыз қауым болып, Мәсіхтің қалыңдығы болып табыламыз. Көктегі Әкеміз бізді аспан әлемінде ерекше өтетін үйлену тойына дайындап келеді. Біз Онымен кездесіп, өз көзімізбен көрер алдында, Құдай Өзін жақыннан танып білуіміз үшін, біріншіден, рухани деңгейге жетуімізге жол ашты. Осыған орай, Пауыл елші бізге: «Ендеше, ешкімге адам тұрғысынан қарамаймыз. Бұрын Мәсіхке солай қарағанмен, қазір олай етпейміз» деп жазды (Қор. 2 хат 5:16). Біз Рух яғни Тірі Құдайдың Рухы арқылы Оны біліп келеміз. Иса осы дүниеде жүріп, адамдар Оны көріп жүрген заман болды. Ал, қазір Иса осы жерден әкетіліп, көкке көтерілгеннен кейін, біз Оның Киелі Рух арқылы танып біле аламыз.

Егер біз Киелі Рухқа немқұрайды қарап, Онымен қарым-қатынаста болмасақ, Исаны танып білуден өзіміздің бас тартқанымыз. Киелі Рух бізге Исаны ашық көрсету үшін, Құдайдың жүрегiнiң ой-мақсаттарын түгелдей білдіреді. Егер сіз Құдаймен тығыз қарым-қатынаста тұрғыңыз келсе, Ол туралы жай ғана хабардар болмай, Оның кім екенін жақыннан танып білуге ұмтылуыңыз керек. Бұл қатынас тек Киелі Рухтың көмегімен ғана болуы мүмкін. Сондықтан, Киелі Рухпен тығыз байланыста болуға кедергі жасайтын, Құдайдың Сөзіне негізделмеген салт-дәстүрлерінен арылуымыз керек. Біз Киелі Рух жайында қате түсініп, жалған түсінікке немесе өз ойымыздан шығарғанын ережелеріне сүйеніп жүрсек, Құдайдың біздің өмірімізге арналған уәделерінің жүзеге асатынын көрмейміз. Біз Киелі Рухпен тығыз байланыста тұрмай Құдайды біле алмайтын боламыз.

Сіздің Киелі Рухтың кез келген жерде, Оның қалауына сай қарым-қатынаста тұра алатыныңызға сенемін. Сонымен қоса, сіз Онымен терең рухани деңгейіндегі қарым-қатынаста бола аласыз. Осы деңгейде сізден басқа ешкім жасамаған Құдаймен сырлас қатынасты жасай аласыз. Оған жету үшін, сіз Киелі Рухпен тығыз байланыста болуға талпынуыңыз керек. Сіз Оны қалай жақыннан біле аласыз? Оған уақыт бөліп, Киелі Кітап

оқып, мінажат ету арқылы. Құдай сізге жақындағысы келеді, сіз де Оған жақындаңыз.

Оның төменде жазылған аяттарына уақыт бөліп, мұқият оқып, ойланыңыз да, Киелі Рухтың сізге не айтқысы келетініне құлақ түріңіз. Сіз Құдайға бет бұрғанда, Құдайды танып білуге кедергі жасайтын жалған түсінікті «пердені» Киелі Рухтың алып тастауын сұраңыз. «Перде» алынып тасталғанда, сіз бұрын болмаған Құдаймен қарым-қатынаста боласыз. Сіз Онымен бетпе-бет сөйлескен сайын, Киелі Рух сізді Өзіне ұқсатып өзгертетін болады. Мына Пауылдың айтқан сөздерімен осы тақырыпты аяқтағым келеді:

Ал Иемізге бет бұрғанда «перде» алынып тасталады. Иеміз –Рух, Иеміздің Рухы бар жерде азаттық бар. Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көргендей мұқият көз жібереміз. Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден-Киелі Рухтан келеді. (Қор. 2-хат 3:16-18)

ОНЫ ЕҢ КҮШТІ ҰСТАЗ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАУ

Ал сендерге келсек, Құдайдан алған Киелі Рух өздеріңде қалады. Сол себептен сендерге жаңа ілім үйрететін біреудің қажеті жоқ, өйткені қажеттілердің бәрін де Киелі Рух үйретеді. Оның сендерге үйреткендері еш өтіріксіз, шынайы, сондықтан Киелі Рухтың үйреткені бойынша әрекет ете беріңдер.

– Жохан 1 хат 2:27

Киелі Рухтың біздің өмірімізде атқаратын рөлі көп болады, дегенмен, біздің ұстазымыз болу ең маңызды рөлі болып табылады. Ол бізді әрқашан жаңа нәрсеге үйретіп келеді. Ол ең кемелді ата-ана секілді, бізбен бірге тұрып, бізді сүйіп, жұқалап сөйлеп, бізді үйретіп, қателерімізді түзетіп, бағыт беріп келеді.

Киелі Жазбаның өзі уақытқа байланысты емес, бұл Киелі Рухтың нұсқауы болып саналады. Құдайдың ой-ниеті мен мақсаттары Оның Сөзінде жазылған. Құдайға ұқсап ойлау, сөйлеу және әрекет жасау үшін бізге Құдайдың Сөзі өте қажет. Оның Сөзін түсіну де керек. Киелі Рухтың жұмысы - бізді бар шындыққа жетелеп, қажеттіні үйретіп, керек уақытта мағынасын ашып беру. Франсис Фрэнгипайн есімді жазушы мен бағушы былай жазады:

«Тәңірдің Сөзі Киелі Рухпен біртұтас болып, Ол бізді Мәсіхке ұқсатуға әрекет жасайды.... Сөздің Өзі- Құдай. Киелі Жазбалардың өзі Құдай емес, бірақ осы сөздерді жаздырған Киелі Рухтың Өзі- Құдай болған. Сондықтан, сіз Құдайдың бет-жүзін іздеп, Киелі Кітапты оқығанда, оны жай үстінен оқып қоймай, Киелі Рухтың Құдайдың Сөзі арқылы сіздің жүрегіңізге сөйлеуін сұраңыз. Сіз Құдайдың

алдында мойынсұнып, кішіпейілді болып, Құдайдың Сөзі бойыңызға кіріп, сізбен біртұтас болып қалады». (Жақып 1:21)

Сіз өзіңізге келесі сұрақтарды қойыңыз. Мен Киелі Жазбаға қалай қараймын? Маған шындықты үйретуі үшін өз ұстазымды шақырамын ба? Мен Киелі Кітапты мұқият оқимын ба, не болмаса одан бір нәрсе алып отырамын ба? Енді, Киелі Рухтан: «Киелі Жазбаға басқаша қарау және Оның менің өмірімнің бөлігі болуы үшін не істеуім керек» деп сұрап, сізге Оның ашып берген аянын жазып, жүзеге асыруға тырысыңыз:

Киелі Рух сізді Оған уақыт бөліп отырған кезде ғана үйрете ме? Әрине, солай ғана емес. Ол кез келген уақытта бізді үйрете алады. Егер де біз Онымен біртұтас болсақ, үзбей байланыста тұрсақ, немесе «бір толқында» болатын болсақ, Ол бізге кез келген сәтте сөйлейтін болады. Фрэнгипайн деген бағушы бізге мынадай ұсыныс айтады:

«Сіз өзіңізбен бірге дәптерше мен қаламды алып жүріңіз. Біз Оған қонақ ретінде келуге емес, Онымен тығыз байланыста тұруға шақырылғанбыз. Сіздің рухани құлақтарыңыз ашық болуы керек, өйткені Киелі Рух сізге кез келген жерде, әр нәрсе туралы сөйлей алады».

Сіз Киелі Рухтың айтқанын жазып алу немесе есіңізде сақтауды өзіңізге ыңғайлы болу үшін істеңіз. Ең маңыздысы, Киелі Рухтың даусын есту және Оның айтқанын есте сақтап орындау.

Осы аяттарды мұқият оқып шығып, ойланыңыз. Киелі Рух сіздің өміріңізде Құдайдың Сөзі жайында не дейді?

Тим. 2 хат 3:16; Петір 2 хат 1:12-21

Заң қайталау 6:6,11:18; Забур 118:9-11; Қол. 3:16

Забур 18:8, 118:105; Нақыл 4:20-23,6:20-23

Евр. 4:12; Жақып 1:21; Иер. 23:28-29

«Маған сынып, мінажат ет, жауап беремін, сен білмейтін ұлы да құпия жайттарды білдіремін!».

– Иеремия 33:3

ОҒАН СЕҢІМДІ БОЛУҒА УӘДЕ ЕТІҢІЗ

Исаның жауабы мынау болды: -Бәрінің ең бастысы мынау: «Тыңда Исраил: Құдайымыз Жаратқан Ие-жалғыз Құдай! Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, барлық ақыл-ойыңмен, бар күш-қуатыңмен сүй!

–Марк. 12:29-30

Тәңір Иеміз Рух болып, бізді қатты сүйіп, Өзін сүйгенімізді қалайды. Біздің осы күнәкар дүниеге мен ондағы нәрселеріне байлаулы болып, оған беріліп кетуімізді қаламайды. Ол бізге былай дейді:

«Осы күнәлі дүниені және ондағы нәрсені еш сүймендер. Осы дүниені сүйгендердің көктегі Әкеге сүйіспеншілік жоқ. Себебі осы дүниеге тән нәрселердің бәрі: күнәкар адамның құмарлықтары, көзінің қомағайлығы әрі тұрмысына мастануы көктегі Әкеден емес, осы дүниеден бастау алған. Осы дүние мен оның ләзатты өткінші, ал Құдайдың еркін орындаушылар мәңгі өмір сүреді».

– Жохан 1 хат 2:15-17

Матай 16:24-25; Титке 2:12-14 ; Жақып 4:4-6 ; Жохан 15:18-21 және Рим. 12:2 аяттарға қараңыз.

СІЗДІҢ БАҒЫШТАЛУҢЫЗДЫҢ НЕДЕ? Өзіңізге сұрақ қойыңыз.

Сіз кімге немесе не нәрсеге көбірек уақытыңызды бөлесіз?
Мен бос уақытымды қалай пайдаланамын?

Кім немесе не менің көңілімді көтереді? Жаңа технология мен заманауи сән өмірімде тиісті орын алып отыр ма?

Мен не нәрсеге ақша жұмсаймын?

Мен не туралы көбірек ойлап жүремін? Не жайында көбірек сөйлесемін? Не үшін мінажат етемін?

Біздің айтып жүрген сөздеріміз өзіміздің бағышталуымыздың қандай екенін көрсетеді. Иса көңілі неге толы болса, ауызы соны сөйлейтінін айтты. (Лұка 6:45)

Өзіңіздің берген жауаптарыңыз қайтадан оқып шығыңыз. Киелі Рухтан: «Өзімнің ең басты істеп жүргендерімді Сенің көмегіңмен өзгертуім керек пе? Менің өмірімде табынатын жалған тәңір яғни, пұт пайда болды ма? Сенен басқа қатты аңсайтын бір нәрсе бар ма?» Киелі Рух сізге осы мәселе жайында не дейді? Оған толық бағышталу үшін, не істеу керектігін айтады:

Матай 6:19-21 және Қол. 3:1-17 аяттарды оқып, ойланыңыз. Тәңірге бағыштала беруге осы аяттарға негізделіп, Киелі Рухтың көмегімен мінажатты жазып алыңыз.

БІЗ ОНЫҢ РАҚЫМЫНЫҢ АРҚАСЫНДА РУХАНИ ӨСЕ БЕРЕМІЗ

*Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде
Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көргендей
мұқият көз жібереміз. Осылайша Ол бізді Өзіне
ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның
салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек
көрініс табады. Бұл Иемізден-Киелі Рухтан келеді.*

-Қор. 2 хат 3:18

Иса Мәсіх айқыш ағашқа барар алдында, Киелі Рух туралы өте маңызды шындықты айтты: «Сендерге айтарым әлі де көп, бірақ қазір оның бәрін тыңдауға төзімдерің жете қоймас. Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы, келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді» (Жохан 16:12-13).

Бәрін білетін Иса, Өз шәкірттеріне көп маңызды нәрсе жайында айта алар еді, бірақ олардың ақыл-ойларына бәрі сыя алмағандықтан, түгел айтқан жоқ. Олардың рухани өсуіне уақыт керек еді. Иса өліп, қайта тіріліп, көкке көтерілгеннен кейін, Құдай Өке Оның рақымының арқасында руханиөсуіміз үшін Киелі Рухты жіберді.

Ақылды ата- ана жаңа туған баласына математиканың тапсырмасын шешуді жүктей ме? Не болмаса, жасөспірімдік кезінде салықты қалай төлеуді білгенін қалайды ма? Әрине, ондай тапсырма бермейді. Дәл солай, Киелі Рух бізге рухани өмірімізге керектігін ашып білдіру үшін, рухани өсіп, ер жететінімізді күтеді. Ол біздерге тек, Киелі Жазбалар жайында ғана бар шындықты ашып беріп қоймай, сонымен қоса, өзіміз де, отбасымыз да, балаларымыз да, денсаулығымыз жайындағы бар шындыққа жеткізгісі келеді.

Құдайдың Сөзіне сай, біз бір сенім мен ұлылық дәрежесінен басқа жоғары дәрежеге жетіп, рухани өсіп келеміз. Рухани өсу үшін біз де Киелі Рух та үлесімізді қосып, еңбек етеміз. Фил. 1:6, 2:12-13, Сал. 1 хат 5:23-24 және Евр. 13:20-21 мұқият оқыңыз. Киелі Рух сізге рухани өсу туралы не ашып берді. Қайталатын тақырып кездесе ме?

Он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген, атақты Англияда тұрған Чарльз Сперджен есімді уағыздаушы көптеген әр түрлі тақырыптар, сонымен Киелі Рух және де рухани өсу жайында жазды. Ол былай деді:

«Біздің істей алмайтынымыздың, Исаның қолынан келетігіне сенім артамыз. Егер біз өз күшімізге сүйеніп, бәрін істей алатын болсақ, онда неге Исаға сенім артуымыз керек?» Біздің міндетіміз сенім арту, ал Тәңіріміздің міндеті бізді өзгертіп, жаңа деңгейге көтеру. Оның бұйрығын орындасақ болғаны. Біздің өмірімізді жандандыру Құдайдың жұмысы болып табылады».

Мен одан да рухани ер жетуім керек деген ой болмасын. Бұл қате түсінік. Өйткені, сіз қателік жіберіп, рухани тұрғыда құлайтын болсаңыз, өзіңізге айып тағып, соттап, рухани күштен айырыла бастайсыз. Тынышталып, былай мінажат етіңіз: «Киелі Рух, Саған менің рухани өсіп келе жатқаным көрініп тұрма? Ол сізге не дейді?».

Киелі Рух сізге қарағандай, өзіңізге де солай қарауыңыз керек. Киелі Рухтың сіздің рухани өсе беруді көмектесіп, жаңа рухани деңгейге жеткізуді сұраңыз.

Сіз өзіңізді өзгертуге тырысып көрдіңіз бе? Тырысуыңыздың нәтижесі бар ма? Қазіргі рухани өсуіңіздің айырмашылығы қандай?

ОНЫҢ СІЗБЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ТҮРҒЫСЫ КЕЛЕТІНІН БАҒАЛАУ

*Сүйіспеншіліктерің адал болуы керек. Жамандықты
жек көріп, жақсылықты берік ұстаныңдар. Бір-біріңді
бауырлардай сүйіп, өз бастарыңнан артық сыйлаңдар.*

–Рим. 12:9-10

Біз Құдай Өкемен және адамдармен қарым-қатынаста тұруға жаратылғанбыз. Сол туралы ойланып көріңіз. Сіз ешкіммен қарым-қатынаста тұрмасаңыз өміріңіз қандай болады екен? Егер сіз барлық өмір сыйлайтын қарым-қатынастардан бас тартсаңыз, сізде не қалады? Тек жалғыздық пен құрбекершілік ғана қалады.

Құдайға қарым-қатынас үшін алғыс! Адал достық баға жетпес, бағалауға лайықты қатынас. Темір темірді қайрағандай, адал дос біздің рухани өсуімізге себепші болып, жан-сезімізді күшейтіп, ментальдік дамуына көмектеседі. Адал, жақсы дос керек кезде қателерімізді сүйіспеншілікпен көрсетіп, оларды түзетуге көмек береді. Адал дос біздің жетістіктерімізге қуанып, қиындықтарымызға қарамастан, әрі қарай алға басуға жігерлендіреді.

*«Біреу болғаннан екеу болған жақсы. Себебі бірігіп
жұмыс істесе, содан көретін пайдалары болады. Біреу
құласа, жолдары сүйеп, тұрғызады. Алайда, құлағанда
сүйеніш болатын ешкімі жоққа қандай қиын».*

–Уағыз. 4:9-10

Біз қарым-қатынастың үш деңгейінің бар екенін түсіндік. Бұлар- рухани, жан-дүниелік және тәндік қатынас. Сізге осы шындық өзіңіздің қарым-қатынасыңыз қай деңгейде болып тұрғанын көрсетеді? Бұл сізге кіммен көбірек қарым-қатынасты жетілдіруге көмектеседі? Неге?

Ең терең, маңызды тығыз байланыс рухани деңгейде болып тұрады. Осы қатынас не екенін сипаттап алыңыз. Жан-дүниелік немес тәндік деңгейінен гөрі, рухани деңгейде қарым-қатынаста тұрудың артықшылықтары қандай?

Сізде терең қатынастарды жақсартып дамытатын адамдар бар ма? Тынышталып, мінажат етіңіз: «Киелі Рух, менім өміріме әкелген адамдармен терең қатынастарды дамыту үшін не істеуім керек?». Үндемей қалып, Оның сізге не айтатынын тыңдаңыз. Сізге не сөйлегенін жазып алыңыз.

Рухани қарым-қатынасты дамыту үшін мінажат:

Киелі Рух, маған рухани қарым-қатынасты жетілдіруге көмектесе гөр. Жонатан мен Дәуіт, Рут пен Нағима, Жохан мен Иса арасындағы терең қарым-қатынас болғандай, Өзің менің өміріме жіберген адамдарымен қарым-қатынаста тұруға біріктіріші. Маған достық пен рухани қатынасты дамытуға рақымынды сыйлай гөр! Иса Мәсіх атынан, Аумин!

ҚҰДАЙМЕН ТЕРЕҢ ҚАТЫНАСТА ТҰРУ

*Ал сен ұлым Сүлеймен, әкең сиынған Құдайды жақынна
таңып-біл! Оған шын жүрегіңнен және бар жан
дүниеңмен қызмет ет!*

–Шежіре 1 жазба 28:9

Құдайдың ең басты мақсаты бізді жақыннан танып білу. Ол бізді Өзімен бірге өмір сүруге шақырады. Одан жақсы шақыру бар ма екен? Пауыл елші: «Иә, мен бәрін де залал деп санаймын, өйткені Ием Иса Мәсіхті жақыннан танып білу өзге нәрселерден әлдеқайда жоғары, Иеме бола бұлардың бәрінен айырылдым, оларды түкке тұрғысыз сыпырынды деп санаймын да, Осылайша қабылдайтын сыйым-Мәсіхтің Өзі» жазып жіберді. (Фил. 3:8)

Жанна Гиньённың Иса Мәсіхпен терең қатынаста болуға деген құштарлығы болды. Оның Исаға деген құштарлығының болғаны соншама, сол жайында кітап жазып шығарған. Он жетінші ғасырда өмір сүрген, дінге сенуші француз әйелінің Джон Уэсли, Хадсон Тейлор және Уочман Ни есімді атакты уағыздаушыларға әсері күшті болды. Ол терең қатынас жайында былай жазған еді:

«Мен сізге сұрақ қояйын... сіздің Құдайды терең танып білгіңіз келе ме? Құдай сізге осындай терең қатынаста болуға мүмкіндік беріп отыр. Ол Өзінің рақымының арқасында барлық балаларына осы мүмкіндікті берген. Ол мұны Киелі рух арқылы істеген. Сіз Құдайды қалай терең біле аласыз? Мінажат ету арқылы».

Енді, сіз Құдайды жақыннан танып білуге мінажатты қалай

сипаттай аласыз? Матай 6:5-15 аяттарда жазылған Исаның мінажатын мұқият оқыңыз. Сіз Оған қарап, не нәрсеге үйреніп алдыңыз?

Біз рухани туғанда, Киелі Рух біздің рухымызға кіріп, орын алғанын білеміз. Сонымен, Киелі Рух бізге сөйлегенде, рухымызға сөйлейді. Жанна Гиньён жалғастырып былай дейді:

«Тәңіріміз ең түкпіріңізде Оған ең қасиетті болатын жерде яғни сіздің рухыңыздан орын алып, мекендеген. Тәңір Иса, біздің жүрегімізден Өзіне тұратын үйін қылып, бізбен бірге тұруға уәде еткен (Жохан 14:23). Ол Өзіне рухта табынып, Оның еркін орындайтындармен бетпе-бет кездесетіне ант берген. Тәңір Иса сізбен өз рухыңызда кездеседі. Сіздің рухыңыз Оған ашық болса, Онымен терең қатынастан рахат алады екенсіз»

Біз Құдай жіберген Киелі Рухтың арқасында ғана Онымен терең қатынаста тұра аламыз (Қор. 1 хат. 2:9-12). Тынышталып, мінажат етіңіз «Киелі Рух, Өзің жайында қате түсінікке ие болған, не Сенен кетіп қалып, немқұрайды қарайтын жағдай болды ма?» Үндемей, тыңдап отырыңыз. Онымен бірге болуға кедергі жасап жатқан нәрселерді алып тастауын сұраңыз. Сізге Киелі Рухтың не ашып бергенін жазып алыңыз.

Осы шындық жайында ойланып, Киелі Рухтың соның терең мағынасын ашып беруін сұраңыз.

Ал Иемізге бет бұрғанда «перде» алынып тасталады. Иеміз –Рух, Иеміздің Рухы бар жерде азаттық бар. Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көргендей мұқият көз жібереміз. Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден-Киелі Рухтан келеді.

–Қор. 2 хат 3:16-18

Тақырыпты әрі-қарай жалғастыру үшін мына аяттарды қосымша оқыңыз:

Нақыл 13:20, 17:9, 17, 27:6, 10, 17; Жохан 1 хат 1:7; Патш. 1 жазба 18:1-4

Егер сіз «Мессенджер серияс» пен бірге осы кітапты оқып жатқан болсаңыз онда онда үшінші бейне сабақты көріп алыңыз.

- 1 | Иса парызшылдарға өздерінің салт-дәстүрлерін Құдай Сөзінен жоғары қойғандарынын айтты. Бізге Құдаймен тығыз қарым-қатынаста тұруымызға жаман әсер ететін адам баласының дәстүрлері бар ма? Құдайдың Сөзін жоққа шығаратын, кем дегенде, қазіргі заманда болып жатқан бір дәстүрді атап шығыңыз.

- 2 | Киелі Рух бізге ең жақын дос болғысы келіп, тығыз қарым-қатынаста тұруды қатты аңсайды. Сенушілерді Киелі Рухпен тығыз байланыста болуға қай дүниелік нәрселер кедергі жасап, Одан аластатып, ұстап тұрады? Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынас жасағаннан гөрі, күнәкар дүниеге еліктіріп, оның ләзатының дәмін іздеп, оған талпынудың нәтижесі қандай болады?

- 3 | Иса Тома елшіге қандай шындықты айтып түсіндірмекші болды? (Жохан 20:29). Осы шындық Пауылдың Қор. 2 хат 5:16 аятта айтқан жазғанына қандай байланыс бар? Және де оның айтқанының Құдаймен терең қатынаста болуға бізге қалай көмектеседі?

- 4 | Қарым-қатынастың үш деңгейін атап шығып, оларға сипаттама беріңіз. Ең терең деңгей қайсысы? Оның неге ең терең деңгей екен деп ойлайсыз? Біз осы деңгейдегі адамдармен қалай байланыста тұра аламыз?

- 5 | Көктегі Әкеміз Онымен терең қатынаста тұру үшін, Киелі Рух арқылы осындай ерекше сыйлық берген. Қор. 1 хат 2:11-16 аяттарды мұқият оқыңыз.

Құдайды шынайы танып білу жайында Киелі Рух сізге не айтады?

- 6 | Петір мен басқа шәкірттері, басқа адамдарда ешқашан болмаған, Исамен бірге жүріп, Онымен бетпе-бет сөйлесетін. Пауыл елші Исамен бетпе-бет кездеспей, өз көзімен көрмеген болса да, Құдай ол арқылы әр түрлі ерекше кереметтерін жасаған. Бұл қалай болды?

Қосымша қарап оқу үшін: Жохан 20:29, Қор.2 хат 5:16, Петір 2 хат 3:15-16

- 7 | Егер біз Киелі Рухқа немқұрайды қарайтын болсақ, онда Құдаймен қарым-қатынасымызға қандай зиян келетін болады? Егер сізде қалау болса, қасыңызда отырған топпен өзіңіздің Киелі Рухпен ерекше болып жатқан қарым-қатынасыңыздың тәжірибесімен бөлісіңіз.

ТАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

- Егер біз Құдаймен терең, сырлас қатынаста тұрғымыз келсе, онда біз Киелі Рух арқылы Оны жеке танып білуіміз керек.
- Тек Киелі Рух ғана Құдайдың жүрегіндегі ой-мақсаттарын, жан-сезімдерін біледі.
- Бізге Құдайдың Рухы жіберілген. Ол бізді шындықты үйрететін ең жақсы Ұстаз болып табылады.
- Осы күнәкар дүниемен достасу-қара басының ғана ойлап, дүниенің ләзатына талпыну, бұл-Құдайға қас болу.
- Киелі Рух ешқашан бізді қарым-қатынаста тұруға мәжбүр етпейді.
- Қарым-қатынастың үш деңгейі мыналар: тәндік қатынас (ең төмен және үстіртін), жан-дүниелік және рухани (ең терең және сырластық).
- Жаратқан Иемен Киелі Рухтың арқасында қатынаста тұру бұл Исамен бетпе-бет сөйлесіп, Оны денеби көзімен көруден де жоғары, терең, сырлас нәрсе болып табылады.

КИЕЛІ РУХТЫҢ ҚҰДІРЕТІНЕ КЕНЕЛҮ

Бірінші күн

Орта ғасырда өмір сүрген патшаны көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Орта ғасыр қамалдар мен мұнараларын, батырлар мен соларды күтіп отырған жас әйелін, шайқас және патшалығын, әрі соның ұлылығын да елестетіп көз алдымызға келтірейік. Патшаның әулеті мен оның сарайындағы қызметкерлерін Құдай тағайындаған адамдар деп саналғандықтан, олар өте құрметтеліп, аса бай өмір сүрген болатын. Патшаның сөзі заң еді және оның шығарған үкіміне ешкім қарсы шыға алмайтын. Патша жақсы болса, өз патшалығының аймағында жерлестерін қорғау керек екендігі жөніндегі жауапкершілікті жақсы түсінетін. Ол мемлекет мүдделерінің қамын ойлап, елдің шекарасын кеңейтуге әрі оның қосымша қорын көбейту мақсатын көздейтін.

Патшаның ел алдында үлкен жауапкершілікті алғаннан кейін, өзіне тапсырылған билігінің шегі болмады. Мен сізге, қазіргі заманда демократикалық немесе республикалық түрінде мемлекетті басқаратын шартты президент жайында айтып отырған жоқпын. Мен сізге толық монарх билеген мемлекеттің сипаттамасын беріп отырмын. Ал енді, егер әлгі патшаның өз билігінің бар екенін білмегенін немесе одан қандай да бір себептен бас тартқанын көз алдына келтіріп алыңыз. Біраз уақыттан кейін, оның патшалығына не болады? Жаулары келіп елін басып алып, оның тұрғандарын құл етіп, барлық қор-қазыналарын тонап әкететін еді. Патшаның

атаққа ие болып, өз салтанатты сарайында тұрып, бай өмір кешуі жеткіліксіз. Ол өзіне берілген билігін пайдаланып, іс-әрекетінде көрсетуі қажет. Егер патша өз билігін пайдаланбаса, онда оның патшалық етуінің ешқандай ықпалы болмайды.

Біз Құдайдың балалары болып, *Иса Мәсіхпен бірге «еншілес»* болдық. Рим. 8:17 аятта былай жазылған: «Біз рухани балалары болғандықтан, Құдайдан «еншімізді» яғни мұрамызды қабылдап, Мәсіхпен «еншілес» болдық» Еф. 2:6 аятта Біздің рухани жағдайымыз жайында аятта нақты айтылған: «Құдай Мәсіх Исамен тығыз байланыстағы бізді Онымен бірге тірілтіп, көкте Оның жағында отырғызды» Иса Мәсіхпен байланысып, Оның арқасында біз басқа патшалыққа көшіп алдық. Енді біз осы күнәкар дүниенің балалары емес, Аспан Патшалығының мұрагерлеріміз. Біз Құдай Патшалығының балалары болғандықтан, Тәңір Иеміздің аманатын орындауға шақырылдык. Құдай бізді өз балалары ретінде асырап алғаннан кейін, Оның Патшалығының барлық игіліктері біздің меншігімізге айналды. Не деген керемет уәде! Алайда, мен орта ғасырдағы патша туралы айтып кеткендей, бізге қандай билік берілгенін біліп алып, оны пайдалануымыз керек. Бұл тарауда, біз Құдай Патшалығын кеңейтуге үлесімізді қосу үшін, бізге берілген билікті қалай пайдалана алатынымызды талдаймыз.

Петір елші былай жариялады:

Ал сендер өздеріңді қара түнектен тамаша нұрына шақырған Құдайдың қасиеттілігі мен ұлы істерін мадақтап жариялауға тандалған нәсілсіңдер. Патшаның діни қызметкерлері, Оған бағышталған қасиетті ұлт-Құдайдың меншікті халқы болдыңдар. (Петір 1 хат. 2:9)

Тақырыпты талдауға жалғастыра алдында, сізге бір нәрсе айтайын: Билік әрқашан құдіретінің алдында болып өтеді. Біз Құдай Патшалығының пайдасы үшін еңбек етер алдына, Иса Мәсіхпен байланыстағы рухани жағдайымызды білуіміз керек.

БІЗГЕ КЕРЕКТІСІ: ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰДІРЕТІ

Бірде Иса елшілерімен дастарқан басында жиналған кезде оларға былай деп бұйырды: - Иерусалимнен кетпей, Әкенің өз уәдесін орындауын тосындар! Мен сендерге сол туралы айтқан едім ғой. Жақияның шомылдыру рәсімі сумен болатын. Ал енді біраз күнде сендер Киелі Рухпен шомылдырыласындар. (Елш. 1:4-5)

Иса елшілеріне уәдесін орындауын тосындар деп ұсыныс жасаған жоқта, не Оның нұсқауына көңіл қою керек деп те айтқан жоқ. Қайта, уәдесі орындалмағанша, оларға Иерусалимнен кетпеді бұйырды. Құдайдың Патшалығына тиімді болып, еңбек ету үшін, Киелі Рухтың құдіретін қабылдаудың аса маңызды екенін, Өз шәкірттеріне берген бұйрығына айрықша назар аудартты. Иса шәкірттерінің Оның өлімнен қайта тірілгені жайында Ізгі Хабарын таратуға құштар болып, Киелі Рухтың уәдесінің орындалуын тоса алмай, шыдай алмайтынын білді. Елш. 1:3 аятта Олар Исамен бірнеше күн бірге болып, Оның Құдай Патшалығы жайында тәлім тыңдап жүргені жазылған. Киелі Кітап бізге елшілер Исаның өлімнен қайта тірілуін сенімді дәлелдерін қабылдағанын айтады. Шәкірттеріне біреудің дәлелдерін келтіруінің қажеті болған жоқ, қайта олар Исаның өлімнен қайта тірілгенін өз көздерінен көріп куә болды. Басқа сөзбен айтқанда, олар Ізгі Хабар таратуға асықты!

Бірақ, Иса оларға қарап, тұрып: «Сендер Киелі Рухтың құдіретін қабылдамағанша, ешқандай қызмет, не Ізгі хабар тарату, не қауымды орнату бастамаңдар» деді (Лұқа 24:49). Иса осы нұсқауды бес жүз шамасындай адамға берді деп ойлаймын (Қор. 1 хат 15:6 аятқа қараңыз). Бірақ, Елш. 1:15 аятта жоғары бөлмесінде адамның жиналған тобының саны бір жүз жиырмаға дейін азайып кеткенін көреміз. Басқа үш жүз сексен адам қайда кеткен? Күндер өткен сайын бес жүз адамның ішінде жүз жиырма ғана қалған деп ойлаймын. Бәлкім, осы үш жүз сексен адам былай ойлаған шығар: «Ғибадатханаға оралып, қауымдарды

ашып, Исаның өлімнен қайта тірілгені туралы адамдарға хабар жеткізейік» деп тек, бір жүз жиырма адам ғана Өз Қожайынының бұйрығын орындап, уәдесін орындауын тосты.

Ал сіз «Әрине, олар Киелі Рухтың қонуын тосуға мәжбүр болды. Өйткені, олар Киелі Рухты әлі қабылдамаған болатын. Бірақ, біз құтқарылған кезде, Киелі Рухты қабылдадық қой!» деп ойлап қалуыңыз мүмкін.

Жохан 20:21-22 аяттарға қараңыз:

Иса оларға тағы да: «сендерге амандық пен тыныштық болсын!»-деді. Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты, Мен сендерге адамдарға жіберемін. Осылай дегеннен кейін Иса шәкірттерінің бетіне демін үрлеп: «Киелі Рухты қабыл алыңдар!» деді.

Иса шәкірттерінің бетіне үрлеп, «Киелі Рухты қабыл алыңдар» деді. Грек тілінде қабыл алыңдар сөзі кәп-қазір немесе бірден дегенді білдіреді. Иса көкке көтерілер алдында, шәкірттері Киелі Рухты қабылдаған болатын. Бірақ, олар Киелі Рухтың құдіретін қабылдамағанда, Оның күшінде ешқандай әрекет жасаған жоқ.

КИЕЛІ РУХТЫҢ ҚҰДІРЕТІНІҢ ҚОНҒАН КҮНІ

Киелі Рухтың құдіретінің қонған күні келгенде, сенушілердің бәрі бірге болды. Сонда кенеттен, көктен қатты жел соққандай, шу естіліп, олар отырған үйді алып кетті. Сенушілерге жалындай жалаңдаған тілдер көрінді де, бөлініп-бөлініп әрқайсысының үстінде бір-бірден қонды. Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Оның өздеріне берген дарынына қарай бөтен тілдерде сөйлей бастады. (Елш. 2:1-4)

Сіз осыған орай, балаларға арналған Киелі Кітапта елшілердің Киелі Рухқа кенелген жалындай жалындаған оты тілдер тәрізді, елшілердің үстіне қонғаны туралы суреттің салынғанын көрген

шығарсыз. Мен осындай сипаттаманы тура және нақты емес деп ойлаймын. Көне Өсиетте, оттың өзі Құдайдың қатысқандығын білдіреді. Елшілердің істері туралы жазылған осы кітаптың авторы, жалындаған тілдерді Киелі Рухтың Өзінің қатысуы іспетті сипаттайды. Исаның соңынан ерген адамдардың Киелі Рухтың құдіретіне «шомылғанын» яғни ие болғаны көрсетіледі. Киелі Рухтың Өзін ашық түрде көрсеткені «қатты жел соққандай» кезде көрінді. Біз бірінші тараудан Киелі Рухтың «қатты жел» еместігін түсіндік. Оның жеке тұлға екенін ұқтық. Алайда, Оның Өзінің анық көрсеткені, «қатты желінде» болған.

Грекше кенелу деген сөз, сатиате деп айтылады. Оның мағынасы «молшылықпен қамтамасыз ету» дегенді білдіреді. Жоғары бөлмеде мінажат етіп тұрған сенушілер, Киелі Рухқа мольнан кенелген деген түсінікке келеміз. Олардың бәрі де, Киелі Рухтың құдіретін өз өмірінде көрген болатын. Жел соққаннан, жалындай жалаңдаған тілдерден басқа, бөтен тілдерде сөйлеу, Киелі Рухқа кенелгеннің белгісі болады.

Екінші күн

БӨТЕН ТІЛДЕРДЕ СИЫНУ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Алғашқы өнім мейрамы кезінде, соны өткізу үшін барлық яһудилер дүниенің төрт бұрышындағы әр елдерден келген. Олар басқа ел мен аймақтардың азаматтары болғандықтан, әр түрлі ана тілдерде сөйледі. Солардың ана тілдері еврей тілі емес, басқа тіл болатын.

Сол кезде Иерусалимде дүниенің төрт бұрышындағы әр елден келген. Құдайды қастерлейтін яһудилер тұратын. Осы шу естілгенде көптеген халық сол жерге жиналып, аңтарылып тұрып қалды. Себебі олардың әрбіреуі тыңдағанда сенушілердің мұның өз тілінде сөйлесіп тұрғанын естіді. Халық қатты таңқалып: «Мына сөйлеп жатқандардың бәрі ғалилеялықтар емес

пе?»-десті. Бұл қалайша болып тұр: біз әрқайсымыз бұлардың өз тілдерімізде сөйлегенін естіп тұрмыз?! (Елш. 2:5-8)

Осы мәтіндегі «осы шу естілгенде көптеген халық сол жерде жиналып...» деп жазылғанына назар аударыңыз. Халықтың көпшілігі басқа тілдерде сөйлейтін адамдарға көздерін тіккен. Халықтың бәрі ғалилеялықтардың әр түрлі басқа тілдерде сөйлегеніне аң-таң болып тұрды. Бұл Исаны әлі қабылдамағандарға Құдайдың Рухының берген белгісі болатын.

Бірақ әрқайсымыз мына кісілердің Құдайдың ұлы істерін өз тілдерімізде жариялап жатқанын естіп тұрмыз. Бәрі аң-таң болып не істерін білмей, бір-бірінен: «Бұл нені білдіреді екен»-деп сұрасты. (Елш. 2:11-12)

Киелі Рухтың қонғаны Петір елшіге Ізгі Хабарын Құдайдың күшінде уағыздауға жол ашты. Ол уағыздап былай айтты: «Осы Исаны Құдай қайта тірілтіп алды, біз бәріміз соған куәміз! Иса Құдайдың құдіретімен көкке көтеріліп, Әкеден уәделі Киелі Рухты алған соң, Оны біздің үстімізге құйып сыйлады. Мұны сендер естіп, көріп тұрсындар» (Елш. 2:32-33). Бәрі Киелі Рухтың құдіретінің қонғанын естіп, көргенін байқаңыз.

Бірнеше аяттан кейін халықтың жауабы мынау болды:

Халық мұны естігенде жүректері қарс айырылып, опық жеді. Олар Петір мен басқа елшілерден: Ағайындар-ау, біз енді не істеуіміз керек? деп сұрады. (Елш. 2:37)

Петір оларға:

Әрқайсың күнәларыңның кешірілуі үшін теріс жолдан қайтып, Иса Мәсіхтің атымен шомылдыру рәсімінен өтіндер! Сонда сендер Құдайдың сыйын-Оның Киелі

Рухын қабылдайсыңдар. Себебі бұл уәде сендерге, балаларыңа және алыстағылардың бәріне: Құдаймыз Жаратқан Ие шақыратын барлығына да арналған деді. (Елш. 2:38-39).

Петір құтқарылу жайында Ізгі Хабарды жариялағанда, оны Жаратқан Иеміздің шақырылғандардың барлығына арналғанын айтты. (Рим 10:13 аятқа қараңыз) және де ол Киелі Рухты қабылдауын Исаға сенім артқандардың бәріне де арналғанын жеткізді. Қандай керемет сый екен! Бұл уәде өткен замандағы, қазіргі және келешектегі сенушілердің бәріне арналған.

ТӨРТ КУӘЛІК

Елшілердің істерінде, Алғашқы өнім мейрамы өткен соң, адамдардың Киелі Рухқа кенелгені туралы төрт куәлік жазылған. Біз осы төрт куәлікті оқығанда, сіздің екі нәрсеге көңіл бөлуіңізді қалаймын. Біріншіден, Киелі Рухқа кенелгенің төрт куәліктің бірі, адамдардың әлі құтқарылмай тұрғанда, Киелі Рухтың өз қалауынша олардың үстіне қонған. Екіншіден, Киелі Рухтың жаңа сенушілерге қонғанына куә болып, Оның істеген жұмысын естіп көрген болатын.

Філіп және Самариялықтар

Біз бірінші куәлікті Елшілердің істерінің сегізінші тарауынан оқимыз. Філіп Самария қаласына Ізгі Хабар жариялауға жіберілген болатын. Ізгі Хабар жариялағанда, бүкіл қалаға рухани ояныш келді. Сал мүгедек адамдар сауықтырылып, жындар қуылып шығарылып, көптеген адамдар Құдайдың құтқарылуын қабылдады.

Ал енді Філіп Құдайдың Патшалығы және Исаның Мәсіх екендігі туралы Ізгі Хабарды жариялағанда, олар сенді. Көптеген ер адамдар мен әйелдер

(Мәсіхтің жолына түсіп) шомылдыру рәсімінен өтті.
(Елш. 8:12-13)

Самариялықтар Исаның Ізгі Хабарын қабылдағанда, олар жоғарыдан туылды ма? Әрине, туылды. Кез келген адам Исаға сеніп, Ізгі Хабарды қабылдайтын болса, ол Құдайдың баласы болып қалады. Осы жаңадан туылған сенушілер, Исаға деген сенімдерін ашық мойындау үшін су рәсімінен өтті. Дегенмен, әрі қарай оқысақ, алғашқы қауымның жетекшілері жоғарыдан туылып, суға шомылдыру рәсімінен өтуден басқа ерекше нәрсенің болуы керектігін жақсы білді. Бұл Киелі Рухқа шомылу яғни, кенелу болды.

Иерусалимдегі елшілер «Самарияның халқы Құдайдың Ізгі Хабарын қабыл алды» дегенді естігенде, оларға Петір мен Жоханды жіберді. Екеуі келген соң, Киелі Рухты қабылдасын деп солар үшін сиынып мінажат етті. Себебі Киелі Рух әлі олардың ешқайсысына қонбаған еді. Олар тек Иеміз Исаның атынан шомылдыру рәсімінен өткен болатын. (Елш. 8:14-16)

Елшілер самариялықтардың Ізгі Хабарын қабылдағанын естігенде, оларға Петір мен Жоханды жіберуге шешім қабылдады. Елшілер неге осы екі беделді адамды самариялықтарға мінажат етуге жіберді? Самариялықтардың көпшілігі құтқарылып, суға шомылдыру рәсімінен өтті. Петір мен Жохан «Киелі Рухты қабылдасын деп» арнайы мақсатпен мінажат етуге жіберілді (15 аятқа қараңыз) Иерусалим қаласы Самариядан елу алты шақырым шамасындағы қашықтықта орналасқан. Қазіргі уақытта бұл аралық ұзақ көрінбегенмен, алайда елшілердің жеке автокөлігі немесе қоғамдық көлігінің болмайтынын есіңізде ұстаңыз. Олар жаяу немесе есекке мініп жүруі керек болатын, сөйтіп Самарияға бір-екі күннен кейінғана жететін. Сол заманда ешқандай да жылдам жету деген болмайтын.

Тағы айтайын, жаңа сенушілердің бәрі Исаның атынан суға шомылдыру рәсімінен өткен. Олар Құдайдың балалары болды. Бірақ олар құтқарылудың толық сыйлығын әлі қабылдаған жоқ.

Сіз тоқтай тұрыңыз, олар Исаны қабылдаған кезде, жүректеріне Киелі Рух еніп, орын алған емес пе еді? деп ойланып қалуыңыз мүмкін. Бұл жақсы сұрақ екен. Қор.1 хат 12:3 аятта «Киелі Рухтың жетелеуінсіз ешкім де Иса-Жаратқан Ие деп шын жүректен мойындай алмайды» деп анық айтылған. Біз Киелі Рухтың жетелеуінсіз, Исаны Жаратқан Иеміз деп мойындай алмаймыз, дегенмен Киелі Рухқа кенелуден мүлдем басқа нәрсе.

Киелі Кітап бізге Исамен тығыз байланыстағы адам таза болып, Киелі Рухтың мөрімен бекітілген деп нақты түрде айтады. (Петір 1 хат. 1:2; Еф. 1:13). Біздің өмірімізге Киелі Рухтың келуінің құтқарылудың бірден-бірі бөлігі екеніне ешқандай күмәніміз жоқ. Құдай сізге қарағанда, Өзінің рухани Ұлының Рухын көреді екен. Сіз құтқарылғаннан кейін, Иса Мәсіхтің арқасында қара түнектен рухани дәрежеге көтеріліп, Құдайдың Патшалығында Оның меншігі болғаныңыз есіңізде болсын. Алайда, егер сіз өзіңізді Көктегі Әкеден Киелі Рухымен толтыруын сұрамасаңыз, ешқашан Оның құдіретіне кенеле алмай жүресіз.

Сонымен, сендер өздерің күнәкар бола тұра балаларына жақсылық жасауды білсеңдер, Көктегі Әкенің Өзінен сұрағандарға Киелі Рухын сыйлайтыны ешбір шүбәсіз. (Лұқа 11:13)

Иса Құдайды «Көктегі Әкенің Өзінен» деп атаған, сондықтан Оның айтқаны сенушілерге арналғанын көрініп тұр. Біз Жохан жазған Ізгі Хабар кітабында осы шындықты Исаның айтқанынан білеміз «Ол шындықты білдіретін Рух. Осы күнәкар дүние Киелі Рухты қабылдай алмайды, себебі Оны көрмейді әрі білмейді» (Жохан 14:17). «Күнәкар дүние» Құдайдың Патшалығына кірмеген адамдарды бейнелейді. Анық айтқанда, Исаға билігіне мойынсұнбаған адам, Киелі Рухты қабылдай алмайды. Сондықтан, Исаның «Көктегі Әкенің Өзінен» дегені, адамның құтқарылуын білдірмейді. Бұл адамның құтқарылғаннан кейін ғана Киелі Рухты қабылдауы жайында айтылған.

Енді, Елшілердің істерінің сегізінші тарауына қарайық:

Екі елші олардың үстеріне қолдарын қойғанда, самариялық сенушілер де Киелі Рухты қабылдады. Шимон елшілердің алақан тигізуі арқылы адамдарға Киелі Рухты берілгенін байқағанда оларға ақша ұсынап: «Маған осындай билік беріңдерші, үстімде қолымды қойған әркім Киелі Рухты қабылдап жүрсін,- деді. (Елш. 8:17-19)

Петір мен Жохан сенушілердің үстіне қолдарын қойғанда, олар сол сәтте-ақ Киелі Рухты қабылдады. Сенушілердің Киелі Рухты қабылдағаны айқын көрінді. Себебі Шимон елшілердің алақан тигізуі арқылы адамдарға Киелі Рухтың берілгенін байқаған. Шимон сенуші болып Киелі Рухтың қонғанын өз көзімен көріп, таңқалғаны сонша, өзі де осындай құдіретіне ие болуға оларға ақшасын ұсынды. Шимонның ниеті дұрыс болмады, сондықтан Петір оны бірден әшкерелеп тоқтатты.

Елшілердің кітабында, адамдардың Киелі Рухқа кенелгенінің нәтижесі бөтен тілде сөйлеп, пайғамбаршылық сөздерін айтатыны анық көрсетілген. Сондықтан, елшілер Киелі Рухтың сенушілердің үстіне қонғанын деп жиі айтатын. Самария қаласында Киелі Рухтың қонғанының бөтен тіл мен пайғамбаршылық жайында жазылмағанын бір рет ғана кездеседі. Бірақ, Самариялық сенушілердің Киелі Рухқа кенелгені анық көрінген болатын, әйтпесе Шимон сиқыршы болған кісі, Құдай Рухының жұмысын көрмейтін де еді.

Үшінші күн

Тарс қаласындағы Саул есімді кісі

Саулдың Исаға бет бұрғаны Киелі Кітапта ең белгілі оқиға болып саналады. Мен осы кісінің Құдаймен айрықша кездескенінің көзге түспейтін бір нәрсеге көңіл бөлгім келеді. Елшілердің істерінің тоғызыншы тарауынан Саулдың Дамаск қаласындағы сенушілерді қудалауға бет алып жүргенін көреміз:

Осы ниетпен кетіп бара жатып, Дамаскіге жақындап қалғанда, оған көктен түскен жарық нұр кенеттен сәулесін төгіп жіберді. Саул жерге құлап түсіп, «Саул, Саул! Неге Мені қудалайсың? деген дауысты естіді. Саул: Сен кімсің, Ием?-деп сұрады. Ол – Мен сен қудалап жүрген Исамын! Саул дірілдеп, қорқып: Ием не істеуім керек? деп сұрады. Жаратқан Ие оған:- Орнынан тұр да, қалаға бар. Не істеуге тиіс екенің сол жерде айтылады –деді. (Елш. 9:3-6)

Паулдың Исаға «Ием» деп айтқанына назар аударыңыз. Иса Мәсіхті Иеміз дегенде, біз дереу рухани қайта туыламыз. Саулдың Исаны Ием деген кезеңінде, мен оның жоғарыдан туылған адам екеніне сенемін.

Саул Құдаймен ерекше кездескеннен кейін, үш күндік ораза ұстап, Құдайдан өзінің не істеу керектігін күтті. Тәңір Ие Анани есімді бір шәкіртке Саулға баруға бұйырды. Анани Саулдың сенушілерге не істегенін біліп тұрып, оған барғысы келмеді. Құдай оған: «Бар сонда! Ол менің атымды басқа ұлттарға, патшаларға және Исраил халқына жариялау үшін таңдап алған қызметшім» деді (Елш. 9:15). Анани Сауыл тұратын үйге келіп, Оның үстіне қолын қойып, былай деді: «Бауырым Саул, саған жолшыбай келе жатқанда аян берген Иеміз Исаның Өзі көзің қайтадан көрсін, сен Киелі Рухқа толсын деп мені жіберді» (Елш. 9:17). Анани Саулдың құтқарылғанын анық білді, себебі ол оған «бауырым Саул» деді. Саулдың өзі сенуші болса, Құдай Анани оның көзі көрсін, Киелі Рухқа кенелсін деп мінажат етуге жіберді.

Енді, біз Саулдың құтқарылғаннан кейін, Киелі Рухқа кенелгенін байқаймыз. Тоғызыншы тарауында Саулдың (кейін Пауыл деп аталған) бөтен тілдерде сөйлеп кеткенін көрмейміз. Бірақ, оның басқа тілдерде өзгелерден басқа көбірек сөйлегенін жақсы білеміз (Қор. 1 хат 14:18). Мен өзім, Анани оған мінажат еткен кезеңінде, Саул бөтен тілдерде сөйлей бастады деп ойлаймын. Паулдың өзі құтқарылған адам болса да, оған

басқа ұлттарға, патшаларға әрі Израил халқына Иса туралы уағыздауға Құдайдың құдіретіне кенелуі өте қажет еді (Елш. 9:15 аятқа қараңыз).

Петір және Корнел

Елшілердің істеріндегі оныншы тарауда біз Құдайдың мүлдем басқа істеген жұмысын көреміз. Бірінші аятта Корнел, римдік жұзбасы жайында айтылады. Киелі Кітап бізге Корнелдің Құдайды терең қастерлейтін, кәріп-қасерлеріне көп қайырымдылық жасап, ұдайы Құдайға сиынатын адам болғанын айтады. Сол заманда, Құдайдың Ізгі Хабары басқа ұлт адамдарына әлі жетпеген болатын, сол себептен Құдай Корнелге періштені жіберді. Алайда, періште Корнелге Ізгі Хабарды айтпай, оған Петірге баруға бұйрық берді. Корнел Петірді табу үшін періштенің айтқан жеріне екі ер адамды жіберді.

Петір Иоппия қаласында тұрғанда, бір ерекше күйге еніп, көктен аянды көрді. Жаратқан Ие оған «Менің тазалағанымды арам деп айтпа» дегенді осы аян арқылы маңызды шындықты жеткізді (Елш. 10:9-15 аяттарға қараңыз). Құдай Петірдің осы аянды түсінуге қиын болатынын біліп, оған соны үш рет көрсетті. Петір көрген аянның нені білдіретінін ойланып тұрғанда, Корнел жіберген екі адам оның үйіне жақындап қалды. Киелі Рух Петірге олармен бірге бару керек деп айтты. Яһуди халқы өздерінің басқа ұлттармен араласпағанына қарамастан, Құдай Петірге Корнелдің үйіне не үшін бару керектігінің себебін айтқан жоқ. Петір Корнелдің үйіне кіргенде былай деді:

Мен сықылды яһудиге басқа халықтың адамымен араласуға не үйіне кіруге дініміздің ережелері арқылы тыйым салынған, мұны білесіздер. Бірақ Құдай маған ешбір адамға «қасиетсіз яки арам» деп қарамауым керек екенін білдірді. Сондықтан мен шақыруларыңыздан бас тартпай, осы жерге келіп тұрмын. Ал енді мені не себептен шақырғандарыңызды білгім келеді. (Елш. 10:28-29)

Петір өзіне берген аяннан бастап, Құдайды терең қастерлейтін Корнелмен кездескеніне дейін әңгіме айтып, Ізгі Хабарды уағыздауға көшті. Кенеттен, Петірдің уағыз айтқан уақытының ортасында, Құдайдың Рухы араласып, басқа ұлт адамдары бөтен тілде сөйлей бастады. Петір бұрын ондайды көрмегендіктен, аң-таң болып қайран қалды.

Құдай Петірдің және оның сапарлас яһуди бауырластарының басқа ұлттарға құтқарылу жетететінін түсіну қиын болатынын жақсы білді. Сол себептен, Құдай Петірдің олармен бірге мінажат етіп, суға шомылдыру рәсімін өткізбей тұрғанда, Жаратқан Ие басқа ұлт адамдарының үстіне Өзінің Киелі Рухын төккен. Бұл басқа ұлттарға Құдайдың Ізгі Хабарының жеткені туралы нақты дәлел болды.

Петір мен бірге келген сенуші яһудилер Құдайдың басқа ұлт адамдарының да үстіне Өзінің Киелі Рухын құйып сыйлағандығына қатты таңғалды. Себебі олар солардың түрлі тілдерде сөйлеп, Құдайды мадақтап тұрғандарын естіді. Сонда Петір: -Мыналардың суға шомылдыру рәсімінен өтулеріне тыйым салуға бола ма? Олар да Киелі Рухты біз сияқты қабылдады ғой! деп жауап берді. Оларды Исаның атынан шомылдыру рәсімінен өткізуге бұйырды. (Елш. 10:45-48)

Яһуди сенушілер басқа ұлт адамдардың үстіне Киелі Рухтың қонып, олардың бөтен тілдерде сөйлегенін естіп көріп, бұған ешбір қарсы тұра алмады. Олар қатты таңқалды. Құдай әлгі адамдарды құтқарып ғана қоймай, олардың үстіне Киелі Рухын төккендіктен, яһуди сенушілер соларды суға шомылдыру рәсімінен өткізді. Тек осы мәтінде ғана Құдайдың Өзінің Киелі Рухын төккені мүлдем басқа еді. Бірақ көбінесе Киелі Рухтың қонғаны, адамдардың суға шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін ғана болды. Мен мұны басқа ұлт адамдарының табиғаттан тыс құтқарылуының белгісін яһудилердің көруі үшін, Жаратқан Иенің жасағанына сенемін.

Ефес қаласындағы тұрғындар

Киелі Рухтың қонғаны туралы төртінші куәлік Елшілердің істерінің он тоғызыншы тарауында жазылған. Пауыл елшілік сапаржасағанда, Ефес қаласына жетті. Ол қалаға кіргенде Жақия пайғамбардың шәкірттерімен кездесті. Пауылдың ең бірінші сұрағы осындай еді: «Сендер сенген кезде Киелі Рухты қабылдадыңдар ма?» (Елш. 19:2). Пауылдың бірінші сұрағы осы болғандай, біз де жаңадан тәубе еткен сенушілерге осындай сұрақ қоюымыз керек деп ойлаймын.

Алғашқы сенушілерге Киелі Рухқа кенелу неге өте маңызды нәрсе болды? (Елш. 1:8 аятқа қараңыз).

Өйткені, Құдайдың еркін орындау үшін, біз Киелі Рухтың құдіретіне кенелуіміз керек. Онда неге біз Киелі Рухтың құдіретіне бөленбей, Құдайдың еркін орындауға тырысып келеміз? Құдай Әкеміздің Патшалығында тиімді еңбек ету үшін біз Иса Мәсіхпен байланыстағы рухани жағдайды білуіміз керек, әрі Киелі Рухтың құдіретіне кенелуіміз керек.

Пауыл ефестіктердің Жақия пайғамбардың шәкірттері екендігіне қарамай, олардың Ізгі Хабарды естімегенін біліп, сол сәтте оларға уағыздады.

Мен жаңа ғана айтқанымдай, Иса Мәсіхпен байланыстағы рухани жағдайымызды түсінген кезде, Киелі Рухқа кенелуге есік ашылады. Корнелдің жағдайынан басқа, Киелі Рухтың құдіретін қабылдамастан бұрын, адам алдымен Исаны ашық мойындауға тиіс.

Сол себептен, Пауылдың сөздерін тындағаннан кейін, олар Иеміз Исаның атынан шомылдыру рәсімінен өтті (Елш. 19:5). Басқа сөзбен айтқанда, олар тек Иса Мәсіх арқылы ғана құтқарылды. Бірақ, осымен біткен жоқ, содан кейін «Пауыл елші үстеріне қолын қойғанда, оларға Киелі Рух қонды, содан бұлар бөтен тілдерде сөйлеп, Құдайдың хабарын жеткізе бастады» (Елш. 19:6).

Ефестіктер Исаның атынан суға шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін, үстеріне Киелі Рух қонды. Пауылмен кездеспес бұрын, олар Иса туралы аз ғана мәлімет білді. Ал Киелі Рухқа кенелгенде, сол сәтте пайғамбаршылық сөздерін жеткізе бастады, яғни олар Иса Мәсіхтің хабарын жариялай бастады. Жаңа сенушілерге бұрын пайғамбарлық сөздерін жеткізуді білмейтін, Киелі Рухтың осындай қабілеті берілген. Сенуші адам Киелі Рухты жақын білмесе, Құдайдың құпия-сырларын билікпен жеткізе алмайтын болады (Қор. 1 хат 2 тарауға қараңыз).

Менің Киелі Рухтың көмегімен ғана уағыздап жүргеніме Құдайға алғыс айтқым келеді. Мен өз қабілетіме сүйеніп, жақсы уағыз айта алмаймын. Өзімді жақсы жазушымын деп те айта алмаймын. Мен ағылшын тілінің сабағында нашар болғандықтан, емтиханнан қашып жүретінмін. Менің бағам әрең дегенде үшке дейін жететін. Құдайдың рақымы мен Киелі Рухтың құдіретінің арқасында қазір қандай болсам, сондай болғанымды өзімнен басқа ешкім білмейді. Киелі Рухтың күшіне ие болмай, мен осы кітапты жаза алмас едім. Ол маған қабілет пен күш-қуатын беріп келеді. Ол өмірімде болмаса, Құдайдың өзіме тапсырылған аманатын орындай алмас едім. Киелі Рух менің өмірімде Құдайдың рақымын анық көрсетіп келеді.

Төртінші күн

БӨТЕН ТІЛДЕР САРҚЫЛДЫ МА?

Сүйіспеншілік ешқашан сарқылмайды. Құдайдың хабарын жеткізу тоқталар, бөтен тілдерде сөйлеу сарқылар, білім дарыны да кейін доғарылар. Себебі біздің біліміміз жетіспейді, Құдайдың хабарын жеткізуіміз шектеулі. Алайда жетілгендік келген кезде, шектеулінің барлығы да бітеді (Қор. 1 хат 13:8-10).

Біз «Елшілердің істерінде» адамдардың Киелі Рухқа кенелгені туралы төрт куәлік оқыдық. Бәлкім сізде бір нақты сұрақ бар шығар. Мен көптеген адамдардың бөтен тілдер сарқылды дегенін жиі естіп келемін. Осы адамдар мына аятқа «жетілгендік келген кезде, шектеулінің барлығы да бітеді» деп сүйеніп айтады. Олардың түсінігінше, жетілгендік бұл Киелі Кітап екендігіне дәлел келтіреді. Сондықтан олар бөтен тілдер сарқылғанын айтады.

Пауылдың не білдірмекші болғанын түсіну үшін біздің оның айтқанын мұқият оқып, дұрыс талдауымыз керек. Егер біз осы мәтінді әріқарай оқысақ, онда осы түсінік дұрыс болмайды деген қорытындыға келеміз. Егер бөтен тілдер сарқылған болса, онда пайғамбаршылық сөздерді жеткізу әрі біліміміз доғарылып, сарқылуға да тиіс еді. Білім мен пайғамбаршылық сөздерді жеткізу сарқылды ма? Әрине, сарқылған емес. Онда Пауылдың «жетілгендік» дегені нені білдіреді? Біз он екінші аяттан мына жауапты табамыз:

Сол сияқты, біздің қазір көргеніміз айнадағы көмескі бейне іспетті. Ал болашақта бетпе-бет анық көреміз. Қазіргі білетінім тек қана шектеулі. Ал Құдайдың мені толық білетіні секілді бәрін толықтай білемін сол кезде. (Қор. 1 хат 13:12)

Пауыл осы аятта Исамен бетпе-бет кездесу туралы айтады. «Жетілгендік» деген осы сөзі Исаның толық салтанатында болуды білдіреді. Біз қазіргі уақытта, Исаны толық біліп, Онымен бетпе-бет кездесіп жүрміз бе? Біз Оның ұлы салтанатын толық көріп жүрміз бе? Біз жердегі өмір сүріп келе жатқанда, қазіргі Исамен бірге жүргеніміз айнадағы көмескі бейне іспетті. Бірақ, уақыт келгенде Исаның бізді толық білетіні секілді, Оны да толықтай білетін боламыз. Исамен бетпе-бет кездесіп жүргеніміз «жетілгендік» деп айтылады. Біз Онымен жұмақта бетпе-бет кездеспейінше, жердегі өміріміз бен рухани өсуіміз тоқталмайды.

БӨТЕН ТІЛДЕРДІҢ ТӨРТ ТҮРІ

Адамдардың өзіме тағы жиі қоятын бір сұрағы бар: «Онда, неге Қор.1 хат 12:30 аятта былай айтады: Бәрі бөтен тілдерде сөйлей ме? Бәрі бөтен тілдерде сөйлей алмайтынын айтпай ма?» Иә, дұрыс. Бірақ осы аятта Пауыл бөтен тілдерде сөйлейтінің біреуінің түрі жайында айтады. Барлық сенушілер осы бөтен тілдерде сөйлей алмайды. Біз осыны түсіну үшін Жаңа Өсиетте жазылған бөтен тілдердің төрт түрінің бар екенін қарауымыз керек.

Сізге оңай түсінікті болуы үшін мен бөтен тілдердің көпшілікке арналған бөтен тіл және жеке бөтен тілде сөйлеу деп анықтаманы бергім келеді. Бөтен тілдердің төрт түрі екі бөлікке бөлінеді. Бірінші бөлік- көпшілікке арналған бөтен тілдер. Көпшілікке дегенде, бір адамның Киелі Рухтың арқасында басқа біреуге немесе көпшілікке хабар жеткізу қызметін білдіремін. Ал тағы басқа екі бөтен тілдер бізге Құдайға сөйлеуге берілген. Осы екі түрі бізге Құдаймен тығыз байланыста болуға және де басқа адамдар үшін өтініш жасап, мінажат етуге көмектеседі. Енді әр түрлі бөтен тілдердің төрт түріне қарайық:

Бірінші: Сенбейтіндерге Құдайдың құдіретінің белгісі

Бірінші түрі - көпшілікке арналған бөтен тіл:

Сонымен, бөтен тілде сөйлеу сенушілерге емес, сенбейтіндерге Құдайдың құдіретін көрсетеді. (Қор. 1 хат 14:22)

Бұл Киелі Рухтың бізге ешқашан үйренбеген басқа елдің тілінде сөйлеуге табиғаттан тыс берген қабілеті. Алғашқы өнімнің мейрамында, осы бөтен тілдердің түрі көрсетілген.

Сол кезде Иерусалимде дүниенің төрт бұрышындағы әр елден келген. Құдайды қастерлейтін яһудилер

тұратын. Осы шу естілігенде көптеген халық сол жерге жиналып, аңтарылып тұрып қалды. Себебі олардың әрбіреуі тыңдағанда сенушілердің мұның өз тілінде сөйлесіп тұрғанын естіді. Халық қатты таңқалып: «Мына сөйлеп жатқандардың бәрі ғалилеялықтар емес пе?»-десті. Бұл қалайша болып тұр: біз әрқайсымыз бұлардың өз тілдерімізде сөйлегенін естіп тұрмыз?! Арамызда, парттар, мидиялықтар және еламдықтар бар, Месопотамия, Яһудея және Қападокияда, Понтус пен Азия, Фругия мен Памфулия аймақтарында, Мысырда және Либияның Күренеге жақын өлкелерінде тұратындар да бар; арамызда Римнен келген қонақтар-яһудилер және яһуди дініне кіргендер. Сондай-ақ, криттіктер мен арабтар да бар. Бірақ әрқайсымыз мына кісілердің Құдайдың ұлы істерін өз тілдерімізде жариялап жатқанын естіп тұрмыз. Бәрі аң-таң болып не істерін білмей, бір-бірінен: «Бұл нені білдіреді екен»-деп сұрасты. (Елш. 2:5-11)

Осы яһудилер елшілердің өз ана тілдерінде сөйлеп тұрғанын естіді. Ізгі Хабарды қабылдағандарға, Құдайдың ұлы істері туралы көпшіліктің ана тілдерде жариялауға Киелі Рух оқымаған, білімі жоқ ғалилеялықтарға қабілет берген. Киелі Рухтың құдіреті көрсетілгендіктен, көптеген адамдар Исаға бет бұрған.

Бірнеше жыл бұрын, мен Колорадо Спрингс қаласында бір қауымда уағыздадым. Қызмет болған уақытта, біздің қызметтесіміздің бірі соңғы қатарда отырды. Мен уағыздап тұрғанда, әлгі сенуші қарындасымыз, бөтен тілде ақырын сөйлеп отырды. Қызмет біткеннен кейін, оған қарама-қарсы отырған бір сенуші сол әйелге жақындап келіп: «сіз французша өте жақсы сөйлейді екенсіз. Сіз көне француз тілінің диалектінде сөйлеп отырдыңыз. Мен француз тілінің мұғалімімін, осындай әдемі французша сөйлеген адамды бірінші рет көріп тұрмын деп оны мақтады. Сонда әлгі қызметтес оған: «Мен французша білмеймін» деп жауап бергеннен кейін, сол кісі ауызын ашып, қатты таңқалды. Кейін ол былай деді: «Сіз жай ғана француз тілінде сөйлемей, Киелі Жазбаны французша дәйексөзбен

келтірдіңіз. Джон бауырымыз, тындап отырғандарға Киелі Кітаптағы аяттарды бірдей келтірді. Оны айтпастан бұрын, сіз соны ертерек айтып отырдыңыз».

Бұл Құдайдың мен арқылы осы кісіге Өзінің хабарын жеткізуге дәлел келтірудің белгісі болған. Осы бөтен тілдердің мақсаты, сенбейтін адамдардың көңілін аудартып, тәубеге шақыру болды.

Екінші: Мағынасын түсіндіруге болатын бөтен тілдер

Екінші бөтен тілдерде сөйлеудің түрі де көпшілікке арналған хабар жеткізу. Бұл тіл, сенбейтін адамдарға берілген белгі секілді, дүние жүзінде болмайтын, көктегі тіл. Бөтен тілді түсіндіруге Пауылдың рухани дарындардың бірі туралы жазған хатында кездеседі: «келесіге түрлі бөтен тілдерде сөйледі, ал басқаларға соларды түсіндіруді сыйлайды» (Қор. 1 хат 12:10). Адамзат осы тілдерде сөйлеспегендіктен, соларды талқылап түсіндіруге тиіс.

Бірнеше жыл бұрын, мен Сингапурда, бір қауымда, уағыз айтуға дайындалатынмын. Кенеттен, бір кісі тұрып, бөтен тілде сөйлей бастады. Мен оның сөйлеген тілі жердегі емес, көктегі болғанын бірден түсіндім. Бөлмеде отырған бәрі де, Құдайдың көрсетілген құдіретіне таңқалды. Әлгі кісі бөтен тілдерде сөйлеген соң, оның мағынасын түсіндіре бастады. Оның түсіндіргені Құдай менің жүрегіме салған уағызбен бірдей болған. Мен, тына қалып, Құдайға Оның мені қолдап, айтайын деп жатқан уағызымды дәлелдегеніне алғыс айттым. Бұл өзіме де менімен бірге болғандарға да Құдайдың құдіретінің белгісі болды.

Менің бөтен тілді аудару емес, соны түсіндіру деген сөзді келтіргеніме назар аударыңыз. Осы көктегі тіл (бұл Жаңа өсиетте бөтен тілдердің төртеуінің үшінші түрі болып табылады) біздің ақыл – ойымызға сыймайтын болғандықтан, соны аудару мүмкін еместігінен, талқыланып, түсіндірілуге тиісті. Кез келген осы

бөтен тілдердің түрін түсіндіру керек. Бұл тіл қауымды нығайту үшін берілгендіктен, соны түсіндірмей адамдардың рухани өсуіне пайдасын келтірмейді.

Пауылдың айтқаны: «Барлығы бөтен тілдерде сөйлей ме?» осы болған. Енді осы аяттың мән-мәтініне қарайық:

Құдай қауымда, кейбіреулерді, біріншіден, елшілер, екіншіден, Өзінің хабарын жеткізушілер, үшіншіден, тәлім берушілер етіп қойды; Ол сондай-ақ, керемет жасайтын құдірет, әрі ауруларды сауықтыратын, көмек көрсететін, ұйымдастырып басқаратын және түрлі бөтен тілдерде сөйлейтін дарындар да сыйлады. Бәрі бірдей елші, Құдайдың хабарын жеткізуші, тәлім беруші немесе керемет істер жасаушы ма? Барлығын ауруларды сауықтыратын дарыны бар ма? Бәрі де бөтен тілдерде сөйлеп, немесе айтылғандарды түсіндіріп жүр ме?. (Қор. 1 хат 12:28-30)

Пауыл Құдай қауымды нығайту үшін, әрі түрлі дарындарды бергенін айтады. Бәрі бірдей елші ме? Жоқ. Бәрі пайғамбарлар ма? Жоқ. Бәрі тәлім беруші ме? Жоқ. Дәл солай, бәрі бөтен тілдерде сөйлеп, немесе айтылғандарды түсіндіріп жүрме? Пауылдың айтатыны, қауымды нығайту үшін әрбіріміз Құдай берген дарындарын пайдалануымыз керек.

Бөтен тілдердің екі түрінің арасында айырмашылығы.

Пауыл осы хатта, бөтен тілдердің екі түрінің арасында айырмашылығы бар екендігін түсіндіреді.

Сонымен, бөтен тілде сөйлеу сенушілерге емес, сенбейтіндерге Құдайдың құдіретін көрсетеді. Мысалы, егер бүкіл қауым бас қосып, бәрі бөтен тілдерде сөйлегенде, мұны ұғынбайтындар немесе сенбейтіндер сол жерге кірсе, олар сендерді естері ауысыпты демей ме? (Қор. 1 хат 12:22-23).

Егер сіз бөтен тілдердің бірнеше түрі бар екенін білмесеңіз, Пауылдың өз жазған сөздеріне қарама-қайшы шығатыны деп ойланып қаларсыз. Біріншіден, ол: бөтен тілдер-сенбейтіндерге Құдайдың құдіретінің белгісі деп айтқан. Ал, келесі аятта ол былай деді: «бәрі бөтен тілдерде сөйлегенде, мұны ұғынбайтындар немесе сенбейтіндер естерің ауысыпты дейді». Бірақ, бөтен тілдердің төрт түрі бар екенін біліп алып, Пауылдың осы аятта төрт бөтен тілдің екі түрі жайында жазғанын түсінеміз.

Пауылдың айтқан бөтен тілдің бірінші түрі сенбейтіндерге арналған Құдайдың құдіретінің белгісі. Ал екінші түрі тек қауымның пайдасы үшін түсіндірілуге керек Құдайдың хабары, бұл сенбейтіндерге қағысты емес. Соған қоса, Пауылдың айтатыны, сенушілердің бәрі бөтен тілдерде сөйлеп, соның мағынасын түсіндермесе, сенбейтіндер естері ауысқан дейтін болады.

Сіз сенушілердің барлығының да, бір уақытта уағыз айтып, тәлім беріп пайғамбаршылық сөздерін жеткізіп тұрғанын көз алдыңызда елестетіп көріңізші. Мұның бәрі бір пайдасы болмайды. Сол себептен, Пауыл қауымға нұсқау беріп, бөтен тілдерде сөйлеудің жөнді болуы керектігін үйретеді. Әйтпесе, бөтен тілдермен сөйлеуден тәртіпсіздік орын алып, оның ешқандай пайдасы болмайды. Пауылдың жазған мақсаты, бөтен тілдермен сөйлеуді ретсіз тудырмай, қайта қауымның рухани нығаюына көмектесу.

Мен өзім бөтен тілде сендердең әрқайсыңнан да көбірек сөйлеймін, бұл үшін Құдайыма шүкірлік етемін. Алайда мен қауымының алдында бөтен тілде он мың сөз айтқанша, санаммен тәлім беретін бес сөз айтуды қалаймын. (Қор. 1 хат 14:18-19)

Сонымен, егер көпшілікке арналған бөтен тілдерде сөйлеу мүмкіншілігі болса, онда оның мағынасын түсіндіру қажет. Олай болмаса, көпшілікке түсінікті тілмен сөйлеу керек.

Бесінші күн**Үшінші: Жеке мінажат етуге арналған бөтен тіл**

Егер Оған бөтен тілде сиынсам, онда рухым сиынғанымен, ақыл-санам бұған қатыса алмайды. Сонда не істеуіміз керек? Мен рухыммен де, санаммен де мадақтау жырларын айтамын. (Қор. 1 хат 14:14-15)

Көпшілікке арналған алғашқы бөтен тілдердің екі түрінің Құдайдан хабар жеткізу үшін берілгенін түсіндік. Сенбейтіндерге арналған бөтен тілдер Құдайдың құдіретінің белгісін көрсететеді, ал сенушілерге арналған бөтен тілдер Оның хабарын жеткізу үшін беріледі. Ал осы аятта, Пауыл жеке сиыну үшін бөтен тіл жайында айтады. Ол көпшілікке қызмет ету емес, адамның жеке мінажат ету туралы түсіндіреді. Пауыл біздің санамызбен немес рухымызбен яғни көктегі тілімен сиынып, Құдайды мадақтай алатынымызды жазады.

Қор. 1 хат 14:2 аятта біз осыны оқимыз: «Бөтен тілде сөйлейтін кісі адамдарға емес, Құдайға арнап сөйлеп, ешкім оны түсінбейді». Біз осы бөтен тілдің түрінің сенбейтіндер үшін Құдайдың құдіретінің белгісі еместігін байқаймыз, себебі Алғашқы өнім мейрамы болған кезде, Исаның шәкірттері адамдарға арнап шетел тілдерінде сөйлеп, Құдайды мадақтаған. Бұл жерде Пауылдың түсіндіруді қажет ететін бөтен тілдер жайында айтып тұрған жоқ, өйткені Киелі Рухтың дарыны, көктегі тіл- сенушілерге арналып, түсіндірілуге тиісті. Пауыл Құдайға арнап, өз рухымен бөтен тілде сөйлейтін адам туралы айтады.

Бөтен тілдерде сөйлеп, мінажат етудің бұл Құдай мен Оған сиынатын адамның арасындағы қарым-қатынасқа қатысы бар болады. Оның мақсаты, сенуші адамның сенімі нығайып, мықты қылу. «Ал сендер, қымбатты бауырластарым, өздерің сенетін Тәңір Иенің қасиетті мен пәк таза ілімінің негізінде рухани өсіп толысуға ұмтылыңдар; Киелі Рухтың жетелеуімен

(яғни рухымен) сиыныңдар» (Яһуданың хаты 20 -21). Яһуданың біз рухымызбен сиынғанда, өзімізді рухани нығайтып келетініміздің айтқанына назар аударыңыз; ал сенушілерге арнап бөтен тілдерде сойлеп, соны түсіндіретін болсақ, қауымды рухани нығайтып келеміз (Қор. 1 хат 14:5 аятқа қараңыз). Құдай екеуінің де болғанын қалайды.

Көптеген сенушілер: Киелі Рухқа кенеліп, бөтен тілдерде сөйлемеу мүмкін бе деген сұрақты қояды. Иә, сенуші адамның Киелі Рухқа кенеліп, бөтен тілдерде сөйлемеуі мүмкін деп ойлаймын. Бірақ, соған қосып, мынаны айтқым келеді: егер де сенуші адам Киелі Рухқа кенелсе, оның бөтен тілдерде сөйлеу қабілеті болады. Бірақ көптеген сенушілердің бөтен тілдерде сөйлей алмағанының себебі, олардың мұны сеніммен қабылдамай жүргені. Кез келген Жаратқан Иенің беретін дарыны не болмаса уәделерін сеніммен қабылдап, соларды иемдену үшін әрекет жасауы керек.

Былай елестетіп көріңіз. Екі кісі өзеннің суына түсті дейік. Біріншісі, қозғалмай тұрады да, өзеннің ағымы сол кісіні айналып ағады. Екіншісі бойын еркін ұстап, өзеннің ағымына беріледі. Екеуі де, қозғалмай тұрған да, өзеннің ағымына берілген де суда тұрады екен. Бірақ тек екіншісі ғана өзеннің ағына беріліп, соның жетелуінде жүзеді екен. Бөтен тілдерде сөйлеп, сиынатын адам өзеннің ағынына берілген адамға ұқсайды. Ал бөтен тілдерде сөйлемейтін адам судың ішіне кіріп, қозғалмай тұрған адамға ұқсайды. (Егер сіз Киелі Рухтың ағынына берілем десеңіз, біз мұны қалай істеуіңізге болатыны туралы келесі тарауда көрсетеміз).

Иса Мәсіхтің өлімнен тірілгенінің арқасында Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста тұра алатынымыз, Жаратушының берген игіліктерінің бірі болып табылады. Бірақ, Онымен қарым-қатынас жасауда, толық жарылқауды алуымыз үшін уақыт керек. Өкінішке орай, көп сенушілер құтқарылудың игіліктерінің біріне ие бола алмай, рухани өмірді рахаттанып сүре алмайды. Құдайдың барлық игіліктерін иемдену өте маңызды. Исаның

құрбандығының арқасында қандай игіліктердің бізге берілгенін білу, рухани өмірімізге жақсы жеміс береді. Киелі Рух бізге Құдайдың еркін орындауға күш-қуат сыйлап, Өз құдіретіне толтыратынын түсіндік. Егер біз Киелі Рухтың арқасында берілген дарындарын ұмытып, соларды пайдаланбай тастасақ, онда біз Құдаймен терең қатынаста тұра алмай, Оның құдіретіне ие бола алмаймыз.

Төртінші: «Басқа адамдар үшін өтініш жасап, сиынуға арналған бөтен тілдер»

Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды. Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінімізді Оған жеткізеді. Ал Тәңір Ие адам жүрегінің түкпір-түкпіріндегіні біледі. Киелі Рух Құдайдың адамдары үшін Оның еркіне сай өтініш жасағанда Құдай Киелі Рухтың ниетін түгелдей біледі. (Рим. 8:26-27)

Пауыл осы аяттан : «Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды» деп бастайды. Ол қандай әлсіздік туралы айтады? сұрақтың жауабы осы болады: «Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те». Біздің осы дүниеде не болып жатқаны жөнінде де білетін біліміміз шектеулі. Сол себептен, кейде не үшін сиыну керектігін де білмей қаламыз. Бірақ, егер біз бәрін білетін Киелі Рухқа сүйеніп, Рухта мінажат етіп, өтініш жасасақ, Ол біз арқылы Жаратқан Иенің еркіне сай сыйнады.

Мен колледжде оқып жүрген кезде, жігіттер мен жас студент қыздарға Киелі Кітапты оқып беріп, оны зерттеу үшін қызмет жасап, кейін олардың көпшілігін Исаға әкелдім. Осы қызметке шамалап алғанда алпыс шақты адам қатысқан болатын, олардың арасында Құдайға сенбейтін адамдар және әр түрлі қауымдардан келген адамдар бар болатын. Бір жас қыз бөтен тілдер сарқылған деп деп айтушы еді. Менің бөтен

тілдер жайында берген сабағымды тыңдағаннан кейін, әлгі қыз солардын бар екенін түсінді. Сол кеште-ақ ол Киелі Рухқа кенелеліп, бөтен тілдерде сөйлей бастады.

Келесі күні мен ешқашан бұрын сондай ерте тұрмаған уақытта, сағат таңғы алты жарымда телефонының қоңырауын естіп, оянып кеттім. Маған қоңырау шалып, кездесуге шақырған жаңағы Киелі Рухқа кенелген қыз болған. Сонымен, төсегімнен тұрып, далаға шығып, кездесетін жерге бардым.

Ұйқым ашылмағандықтан, оның бұзылғанына ашуланып тұрдым. Бірақ, әлгі қыз мээ болып тұрды. Мен оған не болып кетті? деп наразылық білдірдім.

Ол маған: «Құдай мені таңғы сағат бесте оятып алды. Өзімнің бөтен тілдерде мінажат етуге жүрегімде түрткі қалау пайда болып, сиына бастадым. Басқа адам үшін өтініш жасап сиынып тұрғанымды түсіндім. Өзімнің неге осындай күшті мінажат етіп отырғанымды Құдайдан сұрай бастадым. Тәңір Ие маған: Сен жасы үлкен адамның өмірі үшін сиынып отырсың деді. Сол, мен осы кісі үшін сиына бердім. Содан кейін, сағат таңғы алтыда менің құрбы қызым маған қоңырау шалып, оның атасының жүрегіннің инфарктіге шалдығып, оны жедел жәрдеммен ауруханаға апара жатқаны жөнінде хабар жеткізді. Сөйтіп, дәрігерлер оның атасын өлімнен құтқарды» деп әңгіме айтты.

Ол әңгімесін жалғастырып: «Киелі Рух маған сөйлеп, былай деді: сен мына кісі үшін сиындың» деді. Бұл басқа адамдар үшін өтініш жасаудың керемет мысалы екен. Оның әлгі жасы үлкен адамның өлім ауызында жатқанын білмесе де, Киелі Рух соны білді. Егер осы қыз түсінікпен ғана мінажат еткен болса, онда ешқашан осы қиын жағдайға ұшыраған адам үшін өтініш жасап, мінажат ете алмайтын еді.

Менің анам Флорида штатында тұрады, оның өмірінде қазір не болып жатқанын білмеймін. Калифорнияда тұратын әпкемнің өмірінде де не болып жатқанынан да хабар жоқ. Бірақ, Киелі Рух екеуінің өміріндегі жағдайларын біліп, мен арқылы Құдайдың

еркіне сай олар үшін өтініш жасай алады екен. Киелі Рух бәрін біліп, барлық нәрсе Оған айқын. Киелі Рухтың біз арқылы мінажат ете алатынын біле тұрып, мол тыныштыққа кенелетін боламыз!

ЖЕКЕ МІНАЖАТ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН БӨТЕН ТІЛДЕРДІҢ АНЫҚТАМА

Бөтен тілдердің екі түрінің ерекшелігі бар екендігін түсіну өте қажет. Мен соларды «жеке сиынуға бөтен тілдер» деп аттадым. Сенушілердің бәрін бірге жиналып, бірге Рухта мінажат ететін кездері болады. Осы кездерде сенушілердің бәрі бөтен тілдерде мінажат етулері жөн. Сондай-ақ, сенушілердің бәрі бөтен тілдерде мінажат етуден тартыну кездері де болады. Пауыл былай деп жазады:

Мысалы, егер бүкіл қауым бас қосып, бәрі бөтен тілдерде сөйлегенде, мұны ұғынбайтындар немесе сенбейтіндер сол жерге кірсе, олар сендерді естері ауысыпты демей ме? (Қор. 1 хат 14:23)

Бұл жерде адамдардың екі тобының бар екені айтылады. Бірінші тобы сенбейтін адамдар. Бұлар Исаны қабылдамағандар, Оған сенбегендер. Екінші тобы-ұғынбайтындар, яғни түсінбейтіндер. Бұл Исаны қабылдаған адамдар бірақ Киелі Рухтың тілі жайында тәлім алмағандар. Екі топқа да жататын адамдар сенушілердің бәрі бірге бөтен тілдерде сөйлеп тұрғанынан ыңғайсыздықты сезінетін болады. Олар біздің естеріміз ауысты деп ойлайтын болады.

Мен, бір не екі рет, қауымның жексенбі күні жиналып, жетекшілердің қолдауында болып, сенушілердің бәрінің бірге бөтен тілдерде сөйлеп тұрғанының куәгері болдым. Өзім де осындай мінажатағы адамдарды жетеледім. Осы жексенбілік жиналыстарында сенбейтіндер және түсінбейтін адамдар болып, бізді есімізден ауысқан деп ойлаған шығар деп ойлаймын. Мен осы қауымдарда сенбейтін немесе түсінбейтін адамдар қалмағанынын байқадым. Бұның бәрін Қор. 1 хат 14:23

аятта бөтен тілдерде сөйлеу жайында жазылған нұсқауына көңіл бөлмегенінің нәтижесі еді. Егер қауымдар бөтен тілдерде солай мінажат ете берсе, онда сенбейтіндер немесе түсінбейтіндердің қауымнан кететіні сөзсіз.

Бірақ, сенушілердің бәрі мінажат қызметіне бірге жиналатын да кездері бар. Соған барлық сенетін және түсінетін адамдар жиналады. Бөтен тілдерде мінажат ету немесе басқа адамдар үшін рухта өтініш жасауға бірге жиналғаны өте жақсы екен!

Пауыл сенушілердің бәрінің бірге жиналып, бөтен тілдерде сөйлеп, мінажат етуге болмайтынын жазған жоқ. Оның бізге Киелі Рухтың дарындарын даналықпен пайдалануымыз керектігін жазды.

ҚҰДАЙДЫҢ ҚАЛАУЫ

Сонымен, бауырластар, Құдайдың пайғамбаршылық сөзін жеткізуге талпынындар, әрі бөтен тілдерде сөйлеуге тиым салмаңдар. Тек бәрінде әдеп пен тәртіп сақталсын. (Қор. 1 хат 14:39-40)

Пауыл сенушілердің қауымы бөтен тілдің ерекше дарының жөнді түрде пайдала алмайтынын білді. Ол бізге нұсқау беріп былай деген сияқты: «Бөтен тілдерде керек жерде және жөнде түрде пайдаланындар, ал кейбір адамдар мұны дұрыс қолданбағандықтан, бөтен тілдерде сөйлеуге тиым салмаңдар». Өкінішке орай, көптеген сенушілер Киелі Рухтың дарындарына немқұрайды қарап, соларды жөндеп пайдалана алмай жүр. Бұл қасіретті оқиға екен, өйткені Киелі Рух сенушілердің қауымын Өз құдіретіне толтыруға жіберілген. Құдай қауымды Өзінің еркін жүзеге асыруға таңдап алған. Егер біз Иса Мәсіхпен байланыстағы рухани жағдайымыздың бізде қандай құдіреті бар екенін ұға алмайтын болсақ, онда біз өз билігі мен күшінен бас тартқан патшаға ұқсайтын боламыз.

Қанша сенушілер бөтен тілдердің сарқылғанын ойлап, Құдайдың құдіретінен құр алақан қалған? Құдайдың қалауы:

«Мен сендердің бәрінің бөтен де тілдерде сөйлегендерінді қалар едім!» деп осы (Қор. 1 хат 14:5) Кейбір адамдар: «Бұл Құдайдың Өзі емес, Пауылдың жазғаны ғой!» деп келіспейді. Киелі Жазбалардың бәрі Құдайдың Рухымен жазылған, сондықтан осы аяттың да шындық екенін сөз жоқ (Тим. 2 хат 3:16).

Бөтен тілде сөйлеудің Құдаймен терең қатынастың жасаудың бірі әрі Киелі Рухтың құдіретіне толудың құралы екендігін ешқашан ұмытпаңыз. Пауылдың қалағанындай, менің де өзіңіз Киелі Рухтың құдіретінде күнде жүріп, Онымен терең қатынаста тұрсаңыз екен, Құдайдан сізге тілейтінім осы.

КИЕЛІ РУХ ӘРЕКЕТ ТУДЫРАДЫ

Құдай Өзіннің құдіретін көрсетіп, түрлі таңғаларлық кереметтер мен ғажайып істер жасау арқылы және Киелі Рухтың өз еркіне сай әркімге үлестіріп берген түрлі рухани дарындары арқылы да осы Ізгі Хабарды растады.

–Евр. 2:4

Киелі Рух Өзінің құдіретін әр түрлі ғажайып жолдарымен көрсетеді. Киелі Жазбада Киелі Рух көгершін, жалын от, жел және шараптың бейнелерінде көрсетіледі. Оның осындай бейнелерінде көрсетілгенін түсініп, бізге Киелі Рухтың мінезін әрі біздің өмірімізде және біз арқылы қалай жұмысын атқаратынын түсінуге көмектеседі.

Киелі Рух көгершін секілді. Барлық жазылған төрт Ізгі Хабар Киелі Рух Исаға көгершін бейнесінде қонғанын растайды. Көгершіннің өзі нәзік, сезімтал әрі жасық болғандықтан оны қорқытып жіберу өте оңай. Ол тек қауіпсіз, тыныштығы бар жерге қонады. Екі көгершін қосылғанда, өмір бойы бірге болып, ұшып жүреді. Осы шындық сізге Киелі Рухты одан жақсы түсінуге және Онымен терең қатынаста тұруға қалай көмектеседі?

Магтай 3:16-17; Марка 1:9-11; Лұқа 3:21-22; Жохан 1:32-33 аяттарға қараңыз

Киелі Рух жалындаған от секілді. Ол Мұса пайғамбарға от болып, жалындап тұрған бұтаның бейнесінде және Исраил халқына бұлттың жалындаған оты бар бағанасы тәрізді көрсетілді. Алғашқы өнім мейрамы кезінде, Киелі Рух адамдардың үстеріне «жалындай жалаңдаған тілдерде көрініп,

бөлініп-бөлініп әрқайсысының үстіне бір-бірден қонды» (Елш. 2:3). Киелі Рух Иса дүниеге әкелген от іспетті болғандықтан, біз Оның жұмысын тежемеуіміз керек. Оттың функциясы жайында ойланып көріңіз; от тазартады, жарық береді, жылытады, отты пайдаланып тамақ пісіреміз. Осы шындық сізге Киелі Рухтың от туралы түсінуге қалай көмектеседі? От не нәрсе жағады? Қай нәрсе оны лаулатып жалындатады?

Елш.2:3-4; Лұқа 12:49; Сал.1 хат 5:19-21; Матт. 3:11-12; Лұқа 3:16-17; Иер. 20:9; 23:29; Евр. 12:29 аяттарға қараңыз

Киелі Рух жел секілді. Алғашқы өнім мейрамы келгенде, Киелі Рух оттың бейнесінде ғана емес, сондай-ақ желдің бейнесінде де көрсетілді. Самал желдің қатты дауылға айналып кетуі мүмкін. Желдің не істейтінін ойланып көріңізші. Киелі Рухтың самал желі сіздің өміріңізде қандай әрекет жасауға жандандырады? Қандай әрекет тудырады?

Жохан 3:5-8 аяттарға қараңыз

Киелі Рух ішетін шарап секілді. Алғашқы өнім мейрамы келгенде, елшілер Құдайдың жасаған кереметтері үшін басқа тілдерде мадақтап тұрған. Олардың бөтен тілдердің сөйлеуінің күшті болғаны сонша, кейбір адамдар олардың шарап ішіп, мас болып кеткенін ойлады. Бірақ, Петір мұны Киелі Рухтың жасаған әрекеті болғанын айтты. Сіз тынышталып, сол жайында ойланып көріңіз. Адам шарап ішкен соң ,оның көңіліне қалай әсер етеді? Киелі Рухтың «жаңа шарабын ішу» сіздің рухыңызға қандай әсер етеді?

Елш. 2:13-18; Лұқа 5:37-38; (және Марка 2:22; Мат. 9:17;) Еф.5:18-19; Естер 1:10; Иер. 31:11-13 аяттарға қараңыз

«Киелі Рух көкке сыя алмағанмен, Оған мойынсұнатын қызметшісіне келіп, жүрегінен орын алғаны екен. Біз Оның Киелі үйіміз. Оның бізге әсер етуі Құдайды мадақтауға себебін тигізеді. Егер Ол жел болса, біз желдің дыбысы боламыз, егер Ол ол таңғы шық болса, онда біз хош иісті гүл боламыз, егер Ол от болса, онда біз лаулаған жалын боламыз. Ол не істейін десе, біз Оның даусын естіп, айтқанын орындаймыз».

—Чарльз Сперджен

БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗГЕ КИЕЛІ РУХТЫҢ ҚАТЫСАТЫНЫ АНЫҚ КӨРІНЕДІ.

*Ол өз Рухының өмірлерінде бар екенін әрқайсыңа бәрінің
игілігі үшін көрсетеді.*

–Қор. 1 хат 12:7

Киелі Рухтың адамның өміріне қатысқаны анық көрінеді. Барлық қиыншылықтар шешіледі. Соқырлардың көздері көріп, саңырау адамдар еститін болады. Ақсақ адам бұғыдай секіріп, сөйлей алмаған мылқау қуана айқайлайды. Қорқыныш жоқ болып, орнына үміт пайда болады. Біз Киелі Рухпен терең қатынаста тұрғандықтан, өміріміздің барлық салаларында Құдайдың кереметтері көрінетін болады.

«Елшілердің істеріне» қарайтын болсақ, адамдар Киелі Рухтың істегендерін өз көзімен көріп, құлақтарымен естіген. Өз өміріңізге қараңыз. Сіздің өміріңізде Киелі Рухтың істеген жұмысын қайсысы есіңізде бар? Киелі Рухтың өміріңізде нақты түрде жасаған әрекеттері әрі өзіңізді қалай өзгерткенін жазып алыңыз.

Менің өмірімде _____

_____ есімде бар.

Менің өмірімде _____

_____ есімде бар.

Менің өмірімде _____

есімде бар.

Асықпай жазыңыз. Құдайдың мейірімділігі жайында ойланыңыз. Киелі Рухтың сізге адал болғанына қарап, Оған жаңа жігерлендіруіне жол беріңіз!

«Ием, Сенің істеріңді еске аламын, ежелгі кереметтеріңді ойға аламын, бар іс-әрекеттерің жайлы ойланамын, ұлы істерің жсөнінде толғанамын. Жолдарың Сенің, уа, Құдай, қасиетті, Өзіңе тәңір бар ма құдіретті? Сен кереметтерді жасайтын Құдайсың, халықтарға күш-қуатыңды көрсеттің».

–Забур 76:12-15

Киелі Рух сізге көмектесіп келе жатыр және де тағы да көмектесетін болады. Сіз Оның қандай көмегіне мұқтажсыз? Оған келіп, көмегін сұраңыз. Оның сіздің өміріңізде әрі сіздің жақындарыңызда бар екенін, Өз құдіретін көрсетуін сұраңыз. Бір сәтке тынышта қалып, Оның сізге не айтатынын жазып алыңыз.

Үндемей отырып, Құдайға мадақ айтыңыз. Алғыс білдіретін, Оны мадақтайтын мінажатын жазып алыңыз. Өйткені Ол мадақтауға лайықты!

КИЕЛІ РУХҚА КЕНЕЛУ БҰЛ ӨМІРІМІЗДЕГІ ҮЗДІКСІЗ ҮДЕРІСІ

*Арақ-шарап ішіп, мас болмаңдар, бұл жүгенсіздікке
апарады!Қайта, Киелі Рухқа кенеле беріңдер!*

–Еф. 5:18

Құдай Пауыл арқылы Киелі Рухқа кенелу өте маңызды деп айтады. Грекше «кенелу» деген сөз «плероо» деген. Оның мағынасы адамның «жанын толық кенелтіріп, сіңіп кету». Осы етістіктің ырықсыз, бұйрық және осы шақ етістері болуды түсіну өте маңызды. Ырықсыз етіс сіз оған орай әрекет жасауыңыз керектігін мағына білдіреді. Бұйрық етісі ұсынысты емес, бұйрық беру деген мағынаны білдіреді. Осы шақтың етісі әрекет жасай беруді білдіреді.

Басқа Киелі Кітаптың аудармасында: «Арақ шарап ішіп, мас болмаңдар, бұл жүгенсіздікке апарады! Қайта, Киелі Рухқа кенеле беріп, Оның қолдауымен жүріндер!» дейді. Киелі Рух бұл өміріміздегі үздіксіз үдеріс болып, бізді Исаға ұқсатып, Құдайдың еркін көкте болғандай, осы жерде орындауға күш-қуат береді.

Смит Вигльзворд Ізгі Хабар жариялаушы былай дейді:

«Мен Киелі Рухқа кенелуімді еш нәрсемен салыстыра алмаймын. Киелі Рухқа шомылу бұл рухани молшылық сонымен бірге Құдайдың бұйрығы болып табылады. Оған кенеле бергеніңіздің нәтижесінде сіз таңертен, түсте және кеште де бөтен тілдерде сөйлейтін боласыз. Сіз Киелі Рухта өмір сүргенде, шайтан сізден қорқып, аяғыңыз басқан жерден қашып кетеді. Сіз шайтанның үстінен жеңіп шығатын боласыз.

Рухта өмір сүрген сайын, сіздің істеп жүргеніңіз де, айттып жүргеніңіз де, ішіп-жегеніңіз де, жүріс-тұрысыңыз арқылы да Құдайдың Өзі мадақталады. Біздің жари

ялап жүргеніміз осы: Киелі Рухқа кенеле беріндер! Бұл өзіңізге арналған Құдайдың еркі. Аспаның жерден қаншама жоғары болғанындай, рухани өміріңіз осы дүниедегі өмірден соншама жоғары болады. Киелі Рухқа өзіңізді құдіретімен толтыруға жол беріңіз».

Алғашқы өнім мейрамы келгенде, Петір, Жохан және басқа шәкірттердің бәрі Киелі Рухқа кенелген. Біраздан кейін олар, қысқа мінажат еткеннен кейін тағы да Киелі Рухтың құдіретіне кенеліп кетті. Елш. 4:23-31 аяттарды мұқият оқып алыңыз. Осы мәтінді оқығаннан кейін Киелі Рухқа кенеле беру керектігін түсінуге қалай көмектесті?

Құдай Пауыл арқылы «Киелі Рухтың дарынына немқұрайды қарамай», қайта «оны көбірек ынтамен қолдан» дейді (Тим. 1 хат 4:14, Тим 2 хат 1:6). Басқа сөзбен айтқанда, Киелі Рухпен кенеле беріндер. Еф. 5:18-19; 6:18 және Яһуда 20 аяттарды оқыңыз. Киелі Рух сізге Оның отынды қалай лаулата беруге болатыны жөнінде айтады.

Құдай сізге көмектесу үшін, мынаны істеуіңіз керек: күнделікті өміріңізді Құдайдың ретіне келтіріп, істеп жүргеніңізді де, айтып жүргеніңізді де, ішіп-жегеніңізді де, жүріс-тұрысыңызды да Құдайға сый-тарту ретінде ұсынып, бағыштаңыз. Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпеңдер, қайта ой-тілектерің Құдайдың жанартуымен түбегейлі өзгерсін. Осылай сендер Оның еркін-ненін игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білетін боласыңдар.

–Рим. 12:1-2

ОЛ СІЗГЕ ӨЗІНІҢ МАҚСАТЫНА ЖЕТУ ҮШІН ДАРЫНДАРДЫ СЫЙЛАДЫ.

Бұлардың бәрін де дәл сол Киелі Рух істейді. Ол дарындарды Өзіннің қалауынша әркімге жекелеп үлестіріп береді.

–Қор.1 хат 12:11

Киелі Рух Исаның бастаған қызметін жалғастыру үшін, бізге ерекше дарындарын үлестіріп берді. Дарындар әртүрлі болғанымен бұлардың бәрінде дәл сол Киелі Рух жұмыс істейді. Ол дарындарды Өзіннің қалауынша әркімге жекелеп үлестіріп береді. (Қор. 1 хат 12:11)

Ал қазір осы дарындар бар ма? Біз Исаның жасаған кереметтерін жасауымыз керек пе? Әрине, жасауымыз керек. Бүкіл Африкада миллиондарды Исаға әкелген Рейнхард Бонке есімді, Ізгі хабар жариялаушы былай дейді:

«Мен Құдайдың Өз адамдарының арасында кереметтер жасағысы келетініне кәміл сенемін. Исаның осы жерде жүргенде, жасаған кереметтерін біз де істей алатынымызға да, сондай-ақ, істеуіміз керектігіне сенемін. Иса өз шәкірттеріне былай деді: Мен жасаған кереметтер сияқты Маған да сенуші істейді, тіпті одан да зорларын істейді. Себебі, Мен Әкеме барамын».

Рим. 12:3-8 аяттарды оқып, жазылған дарындарын атап шығыңыз. Олардың бәріне қандай сипаттама бересіз?

Енді, Қор. 1 хат 12:4-11 оқып, тоғыз дарындарының мақсаты мен функцияларына қарап, анықтаңыз. Солардың бәріне қандай сипаттама бересіз?

Рухани дарындар туралы екі мәтінге қарап шығыңыз. Солардың дарындарының бірі сізде бар ма екен? Егер бар болса, қайсысы екенін жазыңыз.

Егер сіздің қандай дарын бар екенін нақты білмейтін болсаңыз, Киелі Рухтан сізге соны көрсетуін сұраңыз.

Сіздің адамдарға және Киелі Рухтың дарындарына деген көзқарасыңыз өте маңызды. Құдай бізге былай дейді: «Иса Мәсіхтің мінез-құлқы сендердікі болсын» (Філ. 2:5). Рейнхард осы ақиқатты растап, былай дейді:

«Құдайға қызмет етіп, жетістікке жету бізге байланысты емес екен. Оған сүйеніп жүргенімізге ғана байлынысты. Менің өз күшіме сүйенбей, Құдайдың дауысын басқа даустардан ажыратып біле алатынымның арқасында ғана, Құдай өзім арқылы кереметерін жасай алатынын түсінікке келдім. Мен басқа Құдайдың қызметшілерінен өзімді жоғары қоймауым керек».

Қор. 1 хат 12:12-26 және Рим. 12:3-5 аяттарды мұқият оқыңыз. Киелі Рух сіздің адамдарға деген көзқарасыңыздың қандай екенін көрсетіп жатыр? Сіздің және басқа адамдардың дарындарының бәрі маңызды екенін түсінесіз бе? Егер сіз өзіңіздің дарындарыңызға немқұрайды қарап жүретін болсаңыз, онда Мәсіхтің денесіне ол қандай пайда әкеледі?

Тақырыпты әрі қарай оқып, жалғастыру үшін мына қосымша аяттарды оқыңыз:

Дұрыс көз-қарасқа ие болу: Філ. 2:1-8; Қор. 2 хат 8:9; Маттай 23:11-12

Киелі Рух адамдарды айрықша қызмет етуге адамдарды тағайындау:

Қор. 1 хат 12:28-31; Еф. 4:11-14

КИЕЛІ РУХҚА ӨЗІҢІЗ АРҚЫЛЫ ҚҰДАЙДЫҢ ЕРКІНЕ САЙ МІНАЖАТ ЕТУГЕ ЖОЛ БЕРІҢІЗ

Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды. Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінімізді Оған жеткізеді. Ал Тәңір Ие адам жүрегінің түкпір-түкпіріндегіні біледі. Киелі Рух Құдайдың адамдары үшін Оның еркіне сай өтініш жасағанда Құдай Киелі Рухтың ниетін түгелдей біледі.

-Рим. 8:26-27

Сіз қиындықтарға тап болып, солардан шаршап, қажып қалғаныңыз соншама, не үшін сиыну керектігін білмейтін кездеріңіз болды ма? Сіз осындай жағдайға ұшыраған жалғыз ғана адам емес едіңіз. Құдайдың мыңдаған адамдары мұны өз бастарынан өткізген. Қиын-қыстау кездерінде, Құдай сіздің Одан кетіп қалмай, қайта, Өзіне бет бұрғаныңызды қалайды. Ол сіздің Өзінен алшақтатпай, жүрегіңіз ашық болып, келуіңізді қалайды. Сіз Құдайға не айтарым, қалай мінажат етем деп білмесеңіз де, Киелі Рух бәрін біледі екен.

Киелі Рух сіздің жүрегіңізден орын алып, мекендегенін ақыл-санаңызбен емес, жүрегіңізбен түсіну өте маңызды. Мына аяттарды оқып, ойлануға уақыт бөліңіз. Киелі Рух сізге қандай рухани түсінік берді?

Ғал. 4:6; Рим. 8:16; Қор.1 хат 6:19; Жохан 14:23; Жохан 1 хат 3:24; 4:12-13 аяттарды оқып, ойланыңыз. Киелі Рухтың сізге түсінік беруін сұраңыз.

Құдай сіздің «Киелі Рух арқылы әрдайым Құдайға сиынып, барлық өтініштеріңізді айтып, сергек те шыдамды болуыңызды қалайды» Еф. 6:18 Исаның атына бола азап шегіп, түрмеде көп жылдар өткізген Уочман Ни есімді Құдайдың қызметші былай деген:

«Құдіретті Киелі Рух үшін Құдайға шексіз алғысымды білдіремін. Біздің рухымызда мекендеген, жүрегімізді өзгертіп келе жатқан, әлсіреген кездерде қолдаған Киелі Рухқа сүйенуіміз керек. Біз Құдайдан не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, біздің рухымызда тұрған Киелі Рух бізді Құдайдың еркіне сай мінажат етуге үйретеді».

Сіз өзіңіз үшін, басқа адамдар үшін, немесе қиын жағдайдың шешілуі үшін Құдайға қалай сиыну керек екенін барлық уақытта білесіз бе? Біз мінажат еткенде, Құдайға деген көзқарасыңыз қандай болу керек?

Нақыл сөз 3:5-8; Лұқа 18:9-14; Жақып 4:6-10 аяттарға қараңыз

Сіз Құдайдың еркін бұлжытпай орындағыңыз келе ме? Киелі Рух сіз арқылы айқайлап, күрсініп, ыңқылдап, бөтен тілдерде сөйлеп, мінажат етуге көмектеседі. «Ал Тәңір Ие адам жүрегінің түкпір-түкпіріндегіні біледі. Киелі Рух Құдайдың адамдары үшін Оның еркіне сай өтініш жасағанда Құдай Киелі Рухтың ниетін түгелдей біледі.» (Рим. 8:27). Осы аяттарды мұқият оқып алыңыз. Киелі Рух сізге солар арқылы не сөйлейді?

«Бөтен тілде сөйлетін кісі адамдарға емес, Құдайға арнап сөйлеп, ешкім оны түсінбейді... Кім бөтен тілде сөйлесе, өз сенімін нығайтады... Егер Оған бөтен тілде сиынсам, онда рухым сиынғанымен, ақыл-санам бұған қатыса алмайды. Сонда не істеуіміз керек? Мен рухыммен де, санаммен де мадақтау жырларын айтамын». (Қор. 1 хат 12:2,4,14-15)

Сіз Киелі Рухқа беріліп, Оған толық бағышталғанда, Ол сізді және өзіңіздің мұқтаждықтарыңызды Құдай Әкенің алдына әкеліп тұрады. Киелі Рух Құдайдың ой-ниетін және Оның еркісін түгелін біледі. Ол сіздің жүрегіңізді өзіңізден гөрі жақсы білгендіктен, Құдай алдында барып, сіз үшін өтініш жасайды. Сонымен, сіз Киелі Рух өзіңіз арқылы мінажат ететінін бірден түсінетін боласыз.

–Кэтрин Кульман

Егер сіз «Мессенджер сериес» пен бірге осы кітапты оқып жатқан болсаңыз онда төртінші бейне сабақты көріп алыңыз.

- 1 | Біз құтқарылғаннан кейін, Киелі Рухтың жүрегімізге кіріп, орын алғанын мен Киелі Рухқа кенелуіміздің арасында үлкен айырмашылық бар екенін түсіну өте маңызды. Осы екі ғажайып Құдайдың жұмысына қандай сипаттама бересіз?
- 2 | Иса Өз шәкірттеріне Киелі Рухтың құдіретін қабылдамағанша, неге ешқандай қызмет етпеуге бұйырды? (Елш. 1:4-5). Біз Исаның айтқанынан не нәрсені үйренеміз? Осы шындықты өмірімізде қалай пайдалана аламыз?
- 3 | Кез келген сенуші Киелі Рухқа кенелген кезде, бөтен тілдерде сөйлей бастайды. Бұл біз үшін түсінуге мүмкін емес тіл. Сіз өзіңізді аса діншіл яһуди болып, Алғашқы өнім мейрамын қарсы алу үшін Иерусалим қаласына барғаныңызды көз алдында елестетіп көріңіз. Өз ана тіліңізде Иса Мәсіх арқылы ғана құтқарылу жолы жайында сенушілердің сізге айтып тұрғанына қалай қарар едіңіз?
- 4 | Сенушілердің Киелі Рухқа кенелуінің екі айқын дәлелдемесі көзге түседі. Осы екеуін атап шығыңыз. Құдайдың Корнелдің үй-ішін мүлдем басқа жолмен құтқарып, оларды Киелі Рухқа кенелдірудегі мақсаты қандай еді? Құдайға деген діншіл көзқарасынан арылып, Оның кім екенін дұрыс түсіне алғаныңыз жайында бөлісіп айтыңыз.

5 | Егер Құдайдың пайғамбаршылық сөзін жеткізу және бөтен тілдерде сөйлеу дарындары барлық адамдарға арналған болса, онда Пауыл барлық адамдардың бөтен тілдерде сөйлей алмайтынын және солардың барлығының да сарқылатынын жөнінде не демекші болды? (Қор.1 хат 12:27-30; Қор.1 хат 13:8-12 аяттарға қараңыз)

6 | Киелі Кітап бөтен тілдердің төрт түрі бар екенін растайды. Төмендегі аяттарын оқып, олардың төрт түрінің әрқайсын атап шығыңыз. Құдайдың сенушілердің қауымына Киелі Рухтың әр түрлі бөтен тілдердің дарындарын бергенінің мақсаты қандай еді?

Қор. 1 хат 14:22

Қор. 1 хат 12:10

Қор. 1 хат 14:14-15

Рим. 8:26-28

Осы бөтен тілдердің түрлерін түсіну неге өте маңызды болып табылады?

7 | Сенуші адам Киелі Рухқа кенеліп, бөтен тілдерде сөйлемейі мүмкін бе?

Мүмкін болғанын не болмағанын да түсіндіріп беріңіз. Соның болғанын немесе болмаған себебін айтып береңіз.

ТАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

- Құдай Патшалығын кеңейту үшін Киелі Рухтың құдіретіне толуы өте қажет.
- Киелі Рухқа кенелу құтқарылудан мүлдем басқа нәрсе.
- Құтқарылу- бізге Иса Мәсіх арқылы бізді Құдай Патшалығына еңгізеді. Ал Киелі Рухқа кенелу-бізге Исаға ұқсап, рухани өмір сүру құдіретін сыйлайды.
- Біз Исамен бетпе-бет кездеспейінше, бөтен тілдер ешқашан сарқылмайды.
- Бөтен тілдердің төрт түрі бар. Бұлар: сенбеушілерге Құдайдың құдіретінің белгісі, түсіндіруге қажет өзге тілдер, жеке мінажат ету бөтен тілдер, және басқа адамдар үшін өтініш жасап, сиыну бөтен тілдер. Бөтен тілдердің алғашқы екі түрі көпшілікке арналған, қызмет көрсету үшін берілген, ал басқа екі түрі жеке мінажат ету және басқа адамдар үшін сиынып, мінажат етуге берілген.

КИЕЛІ РУХТЫҢ СӨЙЛЕГЕН ТІЛІ

Егер сіз бөтен тілдерде Құдайды мадақтайтын болсаңыз, Құдай ғана сізді түсінеді....сіз осы тілдерде сөйлеп, Құдай мен өзіңіздің арасында сырластық қарым- қатынасты жасайсыз.

–Қор.1 хат 14:2

Маған Құдаймен қатынаста тұру жайында осы Киелі Кітаптың аудармасы қатты ұнайды. Осы бөтен тілдерде сөйлеу арқылы Құдай мен сіздің араңыздағы терең қатынасты жетілдіресіз.

Біз өткен тарауда, бөтен тілдердің төрт түрінің бар екендігіне көзіміз жетті. Бұлар: сенбейтіндерге Құдайдың құдіретінің белгісі, түсіндіруге қажет бөтен тілдер, жеке мінажат етуге арналған бөтен тілдер және басқа адамдар өтініш жасап, бөтен тілдерде сиыну. Алғашқысы, бөтен тілдердің екі түрі де көпшілікке ақызмет ету үшін, ал келесісі, басқа екі бөтен тіл жеке мінажат ету үшін берілген. Осы тарауда, біз Киелі Рухпен жеке қатынаста тұрудың бөтен тілдерде сөйлеу және түсінікпен мінажат ету жайында терең талқылаймыз. Мұның екеуі де Киелі Рухтың сөйлеген тіл деп аталады.

Мен сізге бір маңызды шындықты түсіндіргім келеді. Мен «жеке мінажат ету» деп айтқанда, бұның адамның тек жалғыз болып, мінажат ететінін есіңізге салғым келмеді. Қайта, Киелі Кітап «сенбейтіндер» немесе «ұғынбайтандар» деген адамдарға сезімтал болып, бөтен тілдерде даналықпен сөйлеуге де болады. Сонымен бірге, адамның жалғыз болып, немесе бөтен тілдер жайында «түсінетіндердің» алдында сол тілдерде мінажат етуге болады. Бұл жұрттың алдында өзімнің отбасыммен оңаша, ашық

түрде сөйлей алмай тұрғаным секілді, өйткені, адамдардың бәрін менің отбасыма айтып тұрғанымды бәрібір түсінбейді де, олардың түсінуінің де қажеті жоқ (Қор.1 хат 14:22-25).

Пауылдың Қор.1 хат 14:2 аятта бөтен тілдер туралы «жеке мінажат ететін бөтен тіл» ретінде айтады. Өкінішке орай, сенушілердің көпшілігі бөтен тілдерде жеке мінажат етудің не екенін дұрыс түсінбей, немесе соларды қабылдамай жүреді. Себебі, бөтен тілдерде сөйлеу арқылы Құдаймен сырлас қатынасты жасаудың өз уақытында және өз орнында болу керектігін түсінген де жоқ.

Мысалы, екі жастың бірге оңаша болып, сырластық қарым-қатынас жасауы керек уақытта және керек жерде болуға тиісті. Оларға үйленбей жүріп, сырластық қарым- қатынасты жасауға бола ма? Жоқ, әрине болмайды! Сырластық қарым- қатынас елдің көзінше жасауға бола ма? Құдай сақтасын! Әрине болмайды. Жаратқан Иенің рұқсат еткенің, жөнімен және керек жерде жасау керек болса да, басқа жерде адамдардың алдында бұл күнә болып табылады. Құдай ерлі-зайыптылардың арасындағы сырластық қарым-қатынасты жасауға тек, екі жастың біріне-бірі адал болуға ант беріп, неке қиюдан кейін ғана рұқсат етеді. Дәл солай, кейбір бөтен тілдер тек Құдаймен сырластық қарым-қатынасты жасауға ғана берілген. Екі жастың арасында сырластық қарым-қатынас болғанындай, Құдаймен осындай қатынас тек керек уақытында және қажетті жерде болуға тиісті. Осы дүниедегі адамдар Құдайдың берген сырластық қарым-қатынастың не екенін бұзып, оны бұрмалап тастағанының себебінің салдарынан, сенушілердің бәрі одан бас тартулары керек пе? Әрине, олай етпеулері керек. Дәл солай, біз де Құдайдың берген бөтен тілдерде сөйлеу дарындарынан бас тартпауымыз керек.

Мен қауымдарда сенушілердің бөтен тілдерді дұрыс пайдаланбағанын немесе теріс мақсатта пайдаланғанын жақсы білемін. Алайда, кейбіреулердің осылай істегеніне бола, біздің бөтен тілдерден бас тартпай, қауымдарда соларды

калай пайдалану керектігі жөнінде тәлім беруіміз керек. Сол себептен, мен осы тарауда көктегі тіл жайында түсіндіріп, соның мақсатының және маңыздылығының қандай зор екені туралы сізбен бөліскім келеді. Киелі Рух шындықты білдіретін Рух екені есіңізде болсын. Сіз Құдай Сөзінің даналығына мойынсұнғанда, Киелі Рух сізге бар шындықты ашып береді. Сіз тынышталып, «Құдай мені үйретші»-деп Оны көмекке шақырыңыз. Тәңірден Оның Сөзіне сәйкес келмейтін барлық ой-ниеттеріңізден азат етуін сұраңыз. Егер сіз өзіңіздің шектеулі ақыл-санаңызға сүйеніп, Құдайдың ұлы құдіретін шектеп жүретін болсаңыз, онда Құдайдың толық игіліктерін өміріңізде көре алмайсыз.

ПРЕЗИДЕНТ ӘРІ ПАТША

Мен Американың Құрамы Штаты мемлекетінің азаматы болып, егер Президентпен бірге дастарқанға шақырылу құрметіне ие болсам, өзіме сый-құрмет көрсетілген адамдай сезінемін. Біздің президентіміз дүние жүзінде ең абыройлы, әсерлі адам болып саналады. Оның әр мемлекеттің саласында қызмет еткен уәкілі болғанда, президент мемлекеттің әрбір экономикалық, қаржылық, ішкі және сыртқы саяси жағдайының бәрін біледі. Президенттің білімі менің білімімнен әлдеқайда жоғары ғой! Ол бас қолбасшы болып, ал мен жай қарапайым азаматпын. Сондықтан, мемлекетіміздің жағдайы туралы хабар жеткізгенде, елбасымыз соны маған түсінікті түрде, қарапайым тілмен айтып түсіндіруі керек. Егер олай етпесе, онда мен оның айтқанын түсінбей, оған қатысты бола алмаймын, себебі адамдардың арасындағы қатынас болу үшін бір-бірін біріктіретін нәрсенің болуы тиісті.

Дәл солай, мен Көктегі Әкемен сөйлескенде, Оның тілінде сөйлеуім керек. АҚШтың президенті мемлекеттің жағдайы жайында көп білетін болса да, Құдай барлығын одан да көп біледі екен. Одан еш нәрсе жасырылмаған. Мен Жаратқан

Иеге түсінікпен мінажат еткенде, көзімнің көріп, құлағымның еститініне бола шектеулімін. Құдай Әке өз балаларымен осындай шектеулі қарым-қатынаста тұруына бола қанағатта алмайды. Сол себептен, Ол бізді Өзінің деңгейінде яғни, Өзінің тілінде сөйлеуге қабілетті етті. Ол мұны Өзінің Киелі Рухы арқылы істеді. Құдай бізге: «Мен балаларымның Өз даналығымның, білімімнің әрі түсінігімнің деңгейінде қатынас жасауларын қалаймын. Оларға менімен терең қатынаста тұруға қабілет беремін. Балалырыма көмекшіні, яғни Киелі Рухымды жіберемін» дегендей болды. Біз Киелі Рухтың көмегімен Жаратқан Иемізбен терең, сырластық қарым-қатынаста тұра алады екенбіз.

Құдайдың еркі мен Оның жолдары біздің ойымыздан мүлде жоғары болғандықтан, соларды біліп алып түсіну үшін біз санамызбен емес, рухымызбен мінажат етуіміз керек. Біз рухымызбен сиынғанда, Құдайдың кемелді еркіне сай сиынамыз.

РУХАНИ СОҒЫС ЖҮРГІЗУ ТІЛІ

Біз адам баласына қарсы емес, қазіргі қара түнектің әкімдері мен күштілеріне әрі дүниені билеп-тостеушілеріне: көзге көрінбейтін дүниедегі зұлым рухтарға қарсы күресудеміз. (Еф. 6:12)

Біз кейде шайтанның бүкіл адамзатқа қарсы шығып соғысып жүргенін ұмытып қаламыз. Оның мақсаты, бізді өміріміздің Бұлағынан, Жаратқан Иемізден тартып алып, алшақтату болды. Бірақ, Тәңір Иеміз шайтанның зымиян ниеттерін жақсы біледі. Құдай ерекше дана бола тұра, шайтанның жоспарын жою үшін, бізге құпиялы қару-жарақ берді. Пауыл Қор. I хат 2:7-8 аяттарда былай дейді: «Керісінше, жариялап жүргеніміз- Құдайдың құпия даналығы, бұл адамзаттың көзінен таса болып келді. Ал Құдай оны біздің ұлылыққа ие болуымыз үшін әлемді жаратпастан бұрын-ақ белгілеп қойған болатын. Бұны осы

дүниелік билеушілердің біреуі де ұққан емес, ұққан болса, олар Ұлылықты Иесін айқышқа шегелеп өлтіртпес еді» Пауыл: айқыштағы құдіреті елдің көзінен тасаланып, ал Исаның өлімнен қайта тірілгеннен кейін айқын көрінгенін жазған. Исаның құрбандығы арқылы бізге Құдаймен тығыз қарым-қатынаста тұрудың жолы ашылды, сондай-ақ шайтанның көне зымиян жоспарын жойылды.

Айқыш ағашқа қатысты Жаратқан Иенің жоспары осы әлемдегі билеушілердің көзіне тас болып қалатындықтан, жалғыз ғана құпия болып табылмайды. Киелі Рухтың арқасында ғана Құдайдың таса болған бізге ашылатын құпиялары көп. Сенушілер бола тұра бізге, Киелі Рухпен терең қатынаста тұрып, осы құпиялардың мағынасын түсінуге жол ашылды. Мен өткенде айтқандай, Құдай бізді бостан босқа құтқарған жоқ. Бізді көп уақыттан бері қинап, азаптаған шайтанның үстінен билік пен құдірет сыйлап, Иса Мәсіхпен байланыстырып, Көктегі Әкенің оң жағына отырғызды. Енді біз Құдайдың Патшалығында еншілес әрі рухани жауынгер болып, Мәсіхтің аманатын орындауға таңдап алынған адамдармыз. Құдай Өзінің Патшалығының пайдасы үшін рухани соғысып жатқан қызметшілерге, Оған рухани тілдерде сөйлеуге ерекше құпия құрал берді.

Соғыс кездерінде, әскері қолбасшылары, аса маңызды мәліметті жеткізу үшін және жаулары әдейі адастыру үшін, бір-біріне сөйлеуге басқа тілді дамытатын. Олар күрделі сөйлетін кодтарды дамытып, жақсы қорғалған радиожиліліктерді пайдаланатын. Неге олар солай істейтін? Өмірдің қауыпсыздығын сақтау үшін әрі әскері тапсырмасын орындап, жеңіске жету үшін жасырындылығын сақтау аса маңызды. Егер жауы солардың жоспарын біліп алса, онда ол білдіртпей, шабуыл жасап, жеңе алатынын сөзсіз. Құдайдың балалары бола тұра, біз Киелі Рух арқылы «көктегі радио толқындарды» пайдаланып, Құдайдың жасырылған құпия стратегиясын шайтанға білдіртпей түсіне аламыз.

Киелі Рух арқылы әрдайым Құдайға сиынып,
Құдайдың бүкіл халқы үшін мінажат ете беріңдер.
(Еф. 6:18)

Сол себептен, Құдай бізге мінажат етуге бұйрық берді. Біздің осы жерде Оның жауынгері болғандықтан қара түнектегі күштеріне қарсы шығып, соғысуымыз керек. Оның ең күшті қару-жарағының бірі- Рухта мінажат ету. Сондай мінажат етумен Құдайдың мақсаты мен жоспары әрі Оның стратегиялары шайтанға беймәлім болып қалады.

Мысал келтірейін: егер Құдай анасының жүрегіне өз баласы үшін өтініш жасап, мінажат етуге түрті-қалау салатын болса, оның баласына не болып жатқанын білмей тұрса да, Киелі Рухтың жетелуімен мінажат ете алады. Сол ана рухани әлемге бұйрық беріп, өз баласының өмірінде Құдайдың кемелді еркі орындалсын деп бөтен тілдерде мінажат етеді. Өйткені, Киелі Кітапта бізге былай айтылған: «Соғысар алдында кеңес құр» (Нақыл сөз 20:18).

Көктегі тіліміз санамызға түсініксіз болып келеді және бұл уақытқа әрі кеңістігіне байланысты емес. Біз бөтен тілдерде мінажат еткенде, өз санамызға емес, Құдайдың шексіз ерекше даналығына сүйеніп келеміз. Сол себептен, Пауыл «мен сендердің бәріңнің бөтен тілдерде сөйлегендеріңді қалаймын» деді.

Біздің көктегі тіліміз Құдай және біздің арамыздағы рухани қатынасымыздың бірі болғандықтан, шайтан оны не ұқпайды да, не түсінбейді. Сондықтан, бөтен тілдерде мінажат ету бұл шайтанның істеріне қарсы шығып, оның жоспарлаған мақсаттарын талқандауға өте тиімді рухани қару-жарақ болып табылады.

«естерінде болсын: Мен сендерге жыландар мен шаяндардың таптап басып, жаудың барлық женетін күшін женетін билік бердім». (Лұқа 10:19)

Бізге сенушілер бола тұра, осы жерде Құдайдың Патшалығын орнату үшін Оның құдіреті берілген (Мат. 11:12). Қауым-Мәсіхтің

рухани денесі болып табылады. Біз өткен тараулардан Исаның Өзінің Жерде емес екендігін түсіндік. Біз Құдай Патшалығының өкілдері мен жауынгерлеріміз болып, күнәнің құлдығында жүрген адамдарға азаттық әкеліп, құтқаруға әрі олардың өмірлерін жақсы қалпына келтіруге шақырылғанбыз. Бірақ, осы күнәнің кесірінен жойылып бара жатқан адамзатты Киелі Рухтың құдіретінсіз, Мәсіхтің рухани денесі болып, құтқара алмаймыз. Шайтан мен оның жын-перілері пенделерден емес, қайта Иса Мәсіхпен байланыстағы әрі Киелі Рухтың құдіретіне кенелген Құдайдың рухани ұл-қыздарынан қатты қорқады.

Екінші күн

СЫРЛАСТЫҚ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ТІЛ

Біз жұбайым екеуіміз көп уақытта бірге өмір сүріп, арамыздағы ешкім түсінбейтін тілді дамытып, бір-бірімізбен осы тілде сөйлейміз. Егер мен «СВОІ» десем, ол не екенін бірден түсінеді. Біз үйленген кезде, барлық қызметтер «аутрич» деп аталған. Сонымен, Лиза екеуіміз істейтін бір әрекеттімізді «каддл банни аутрич интернейшенал» деп атадық. Сонда мен оған қарап, «СВОІ» дегенде, екеуіміз бір-бірімізді құшақтап, сүйісеміз. Бірақ, басқа адамдар бізге қарап олар не деп отыр деп түсінбейді. Бұл оларға бір түрлі болса да, бізге түсінікті сырластық қарым-қатынасымыздың тілі болды. Бұл арамыздағы сырластық қарым-қатынасымыздың дамытылған тілдерінің біреуінің мысалы.

Біз көктегі бөтен тілдерде мінажат еткенде, сол мінажат бізге Құдаймен сырласып сөйлесуге көмектеседі. Біреу: «бірақ, егер мен не үшін мінажат етіп тұрғанымды білмеймін ғой. Киелі Кітап бізге: «Егер Оған бөтен тілде сиынсам, онда рухым сиынғанмен, ақыл-санам бұған қатыса алмайды» демей ме?» деп келіспеуі мүмкін (Қор. 1 хат 14:14). Иә, өте дұрыс. Сол

себептен он үшінші аятта былай жазылған: «Сол себепті бөтен тілде сөйлейтін адам соны түсіндіретін дарынды да Құдайдан сұрасын».

Мен Көктегі Әкеме бөтен тілде сөйлесем немесе мінажат етсем де, Құдайдан соны түсіндіретін дарын сұраймын. Сонда не болатынын білесіз бе? Менің рухымда Құдайдан келген түсінік, ой немесе пікірлер пайда болады. Мен солардың шынымен Жаратушыдан келгенін білемін. Теңіздің тұңғығындағы көпіршіктің су бетіне қалқып шыққанындай, Құдайдың маға берген түсінігі, менің рухымның түкпірінде де солай пайда болады.

Сізге бір мысал келтірейін, мен Киелі Кітапты қолыма алып, оны оқығанымды түсінбегенде, Киелі Рухтың ашып көрсетуін сұраймын. Содан соң мен бөтен тілдерде мінажат ете бастаймын. Құдайдың рухани түсінігі бірден келмеуі мүмкін. Әдетте, мен бір нәрсені істеп жүргенде, мысалы, машинаны айдап отырғанда, демалғанда, шомылғанда, немесе гольф ойынын ойнаған кезде, Құдайдың рухани түсінігі рухыма күтпеген кезде келеді. Бұл рухани түсініктер- Киелі Рухтың сырластық қарым-қатынасының нәтижесі. Құдай кіші-пейілді адамдарға ғана Өзінің құпия-сырларын ашады. Біз Оған мойынсұнып, Киелі Рухтың жетелеуінде жүргіміз келген кезде, Онымен терең қатынаста тұрғанда, Одан рухани түсініктерді қабылдай аламыз.

Киелі Рухпен терең қатынаста тұру арқылы біз Құдайдың құдіретін қабылдаймыз. Пауыл Киелі Рухтан қабылдаған сөздерін жазып жіберді:

Бірақ Ол маған былай деді: Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске асады. (Қор. 2 хат 12:9)

Құдайдың рақымы яғни құдіреті тек Өзіне мойынсұнғандарға, (өз күшіне сүйенбей жүргендерге) төгеді. Сіз Құдайдың

даналығына мұқтаж болып, Оған өзіңізді бағыштаған кезде, Оның шексіз құдіретінің әрекеттерін өміріңізде көретін боласыз. Бұл да Киелі Рухпен сырластық қарым-қатынасының нәтижесі. Біздің батыстағы адамдар тез болатын қорытындыға назар аударады. Егер біз күш салып, істеп жүргеніміздің немесе үлес қосқанымыздың нәтижесін бірден көрмесек, онда біз оймызды өзгертіп, бастаған ісімізді аяғына дейін жеткізуге бас тартамыз. Бірақ, мен сіздің осы шындықты жақсы түсінгеніңізді қалаймын; біз Киелі Рухта мінажат еткенде, өзіміздің болашағымызға Құдайдың ақ батасының төгілуіне жол ашамыз. Кейде, рухани түсініктің «су бетіне қалқып шығуы» үшін уақыт керек. Біздің санамыздың түсінігі шектеулі болғандықтан, Киелі Рухта мінажат ету үшін сенімнің болуы қажет. Бөтен тілде мінажат ету, біздің сенімімізді нығайтып, адамның көзінен таса болған Құдайдың даналығын түсіне білуге қабілетті етеді.

АҚЫЛ-САНАМЕН МІНАЖАТ ЕТУ

Осы тараудың маңызды тақырыбы, Рухта мінажат ету болған; алайда, санамен дұға ету де тиімді әрі маңызды. Пауыл біздің екі түрі мінажат етуіміз керек екендігін жазды:

Сонда не істеуіміз керек? Мен рухыммен де, санаммен де Құдайға сиынамын, рухыммен де, санаммен де мадақтау жырларын айтамын. (Қор. 1 хат 14:15)

Мен санаммен дұға еткенде, өзімді рухани нығайтамын. Бұл маған үлкен жігер беріп, көңілімді көтереді. Бұл мені жақын адамдар үшін; Лиза, балаларым, достарым, қызметтестерім жәнғе тағы басқа адамдар үшін мінажат ету арқылы рухани байланыстырады. Дәл солай, мен Құдайға санаммен дұға етіп, Оның ұлылығы туралы жария еткенде, Оған шексіз алғысымды білдіріп, істеген істері үшін мадақ айтамын.

Киелі Рухтың жетелеуінде санаммен дұға ететін кездері де болады. Бұл, негізі, тағы бір Рухта мінажат етудің басқа түрі.

Бірақ көбінесе, біріншіден, мен Рухта мінажат етемін, сосын Құдай маған мінажат етуімнің түсінікті мағынасын ашып береді. Менің бөтен тілдерде сөйлеп тұрғанымның мағынасы, ауызымнан өзен ағылып жатқандай шығады.

Мен бөтен тілдерде мінажат етудің маңызы зор екендігі жайында жазғанда, санамен мінажат етудің маңызын төмендетіп жатқан жоқпын. Қайта, мінажат ететін өмірімізде екеуінің де, рухымен де санамен де мінажат етудің өте маңызды екендігіне көзіңізді жеткізгім келеді. Осы мінажат етудің екеуіде рухани өмірімізде маңызды және өте тиімді.

ӨМІРІМІЗДІҢ ҚАЙНАР-КӨЗІ

«Адамның рухы-Жаратқаның шырағы, жүрек түкпірлерін зерттейті ол қырағы» (Нақыл сөз 20:27). Құдай Рухының кереметтері, біздің санамызға емес, рухымызға айқын ашылады. Сол себептен, біз бөтен тілдерде мінажат еткенде, Құдайдан соны түсіндіретін дарынды бізге беретініне сенуіміз керек. Киелі Рухтың рухани мағынасы рухымызға ашылып, содан кейін санамызда түсінікті болады.

Нақыл сөз 20:5 аяттан оқитынымыз: «Адамның ой-ниеті(ақыл-кеңесі, даңалығы, бағыты, мақсаты) тұңғыық судай болар, ақылды адам олардан сарқып алар». Исаның айқыш ағаштағы құдіретінің арқасында бізге жаңа жүрек берілді (Езек.36:26). Енді біз жүрегімізден Киелі Рухтың ашып берген ақыл-кеңесін сарқып ала аламыз. Өйткені, Киелі Рух кеңесші деп аталған. Иса осы шындықты мына сөздермен растайды:

Кімнің жаны шөлдесе, сол Маған келіп ішсін. Киелі Жазбаларда бұл туралы мына тәрізді сөздер айтылған: оның жүрегінен өмір беретін «су» тасқындап ағады» деді. Иса бұларды Киелі Рух туралы айтты; Оны Исаға сенетіндер кейінірек қабылдады. Құдайдың Исаның ұлылығын адамдарға әлі білдірмегендіктен,

Өзінің Киелі Рухын сенушілерге әлі қондырмаған еді.
(Жохан 7:38-39)

Осы аят Ишая пайғамбардың аятын есімізге түсіреді:

Құтқарылудың қайнар көздерінен су ала бересіңдер
қуанышпен. (Ишая 12:4)

Жохан бізге Исаның өмір беретін судың жүрегімізден тасқындап ағатынын Киелі Рухтың Өзі білдірген деп нақты түрде айтты. Неге Иса Киелі Рухты суға байланыстырды? Себебі, су бұл өмір, су болмаса, осы дүниеде бар тіршілік сусыз өліп қалады. Иса Киелі Рухты сумен салыстырғанда, Киелі Рухтың Өзі біздің өмірімізге өте қажет екенін білдірмекші болды.

Құдай: «Осылай Менің халқым шынайы білмегендіктен құриды» деді (Ошия 4:6). Құдай қандай білім жайында айтады? Құдай Өзінің жолдары мен мақсаттарын білу жайында айтады. Менің сізге айтатын жақсы хабарым бар; Құдай Өзінің жүрегін танып білуіміз арқылы, рухани өмірді толығымен сүру үшін бізге Киелі Рухты жіберді. Құдайдың Өзі кім екенін түсінбей, Оған қызмет ету мүмкін емес. Дәл солай, егер менің қызметтестерім менің қандай екенімді білмейтін болса, онда бірге жұмыс істей алмайтын боламыз. Киелі Рух бізге, Киелі Кітап оқып, мінажат еткен кезде Құдайдың жүрегін ашып береді. Осыны істеп жатқанда, қуанышты өмір сүре аламыз. Неем. 8:10 аятта: «Себебі Жаратқан Иеге деген қуаныштарың қуш-қуат беріп, паналарың болады» деп жазылған. Басқаша сөзбен айтқанда, біз Оған бола қуанып жүрсек (яғни Оның Рухының жаңа күшіне ие болсақ), барлық алдымыздағы қиыншылықтарды жеңіп шешуге қуш-қуатқа бөленеміз. Мен сіз туралы білмеймін, бірақ өзім Киелі Рухтың беретін қуанышы болмаса, тіпті бір күн де өмір сүргім келмейді.

ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰПИЯ-СЫРЛАРЫ

Нақыл сөздерден және Жохан жазған Ізгі Хабардан жүрегімізден өмір беретін су тасқындап ағатынына Құдайдың құпия-сырлары әрі Оның адам көзінен таса болған даналығы жататынын түсінеміз. Біз осы рухани түсініктер мен құпия-сырларын Киелі Рухтың білдіретінін білеміз. Енді, Пауылдың басқа аятта не айтылғанына қарайық: «Керісінше, жариялап жүргеніміз –Құдайдың құпия даңалығы» (Қор. 1 хат 2:7).

Грек тілінде «құпия» деген сөзді мистикалық немесе бір мағыналы емес дегенді білдірмейді. Оның мағынасы «жасырылған немесе толық ашылмағаны» дегенді білдіреді.

Мынаны елестетіп көріңіз; сіз өте қымбат мейманханада отыр екенсіз. Аспаз сізге жақындап келіп, өзіңізге қандай кулинарлық тағамның көбірек ұнайтынын анықтап біліп алады және ол сіздің талғамыңызға қарай тамақты пісіреді. Тағам дайындалған кезде, даяшы соны әкеліп, сіздің алдыңызға қояды. Осы мейманхана лайықты болғандықтан, тағамның үстіне ақ матаны жауып әкеледі және соны алып тастағанша тамақ осы қалпында тұрады. Сіз сол тағамның қандай екенін аңғарып отырсаңыз да, соны толық білмей, бұл сізге құпия болып қалады. Уақыт келгенде, даяшы тағамның үстіне жабылған матаны алып тастайды. Енді, сіз аспаздың сіздің қалауыңызға сай қандай тамақ пісіргенін көресіз. Жабылған матаны алып тастаудың алдында, тағамның болмағанын білдірмейді, қайта, тағамның қандай екенін білер алдында, соның болған екенін түсінесіз. Даяшы сізге кешкі тағамның қандай екенін құпиясын ашып берді. Аспаз сіздің тапсырыс берген тағамыңыздың қандай екенін әрқашан білді, бірақ жабылған матаны алып тастамағанша ол сізге беймәлім болды.

Құдайдың Киелі Рухтың арқасында Өзінің құпия жоспарларын үстінде «жабылған матаны» алып тастайды. Киелі Рухпен әріптес болғанда біз енді: «жариялап жүргеніміз-Құдайдың құпия даналығы... Киелі Рухты қабылдап, Соның

көмегімен Құдайдың бізге сыйлаған игіліктерін біле аламыз солар туралы біз адамзаттың даңалығынан емес, Киелі Рухтан үйренген сөздермен уағыздап, рухани шындықты рухани тілдерімен білдіріп түсіндіреміз» (Қор. 1 хат 2:7; 12-13).

Пауыл осы хатта әрі қарай жазып былай деді: «Бөтен тілдерде сөйлейтін кісі адамдарға емес, Құдайға арнап, сөйлеп, ешкім оны түсінбейді. Ол өз рухымен құпияларды айтады» (Қор. 1 хат 14:2). Осы аяттардың арасында өзара байланысты көріп тұрсыз ба? Біз бөтен тілдерде сөйлегенде, Құдайға арнап, құпияларды айтамыз. Осы құпиялар біздің жүргеміздің түкпірінде тасаланып жатқанын білеміз (Нақыл сөз 20:5) және Киелі Рухтың берген даналығы рухымыздан тасқындап аққанда, соларды сарқып аламыз (Жохан 7:38-39). Сондықтан, бөтен тілдерде мінажат ету арқылы «өмір беретін су» яғни өміріміздің қайнар көзі тасқындап ағып, өзімізді рухани нығайтамыз. Сөйтіп, біз Киелі Рухтың даңалығын түсіне бастаймыз!

Мен бағана айтып кеткендей, Киелі Кітапты оқығанда, оның рухани мағынасын түсінбейтін кездерім болды. Мен оны түсінбеген кезде, Киелі Рухта мінажат еткеннен кейін, түсінік біраз уақыттан кейін келеді. Кітаптарды жазып отырған кезде, талай рет әрі қарай не жазуым керек деп білмеген кездерім болды. Сонда мен компьютерді жауып алып, бөтен тілдерде мінажат етуден басқа ештеңе істей алмаймын. Осылай істегенде, Киелі Рухтан өз рухыма жаңа түсінік келе бастайды. Сонымен, бұл Құдайдың Рухының су беретін өмір жүрегімнен тасқындап ағуының нәтижесі!

Егер сіз Құдаймен терең қатынаста тұрмай жүрсеңіз, кейбір Құдайдың құпиялары сіздің көзіңізден таса болады. Бұл құпиялар сіздің дұрыс шешім қабылдауыңызға; қауымға бару не бармау, үйлену не үйленбеу, қай жұмысқа орналасу, қай үйді сатып алу, балаларыңызды қалай дұрыс тәрбиелеу, жұмыста көтеріліп кету керек екеніне қатысты. Сіздің маңызды шешім қабылдауыңыз үшін Құдайдың біздерді

жалғыз тастап кетпегеніне қуанбайсыз ба? Біздің өмірімізге арналған Құдайдың жоспарын біліп, Оның бізге берген уәде еткен тыныштығында рахаттанып жүре аламыз.

Үшінші күн

ТЫНЫШТЫҚ – БҰЛ КИЕЛІ РУХПЕН ТЕРЕҢ ҚАТЫНАСТЫҢ СЫЙЛЫҒЫ.

Ғалаттықтарға арналған хаттың бесінші тарауында Киелі Рухпен терең қатынаста тұрудың нәтижесі- тыныштық болғаны деп жазылған. Бұл біздің күнделікті өмірімізге керекті Құдайдың берген батасы.

Мен үйленбей жүргенде, менің болашақ әйелімнің кім болатыны өзіме беймәлім болған. Сол кезде, мен Лиза Тоскано есімді жас қызбен бірге жүрдім. Ол маған қатты ұнаған. Оның мінезі маған ұнамды болып, көз тартарлық сұлу қыз болған. Алайда, мен тек Құдай өзіме тағайындаған қызға ғана үйленуге бел бұдым. Лиза Аризонада, ал мен Техаста тұрғанмын. Біз екеуіміздің арамыздағы қатынасымыз тек Құдайдың еркіне сай болсын деп бірге мінажат етуге шешім қабылдадық. Мен Лизаға: отыз күннің ішінде бірге отыз минут мінажат етейік. Өзіңнің жүрегінді тыңда. Егер сен жүрегінде бір түрлі сезім болса, не уайым болса, онда бұл Құдайдың еркі еместігін көрсетеді. Бірақ егер тыныштық болса, онда біз қарым-қатынаста болуды жалғастырамыз» дедім. Отыз күннен кейін, жүректерімізді тыныштық сонымен қатар қуаныш баурап алғанын бірдей сездік. Сонымен, біз қатынасымызды әрі-қарай жалғастырып, біраздан кейін үйлендік. Біздің үйленгенімізге отыз жылдан асқанына әрі екеуіміз тыныштықтың жетелеуінде қосылғанымызға Құдайға шексіз алғысымды білдіремін!

Рим.8:14 аятта былай айтылған: «Өйткені, Киелі Рухының жетелеуімен жүретіндер-Құдайдың рухани балалары». Осы мәтін жалғасып, Киелі Рух бізді қалай жетелейтінін айтады:

«Киелі Рух... өз рухымызға растайды» (Рим. 8:16). Киелі Рух біздерді тыныштыққа куәлік келтіруі арқылы жетелейді.

Сіз осыны істейін деп тұрғаныңыз дұрыс болып көрінгенмен, сол жайында ойланып тұрғанда, жүрегіңізде бір түрлі сезіп жүрген кезіңіз болды ма? Сіз «Не болды? Неге мен бір түрлі сезініп жүрмін, сырттай қарағанда, бәрі дұрыс болып көрінген сияқты» деп ойланып жүрген шығарсыз. Егер сіз Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұрып жүрсеңіз, онда осы бір түрлі сезім арқылы Киелі Рухтың сізге «Ол жерге барма» деген ескертуді түсінесіз. Менде осындай сезім талай рет болған. Кейде мен бірнеше жылдар өтіп кеткеннен кейін ғана Киелі Рухтың жетелеуінің нәтижесін көремін. Мен оған барлық жағдайда сенім артуға үйрендім. Оның даналығы уақытқа және кеңестікке байланысты еместігі есіңізде болсын. Ол сіздің болашағыңызды біліп, оған қарай жетелеуде.

Менің сыртқы жағдайға қарап, соны шешуге қауіпті болатын болып көрінсе де, жүрегімде сол жайында ақылымнан асқан керемет тыныштық болған кездерім де болды. Бұл Мәсіхтің тыныштығы жүрегіме билік жүргізгені болды. Пауыл елші сол жайында мынаны жазды:

Иеміз Мәсіх сыйлаған тыныштық сендерге (спорт төрешісі ретінде) билігін жүргізсін! (сіздің жаныңызды мазалаған барлық мәселелеріңізді шешіп, тыныштық әкелсін) Ол сендерді біртұтас рухани дененің құрамдас мүшелері ретінде татулықта тұруға шақырды. (Қол. 3:15)

Осы Киелі Кітаптың жазылған аятта Киелі Рухты спорт төрешісі ретінде атағаны ұнайды. Спорт төрешісі қойын ережелерін бұзған адамдарға, көп ойланбай ысқырады. Дәл солай, Киелі Рух сіздің ойыңызды мазалайтын шешілмеген сұрақтарды жөнге келтіреді. Егер сіз Оған жол берсеңіз, онда Киелі Рух барлық қиыншылықтарды шешуге даналық береді. Киелі Рухтың бізге «ысқыратыны» ақылымыздан асқан

тыныштық арқылы білінеді. Бұлбіздің рухымызды Киелі Рухтың растайтыны. Киелі Жазба былай дейді:

Сонда Құдайдың адам ақылынан асқан керемет тыныштығы сендердің жүректерің мен ой-саналарыңды сақтайды. (Філ. 4:7)

Біз Иса Мәсіх арқылы осы қазіргі дүниеге қол жетпес тыныштыққа ие бола аламыз. Исаны қабылдаған адамдар тыныштықта жүреді, себебі Иса тыныштықтың Әміршісі деп аталған. Егер Киелі Рухты бізге дұрыс шешім қабылдауға көмекке шақырсақ, Ол бізді тыныштық арқылы жетелейді.

ТЫНЫШТЫҚҚА КЕНЕЛІП, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ

Мен Мессенджер Интернейшенал қызметінің жетекшісі болып, Киелі Рухтың тыныштығының жетегінде көп шешім қабылдайтынмын. Алдымдағы жағдайлар шешілмейтін болса да, Құдайдың тыныштығы Мессенджер Интернейшенал қызметінің өсіп-өніп, көбейе алатынын рухым растады.

Киелі Рух маған сөйлегенін анық естігенімнің кездері болды. Осы кітапты жазуға дайындалғанда, мүлдем басқа тақырыптар туралы жазатын болдым. Ораза тұтып, мінажат еткенде, Киелі Рух маған Өзінің дарындары туралы емес, қайта Оның кім екенін жазу керек екенін айтты. Менің көптеген шешім қабылдағанымның, нақты нұсқауға емес, Құдайдың тыныштығына (Оның Киелі Сөзіне сәйкес) негізделген болатын. Дегенмен, Киелі Рухтың маған анық сөйлеген кездері де болды. Сізге бір мысал келтірейін.

Мессенджер Интернейшенал қызметінің басты мақсаты-жергілікті қауымдарды нығайтып, рухани көтеру. Біз жергілікті қауымдарының адасқан адамзатты құтқарып, оларға үміт беріп, камқорлық жасап, шәкірттерін тағайындауға Құдайдың ең

тиімді құрал болып табылатынына кәміл сенеміз. Солтүстік Америкада жиырма мыңнан астам қауымдар біздің оқу материалдарын пайдаланып келеді. Біз көптеген жылдар бері, АҚШ-та, Канада, Австралия, Британия елдеріндегі қауымдарға қызмет етіп келеміз.

Сосын, мен 2010 жылы, 31 мамыр күні Киелі Жазбада Даниял пайғамбардың кітабын оқығанда, Құдай маған: «Сенің ағылшынша сөйлейтін қауымдарда қызмет еткенінде адал болдың. Енді, Мен сені басқа елдерге қызмет етуге жіберемін» деп нақты айтты. Бұл сөз аяқ астынан болды. Осы барлығының қалай болатынын білмедім. Сонда, мен барлық жетекшілерімді шақырып, Құдайдың маған берген аянымен бөлістім. Оларға 2011 жылдың ішінде 250,000 астам кітаптарымды басқа елдердің жетекшілеріне үлестіру керек деген өзімнің жоспарымды оларға білдірдім. Барлығы таңғалып қалды. Біз ешқашан кітаптардың осындай көп санын бір-ақ жылдың ішінде таратқан емеспіз. Қызмет басқарушысы және басқа да жетекшілер осы жоспардың Құдайдан келгеніне талай рет күмәнданатын. Содан кейін, олар менің сол жайында Құдайға мінажат етуімді сұрады.

Мен Құдайдан басқа елдердегі бағушыларға қызмет ететінімізді нақты естідім. Бірақ, Оның біздің 250,000 астам кітаптарымды ендігі жылдың ішінде үлестіруіміз керек екенін маған айтқанын естіген жоқпын. Сонымен, мен сол жайында мінажат етуімен болдым. Оның тыныштығы менің жүрегіме билік жүргізе бастады. Киелі Рухтың маған сол жайында нақты айтудың қажеті болған жоқ, себебі менің істейтінім Құдайдың нақты жоспарына сәйкес келетін болды. Менің істейін деп жатқанымның дұрыс болғаны Киелі Рух жүрегіме сездіріп растады. Киелі Рухтың жүрегіме растағанын айтқанда, менің жолдас-әріптестерім берген жоспарымды қабылдап, соған орай жұмыс істей бастады. Құдай керемет жасап, біз 270 мыңнан көп кітаптарды 47 елдердің бағушылары мен жетекшілеріне бір жылдың ішінде тараттық.

2011 жылы, мен Бейрут қаласында (Ливан елі) Ирактан келген бағушымен кездестім (Мен сол кезде Таяу Шығыста екі мың бес жүз бағушылар мен жетекшілерге қызмет етіп, Құдайдың Сөзін уағыздадым). Ол өз қаласында ең үлкен қауымның бағушысы болған. Бұл кісінің жасы отыз алтыда еді. Ол маған келіп: «Мистер Бивер, сіз маған рухани әкедей болдыңыз. Мен қолыма бар түскен сіздің кітаптарыңызды оқып шықтым. Мен сіздің вебсайтыңызда оқу материалдарын алу үшін, несиелік қартамды пайдаландым» деді.

Ол мұны айтқанда, егер жердің кішкентай тесігі болса да, мен кіріп кеткендей болатын едім. Менің тура алдымда соғыс болып жатқан елден келген Құдайдың қызметшісі, Мессенджер Интернейшеналдан барлығын алуға қолынан қандай жұмыс келсе де, соны істейтін адам тұрды. Осы жағдайға қарап, мен мына жергілікті қауымдардың жетекшілеріне қалай көмектесе алатынымды Құдайдан сұрап, Оған жалбарынып сиындым. Киелі Рухта мінажат етіп, біз бағушыларға тек кітаптарды ғана емес, барлық оқу материалдарын қай жолмен тарататынымыз жайында ой келді. Біз келесі жылы, бір миллион үш жүз мыңнан астам оқу материалдарын осы бағушылар мен жетекшілерге тараттық. Біздің таратып жатқанымыздың саны әлі де көбейіп келе жатыр.

Мен Киелі Рухта мінажат етіп, Ол маған CloudLibrary.org вебсайтын ашуға көрсетті. Сол сайтта, бағушылар мен жетекшілер әрі қауымдағы адамдар, өз ана тілінде барлық оқу материалдарын және кітаптарды тегін қабылдай алады. Сонымен, 2011 жылы, 270000 оқу материалдарын таратудан басталып, осы күнге дейін, әрай сайын кітаптардың таратылымы көбейіп келе жатыр. Бұл Киелі Рухтың бізге тыныштықтың келгенін куәландыруы арқылы Құдайдың істеп жатқанының нәтижесі болды!

Төртінші күн

ҚҰДАЙДАН БАҒЫТ ҚАБЫЛДАУ

Көптеген сенушілерден Құдайдың бағытын қабылдай алмауы мәселесі көрініп тұрады. Мен адамдардың: «Құдай менің не істеуімді қалайтынын білмеймін» дегенді жиі естіп тұрамын. Жақып елші біздің Құдайдың бағытын білмегенде, не істеуіміз керектігін айтты: «Ал егер даналыққа мұқтаж болса, Құдайдан сұрандар» (Жақып 1:5). Грек тілінде даналық деген сөз софия болады. Сол сөздің мағынасы: «түсінуге қабілетті болып, соның нәтижесінде даналықпен орындау» Мынаны ойланып көріңіз: біз Құдайдың даңалығы арқылы бірінішіден, түсіне аламыз, осыдан кейін әрекет жасаймыз.

Құдайдың даналығын түсіне алуға қабілет беріп, соның даналығымен әрекет жасауға кім көмектеседі? Әрине, Киелі Рух ғана. Мен көп қиындықтарға тап болған кезде Құдайдың бағытын іздедім. Мен бөтен тілдерде мінажат еткенде, Құдайдың даналығы мен бағыты рухыма кіріп, одан кейін не істеуім керектігі жөнінде ақыл-ойыма түсінік келетін. Бөтен тілдерде мінажат ету арқылы бізге Құдайдың бағыты айқын ашылады.

Нақыл 20:5 аяттан тағы да оқитынымыз: «Адамның ой-ниеті(ақыл-кеңесі, даналығы, бағыты, мақсаты) тұңғыық судай болар, ақылды адам олардан сарқып алар». Киелі Кітаптардың басқа аудармалары: ой-ниеті деген сөздің орнына мақсаты деген сөзі жазылған. Біз Иса Мәсіх арқылы Құдайдың ерекше мақсатын орындау үшін таңдап алынғанбыз. Осы мақсат сіздің өміріңізге бағыт береді. Сол бағыт сіздің жүрегіңіздің түкпірінде жасырын жатыр. Сіз Рухта мінажат етіп, Құдайдың бағытының қандай екенін түсінген кезде, Жаратқан Иенің сіздің өміріңізге арналған мақсаты ашылады. Бұл бір күнде ашыла қоймайды, сондықтан сіздің шыдамды болуыңыз керек. Сіз Құдайдың Сөзін оқуға уақыт бөліп, мінажат ете бергенде, Құдай сізге Өз мақсатын білдіреді. Менің ұлдарымның бірі-былай дейді:

«Киелі Кітап-біздің өміріміздегі картасы, ал Киелі Рух біздің жол-серігіміз (жетелеушіміз)».

Сіз өміріңіздің барлық салаларында Құдайдың берген бағытымен жүре алады екенсіз. Егер сіздің балаларыңыз тіліңізді алмай, өз бетімен жүретін болса, онда сіз Құдайға жүгініп, Киелі Рухпен сол мәселе жайында ақылдасыңыз. Ол сізге не істеу керек екендігін көрсетеді. Мысалы, егер сіздің базардағы саудаңыз жүрмей жатса, Құдаймен кездесу үшін құпия бөлмесіне барып, бәрін білетін Тәңір Иеден жалбарынып сұраңыз. Ол сіздің рухыңыздан орын алғандықтан, өзіңізге әлі ашылмаған құпияларды білдіреді. Оның Өзі сізге бағыт беріп, керек жолмен жетелегісі келеді. Ишая 48:17 аяттан «Мен Құдай Иелерің, сендерді табысқа жетуге үйретіп, түзу жолымен бастап алып жүремін». Жаратқан Ие өз мақсатын жүзеге асыру үшін шақырды және сізді өз жолдарымен жүргізісі келтіні көреміз.

Мен көптеген адамдардың: «Бауырым, сенің айтып тұрғаның ұсақ-түйек қой! біз Құдайдан осы маңызсыз мәселе жайында сұрай алмаймыз ғой! Ол тек қызметке қатысты мұқтаждықтарға ғана көңіл бөледі емес пе?» деп айтқанын жиі естіп келемін. Жоқ, олай емес, Ол біздің өміріміздің барлық салаларына Өзінің ақ-батасын беруді қалайды. Адамдардың Өзі Көктегі Әкені дұрыс түсінбеу мүмкін. Кейбір адамдар Киелі Рухтың жетелуін дұрыс түсінбей, оны бұрмалайды, сондықтан бұған біз Құдайдың берген уәделеріне немқұрайды қарауымыз керек деген білдірмейді.

Екіншіден, Киелі Кітап бізге үздіксіз мінажат ету керек дейді (Сал.1 хат 5:17). Көп мәсіхшілер осы аяттың мән-мағынасына ешқашан көңіл бөлмейді екен. Әрине, Пауыл елші «ауыздарың ешқашан жабылмай, әр минут сайын мінажат ете беріңдер» дегенді білдірген жоқ. Кейін, ол Ізгі Хабар тарату және бірін-бірі жігерлендіру туралы сөз айтады. Біздің ауыздарымыз ешқашан жабылмай, мына екі әрекетті де бір уақытта істей алмаймыз.

Пауыл осы аят арқылы Киелі Рухпен үздіксіз қатынаста тұру жайында айтады. Біз мұны қалай істей алады екенбіз? 19

аятта Пауыл бізге «Киелі Рухтың жалынын сөндірмеңдер» деп жауап берді. Үздіксіз мінажат ету дегеніміз, Киелі Рухтың іс-әрекетін тежемеу. Бұл Киелі Рухтың жаныңызда әрқашан бірге болатынын түсіну және Оның дауысын естіп, Оған сезімтал болу. Басқа сөзбен айтқанда, Оның сіздің өміріңізге қатысуына кедергі жасамаңыз. Киелі Рух сіздің өміріңіздің барлық салаларына қатысқанын қалайды. Ол сізді жетелегісі келеді. Киелі Рух сізбен үздіксіз қатынаста тұрғысы келеді. Киелі Рухпен үздіксіз қатынаста тұру сізге күш-қуат, тыныштық әрі өміріңізге бағыт береді.

Менің бизнесмен болуыма Құдайдың еркісі болмаған еді. Егер ондай болсам, мен Киелі Рухта бизнес туралы көп мінажат ететін едім. Оның жүрегіме берген тыныштығына сүйеніп, шешім қабылдайтын едім. Сіз «Құдайдың толық қызметіне» кірмегендіктен, Киелі Рух өзіңізді басқа салаңызда жетелемейтінін ойламай-ақ қойыңыз. Ол менің жолыма бағыт беріп тұрғанындай, сізге де бағыт беретін болады.

ЖЕКЕ УАҚЫТ БӨЛІП, ҚҰДАЙҒА МІНАЖАТ ЕТУ

Мен мінажат ету алдында Киелі Кітапты оқудан бастайтыным ең тиімді тәсіл екен деген қорытындыға келдім. Киелі Кітап ой-санамды тазартып, рухым мен ақылымды байланыстыратын «су арнасын» ашатыны сияқты. Киелі Кітапты оқығаннан кейін, Киелі Рухпен аса керемет байланыста тұрып, мінажат етуім арқылы Оның қатысқандығын анық сеземін.

Құдайға құрмет көрсеткен кезде, Оның маған тез ашылатынын байқадым. Мен Оның ұлылығы мен рақымдылығы туралы ойланғанда, Киелі Рух Өзін маған анық көрсете бастайды. Забур 88:8 аят былай дейді: «Қасиетті періштелердің үлкен тобы терең қастерлейді айбынды Құдайды, биік тағын айналдыра Оны құрметтейді». Егер Құдайдың сіздің өміріңізге келуін қаласаңыз, онда сіздің Оны терең қастерлеуіңіз керек. Құдайдың

адамдардан бірден алыстап тұрғанының себебі, олардың Оны терең қастерлемегіні және Киелі Рухты менсінбей жүргендері.

Иса шәкірттеріне мінажат етуге келесі үлгіні көрсетті: «Сонымен Құдайға мына іспетті мінажат етіндер: Көктегі Әкеміз, Сенің киелі есімің қастерлене берсін...» (Мат.6:9). Басқа сөзбен айтқанда, біз Оған жақындап келгенде, Оның жанын терең қастерлеп келуіміз керек. Біз солай істегенде, Киелі Рух бізге ашылып, жақындай бастайды да, өйткені Оның біздің құрметтейтінімізге көздері жетеді. Оның бізге жақындап келуі, күш-қуат, білім-парасат, бағыт-бағдар әкеледі. Ол біздің өміріміздің шынайы қайнар-көзі! Неге Онымен тығыз байланыста тұрмасқа?

БАСҚА АДАМДАР ҮШІН РУХПЕН ӨТІНІШ ЖАСАП, СИЫНУ

Мен бір бағушы досыммен тұрақты түрде бірге мінажат етемін. Біз мінажат еткенімізде, басқа адамдар үшін бөтен тілдерде өтініш жасап, жиі мінажат етеміз. Бір күні біз Таяу Шығыстағы мемлекеттердің бірі үшін бөтен тілдерде сөйлеп, өтініш жасадық. Келесі күні, Түркияда үлкен жерсілкінісі болғанын естідік. Мен және бағушы досым екеуіміз, тура осы елдің тұрғындары үшін өтініш жасадық деп сенемін. Біз Киелі Рух арқылы олармен байланыста тұрғанымызды түсіндік, себебі Ол біздің жүрегімізден орын алған, осындай қалауды берген. Тәңір Ием Түркияның тұрғындары туралы бізге аян ашып беріп, Өз еркін білдірмекші болды.

Басқа адамдар үшін Құдайдың Патшалығы осы жерде орнасын деп өтініш жасап, мінажат ету өте маңызды. Шайтан біздің рухани бауырластарымыздың өмірлерінде Құдайдың еркі болсын деп мінажат етіп, жариялағанымызды жек көреді. Өзәзіл шайтанның мақсаты, қауымды екіге бөліп алып, араларында араздық тудыру. Ол біздің шектеулі ақыл-санамызға ғана сүйеніп, бөтен тілдерде өтініш жасап, мінажат етуімізді

қаламайды. Сіз дүние-жүзіндегі басқа бауырластарымызбен рухани тығыз байланыста тұрғаныңызды байқамаған шығарсыз. Сіз ешқашан кездеспеген басқа елдегі бауырластар үшін нақты түрде өтініш жасай алады екенсіз.

Мен Кенияда болғанда, бір күні Массай тайпасынан шыққан ер адаммен кездесім. Біраз уақыттан кейін, ол Америкаға келіп, менің достарымның біреуінің үйінде тұрды. Әлгі кісі бір айдан аса уақыт сол үйде болды. Ол әр-түрлі болып жатқан өз отбасының жағдайлары жайында үйдің иесіне талай рет айтып берген. Ақырында, үй иесі әйел оған: «Сіз өз отбасыңызға не болып жатқанын қалайша біліп тұрсыз? Олардың ешқандай телефон байланыс жоқ қой!» деп сұрақ қойды. Оның жауабы мынау болды: «Пауыл елші Қолос пен Корынт қаласындағы сенушілерден алыс тұрса да, олардың өмірлерінде не болып жатқанын білді. Мен Киелі Рухта мінажат еткенде, Тәңір Ие маған отбасымда не болып жатқанын көрсетеді»

Әлгі адам Қол.2:5 және; Қор.1 хат 5:3 аяттарға сүйеніп айтатын. «Тәніммен қастарында болмасам да, рухымен орталарында тұрып, сендердегі ынтымақты, Мәсікке деген берік сенімдерінді көріп, қатты қуанамын», «тәнім алыста болғанмен, рухыммен орталарыңдамын». Пауыл осы қауымдағы адамдармен Киелі Рух арқылы байланыста болған, олардың қастарында болмағанмен, олардың жағдайларын, не істеп жүргендерін білді.

Мен көп уақыттан бері қызметтес жолдастарымның мен үшін мінажат ететінін білетінмін. Мен қауіпті жағдайға ұшырап, құрып кетем деген кезде, Құдай адал болып, мені кенеттен құтқарып алататын. Менің неше түрлі апаттан құтылып кеткенім үшін, біреу мен үшін Құдай алдында өтініш жасап, Киелі Рухта мінажат еткенін де білемін.

ТЫНЫҒЫП ДЕМАЛУ

Бауырластарым, ақыл тоқтатпаған баладай болмандар!
... Киелі Жазбада Жаратқан Иенің мынадай сөздері бар: осы халыққа арнап бөтен тілдерде сөйлетіп, жат жерліктердің тілдерімен үн қатамын. Бірақ бұлай да олар Мені тыңдамайтын болады. (Қор. 1 хат 14:20-21)

Пауыл осы тарауда бөтен тілдерде сөйлеу жайында көр жазғанын байқаған шығарсыз. Негізі, ол Ишая пайғамбардың сөздерін басқаша айтады. біз Ишая 28:11-12 аяттарда мынадай сөздерді оқимыз:

Ал, енді Құдай осы халыққа арнап, бөтен тілдерде сөйлеп, жат жерлік тілдерімен үн қатпақ. Ол осы халыққа былай деген: «Бұл тыңыш жер, шаршағандардың тынығып демалатын мекені. Бірақ бұлай да олар Мені тыңдаудан бас тартты.

Жаратушы Ие Ишая пайғамбар арқылы бөтен тілдерде сөйлеу арқылы, адамдардың тынығып демала алатыны туралы пайғамбаршылық сөзін жеткізді. Бір күні үлкен қауымдағы бағушы досымның бірі басқа үлкен қауымның бағушысымен сөйлесті. Өлгі екінші үлкен қауымның бағушысы менің досыма: «Мен қызметімді тастайын деп жүрмін. Себебі қатты шаршап кеттім» деді.

Ал менің досым оған: «Сен Киелі Рухта мінажат етпей қойғаныңа қанша уақыт болды?» деп сұрақ қойды.

Өлгі бағушы: «Бірақ...» деп кідіріп өзін ақтап алмақшы болды.

Ал досым қоймай, оған: «Сен бөтен тілдерде мінажат етуге қанша уақыт бөлесің?» деген сұрақты қоя берді.

Ол оған лажсыздан: «Бірақ, мен уағызға көп уақыт дайындаламын, менің мінажат етуге қолым тимейді, он бес мың

адамның қауымда жұмысы өте көп қой!» деп жауап берді.

Бірақ, менің досым оған тағы да: «Сен Рухта мінажат етесің бе?» деп сұрақ қойды.

Ақырында, әлгі бағушы оған: «Шынын айтқанда, мен мінажат етпеймін» деп мойындады.

Сосын досым оған: «Рухта мінажат ете баста!» деді.

Біраздан кейін, шаршап кеткен бағушы қызметін тастамай, жалғастыра берді. Қазір оның қауымы өсіп-өніп көбейіп жатыр. Неге осы бағушының бөтен тілдерде мінажат етуі керек еді? Біз Рухта мінажат еткенде кезде, жаңа күш-қуат алып, тынығып демалады екенбіз.

Йонги Чо бағушы 800, 000 нан астам адам қауымды басқарып, қалайша шаршамай жүр? Себебі ол рухта мінажат етіп жүреді. Йонги Чо бағушыдан басқа осындай үлкен жауапкершілікті өз мойнына артып, жан-жақтан рухани қысым көріп жүрген бағушыны білмеймін. Оның қауымы Оңтүстік Корея еліне жақсы әсер етіп келе жатқан және ол дүние жүзінде ең сыйлы бағушылардың бірі екен.

Өз күшіне ғана сүйеніп, осы үлкен қауымды адамға басқару мүмкін емес. Бірақ, Йонги Чоның өз ақыл-ойына немесе қабілетіне сүйеніп жүрмегенін білемін. Ол төрт сағат бойы Рухта мінажат етеді және сол дұға оның қызметінің ең маңызды бөлігі болып табылады. Оның Рухта мінажат етіп жүруінің арқасында, ол жаңа күш-қуат алып, қызмет етуден шаршамай, қайта оны қуанышпен атқарып, тынығып демалғандай болып жүр.

Лестер Самралл Құдайдың ең мықты адамы болатын. Құдай мені онымен кездестіріп, біраз уақыт оның қасында жүруге мүмкіншілік берді. Бұл мен үшін зор құрмет болған. Әлгі кісі күніне тек төрт сағат ғана ұйықтап, бір уақытта төрт кітапты жаза алатын. Лестер Самраллдың өзінен жасы кіші көмекшілері мен жас бағушыларға қарағанда, денсаулығы өте жақсы болған. Ол осындай күшті қайдан алып жүрген? Ол көп уақыт бойы рухта мінажат ететін.

Сіздің мені дұрыс түсінуіңіз керек, біз өз денелерімізге қамқорлық жасауымыз керек. Құдай бізге аптаның жетінші күні демалуға және біздің осы ережені ұстануымыздың керек екені туралы заң берді. Біздің демалуымыз керек. Мен гольф ойынын жиі ойнаймын, себебі бұл менің жаныма әрі денеме жаңа күш береді. Мен осылай демалғанды өте жақсы көремін. Сонымен, тәніміз демалғанымен бірге, бөтен тілдерде мінажат ету біздің жан-тәнімізге күш-қуат береді. Өкінішке орай, көптеген сенушілер Рухта мінажат етпегеніндіктен, қызмет етуден шаршап, соңында тастап кетеді.

Бесінші күн

БІЗДІҢ ІШКІ БОЛМЫСЫМЫЗ

Кім бөтен тілдерде сөйлесе, сол өз сенімін нығайтады.
(Қор. 1 хат 14:4)

Грек тілінде «нығайту» деген сөз «ойкодомео» болады. Бұл сөздің мағынасы «үй салу немесе тұрғызу» дегенді білдіреді. Біз Рухта мінажат еткенде, Құдайға біздің жүректерімізге «тұратын үйді салуға» әрі Оның құдіретін көрсетуге мүмкіндік береміз. Иса осы грекше сөзді бір жерде айтты: «Осы айтқандарымды тындап, оларды орындаған әркім үйін берік тастың үстіне қалап салған (ойкодомео) көреген адамға ұқсас болады» (Мат. 7:24).

Құдай Яһуда елші арқылы келесіні айтады:

Ал сендер, сүйікті бауырластарым, өздерің сенетін Тәңір Иенің қасиетті де пәк таза ілімінің негізінде рухани өсіп толысуға ұмтылыңдар; Киелі Рухтың жетелуімен сиыныңдар. (Яһуда 20)

Менің достарымның бірінің баласының қатты ауырып жатқанын есімде бар. Дәрігерлер оның баласын еш емдей алмайтын болды да, ал әкесініңөзі не істерін білмей жүрді.

Ақырында, біз оның офис бөлмесіне кіріп, бес сағат бойы Рухта мінажат еттік. Мінажат еткен соң, ол офистен шығып, машинаға мініп алып, өз баласына барды да, соның жататын бөлмесіне кіріп, оған төсектен тұруды бұйырды. Баласы сол-сәтте ақ тұрып алып, сауығып кетті. Сонымен, не болғаны? Рухта көп мінажат еткендігінен әкесі Құдайдан күш-қуат алып, өз баласы сауығады деген сенімі нығайып кетті. Біз тек сеніммен ғана барлық игіліктерді Құдайдан қабылдай аламыз. Ол Киелі Рухта мінажат ету арқылы біздің ішкі болмысымыз нығайып, сенімнің арқасында, Құдайдың барлық уәделерін қабылдауға қабілетті қылады.

ҚҰДАЙДЫ ТЕРЕҢ МАДАҚТАУ

Бөтен тілдерде мінажат ету Құдайды терең мадақтауға қабілеті береді. Пауыл еліш былай деді:

Ал егер рухыңмен ғана шүкірлік етсең, онда соны ұғынбайтындардың орнында отырған кез келген кісі ризашылық білдіргенінді «аумин» деп қуаттай алмайды. Себебі ол не айтып тұрғаныңды білмейді. Сен қаншама ризашылық білдірсең де, әлгі адамның рухани жетелеуіне көмектеспейсің. (Қор. 1 хат 14:16-17)

Пауыл көпшіліктің алдында Құдайды мадақтау туралы айтады «рухыңмен ғана» (яғни, Құдайды бөтен тілдерді мадақтау). Сосын ол Құдайға шүкірлік айтудың жанында тұрған адамның рухани жетелеуіне көмектеспейтінін білдіреді. Бөтен тілдерде мадақтау, оны естіп тұрғандарға емес, тек соны айтып тұрған адамның ғана рухани өсуіне көмектеседі. Бұл жерде Пауыл Құдайды бөтен тілдерде мадақтаудың маңызсыз екендігін көрсетіп тұрған жоқ. Ол бізге: әр нәрсенің өз уақыты мен орны бар дегенді айтқысы келді.

Пауылдың қорытындысына көңіл бөліңіз: «Сенің Құдайға шүкірлік айтқаның жақсы» (ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта

шүкірлік деп жазылған). Біз Құдайды бөтен тілдерде мадақтағанда, Киелі Рухқа Құдайдың құпия-сырлары әрі Оның кереметтері жайында әдемілеп жариялап дәріптеуге жол береміз. Бұл Құдайды терен мадақтау екен. Сол себептен, Пауыл елші өз рухымен де, санасымен де Құдайға шүкіршілік ететін (Қор. 1 хат. 14:15).

КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ ҚҰДАЙДЫҢ РУХЫНА КЕНЕЛЕ АЛАДЫ

Менің кейбір мәсіхшілердің бөтен тілдерде сөйлемей, не мінажат етпегендіктен, өз бауырластарына жоғарыдан қарап жүргендері үшін жүрегім ауырады. Бөтен тілдерде дұға етпейтін осы рухани бауырластар Киелі Рухтың ерекше сыйлығын әлі қабылдамағаны көрініп тұрады. Сондықтан, біздің де оларды соттауға немесе ұятқа батырып, менсінбей жүруге ешқандай қақымыз жоқ, өйткені біз бәріміз Иса Мәсіхтің рухани денесі болып табыламыз.

Біз өткен тарауда талқылаған кезде, бөтен тілдерде сөйлеу барлық сенушілерге арналған рухани дарын екенін, сол тілдерде сөйлемеген сенушілердің Исаның берген уәдесін әлі қабылдамағанын түсіндік. Иса былай деді: «Сенушілер Құдайдың құдіретін көрсететін мынадай кереметтерді істемек:... жаңа тілдерде сөйлейді» (Марка 16:17). Пауыл да соны айтады:

Мен сендердің бәрінің де бөтен тілдерде сөйлегендерінді қалаймын. (Қор. 1 хат 14:5)

Құдай Оның балаларының бәрінің де көктің тілінде сөйлеп, содан рахат алып жүргендерін қалайды.

КИЕЛІ РУХТЫ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАУҒА БОЛАДЫ?

Мен осы тақырыпты жалғастырудың алдында, сізге өзімнің достарымның көпшілігінің Киелі Рухты автокөлікте отырғанда, үйде болғанда, тіпті жұмыс істеп, офис бөлмелерінде отырған кезде қабылдағанын ерекше айтқым келеді. Біздің тек қана Көктегі Әкемізден өзімізді Киелі Рухқа кенелдіруін сұрауымыз керек. Егер сіз соны әлдеқашан сұраған болсаңыз, онда өзіңіз Киелі Рухқа беріліп, бөтен тілдерде сөйлеуге талпынуыңыз керек.

Біріншіден, Киелі Рухты қабылдамастан бұрын, сіз Исаны Жаратқан Ием деп өз ауызыңызбен мойындау әрі Құтқарушы ретінде қабылдауыңыз керек. Иса осы күнәкар дүние (яғни Исаны Құдай ретінде қабылдамайтын адамдар) Киелі Рухты қабылдай алмайтынын айтты (Жохан 14:17). Егер сіз Исаны Жаратқан Ием деп мойындамаған болсаңыз, онда сіз соны дәл қазір істей алады екенсіз. (Сіз бұны кейін қосымша ұсыныс тарауда қалай істеуге болатынын оқи аласыз).

Адамның көктен туылып, Құдайдың рухани баласы болса да, сонымен бірге, Құдайға толық бағышталмағандықтан, Киелі Рухты қабылдамауы мүмкін екен. Құдай Киелі Рухты Өзіне мойынсұнғандарғаана сыйлайды (Елш. 5:32). Сіз енді кемелді адам болу керексіз дегенді білдірмейді. Бұл Тәңір Иенің алдында кіші пейілді болуды білдіреді. Бұл Құдайдың еркіне толық мойынсұнудың белгісі. Сіз Құдайға мойынсұнғанда, Одан күнәні жеңетін күш қабылдайсыз. Сонда сіз Құдайдың Рухына кенеле алады екенсіз.

Сенушілердің өмірлерінде Құдайға мойынсұнбаушылықтың бірден-бірі ренжіткен адамдарға өкпелеп жүру. Сіз өзіңізді ренжітіп жүрген адамдарды кешіруіңіз қажет. Мен талай рет сенушілер ренжіткен адамдарды кешірген кезде, Киелі Рухтың олардың өмірлерінде Өз құдіретін анық көрсеткеніне куә болдым. Егер сіз біреуге өкпелеп жүрген болсаңыз, сол

адамды кешіріп, Құдайдан жүрегіңізді жұмсартуын сұраңыз. (Мен Шайтанның тұзағы деген кітабымда реніш туралы көп шындықты жаздым).

ҚҰДАЙҒА СЕНІП, ОДАН СҰРАУ КЕРЕК

Араларыңдағы қанда әке балық сұраған баласына жалаң берер еді? Не жұмыртқа сұраса, шаян берер ме еді? Сонымен, өздерің күнәкар бола тұра балаларыңа жақсылық жасауды білсеңдер, көктегі Әкенің Өзінен сұрағандарға Киелі Рухын беретіні ешбір шүбәсіз. (Лұка 11:11-13)

Кейбір адамдар егер Құдайдан Киелі Рухты сұрасаң, соның орнына жаман рухын қабылдайсың деген сөзге үйренген. Құдайдың бізге беретіні тек игілікті және жақсы екендігін есіңізде ұстаңыз (Жақып 1:17). Бірақ, Исаның айтқан сөздеріне қарап, мұның бәрінің жалған түсінік екенін көреміз. Сондықтан, біздің Құдайдан ешбір қорықпай сұрауымыз керек. Егер сіз Әкеден Киелі Рухты сұрасаңыз, Ол сізге жыңды бермейді. Ол сізге Өзінің Рухын береді. Сондықтан, Құдайдың өзіңізді Киелі Рухымен толтыруынан еш қорықпаңыз.

Одан Киелі Рухты сұрағанда, Ол сіздің тіліңізді ұстап алып, соны сөйлеткізіп қояды деп ойламаңыз. Ол сізге ерік берді. Киелі Рух ешқашан адамдарды мәжбүр етіп бөтен тілдерде сөйлетпейді. Шайтан адамдарды зорлықпен жасатады, ал Киелі Рух тек қана жетелейді. Киелі Рух сізге сөздер беруі мүмкін (сіздің ауызыңыздан буындар, дыбыстар, және әртүрлі түсініксіз сөздер шығуы мүмкін), бірақ, сіздің өз тіліңізді, ерініңізді әрі даусыңызды пайдалануыңыз керек. Сіз мұны істей берсеңіз, көктегі тіл шәйнекте қайнап тұрған су сияқты бұрқылдай бастайды. Әуелде, сөз бір буынды болып қана шығуы мүмкін, бірақ егер сіз осы бір буынды сөзді ғана айта берсеңіз, біраздан кейін көктегі тіліңіз шыға бастайды. Біз

барлығын сенім арқылы ғана қабылдаймыз. Сол бөтен тілдерде сенім арқылы ғана сөйлей аламыз. Егер сіз сенім арқылы ғана, Киелі Рухтың берген бөтен тілінде сөйлей берсеңіз, тіпті сіздің сөйлеп тұрғаныңыз тұтығып сөйлегенге ұқсас болса да, біраздан кейін, бөтен тіліңіз ашыла береді.

ЕҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙ

Менің соңғы екі тарауда бөтен тілдер туралы жазғанымның мақсаты, Құдайдың бізбен бірге терең қатынаста тұруын қалағаны, әрі Оның Патшалығының мақсаты үшін барлық сенушілерді біріктіру болды. Киелі Рухтың аңсаған арманы бүкіл адамзатты Исаға әкелу. Біз Киелі Рухпен тығыз байланыста тұрып, Онымен бірігіп қызмет атқарғанда, Ол біздің рухани көздерімізді осы күнәкар дүниеге ашады. Біздер осы күнәкар әлемнің Иса Мәсіхке мұқтаж екендігін көрген кезде, сондай-ақ, Киелі Рухтың көмегімен оны қалай құтқару керек екендігін түсінетін боламыз.

Осы Киелі Рух туралы кітаптың сіз үшін пайдасы болар деп үміттенемін. Сіз одан ешкімнің Киелі Рухқа тең келмейтіндігін, Оның қандай ғажап екендігінен дәмін кішкене ғана татып көрдіңіз. Киелі Рух сіз бен Оның арасындағы қарым-қатынастарыңызды ең жоғары деңгейге көтеруді аңсайды. Мен сіздің Киелі Рухты тереңірек танып біліп, Онымен тығыз қатынаста тұру үшін, осы кітапты бірнеше рет оқып шығуыңызды қалаймын.

Киелі Рух сізге Исаны ашып көрсетуді өте аңсайды. Сіз Оны құрметтеп, тек «рухани» ғана емес, өміріңіздің барлық салалырына шақырыңыз. Ол сізді ешқашан қалдырмай, тастап кетпейтініне уәде берді. Сонымен, сіз Оның уәдесіне сүйеніп, әрқашанда одан рахат алып жүре аласыз. Сіз Құдайдың Сөзін оқып, Киелі Рухқа уақыт бөлген сайын, Оны терең танып біле бересіз. Осындай қатынас ешқашан таусылмайды екен. Киелі Рух сізге одан да көп құпия-сырларын ашып бергенін қалайды.

Сіз естігеніңізге де, көргеніңізге де, біліп алғаныңызға да қарап тоқталмай, әрі қарай Оны танып білу үшін рухани өсе беруіңіз керек. Киелі Рухқа жол беріп, өзіңіз рухани өсіп болдым деп ешқашан ойламаңыз. Егер сіз осылай істей берсеңіз, Киелі Рухтың өміріңізде ешқашан көрмеген құдіреті әрі Оның ұлылығын көретін боласыз.

Рухта сиыну арқылы

**КИЕЛІ РУХПЕН СЫРЛАСТЫҚ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСТА ТҰРУҒА ЖОЛ БЕРУ**

Егер сіз бөтен тілде сөйлесеңіз, Құдайға ғана сізді түсінеді, сіз Оған рухани сыр-құпияларын айтасыз.

–Қор. 1 хат 14:4 Мессенджердің аудармасы

Бөтен тілдерде сөйлеудің ең керемет жарылқауы Құдаймен сырластық қарым- қатынаста тұрғаны. Бүкіл әлемді жаратқан Құдай Тағала бізбен терең қатынаста тұрғысы келетіні соншама, Оның деңгейіндегі байланыста тұру үшін біздің рухымызға Өз Рухын орналастырды. Не деген керемет! Осы туралы Кеннет Хейгин бағушы:

«Құдайдың Өзі-Рух. Ал Оның Өзі Рух болғандықтан, біз бөтен тілдерде мінажат еткенде, Құдаймен байланысты қылып сиынамыз. Біз Онымен рухани тілдерде сөйлейміз. Бөтен тілдерде сөйлеу, бұл Киелі Рухқа кенелудің көрсеткіші ғана емес, сонымен бірге, біздің рухани өміріміздің маңыздылықтарының бірі болып табылады. Неге? Өйткені, бөтен тілдерде сөйлеу бізге Құдайды мадақтауға көмектеседі екен».

Бөтен тілдерде сөйлеуге әрі Оны сол тілдермен мадақтауға бізге Құдайдың біздің жанымызда екенін түсінуге көмектеседі. Егер Құдайдың менің жанымда екенін түсінсем, бұл менің рухани өміріме жақсы әсер етеді» деді.

Біз бөтен тілдерде мінажат еткенде, өз санамызбен немесе түсінігімізге сүйеніп сиынбаймыз, қайта Құдайдың берген

түсінігімен соны істейміз. Киелі Рух біз арқылы Құдайдың еркіне сай мінажат етеді!

Біз бөтен тілдерде сөйлеу және Киелі Кітапты күнде оқу арқылы Құдаймен терең қатынаста тұра алатын боламыз. Сіз Құдайға арнап қандай уақыт мезгілін бөлесіз және қай жерде Онымен қатынас жасайсыз? Киелі Рух сізге деген сүйіспеншілігін қалай көрсетті?

Егер сіз Киелі Рухқа әлі уақытыңызды бөлмеген болсаңыз, не Онымен кездеспей жүрсеңіз, онда Оның сізге қай уақытта және қай жерде сізбен кездесіп, Өзінің сізге деген сүйіспеншілігін көрсетуін сұраңыз.

Сіз бөтен тілдерде сөйлеу дарынына немқұрайды қарап, соны жаныңыздың жаратпаған кезі болды ма? Олай болса? Не себептен болғаны? Осы тарауды оқып болған соң, сізге бөтен тілге дұрыс қарауға не көмектесті?

Егер сіз Киелі Рухтың дарынына немқұрайды қарап жүрген болсаңыз, онда сол үшін Құдайдан кешірім сұраңыз да, Оны өзіңізді Киелі рухқа толтыруын сұрап мінажат етіңіз.

Кейбір сенушілер қиналып, бөтен тілдерде тек бір-екі сөз ғана айтады. Сіз де осылай қиналып, сөйлей алмай жүрсіз бе? Олай болса, Киелі Рухтың сізге мына сөздерді айтатынын елестетіп көріңіз: «Мен сені қатты сүйемін. Сен Менің бергенімді пайдаланасың ба? Сен мені сүйіп, құрмет көрсетіп, осы берген сөздерімді айтатын боласың ба?. Сенің айтқан сөздерің көп болмаса да, *бұлар арамыздағы қатынасымыз үшін өте маңызды*». Сіз сол жайында ойланып, жауап беріңіз.

Сіз өзіңіздің бөтен тіліңізді басқа адамдардың тілімен ешқашан салыстырмаңыз. Киелі Рух сізге берген сөздерді айта беріңіз. Егер сіз шағын істе сенімді болсаңыз, Ол сізге үлкен іс береді. Мат 25:14-23 аяттарға қарап, сонымен қатар, 20-23 аяттарға ерекше көңіл бөліңіз.

Бөтен тілдерде сиыну арқылы ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰПИЯ-СЫРЛАРЫН ТҮСІНЕ БАСТАЙМЫЗ

Құдай Өз Патшалығы туралы сырларды білуді оларға емес, сендерге ғана бұйырған. Өйткені кімде біраз (түсінік болса) бар болса, соған тағзы беріліп, онікі асып-тасып кетеді. Ал кімде жоқ болса, оның өзінде бар дегені де одан алынып қойылады.

–Мат. 13:11-12

Иса бізге Құдай Патшалығы туралы Оның құпия-сырларын білу үшін мүмкіндік берілгенін айтады. Сіз соларды қабылдап, қалайша түсіне аласыз? Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста тұру арқылы ғана. Сіз Киелі Рухпен қатынас жасап, бөтен тілдерде мінажат ету арқылы Құдайдың құпия-сырларын түсіне аласыз. Құдаймен тығыз қарым-қатынаста тұрып, Освальд Чэмберс есімді уағыздаушы және жазушы өзінің «Оған барымды бағыштаймын» атты кітабында былай деді:

«Шынайы достың кім екенін қалай білуге болады? Ол сізге тек қайғылы сырларын ғана айта ма? Жоқ, олай емес. Қайта шынайы дос сізге қуанышты сырларымен бөлеседі. Көптеген адамдар сізбен өздерінің қайғылы құпияларымен бөліседі, қуанышты сырларымен бөлісу тек шынайы қарым-қатынастың нәтижесінде болады».

Киелі Рух сізге ең ғажайып қандай құпияны ашып берді? Оның ғажайып болуы себебі неліктен?

Сіз Киелі Рухпен өз ой-арманыңызбен, жан-сезіміңізбен бөлісез бе? Сіз Онымен өзіңіздің армандарыңыз туралы, неден қорқып жүргеніңіз туралы сөйлесіз бе? Шынайы достар солай жасайды. Сіз біраз тынышталып, Онымен ешкімге айтпаған өзіңізге аса қымбат сырларыңызбен бөлісіп алыңыз.

Егер сіз Киелі Рухқа жүрегіңіздегі арман туралы ешқашан айтпаған болсаңыз, Киелі Рухтан жүрегіңізді аша алмауының себебін түсіндіруін және содан азат етуі үшін көмек сұраңыз.

Құдаймен тілдесу дегеніміз бұл тек әшейін ғана сөйлей беру емес, сонымен бірге, Оны тыңдауды білдіреді. Екеу де орындаған жақсы. Егер біз Оны тыңдамасақ, онда Киелі Рухтың бізге не айтқысы келетінін ести алмаймыз. Чэмберс былай жалғастырып айтады:

«Біз қуанышты хабарды айтуы үшін Құдайға жол беріп тұрмыз ба? Әлде, өзіміздің қиыншылықтарымыз туралы Оған айта бергеніміз сонша, Оның бізге не айтқысы келетініне рұқсат етпейді екенбіз. Біз рухани өміріміздің басталуында Оған өз мұқтаждықтарымыз туралы ғана айтып жүреміз, уақыт өте келе, Құдай бізбен терең қатынаста тұрып, біздің Оның мақсатын орындауымызды қалайтынын түсіне бастаймыз. Біз Жаратқан Иенің құпиясын түсіне біліп, «Сенің еркін болсын» деп Иса Мәсіхтің мінажат еткеніне қарап, үлгі аламыз ба?».

Құдай бізге әр нәрсенің өз мезгілі бар дейді. Бұл мінажат ететін уақытта сөйлейтін әрі тыңдайтын

кездің болатындығын білдіреді (Уағыз 3:1-7). Киелі Рухтан: «Мен мінажат еткенде, тым көп сөйлеп отырмын ба? Мен Саған өзіме сырларымды ашуға мүмкіндік беріп отырмын ба? Өзім тынышталмай, Сенің не айтатыныңды ести алмай жүрген жағдайым болды ма екен? Егер болса, оның қандай болғаны?» деп сұраңыз. Енді, тынышталып, Оның сізге не айтатынын тыңдаңыз. Киелі Рух сізге не дейді?

Бұл менің мінажатым... Иеміз Иса Мәсіхтің Құдайы-салтанатты ұлылыққа ие Әке сендерге Өзін жақынырақ танып білуіңіз үшін Өзінің Киелі Рухы арқылы даңалық пен терең түсінік берсе екен деп Одан тілеймін. Ол көкірек көзіңізді оятып. Рухани нұрға кенелтіп, өзіңізді қандай үмітке шақырғанын, яғни өз халқына қандай керемет игіліктер сыйлайтынын, білсеңіз екен деп сиынамын. Сіз Құдайдың шексіз құдіретінің Иемізге сенуші біздерге қаншалықты күшті әсер ететінін ұқсаңыз екен деп те Одан тілеймін.

–Еф. 1:17-19

Рухта сиыну арқылы ЖАН-ДҮНИЕМІЗГЕ ТЫНЫШТЫҚ КЕЛЕДІ.

Ал Киелі Рухтың жемістері мынадай... тыныштық.

–Гал. 5:22

Тыныштық деген не? Соның не екенін шынайы түсінсек, бізге өте жақсы көмектеседі. Иса Мәсіхтің Киелі Рух арқылы беретін тыныштығы банктегі шотына, немесе зор денсаулығына, не жақсы үйге, не болмаса басқалардың алдында абыройлы болуға, не адамдармен дау-жанжалдың болмай жақсы қатынаста тұруына байланысты емес екен.

Құдайдың тыныштығы сыртқы жағдайларға байланысты емес. Бұл қиыншылық кездерінде тұрақты болу. Бұл қиынқыстау кездерінде рухани, тәндік және жан-сезімінің тыныштығын сақтауға қабілеті.

Сіз ойланып, өзіңізге келесі сұрақтарды қойыңыз. Мен тыныштық дегенді қалай түсінемін? Менің тыныштығымның тірегі неде? Тыныштық жайындағы менің түсінігімнің және Киелі Рухтың тыныштығының арасында қандай айырмашылықтар бар? Нені өзгертуім керек?

Біз Мәсіхтің құрбандығының арқасында Құдаймен татуластық. Киелі Рухқа кенелу арқылы Құдайдың тыныштығы жүрегімізден орын алды. Исаның Өзі былай деді:

«Мен сендерге амандық пен тыныштықты сыйлаймын, Өзімнің тыныштығымды беремін. Менің беретінім осы дүниенің беретін өткініші тыныштығы сияқты емес, сондықтан көңілдерің қобалжып, қорықпаңдар».

—Жохан 14:27

Біз Жаратушының бізге беретін тыныштығымен не істейміз?

«Иеміз Мәсіх сыйлаған тыныштық сендерге (спорт төрешісі ретінде) билігін жүргізсін! (сіздің жаныңызды мазалаған барлық мәселелеріңізді шешіп, тыныштық әкелсін). Ол сендерді біртұтас рухани дененің құрамдас мүшелері ретінде татулықта тұруға шақырды».

—Қол 3:15

Осы аятты мұқият оқыңыз. Киелі Рухтың сізге спорт төрешісі болғанда, Ол сізге не туралы ескертіп отыр?

Киелі Рухтың бізді жетелейтін басты әдістерінің бірі-жүрегімізге тыныштық бергені. Киелі Жазбада сол туралы бізге айтады: «Киелі Рух біздің рухымызға... растайды» (Рим. 8:16). Сізге дұрыс шешім қабылдауға Киелі Рухтың жетелеуі керек пе? Тынышталып, Рухта мінажат етіңіз. Және де Оның сізге сол жайында шынайы тыныштық беруін күтіңіз. Ол сізге не дейді?

Рухта сиыну арқылы

ҚҰДАЙДЫҢ ДАНАЛЫҒЫНА ИЕ БОЛЫП, ОНЫҢ БАҒЫТЫН ҚАБЫЛДАЙМЫЗ

*Ал егер кейбіреулері даналыққа мұқтаж болсаңдар,
Құдайдан сұраңдар, Ол береді. Тәңір Ие еш жазғырмай-
ақ бәріне жомарттықпен бере салады.*

-Жақып 1:5

Даналық пен бағыт беретін кім? Тек Киелі Рух ғана. Ишая пайғамбар Киелі Рух туралы: Ол даналық пен парасат, ақыл-кеңес пен құдірет дарытатын Рух деп айтады. Иса Киелі Рухты бізді бар шындыққа жеткізетін Ұстаз дейді. Біздің ұстазымыз қай жерді мекендейді екен? Өзінің киелі үйінде, яғни, біздің ішкі-дүниемізде. Егер сіз даналыққа мұқтаж болсаңыз, Рухпен және түсінікпен мінажат етіңіз, сонда Ол сізге қажетті жолдарды көрсетіп береді.

Тәңір Ие мен Киелі Рухтың біртұтас екенін ескеріп, төменде жазылған аяттарды мұқият оқып шығып, ойланыңыз.

«Сендерді Құтқарушы Жаратқан Ие, Исраил сиынған Құдай Иелерің былай дейді: сендерге пайдалыны үйретіп, түзу жолмен бастап алып жүремін».

—Ишая 48:17

«Сонда сендер жолдан оңға не солға қарай бұрылмақ болғанда, бір дауыстың арт жатқан; «Жолмынау, сонымен жүріңдер!» дегенін еститін боласыңдар».

—Ишая 30:21

«Мен саған ақыл-кеңес беремін, жүретін жолыңды

көрсетемін. Сені таса қылмай көзімнен, әрдайым жетелеп жүремін Мен».

–Забур 31:8

«Ал Әкем Менің атымнан Қамқоршыларың –Киелі Рухты жібереді. Ол менің айтқан сөздерімнің бәрін естеріңе салып, рухани өмірлеріңе керетігің бәрін үйретеді».

–Жохан 14:26

«Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді».

–Жохан 16:13

«Уа, Ием жолыңды көрсете гөр, еркіңе сәйкес жүруге үйрете гөр. Шындығыңа сай бағыттап, нұсқай гөр. Себебі Құтқарушы Құдайымсың Сен, күні бойы Саған үміт артамын мен. Кішіпейілді әділдікке бағыттайды, әрі тура жолын оған нұсқайды. Кім Жаратқан Иені терең кастерлейді? Таңдайтын жолын оған көрсетеді».

–Забур 24:4-5,9,12

Сізге даналық пен бағыт не үшін керек? Жұмыс істеу үшін бе? Денсаулығыңыз үшін бе? Өз отбасы мен бала-шағаңыз үшін бе? Қаражатыңыз үшін бе? Сіздің жағдайыңыз қандай болса да, мына нұсқау бойынша әрекет жасауға тырысыңыз:

- Құдайға өзіңіздің жағдайыңыздың айтып,оны шешіп беруге даналық сұрап, Оған өткен уақыттағы шешімін тапқан қиыншылықтар үшін алғыс айтыңыз (Фил. 4:6-7).
- Рухта мінажат етіңіз. Бөтен тілдерде Киелі Рухтың көмегімен қолыңыздан келгенше ұзақ мінажат етіңіз (Еф. 6:18, Рим. 8:26-27).
- Киелі Рухтан бөтен тілдерді түсіндіруін сұраңыз. Ол сізге рухани құпияларды ашып береді (Қор. 1 хат 14:13).
- Киелі Рухтың өзіңізге ашып бергенін жазып алыңыз.

Оның сізге кейде бірден емес, уақыт өте келе ашып беретінін білуіңіз керек.

- Киелі Рухтан ашылғанына қарай әрекет жасау үшін, Тәңір Иемізден рақымын сұраңыз.

Менің осы _____

_____ жағдайымда даналық пен бағыт керек.

Киелі Рухтың маған берген даналығы мен бағыты осы:

Рухта мінажат ету арқылы
КҮШ-ҚУАТ АЛЫП, РУХАНИ ӨМІРІМІЗДІ
НЫҒАЙТАМЫЗ

Бөтен тілдерде сөйлейтін кісі өз рухани өмірін нығайтады.

–Қор. 1 хат14:4

Шайтан сіздің бөтен тілдерде сөйлеуіңізге неге қарсы тұрады? Өйткені ол осы аятта жазылғандай, сіздің рухани өміріңізді нығайтып, күш-қуат алуыңызды қаламайды. Сіз рухани жағынан мықты сенуші болғанда, шайтанның патшалығы үшін қауіпті сенуші боласыз.

Автокөліктің аккумуляторы жаңа қуат алғандай, сіз де Рухта сиыну арқылы өз рухыңызды күшті қыласыз. Рухта сиыну күйзелісті, қорқынышты әрі неше түрлі жаман ойларды жоқ қылады. Сіз бөтен тілдерде сиынатын болсаңыз өзіңіздің рухани өміріңізді нығайтасыз. Мұны жай сөздермен айтып жеткізу мүмкін емес. Рухта мінажат ету арқылы Құдайдың құдіретіне жол беріп, Оның өміріңізге қатысуына мүмкіндік бересіз.

Жалпы алғанда, сіз Рухта қалай мінажат етесіз? *Жиі* ме әлде сирек пе? Егер өте сирек сиынатын болсаңыз, онда соның себебін жазыңыз:

Бөтен тілдерде мінажат еткенде, сіздің жан-дүниеңізде не болады? Өміріңізде Киелі Рухтың қандай жемісі мен дарындары пайда болды? Бөтен тілдерде сиыну сізге қандай жігер береді?

Сіз басыңызға қиындықтар түскенде не істейсіз? Өзіңіз Рухта мінажат еттіңіз бе? Тынышталып, былай мінажат етіңіз:

«Киелі Рух, маған қиындықтар келген кезде, мені оларға дұрыс қарауға үйретші. Мені Өз құдіретіне кенелдіре гөрші!».

Өміріңізде Киелі Рухқа мольнан өмір беру үшін ,Ол сізге не істеу керектігін айтады? Соны жазып алып, жүзеге асыруға талпыныс жасаңыз.

Шайтан сіздің бөтен тілдерде мінажат етпеуіңіз үшін неше түрлі ойларды жіберетіні сөзсіз. Ол барлық сенушілерге де соны істейді. Адамдардың бөтен тілдерде мінажат етпеуі үшін, шайтанның неше түрлі келтіретін кедергілері төменде жазылған. Сіз соларды біледі екенсіз. Өзіңіз білетін басқа кедергілерді жазып алыңыз және Құдайға сиынып, Киелі Рухтан Құдайдың құдіретіменен шайтанның қарсылығына жауап беруін сұраңыз.

Бұл Құдайдан емес, өзіңнен шыққан сөздер.

Бұл біртүрлі естіледі ғой.

Мұны ешқандай пайдасы жоқ.

Менің бөтен тілдерде мінажат етіп жатқанымды сезіп тұрған жоқ секілді.

Менің ауызымнан тек бір-екі ақ сөз ғана шығады.

Адамдар менің бөтен тілдерде сиынып тұрғанымды естісе, не деп айтады екен?

Егер сіз «Мессенджер сериес» пен бірге осы кітапты оқып жатқан болсаңыз онда бесінші бейне сабақты көріп алыңыз.

- 1 | Бөтен тілдерде сиынудың (Киелі Рухтың тілінде) артықшылығы өте көп. Сіз білетін барлық артықшылықтарды атап шығыңыз. Сізге қазіргі уақытта ең жақсы ұнайтын артықшылығы қандай? Соны айта аласыз ба?
- 2 | Құдайдың бізге бөтен тілдерде сөйлеу дарынының берген себептерінің бірі біздің өмірімізде не болып жатқанын шайтанды беймәлім ұстап тұрғаны. Шайтанға емес, тек Құдайға ғана бәрі айқын. Шайтан Киелі Рухтың сөйлеген тілін түсінбейді. Сіздің бөтен тілдерде мінажат етуіңіздің немесе басқа адамдар үшін рухта сиынып, өтініш жасауыңыздың арқасында шайтанның зымиян ниеттерін талқандағаныңыз жайында бөлісе аласыз ба?

Топтардың жетекшілеріне: Осы аяттарды келітіріп, талқылаңыз Лұқа 10:19; Еф. 6:10-18; Қор. 2 хат 10:3-5; Мат. 11:12; Аян 12:11

«Киелі Рух арқылы әрдайым Құдайға сиынып, барлық өтініштеріңді айтып, рухани сергек те шыдамды болыңдар: Құдайдың бүкіл халқы үшін мінажат етіңдер».

–Еф. 6:18

- 3 | Біз қиын жағдайда даналыққа мұқтаж болған кезімізде, Киелі Рухпен сиыну бұл Құдайдың бағытын қабылдаудың кілті іспетті болады. Нақыл сөз.20:5; Қор. 1 хат 14:13 және Жохан 7:38-39 аяттарды мұқият оқыңыз. Біздің жүрегімізде тасаланып жатқан Құдайдың

кеңесін бөтен тілдерде мінажат ету арқылы қалай сарқып алатынымызды сипаттап беріңіз.

- 4 | Киелі Рухпен үздіксіз қатынаста тұру арқылы бізге жасырын болған құпиялар ашылады. Бұл құпиялар қай қауымға баруға, кімге үйленіп немесе тұрмысқа шығуға, қай жұмысқа орналасуға, қандай үй сатып алуға, қалай жақсы ерлі-зайыптылар болуға, жұмыста болып жатқан мәселелерді шешуге қатысты болады. Сіз қарсы болмасаңыз, шешілмей жатқан қиындықтардың Киелі Рухта мінажат ету арқылы қалай шешілгені жайында айтып беріңіз.
- 5 | Қор.1 хат 14:15 аятта Рухта және санамен мінажат етудің маңыздылығы айтылады. Санамен яғни түсінік алып мінажат етудің артықшылықтары қандай? Киелі Рух арқылы мінажат ету бізге нақты түсінікпен сиынуға қалай көмектеседі?
- 6 | Сал. 1 хат 5:17 бізге «үздіксіз мінажат етуге» нұсқайды. Енді, біздің жиырма төрт сағат бойы сиынуымыз керек пе әлде бұл жерде мүлдем басқасын туралы айтылады? Сал.1 хат 5:16-19 аяттарды мұқият оқып, Құдайдың сізге не айтып жатқанын топтарда талқылаңыз.
- 7 | Киелі Рухқа кенелген кейбір сенушілер, Оның ерекше дарынын қабылдамаған бауырластарын төмендетіп, оларды менсінбейді. Сізге адамдардың қараған уақыттары болды ма? Егер олай болса, сіздің Құдаймен және басқа бауырластармен қарым-қатынасыңызға қандай әсер етті? Ал сіз өзіңіз біліп тұрып, немесе білместіктен басқаларға осылай қарадыңыз ба? Біздің Киелі Рухқа кенелген кезімізде, өзімізге қалай қарауымыз керек?

ТАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

- Киелі Рухпен терең сырластық қарым-қатынаста тұрып, сонымен бірге бөтен тілдерде мінажат ету үшін, белгіленген уақыт пен жердің болуы тиіс.
- Кейбір адамдар бөтен тілдерді жөнді пайдаланбағандықтан, соны тежемей, бөтен тілге немқұрайды қарамаңыз.
- Сіз бөтен тілдерде сиынғанда, Құдайға арнап құпияларды айтасыз. Құдайдан сізге не сөйлеп тұрғаныңыздың түсінік беруін сұраңыз.
- Құдайдың құдіреті тек кішіпейілділерге ғана қонады. Кішіпейілділік Құдайдың құпия-сырларын есігін ашады.
- Біз Құдайдың даналығына мұқтаж болғанда, Оны тереңірек мадақтағымыз келген уақытта, немесе басқа адамдар үшін сиынып, өтініш жасаған кезде, Киелі Рухта мінажат ете аламыз. Киелі Рух біздің осыны істеп жүргеніміздің қабілеттерін одан да арттыра алады.
- Біздің жүрегімізде тыныштықтың болуы, Киелі Рухтың жетелеуінің нәтижесі болып табылады. Біз Рухта сиынып, тыныштыққа ие болғанда, Киелі Рух жүрген жолымыздың дұрыс екенін рухымызға растап, әрі қарай осы бағытта қадам басатынымызды айтады.
- Бөтен тілдерде мінажат ету арқылы жаңа қуат алып, рухани өмірімізді нығайтамыз. Күнде Киелі Рухтың тілінде мінажат етуге уақыт арнап, шешім қабылдаңыз.

ҚОСЫМША ТАРАУ

СҰРАҚТАРҒА БЕРІЛГЕН ЖАУАПТАР

Бұл тақырып Джон және Лиза Бивердің сұхбаттан көшіріп жазылған. Бұл сұхбат, Киелі Рух: Кіріспе деген кітаптың Мессенджер Сериестің бір бөлігі болып, аудио және бейнетаспаға жазылыған.

Лиза: Сіз кейбір сенушілер өз қауымдарында жақсы аухалды болдыруға тырысқаны соншама, Киелі Рухтың Өзіне менсінбей қарай бастайды деп айттыңыз. Көптеген қауымдар, Киелі Рухты шақырғысы келіп, алайда Оның түсініксіз әрекеттеріне жақтырмай, қызметтегі жиналыстың созылып кетуін қаламайды. Сіз сол жайында не дейсіз?

Джо: Сіз Одан сұрау керексіз. Мен жоғары тарауларда айтып кеткендей, Киелі Рух ешқашан адамның еркіне қарсы шықпайды да, оны мәжбүрлемейді де. Ол біздің бірінші бастауымыздың қалайды.

Мен талай рет қауымдарда қызмет етіп, адамдар теріс жолдан қайтуға шешім қабылдап, алдына шыққанда, Киелі Рухқа «Олардың жүректерін жұмсартшы» деп айтамын. Сонда біраз уақыттан кейін, Киелі Рух Өз құдіретін анық көрсетіп, жүректерінде жұмыс істегеннен кейін, сол адамдардың бәрі жылай бастайды. Маған осы сәт қатты ұнайды, себебі Киелі Кітапта көктің құдіретінің дәмін татып алу жайында айтылады (Евр.6:1-6). Адамдардың көктің құдіретінің дәмін татып алып көргеннен кейін, Исадан кетіп қалуы қиын екендігін түсіндім.

Бірде, мен Киелі Рухтың құдіретін көптен бері көрмеген үлкен қауымда болып қызмет еттім. Бір жиналыста Киелі Рухтың құдіреті анық көрінді. Адамдардың бәрі жылап, Құдайдың

оларға әсер еткені күшті болды. Содан кейін, Тәңір Ие маған: «Мені мадақтап, алғыс білдіретін уақыт келді» деді. Сонда, біз Құдайды мадақтап, қызметімізді тамамдадық. Қызмет біткен-ақ, қауымның бағушысы маған келіп былай деді: «Мен, қазір біз тағы бір сағат осында болап тұрып, баяғыда болғанындай, неше түрліні көретін боламыз деп ойлап едім.... Бірақ, Құдай сізді қалай жетеліп жүргені күшті болды. Сіз Құдай Өзінің жұмысын бітірді деген кезде, мен де осыны сездім де, Құдайдың мақсаты жүзеге асқанын түсіндім. Сіз қызметімізді осымен тамамдаймыз дегенде, Құдайдың Рухы екі-ақ минуттың ішінде Өз құдіретін көрсетіп, адамдардың жүректеріне күшті әсер етті.

Лиза: Джон екеуіміз осы жайында бағана сөйлестік. Кейде, бізде қауымда уағыздауға тек отыз бес минут бар екен. Сонымен, біз тек қана отыз бес минуттің ішінде уағыз айта аламыз. Отыз бес минуттың ішінде уағыздағанымыздың орнына-

Джон: Отыз минут уағызда.

Лиза: Отыз минут уағыз айтыңыз. Немесе уағыздың ортасында Киелі Рухтың әрекетін жасауына мүмкіндік береніз. Киелі Рухқа Өз жолымен әрекет жасауға жол беріңіз. Кейбір кезде, уағыздаушылардың көпшілігі, барлығын айтуға тырысатыны сонша, Киелі Рухқа жол беруді ұмытып қалады.

Лиза: Сіз бізді Киелі Рухтың Өзімен толтыратынын нені білдіретіні жайында көп айтып едіңіз. Ал Оның бізге бір нәрсені істеуге рұқсат етпейтіні туралы не айта аласыз? Бұл қалай болады?

Джон: Қол. 3:15 аятта былай жазылған: «Иеміз Мәсіх сыйлаған тыныштық сендерге билік жүргізсін». Рим 8:14 аятан осыны оқимыз: «Өйткені Киелі Рухының жетелеуімен жүретіндер-Құдайдың рухани балалары» Осы балалары деген сөз, грек тілінде хьюос болады, оның мағынасы «ер жеткен» ұлдар және қыздар дегенді білдіреді. Барлығы емес, тек кейбір сенушілер ғана Киелі Рухтың жетелеумен жүреді. Көптеген сенушілер сезімнің, ақыл-сананың, жағдайдың жетелеумен жүреді. Құдай тек ер жеткен ұлдар мен қыздар ғана Киелі

Рухының жетелеуімен жүре алатынын айтады. Киелі Рух бізді қалай жетелейді? Ол Өзінің шындығы арқылы рухымызды куәландырады. Басқа сөзбен айтқанда, мен бір қалаға барғым келеді дейік, бірақ шешім қабылдайын десем, рухымда біртүрлі сезім болып, сол жайында көңілімде тыныштық болмайды.

Лиза: Сіз кем дегенде бір рет баруға болмайтын жерге барып пе едіңіз?

Джон: Әрине, барған едім.

Лиза: Сіздің барғаныңыздың нәтижесі қандай еді?

Джон: «Бұдан былай мұны ешқашан істемеймін» деп өз-өзіме айттым. Мен тыйым салған жерге баруымның нәтижесінде қиындыққа ұшырадым. Егер менің жүрегімде тыныштық болмаса, соны істемеу керектігін жақсы ұқтым. Мен бір жерге баруға сөз беріп, ал жүрегімде Құдайдың маған бармау керектігін айтқанын нақты естіп, талай рет тындамай қойған жағдайлар болған. Мен Оған: «Құдай, Сенің Сөзінде адамның өз айтқан сөзіне адал болып, соны өзгертпеу керек» деп жазылып пе еді? Менің сол кездесуге баруым керек қой. Сен мені қорғайсың ғой!» деп айттым. Құдай маған қарсы тұрған жоқ. Менің барғанымның соны жақсылыққа апармады, алайда Құдай мені аман-есен сақтап жүргенін сездім.

Бірақ, менің жүрегімде тыныштық болмағанын байқағаным жөн болар еді. Құдайдың сізді қалай жетелейтінін түсіне алады екенсіз. Сіз Киелі Рухпен қатынас жасаған сайын, Оның жетелеуін сезетін боласыз.

Лиза: Сіз Йонги Чо әрі оның қызметін және оның бөтен тілдерде сиынып, Киелі Рухқа кенелгенін туралы айтып едіңіз. Йонги Чо Киелі Рухқа уақыт арнау үшін көптеген адамдардың соны түсінбей, көп нәрселерге «жоқ» деп айтатынын білемін. Киелі Рух біздің өмірімізде қолымыздан келмейтін кереметтерді жасау үшін, өз күшімізбен істейтінімізді құптамайды.

Джон: Сіз Елшілердің істеріндегі екінші тарауда Исаның шәкірттерінің Киелі Рухқа кенелгенін көресіз. Одан кейін

Петірдің тағы Киелі Рухқа кенеліп, парызшыларға сөйлегенін байқамыз. Елш. 4:8, және де басқа сенушілердің де Елш.4:31 аятта Құдайдың Рухына кенелгенін көреміз. Киелі Рухқа тек бір-ақ рет емес, әрқашанда кенелуге болады. Көктегі Әкеміз бізге: «Арақ-шарап ішіп, мас болмаңдар, бұл жүгенсіздікке апарды. Қайта, Киелі Рухқа кенеле беріңдер» деп айтады (Еф. 5:18). Біз әрқашан Киелі Рухқа тола беруге құштар болуымыз керек. Ерлі-зайыптылардың арасында нәзік жан-сезімі болып жатқан кездері болады және солар бір-бірінен алыстап кеткендей болып, бір-біріне жақын болуға күш салатын кездері де болады.

Лиза: Иә, әрине сіз өзіңіз құштар болуыңыз керек.

Джон: Иә, бұл үздіксіз болу керек. Сондықтан, Киелі Рухқа тола беріңіз. Өйткені, Оған кенелу бұл өмір бойы бола беретін үдеріс. Сіз Киелі Рухқа кенелген кезде, Құдайға арнап рухани ән-жырларды айта бастайсыз (Еф. 5:18-20). Мен осы аптада көп рухани өлеңдерді айтып жүрмін.

Лиза: Теледидарды сөндіру керек.

Джон: Иә, әрине, сөндіру керек.

Лиза: Оған жақындауға сізді алаңдататын нәрселерді алып тастау керек.

Лиза: Киелі Рухтың дарындарын кім пайдалана алады, тек қызмет етуге шақырылғандар ғана ма әлде кез келген сенуші ме?

Джон: Кез келген сенуші Киелі Рухтың дарындарын пайдалана алады. Егер біреу Құдайдың кереметіне мұқтаж болса, сол керемет жасайтын дарын кез келген сенуші арқылы көрінуі мүмкін. Кейбір адамдарға Құдай ерекше дарындарды береді сонымен, олар қай жерге барса, сол жерде осы дарындарын пайдалана алады. Лиза екеуіміз жүрек ауруын сауықтыратын дарыны бар бір қызметшіні білеміз. Жүрегі ауратын адамдар дүниенің төрт бұрышынан сол адамға келіп, сауығып кетеді. Осы сауықтыратын дарын оған арнайы шақырылған қызметке берілген еді.

Менің тағы бір досым бар. Оның кішкентай баласы ваннадағы суға батып кетті. Әлгі бала қырық бес минут жансыз

жатып, өлі күйде болған еді. Менің досым: «Мен жарты сағат бойы мінажат еттім де, бірақ түк те болмады. Дәрігерлер де ештеңе істей алмады. Кенеттен, менің басымның төбе жағына бір нәрсе соғылғандай болды. Біреу менің көзім арқылы қараған секілді болды да, өзімнің балама: «Сен өлмейсің, тірі боласың!» деп айқай салып дедім» деп әңгіме айтты. Сонда оның баласы өлімнен қайта тірілді. Сол адам оның үстіне ерекше сенім дарыны қонған деп ойлайды. Осы дарын сол кезде өте қажет болды.

Лиза: Өлгі кісі Құдайдың қызметшісі емес пе еді?

Джон: Ол полицияның офицері болған.

Лиза: Ол қауымның жетекшісі болған жоқ па?

Джон: Ол өмірінде бір рет ғана қауымда уағыз айтқаннан кейін өз үйіне келді.

Лиза: Менің айтатыным.....

Джон: Кез келген сенуші рухани дарындарға ие бола алады.

Лиза: Киелі Рухқа әр кезде кенеліп жүретін сенуші....

Джон: ерекше ауруларды сауықтыратын дарынды күтудің қажеті жоқ. Иса бізге: «Сенушілер Құдайдың құдіретін көрсететін мынадай кереметтерді істемек: олар Менің атыммен ауру адамдардың үстіне қолдарын қойса, олар сауғып кетеді» деп айтты (Марқа 16:17-18). Егер біреу сеніммен мінажат етсе, сол ауру адам сауығып кетеді деп білдіреді. Құдай Өз Сөзін құрметтегендіктен, осыны істеген адамды да құрметтейді.

Лиза: Бағушыңыздың сізді қашан ортаға шақыратынын күтудің қажеті жоқ. Сізге қауымда біреуді бұрышқа қалжыратып қуудың қажеті жоқ. Сіз күнде Құдайдың құдіретін қабылдай алады екенсіз. Егер Киелі Рухтан сіздің біреуге Құдайдың сөзін айтуға, не біреуге қол тигізіп, оған мінажат етуге, немесе жомарт болып, барыңызды кедейлерге үлестіріп беруге, жүрегіңізге түрткі-қалау салған болса соны істей беріңіз. Бәлкім, біз жомартты болып, біреуге көмектесуден бастауымыз керек шығар. Бұл Құдайға ұнамды болады. Соны істейік.

Джон: Мұқтаждарға жәрдем үлестіріп беру дарыны-Киелі Рухтың дарындарының бірі.

Лиза: Біз Киелі Рухтың Исаны көрсетуге келгенін білеміз. Соңғы жиырма жылдың ішінде қауымдарда адамдардың Киелі Рухқа кенеліп, сілкілеп, қатты күліп,жерге аунап жатқанын талай рет көрдік. Осы әрекеттердің барлығының Исаны көрсетуге қандай қатысы бар?

Джон: Киелі Кітап бізге өзгеше,әдеттегіден тыс белгілер жайында айтады, сонымен солар тек азғана уақыт болады. Ерекше белгілердің кездері болғанының мақсаты, жұрттың назарын Исаға аударту болды. Маған құдірет көрсететін Құдайдың Өзіне емес, тек кереметтеріне бола тұра, адамдардың соны ғана іздейтіні қатты ұнамайды.

Бірде мен Сингапурда болдым, сауықтыратын дарыны бар бір Ізгі Хабар уағыздаушы, менің қызмет еткен қауымға келді. Оның адамдарды еріксіз күлдіртетін дарыны болған. Біздің қызмет жиналысымызда, Құдайдың Өзі осы үлкен қауымнан кетіп қала жаздаған сияқты болды. Кенеттен, адамдардың барлығы да қатты күле бастады, бұл терезені шегемен сықырлатқаны сияқты, рухымда осыны сездім.

Лиза: Сонымен, бұл дұрыс болып, бірақ қолайсыз уақытта болған шығар?

Джон: Мен оған: «Тоқтаңыз! сіздің істегеніңіз Құдайға ұнамды емес. Сіз Киелі Рухтың жетелеуімен жүріп жатқан жоқсыз! Құдай осыны істейін деп жатқан жоқ. Құдай осы жиналған адамдардың жүректеріне әсер етіп, Жаратқан Ие олардың терең қастерлеуді күтеді. Енді біз Құдайдың Рухы қайтадан келіп, бізге қызмет етуіне үміт етуіміз керек»деп қарсылық білдірдім. Мен тағы да оларды мінажат еткіздім. Киелі Рух бізге келіп, адамдардың жүректеріне қайтадан әсер еткен кезде, олардың барлығыда жылай бастады.

Осындай жағдай болған кезде, адамдар Құдайды іздеуге емес, неше түрлі «көріністерін» іздеп, өздерін «рухани

күштіміз» деп көрсеткісі келеді. Ерлі-зайыптылар өздерінің сырлас қатынастарын ешкімге көрсетпейді емес пе? Сондықтан, Құдай адамдармен сырластық қарым-қатынасты жасап, оларға құпияларын ашып бергеннен кейін, олар осының бәрін ашып көрсетіп: «Біздің осындай рухани адамдар екендігімізге қараңдар» деп, олар осының бәрін ашып көрсетіп мақтанған сияқты. Мен Киелі Рухпен қарым-қатынаста тұрған сайын, Оның маған ашқанын да, бергенін де қатты бағалап, басқаларға құпия сырларын білдіртпей, жүрегімде сақтап, Оны тежемей, қайта терең қастерлеуге үйрендім. Киелі Кітап бізге Киелі Рухтың жұмысын тежемеу керектігін айтады (Сал.1 хат 5:19-21). Біз Киелі Рухтың жұмысын қалай тежеп кетеміз? Оның құдіретін әрі дарындарын тежеп жүрген кезде. Олай істемей, қайта құрмет көрсетіңіз. Оған жай ғана маңызы жоқ күш ретінде қарамаңыз.

Лиза: Мен біз Құдайды шақырып, Ол не істейін десе соған жол беруіміз керектігін айтқым келеді. Киелі Рухтың кейде бізге ыңғайсыз жолмен, әрі қолайсыз уақытта, ешқашан адамдарды мәжбүрлемей, не ушықтырмай Өзінің жұмысын істейтінін байқадым. Оның істеп жүргені адамдарға емес, Құдайға назарын аудартады.

Бірде, мен әр түрлі деноминациядан келген сенушілермен жиналыста болдым. Олардың Киелі Рухтың адамдарға шынайы көрсеткен құдіреті жөнінде жақсы пікірде болған жоқ. Сонымен, Құдай өздерін бұрын жарылқағандай, олардың өмірлеріне батасын беруін күтіп жүреді. Біз Киелі Рухтың анық көрсеткен құдіретін мазақ етпеуіміз керек. Біз Киелі Рухтың бар нәрсені сеніммен иемдегіміз келеді. Біз соларды Құдайдың жарылқауымен ғана қабылдағымыз келеді.

Лиза: Адамның жүрегінде тыныштық болып, бірақ осы тыныштықтың Құдайдан еместігі болуы мүмкін бе?

Джон: Иә, болуы мүмкін. Егер сіз Езекиел 14 тарауды оқысаңыз, Құдайдың жүректері пұттарға бағышталған Исраил халқы туралы айтқанын көресіз. Осы пұт қандай болған? Жаңа

Өсиетте ашкөздік деген жалған тәңірлерге табынуымен бірдей деп жазылған (Қол.3:5). Бұл бір нәрсені әділетсіз жолмен тартып алу. Пұттарға берілген адамдар біреуге келіп: «Құдай маған Сөзін арнап сөйлесін деп мінажат етіңізші» деп сұрайды. Құдай оларға: «Сондықтан Мен, Жаратқан Ие, оларды өздерін арамдайтын жалған тәңірлерінің молшылығына сәйкес жазалап, жауабымды беремін» (Иез. 14:4) былай деген. Мен Құдайға барып, бір нәрсе сұрағанда, жүрегім таза екенін тексеруім керек. Мен жүрегімді тексермей, Құдайдан сұраған кездерім де болды. Осылай әрекет еткендігінен, жүрегімде тыныштық болса да, бірақ оның Құдайдан емес екендігі белгілі болған. Соның нәтижесінде қайғылы жағдайға түстім.

Сол себептен, Лиза екеуіміз бірге кездесіп жүре бастағанда, екі басқа қалаларда тұрғанымыз жақсы болды. Құдайдың еркін сұрап, арамыздағы қатынасымызды жалғастыру керек пе деп отыз күн бойы мінажат етуге шешім қабылдадық. Оның маған тартымды болғаны соншама, оның тартымдылығына карамауға жиырма бес күн күрестім. Құдайдың маған: «Ол қыз сенің қызың емес» дегендей естуге дайын болдым. Себебі, Оның маған басқа біреуді дайындайтынын білдім, сондай-ақ Лизаға да басқа адамды қарастыратынын түсіндім. Мен жан-сезімді тынышталдырып алғаннан кейін, Құдайдың маған не айтатынын ести алатын болдым. Егер мен мінажат етіп, жан-сезімнің билігінде болсам, онда соны тынышталдырмайынша Құдайдың Сөзін оқып, мінажат ете беремін. Менің иә, болады немесе жоқ, болмайды, анық естуім керек, себебі егер мен басқа нәрсеге қарап, соған сүйенсем, жүрегімде жалған, Құдайдан келген емес тыныштық пайда болады.

Лиза: Біз өмірімізде былай болады, не сол жерде болады, не сол уақытта болады деп талай рет ойлап, бірақ соның мүлдем басқаша болғанын көрдік. Бірақ, біз «Құдай, Сенің қалағаныңдай болсын» деп осыған мойынсұнуымыз керек.

Сіз Киелі Рухтан келетінін білу керек деп айтасыз. Мен Нюртюр кітабын оқығанда, интуиция деген сөзіне қарадым.

Осы сөз екі латын сөздерінен құралады, бұлар ин және теуор деген сөздер, соның екеуінің мағынасы «ішкі мұғалім». Киелі Рух біздің ішкі дүниеміздегі ұстаз. Ол бізге жана жүрек беріп, біздерді үйретеді (Езекиел 36:3 аятқа қараңыз).

Лиза: Адамдардың көзінше бәрі де жақсы болып көрінгенмен, ішінде жаман сезінетін жағдай да бар. Сол жайында айтып бере аласыз ба?

Джон: Сырттан қарағанда, бәрі жақсы болып көрінген болып, алайда рухымда жаман сезім болып, ішкі ұстазын тындамаған кезде, мен талай рет тұзаққа түскендей болдым.

Лиза: Сіз көзге көрінетін жағдайға қарап, мұны істегенім дұрыс болар деп ішкі куәлікке көңіліңізді бөлмеген шығарсыз?

Джон: Иә, ішкі куәлік - Киелі Рухтың Өзі болғаны екен. Сонымен бірге, қиындыққа ұшырауымның болған себебі, сенің ақыл-кеңесінді тындауға көнбегенім.


Мен ерлі-зайыптыларға мынаны айтқым келеді. Біз үйленген кезде, өзім бір сағаттан көп, немесе жарты күн мінажат ететінмін, бірақ, таңертең жуынатын бөлмеде душқа түскенде, Лиза небары он-ақ минут мінажат ететін еді.

Лиза: Өйткені, мен де күні бойы жұмыста едім.

Джон: Мен Лизаға «осыны істеуіміз керек» немесе «мынаны істеуіміз керек» деп жиі айтқан едім. Бірақ, оның жауабы «жоқ, осыны істеу керек деп жүрегім сезіп жатқан жоқ» деп еді. Лизаның айтқаны дұрыс екенін біліп, көңілім бұзылып кететін.

Бір күні мен Құдайға мінажат етіп, былай дедім: «Мен бір сағаттан көп, немесе таңертең біраз уақыт бойы мінажат етемін, ал Лиза жуынатын бөлмеде шайынып, оң-ақ минут сиынса да, оның әрқашанда дұрыс болады екен. Неге?».

Құдай маған: «шеңберді сызып ал» деді. Мен қағазда шеңберді сызып алдым да, Құдай маған тағы да: «Х әріптерін шеңбердің ішінде жазып қой» деді, сонда мен шеңбердің бәрінің ішіне Х әріптерін жазып қойдым. Одан кейін, Құдай маған: «шеңбердің ортасындағы сызықты сызып ал» деді. Мен соны да істедім.



Сен Х әріптердің жартысын шеңбердің бір жағында, ал қалған жартысының шеңбердің басқа жағында екендігін байқадың ба? Сен бойдақ болған кезде, Менімен ғана тығыз байланыста болып, өз-өзіңмен жүрдің. Бірақ, Лизаға үйленген кезде, сендер екеуің біртұтас болдыңдар, сонымен, осы шеңбер сендерді бейнелейді. Сен шеңбердің сол жағысың, ал ол- оң жағысы екен.

Сонда Құдай маған: «Сен осы Х әріптерінің не екенін білесің бе? Осы әріптер дұрыс шешім қабылдау үшін, Мен өзіңе білдіретін мәліметтерді білдіреді. Сен мәліметтердің жартысына ғана сүйеніп, шешімді қате қабылдайды екенсің. Сен толық мәліметті біліп алу үшін, өз жұбайыңнан сұрауың керек. Сонда сен отағасы болып толық мәліметке қарап, дұрыс шешім қабылдайтын боласың»деді.

Осы рухани ішкі түйсік(интуиция)маған тыныштық бермей, шешімді дұрыс қабылдамауды тоқтатпақшы болды. Және де Лизаның айтқанына қарамай, бірақ рухымда оның айтып жатқаны Киелі Рухтан келгенін сезіп жүрген кездерім де болды. Неге? Өйткені, Киелі Рух біздің рухымызға осы бағыттың дұрыс екендігін куәландырады.

Лизаның айтқандарының қателіктері де болады, оның айтқаны сенімге емес, қорқынышқа негізделетін болды. Бірақ, бұл өте сирек болады. Дегенмен, Лизаның айтқандарының барлығының да көбінесе,дұрыс екендігін менің рухым сезеді. Егер мен осы ішкі куәлікке назар аудармайтын болсам, кейін таяқ жей бастаймын.

Лиза: Джон мені мақтап жатыр екен. Менің айтатыным осы: егер Құдай бірдеңе айтса, Оның айтқанына толық сенім артуға болады. Зерттеушілер адамның рухын біліп қоюдың қиын емес екенін айтады. Біз асығып, өз ақыл-санамызға сүйеніп, бір нәрсені бастаған кезде, өзіміздікі дұрыс деп жүреміз. Бірақ, Құдайдың бізді жетелейтініне күмәнданамыз. Құдай бізге айтқан кезде, соған сүйеніп әрекет жасауымыз керек.

Таяуда мен автобуспен, адамдармен бірге, бір жерге бармақшы болдық. Негізінде мен, автобустарды жек көремін. Біздің тобымыз автобуска мініп, әуежайға ұзақ жол жүретін болды. Біз кетейік деп жатқан кезімізде, бір әйелді іздеумен болдық. Біз оны іздедік, бірақ таба алмадық.

Ақырында, біз осы әйелді такси тұрған жерде, артымыздан қолын сілтеп, бізді қуып жүргенін көрдік. Мен оған ашуланайын деп едім. Бірақ мен оны бір көргеннен, жақсы көріп қалдым. Бұл жүректегі байланыс болды.

Құдай бізге осындай байланыс туғызады. Адамикөзқараспен қарағанда, оны жақсы көретінімің себебі де болмаған еді, бірақ арамызда Құдайдың сүйіспеншілігі пайда болды. Мен бүгін одан мазмұны ұзын болып жазылған хат алдым. Ол маған былай жазды: *«Сіз мені бірден жақсы көргендіктен, Құдайдың мені қатты сүйгенін терең сездім»*. Сыртқы жағдайға қарамағанда, қайта Құдайдың бізді жетелеуінде жүрсек, осындай нәтижені көретін боламыз.

Джон маған: *«Осы кісі жайында өзімді бір түрлі сезініп жүрмін»* деп ескертетін жағдайлар да болды. Бірақ, мен оған: *«Жаным, сен әйел емессің ғой. Сен менің білетінімді, білмейсің...»* деп оған көнбей жүрдім. Ол маған осылай үш-төрт рет ескерткен болатын, мен оны тыңдамаған кезде, опық жедім.

Джон: Мен былай айтам: Елшілердің істерінің 15 тарауында Пауыл мен Барнаба басқа ұлттардағы сенушілердің Мұса заңын орындау мәселесі бойынша қарама-қайшылықты шешуге тиісті болды. Сол жердегі сенушілердің қауымы оларды Иерусалимге

елшілер мен қауымның ақсқалдарымен кездесуге жіберді. Неге Пауыл мен Барнаба осы сұрақты өздері шеше алмады? Неге олардың Иерусалимге баруы керек еді? Өйткені, қай жерде бірлік болса, сол жерде күш және бағыт болады. Бірлік бар жерде тірлік бар. Сол себептен, ерлі-зайыптылардың бірігіп, ақылдасып, тек қана бірге қадам жасаулары керек. Біз бірліктің арқасында, Құдайдан нақты жауапты қабылдай аламыз.

Лиза: Киелі Рухтың дарындары мен Оның жемістерінің арасында қандай айырмашылық бар?

Джон: Киелі Рухтың дарыны бұл Құдайдың біреуге берген сыйлығы. Оны дамыту немесе арттырудың қажеті жоқ. Сол дарын автоматты түрде әрекет көрсетеді. Адамға соның бір нәрсесін ғана арттыру керек яғни, соны дұрыс қолдану. Бірақ, Киелі Рухтың жемістеріне келетін болсақ, бұл мүлдем басқа нәрсе екен. Жемістерді күтіп-бағып, өсіру керек. Дарындар беріледі, ал жемістер өсіріледі.

Киелі Рухтың жетелеуімен жүрудің нәтижесі, Оның жемістерінің пайда болғаны. Сіз Киелі Рухтың жетегінде жүрген сайын, өмірлеріңізде қуаныш, тыныштық, сүйіспеншілік, шыдамдылық арта береді (Ғал. 5:22-23 аяттарға қараңыз). Сіз Киелі Рухпен бірге жүргендіктен, осы сүйіспеншілік, қуаныш, немесе тыныштық өзіңізден «ағылып, төгіледі». Бұл біздің жеке өмірімізге қатысты. Киелі Рухтың жемістері сізді қызметіңізде рухани құлаудан сақтайды. Ал Киелі Рухтың дарындары, қызметіңіздің меншігі болып табылады. Өкінішке орай, көптеген адамдар, Киелі Рухтың жемістеріне, Оның дарындарына ғана ие болуға ұмтылады.

Мен Құдайға былай мінажат еттім: «Уа, Құдай, мен өмірімде Киелі Рухтың жемістерін өсіріп алғанының орнына, маған берген Киелі Рухтың дарындарымен алмастыруын қаламаймын» Адамдар өз өмірлерінде, Киелі Рухтың дарындарына ғана ие болуға ұмтылып жүріп, рухани құлап кеткендіктен мен өмірімді жақсы аяқтау үшін мінажат еттім. Киелі Кітап бізге былай дейді: «Сүйіспеншіліктің жолын қуындар! Рухани

дарындарға ие болуға ұмтылыңдар» (Қор. 1 хат 14:1). Адамдар сүйіспеншіліктің жолын қумай, тек рухани дарындарға ие болуға тырысады.

Киелі Рухтың дарындарын, жемістері сияқты өсіріп, дамытудың қажеті жоқ, ақырында, солар адамның өмірін құртуы мүмкін. Исаға опасыздық жасаған Яһуда жындарды қуып шықса да, ауру адамдарды сауықтырса да, соған қарамастан, ол тозаққа түсті. Иса сол кезде: «*Сол кісі дүниеге келмегені жақсы болар еді-ау!*» (Мат. 26:24) деп айтқан. Яһудада Киелі Рухтың дарындары болғанымен, Киелі Рухтың жемістерін, яғни Құдайға ұнамды мінезін дамытқан жоқ.

Лиза: Кейбір адамдардың өмірлерінде Киелі Рухтың дарындары ерекше көрінеді, алайда олардың мінездері өте жаман, бұл қалай екен, айтып түсіндіре аласыз ба?

Джон: Балағамның өміріне қараңыз. Балағамның пайғамбаршылық сөздерін жеткізу дарыны болған. Оның айтқан пайғамбаршылығы, Киелі Кітапта жазылған екен! Оның сөйлеген сөздері Құдайдан келген болған. Сонда да, Құдай Балағамның Өзіне мойынсұнбағандықтан, ираилдіктерге оны семсермен өлтіруді бұйырды. Саул Патша жынданып кеткен адам болатын. Бір күні, ол Құдай майлаған Дәуітті өлтірмекші болды. Соған қарамастан, ол бір күні пайғамбарлардың ортасына түсіп, пайғамбаршылық сөздерін айта бастады (Патш 1 жазба 19 тарауға қараңыз).

Адам Киелі Рухтың дарындарына ие болса да, Құдайға ұнамды өмір сүріп жатқанының көрсеткіші еместігін түсінуіміз керек. Иса былай деді: «Көптеген адамдар қиямет соты күні, Маған: «уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбек пе едік? Сенің атыңмен жындарды қуып шығарып, көптеген кереметтер жасамап па едік?»-деп жалынатын болады. Сонда мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіндер» -деп ашық айтамын» (Мат. 7:22-23). Құдай маған бір күні сөйлеп, былай деді: «Олардың біз Сенің атыңмен кедейлерді тамақтандырып, түрмеге түскендерге

барып пе едік?» деп айтпағандарын байқадыңыз ба? Осы істерді істеп жүрген адамдар Киелі Рухтың жемістерін өсіреді. Киелі Рухтың жемістерін өсіру, өмірімізді жақсы аяқтаудың кепілі болып табылады.

Мен бұны дүние жүзіндегі ең танымал қауымдардың бірінің үлкен қауымында қызмет еткенде түсіндім. Осы қауымға бүкіл әлемде танымал, сондай-ақ соншалықты танылмаған уағыздаушылар мен қызметшілер келіп, қызмет ететін. Менің міндетім оларды әуежайда қарсы алып, қонақ үйлерге орналастырып, жайғастыру болды. Мен кейбір Киелі Рухпен майланған қызметшілердің автокөлікке мінгенде, Исаның Өзі мінгендей болғанын байқадым. Олар ортаға шығып, уағыздағанда, Исаның Өзі шығып, уағыздағандай әсер қалдырды.

Басқа қызметшілер келгенде, мен: «Не болып кетті? Неге мен өзімді рухани ластанып кеткен адамдай сезініп отырмын? Неге олардың сөйлегені маған жиренішті?» деп өз-өзіме сұрақ қойып, түсінбей жүрдім. Содан кейін, әлгі адамдар ортаға шығып, уағыз айтқаннан кейін адамдар сауығып кетіп, құтқарылып, азат етіледі екен! Бұлардың бәрі жалған сауықтырылу немесе құтқарылу емес, шынайы болған. Сонда мен Құдайға: «Мен соны мүлде түсінбеймін, қалайша осы адамдар бір шыққаннан-ақ, адамдар шипа алып, құтқарылады?» деп сұрақ қоятынмын. Біраздан кейін Ол маған Яһуданың Құдай Патшалығы туралы уағыздап, жындарды қуып шығарып, ауру адамдарды сауықтырып, кереметтер жасағанын көрсетті де, оның тозаққа түскенін есіме салды. Балағам пайғамбаршылық сөздерін жеткізгенмен, Құдай оны құртуға мәжбүр болды. Сауыл патша да пайғамбаршылық сөздерін жеткізгенмен, соның ақыры жаман болып аяқталды. Жаратқан, Ие маған: «Адам Киелі Рухтың дарындарына ие болса да, Құдайға ұнамды өмір сүріп жатқанын білдірмейді. Сен оларды жемістерінен танысың» (Маттай 7:16) деді.

Лиза: Сіздің айтатыныңыз: Сенуші адамдарға Киелі Рухтың дарындары қызмет етуге тегін беріледі, ал Оның жемістері адамның мінезіне байланысты болып, соны жетілдіру үшін күш салу керек пе?

Джон: Иә, дәл солай, түсінгеніңіз дұрыс.

Лиза: Сіз ішкі-дүниенің тыныштығының жетелеуінде жүру туралы, сондай-ақ Киелі Рухтың ескертуі, яғни рұқсат етпеуі туралы айтып едіңіз. Бірақ кейбір адамдар Құдайдың бізге анық сөйлейтініне күмәнданады. Олар Құдай бізге тек Киелі Жазба арқылы ғана сөйлейді» дейді. Сіз Құдайдың бізге сөйлейтініне сенесіз бе? Ол бізге тек Құдайдың Сөзі арқылы ғана сөйлей ме?

Джон: Біріншіден, Пауыл елші Қорынт қаласындағы сенушілерге былай деді: «үндемейтін «тәңір» бейнелеріне құлшылық етудің әр түрлі жолдарымен азғырылындар» (Қор.1 хат 12:2). Бұл жерде үндемейтін, яғни сөйлей алмайтын деп жазылған. Басқа сөзбен айтқанда, Қорынт қаласында табынған тәңірлері мылқау болған. Пауылдың айтқаны: «Біздің Құдайымыз сөйлейтін Құдай» болды. Тәңір Ие бізге анық сөйлейді.

Құдай бізге қалай сөйлейді? Жаңа Өсиетте Құдайдың бізге әр түрлі жолдармен сөйлейтіні жазылған. Біріншіден, Ол бізге «ішкі куәлік» арқылы, яғни тыныштық арқылы сөйлейді. Бұл бірінші әдіс.

Лиза: Тіпті Құдайдың Сөзін айтпай сөйлей ме?

Джон: Жоқ, Ол бізге Өз Сөзіне негізделіп сөйлейді. Егер сіздің жүрегіңізде тыныштық Құдайдың Сөзіне сай болмаса, онда осы тыныштық Құдайдан емес екенін білуіңіз керек. Бұл сіздің ниетіңіздің дұрыс еместігін көрсетеді. Сіз одан бас тартып, Құдайдың алдында таза ниетпен жүріп, Одан жауап күтуіңіз керек. Ең соңында, соңғы сөз сөйлеу құқығы Жаратқан Иенің Өзіне қалдырылады.

Лиза: Оның Сөзі біз үшін іргетас, әрі мықты негіз болып қала береді.

Джон: Иә, айтқаныңыз дұрыс. Сонымен, ішкі куәлік бұл Құдайдың бізге сөйлеуінің бірінші әдісі болып табылады. Екінші әдіс-бұл ақырын дауыс, сол жайында Киелі Кітапта жазылғаны бар. Иса былай айтты: «Өз қойларым Менің

даусымды естіп, бағынады» (Жохан 10:27 аятқа қараңыз). Құдайдың Рухы Исаның айтқан сөздерін естіп, бізге ақырын дауыс арқылы жеткізеді.

Кейбір адамдар ішкі куәлікке қарамай, әр түрлі дауыстарды естіп, солардың артынан еріп, адасып кетеді. Мен Құдайдың дауысын естіген кезде, рухым немесе ішкі куәлігім соны растап, екеуі де Құдайдың Сөзіне сәйкес келеді. Біздің Құдайдың жетегінде жүруіміздің негізі осындай ретке келеді: Құдайдың Сөзі, ішкі куәлік және дауыс. Егер сіз бір дауысты еститін болсаңыз, бірақ рухыңыз соған келіспесе, онда сол дауысқа көңіл бөлмеуіңіз керек. Мен өзіме пайғамбаршылық сөздері айтылған қызмет ету жиналысында болдым, бірақ жүрегімде солардың Құдайдан емес екендігін рухыммен сездім де, айтылғанның бәріне көңіл бөлмей қойдым.

Киелі Кітап Құдайдың бізге түс арқылы аян беріп сөйлейтінін айтады. Елшілердің істерінің 16 тарауында Пауылдың түсті көргені айтылады. Пауыл: «Македонияға келіп, бізге көмектесе гөр»деп түс көргенін айтылады. Киелі Рух оған түс арқылы Македонияға баруың керек деп сөйледі. Құдай кейбір адамдарға басқалардан гөрі, түс арқылы көбірек сөйлейді. Ол менің жұбайыма түс арқылы ерекше сөйлейді. Ал маған ішкі куәлік немесе ақырын дауыс арқылы Өз хабарын жеткізеді.

Келесісі, Құдайдың сөйлейтін әдісі, бұл- аян көрсету арқылы. Пауыл бірнеше рет аян көрген. Ол өз аяны туралы айтқанда, былай сипаттап деді: «Оның рухы көкке апарылды, әл тәнінде ме, әлде тәнсіз бе, о жағы маған емес, Құдайға ғана аян» (Қор.2 хат. 12:2). Сізге аян көрсетілген кезде, тәніңізде ме, тәніңізсіз бе, ол жағы түсініксіз болады, бірақ рухани әлемді анық көре алады екенсіз.

Біздің бағушымыз 1989 жылы, мені және Лизаны толық уақытқа қызмет етуге шақырғанда, бұл оның аянды көруінің нәтижесі болды. Ол қызметтестерін офиста жинап алып,маған былай деді: «Кеше Құдай маған бір аянды көрсетті. Мен соны теледидардан анық көргенімдей көрдім. Ол маған: «Сендермен

бірге қызмет етіп жүрген бағушылардың бірі, енді осы қауымда қызмет етпейді, ол қауымның сыртында, дүние жүзіндегі бүкіл Мәсіхтің рухани денесіне қызмет етіп, оларға үлкен жарылқау болады» деп хабарымен бөлісті. Содан, ол маған қарап: «Сыртта қызмет ететін адам сен екенсің» деп аяқтады. Құдай маған соны сегіз ай бұрын ашып берді, сондықтан бұл сөз Оның дәлелдемесі болды.

Ең соңғы Құдайдың бізге сөйлейтін әдісі бұл ерекше күйге ену (трансқа ену) арқылы сөйлейді. Петір елші Елшілердің істерінің 10 тарауында, осындай ерекше күйге еніп аян көрді. Ерекше күйге енгенде, адамның сезімдері бір сәтке үнсіз қалғандай болады. Бұл аянның басқа түрі, өйткені аянды көрген адамның сезімдері қызмет атқара береді. Пауыл мен Жохан көкке көтерілгенде, олар қозғалып, жүре ала алатын. Ерекше күйге еніп болғанда, сіз Құдайдың дауысын естіп, рухани әлемді ғана көре аласыз. Бірақ сезімдер бір сәтке үнсіз қалады.

Кейбіреулер, Гедеонның қойдың жүні жерге жайып, Құдайдың еркін сұрағанын жайында не болды? Көне Өсиетте қырқылған жүнін жерге жаю, Жаратқан Иенің дауысын есту әдістерінің бірі болған. Көне Өсиетте адамдардың кейбір істегені Иса Мәсіхтің құрбандығына бола қазір сол тәсілдің қажеті жоқ. Біз Мәсіхтің құрбандығы арқылы адамдардың Тауратта қызмет атқарғанын қайтадан қарап шығамыз, не оларды қалдырамыз, не алып тастаймыз. Ал қырқылған жүнін жерге жаюға келетін болсақ, Исаның құрбандығы оның күшін жойып алғанын түсінеміз. Киелі Кітап бізге былай дейді: «Ал Киелі Рухтың жетелеуімен жүретін(қырқылған жүнін жерге жаю арқылы емес) адамдар» (Рим.8:14). Таурат заманындағы адамдарға Киелі Рух қонбағандықтан, Құдай оларға осы жолмен (жерге жайылған жүні арқылы) сөйлейтін секілді. Мен қазіргі сенушілердің жүнді жерге жайып, Құдайдың еркін сұрауын құптамаймын. Мен сенушілердің Құдайдың Сөзі және ішкі куәлігінің жетелеуімен жүру керек екендігіне кәміл сенемін. Біз Киелі Рухтың арқасында өмір сүріп, және Оның жетелеуінде

жүру үшін шақырылған адамдармыз.

Лиза: Мен айтқаныңызға қосылып, мынаны айтқым келеді. Осы айтылған сұрақтардың рухани тақырыпқа қатысы бар. Құдай бізге мынадай өсиет берген, егер біз бауырласымыздың қиындыққа түскенін көрсек, біздің оған көмектесуіміз керек (Жохан 1 хат 3:16-18). Аспаннан Құдайдың дауысын естудің қажеті жоқ. Сіз адамның мұқтажын естіп, соған қарап, сүйіспеншілікті көрсетуіңіз керек. Біз адамдардың өзіміздің кітаптарымыздың беттерін жұлып алып, басқаларға үлестіріп бергенін естіген кезде, бірімізге-бірі: «оларға тасжүректік танытып, қалайша көмектесе алмаймыз?» дестік. Біз соны өз көзімізбен көрмеген болсақ та, естіп, көмектесейік деп бірден шешім қабылдадық.

Джон: Мен бір қыздың құлдыққа түсіп, адамдардың оны сатайын деп жатқанын естігенде, Лизаға: «біз осы қызды құлдықтан алып шығуымыз керек» дедім.

Лиза: Мен осы төтенше жағдай туралы бір журналдан оқып, білдім. Мен шетел сапарға барған кезде мұны біліп алдым. Кейбір кезде, адамдар көзге көрінетін мұқтаждарына қарамай, түс-аян, аспаннан сөйлеген дауысын, не болмаса, қандай да бір керемет белгі күтіп жүреді. Киелі Кітап бізге : «егер сен көрсең» дейді.

Джон: «Егер өз бауырласыңның мұқтаждығын көрсең...».

Лиза: Біз бауырластарымыздың мұқтаждығына қарап, оларға көмектесуіміз керек. Біз көзге көрінетін мұқтаждықтарға қарап, жүрегіміз тастай болмауы керек. Егер біз көзге көрінетін, осы дүниеде жүрген бауырластарымызға көмектесетін болсақ, онда Құдай бізге рухани көздерін ашып, Өз құпияларын білдіріп, бізді әрі-қарай жетелейтін болады. Себебі Ол бізге: «Мен сені шағын істе сенімді болып жүргенінді көрдім, енді саған рухани әлемдегі құпияларын ашатын боламын» дейді.

Джон Бивердің қосымша жауаптары**Сұрақ: Адамдар Киелі Рухты қалай қорлайды?**

Джон: Иса Киелі Рухты қорлау жайында Мат. 12:22-23, Марка 3:22-30, Лұқа 12:10 аяттарда айтады. Маттай және Марканың жазған кітабында осы жайында анық айтылады. Парызшылдар Исаны жындарды Беельзебулдың яғни шайтанның күшімен қуып шығарғанына айып тақты. Сонда Иса оларға былай деп жауап берді: «Адамдардың жасаған бүкіл күнәларын мен Құдайды қорлауларына кешірім беруге болады, бірақ Киелі Рухын қорлайтынға кешірім болмайды» (Мат. 12:31). Сондықтан, Киелі Рухты қорлау бұл Оны жамандап, Оның істегені шайтанның ісі деп ғайбат айту.

Сұрақ: Құдай Әкеге мен Иса Мәсіхке сиынып, рухани өлендер айтқанымыздай, Киелі Рухқа да сиынып, рухани өлендер айту Киелі Жазбаға қарама-қайшы болмай ма?

Джон: Жоқ, болмайды. Киелі Рухтың Өзі-Құдай. Сондықтан, біз Оған Құдай ретінде табынамыз. Жохан 4:24 аятта былай жазылған: «Құдайдың Өзі-Рух. Сондықтан Оған сиынатындар Оның Рухына кенеліп, шындықпен сиынуға тиіс». Біз Құдай Әке мен Иса Мәсіхке сиынып, табынғанымыздай, Киелі Рухқа да сиынып, табына алатынымызға кәміл сенемін.

Сұрақ: Біз Киелі Рухқа сиынып, Оған ғана табынатынымызды қайдан білеміз?

Джон: Иса өз шәкірттеріне айтты:

Менің айтарым әлі де көп, бірақ сендер оның бәрін тыңдауға төзімдерін жете қоймас. Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді. Себебі Ол Өзінен шыққан сөзді емес, Көктегі Әкемен естігенін айтады және болашақта не болатынын сендерге хабарлайды. Құдай Рухы Менің ұлылығымды көрсетеді, себебі Ол Менен қабылдаған хабарларды сендерге жеткізбек...

Біраз уақыттан кейін Мені көрмейсіңдер, тағы біраздан кейін Мені қайта көресіңдер.

...Сол кезде Менен бір нәрсе сұрауларыңның қажеті болмайды. Сендерге өте маңызды шындығын айтаймын: Әкеден Менің атымнан не сұраңдар да алыңдар! (Жохан 16:12-14, 16,23).

Біз Құдай Әкеден Исаның атынан сұраймыз. Содан кейін осы кітапта жазылғандай, Киелі Рухпен тығыз байланыста тұрып, Онымен сөйлесіп, сұрақ қойып, жауап аламыз.

Сұрақ: Киелі Рух барлық жерде бір уақытта бола алады, сонда біздің Оны бізге келші деп шақыратынымыз Киелі Кітапқа қарама -қайшы болмай ма?

Джон: Жоқ, болмайды. Киелі Кітап бізге Құдайдың Рухының барлық жерде бір уақытта бола алатыны сондай-ақ, Өзін анық бір жерде көрсететінін айтады. Біз сол жайында Дәуіттің жырында оқимыз:

Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын? Көз алдыңнан қайда жасырынбақпын? Көкке көтерілсем, сол орындасың, тұңғиыққа түссем де, Сен сондасың. Таң шапағына қалықтап ұшсам да, теңіздің ар жағына қонсам да, сол жерде де мені қолың жетелеп, құдіретті қолың ұстайды демеп. (Забур 138:7-10)

Киелі Кітап бізге Құдай бізді ешқашан тастамайтыны айтады (Евр 13:5). Бұл Құдайдың барлық жерде бола алатыны қабілеті бар екен.

Басқа жағынан қарасақ, Құдайдың Өзінің анық көрсететін кездері де бар. Көрсету дегеніміз бұл көзге көрінбеген нәрселер көрініп, естімегенді естіліп, білмеген құпиялары ашылатынын білдіреді. Яғни бұл Құдайдың бізге Өз құдіретін әрекетінде көрсетуі деп түсінемін. Бұл Киелі Кітапқа қарама-қайшы болмайтынын білемін.

Сұрақ: Біз неге Құдайдан Киелі Рухтың төгуін сұраймыз? Ол Өзінің Рухын әлдеқашан жіберген жоқ па?

Джон: Зақария 10:1 аят бізге былай дейді: «Жаратқан Иеден көктегі жауын мерзімінде жаңбыр жаудыруын өтініңдер!». Киелі Жазбада жауын Киелі Рухтың төгілуін білдіреді. Біз Құдайдан Киелі Рухтың төгуін сұрағанда, қалаларымызға, қауымдарымызға, елімізге Құдайдың жаңа құдіретін келуін сұрауымыз керек деп сенемін. Өйткені біз Оның құдіретіне кенелген кезде, Құдай Патшалығы үшін көп адамдарды құтқарып, мол өнім бере аламыз.

Сұрақ: Мен Киелі Рухпен терең қатынасымды қалай жетелдіре аламын? Қалайша Оның құдіретіне одан да зор кенеле аламын?

Джон: Оған көбірек уақыт бөліп, қатынас жасап, Құдайдың Сөзін оқу арқылы. Киелі Рухпен терең қарым-қатынасты қалай жетілдіру керектігі туралы осы кітаптың екінші және үшінші тарауында нақты түрде жазылған.

Сұрақ: Егер Киелі Рух бәрін білетін болса, онда Киелі Кітапты оқудың қажеті не?

Джон: Құдай бізге Киелі Жазба арқылы: «Киелі Жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді. Осылай Құдайдың адамы барша игі іске дайындалып, толықтай даяр болмақ» дейді (Тим. 2 хат 3:16-17). Киелі Рух осы жазылған сөздерді (грекше логос) пайдаланып, бізге тірі сөздерді (рема) жеткізеді. Ол логосты алып, бізге ремаға айналдырып жеткізеді. Егер біз Киелі Кітапты, яғни жазылған сөздерді оқымасак әрі Киелі Рухқа жүрегімізді ашпасак, онда тірі сөзді қабылдау қиын болады. Қытайда қудаланған сенушілер Киелі Рухқа кенеліп, бірақ Киелі Кітап болмағандықтан, олар соны қатты іздеп, оқуға құштар болып келеді. Олар Құдайдың Сөзіне шөліккеп, Киелі Рухтың оларға сөйлеп, өмірлеріне қуат бергенін аңсайды. Киелі Кітапты оқу өте маңызды. Құдайдың Сөзі және Құдайдың Рухы

бірге жұмыс істейді. Бұл әріптестік секілді.

Киелі Кітапта Құдайдың құпиялары жазылғанын және Киелі Рух соларды бізге аша алатыны есіңізде болсын. Егер сіз Киелі Рухының көмегінсіз оны оқитын болсаңыз, сіз осы кітаптың адамның тілінде жазылған әріптерін ғана оқитын боласыз. Бірақ, Киелі Рухтың арқасында біздің ақыл-санымызға түсініксіз, Құдайдың Сөзінің рухани мағынасын түсіне бастаймыз, себебі Киелі Рухта Мәсіхтің ой-ниеті бар:

Керісінше, жариялап жүргеніміз-Құдайдың құпия даналығы, бұл адамзаттың көзінен таса болып келді. Ал Құдай оны біздің ұлылыққа ие болуымыз үшін әлемді жаратпастан бұрын-ақ белгілеп қойған болатын. Бұны осы дүниелік билеушілердің біреу де ұққан да емес; ұққан болса Ұлылықтың Иесі айқышқа шегелетіп өлтіртпес еді. Алайда (Киелі Жазбаларда) алдын ала жазылғандай, көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді Құдай Өзін сүйетіндерге дайындап қойған. Бұны Құдай біздерге Өзінің киелі рухы арқылы анық білдірді. Киелі Рух бәрінен де, Құдайдың терең ой-мақсаттарын да хабардар. Себебі адамның ішкі құпия-сырларын оны рухынан басқа бірде-бір адам біле ме? Сол сияқты, Құдайдың терең ой-мақсаттарын да Оның Киелі Рухынан басқа ешкім білмейді. Ал біз осы дүниелік рухты емес, Құдайдан келген Киелі Рухты қабылдадық. Соның көмегімен Құдайдың бізге сыйлаған игіліктердің біле аламыз. Солар туралы біз адамзаттың даналығынан емес, Киелі Рухтан үйренген сөздермен уағыздап, Оған мойынсұнғандарға рухани шындықты түсіндіреміз. Өз еркімен жүретін адам Құдайдың Рухынан келгенді қабылдамайды, соны түсіне алмай, ақымақтық деп санайды. Себебі оны Киелі Рухтың тұрғысынан бағалау керек. Ал Құдайдың Рухына мойынсұнушы Одан келгеннің бәрін де бағалай алады, бірақ басқалар ондай адамға

баға бере алмайды. Өйткені «кім Жаратқанның ақыл-ойын ұққан, кеңесшісі болып, бағыт берді Оған?» (деп жазылған) Ал бізде Мәсіхтің ой-ниеті бар. (Қор. 1 хат 2:7-16)

Сұрақ: Менің қауым рухани құрғақ болып келеді. Мен қауымның мүшесі болып, соған Киелі Рухтың құдіретін әкелу үшін не істеуім керек?

Егер сіз қауымның жетекшісі болмасаңыз, онда мінажат етуден басқа ештеңе істей алмайсыз. Біріншіден, Киелі Рухтың құдіретін қауымға әкелу үшін, Оны өз өміріңізге шақырыңыз. Екіншіден, Киелі Рухтың қауымның жетекшілеріне әсер етіп, жүректерін ашуын сұраңыз.

ТАЛҚЫЛАУҒА БЕРІЛГЕН СҰРАҚТАР

Егер сіз «Мессенджер сериес» пен бірге осы кітапты оқып жатқан болсаңыз онда алтыншы бейне сабақты көріп алыңыз.

- 1 | Кез келген сенуші Киелі Рухтың дарындарына ие болып, пайдалана алады. Қауымның қызметінің ішінде ғана емес, сыртта жүріп сенушілер Киелі Рухтың дарындарын пайдалана ала ма екен? Бұл қалай болуы мүмкін?
 - 2 | Құдайдың сізге бір шешімді қабылдау үшін жүрегіңізге тыныштық сыйлап, Одан анық ести алғаныңыздың қандай дәлелдемесі бар?
 - 3 | Жаратқан Иенің сізге тура емес, жұбайыңыз арқылы сөйлеген кездері болды ма? Оның сізге осындай сөйлеуі жайында не дейсіз? Оның өміріңізге арналаған ашып берген жоспарын қалай қабылдай аласыз?
 - 4 | Сізге маңызды шешім қабылдау керек уақытта, соның әлі ашылмағанда, қандай қадам жасайсыз?
- Нақыл сөз 11:14;15:22;24:6 және Рим. 8:26-27 аяттарға қараңыз
- 5 | Құдай осы күнге дейін адамдарға сөйлей ме екен? Ол адамдарға қандай жолмен сөйлейді?

ҚОСЫМША ҰСЫНЫС

ИСАНЫ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАУҒА БОЛАДЫ

*Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ие деп мойындасаң,
жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне
сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен
сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен
мойындау арқылы құтқарылады.*

– Рим. 10:9-10

Киелі Рух сізбен үздіксіз тығыз қарым-қатынаста тұруға қатты аңсайды, сізді Құдайды жақыннан танып біліп, Оның Патшалығына тиімді еңбек етуіңіз үшін жігерілендіріп, қабілетті қылады. Бірақ, Құдайдың рухымен тығыз қарым-қатынаста тұру үшін, сіздің Иса Мәсіхті Құтқарушы ретінде қабылдап, Оны Жаратқан Ие деп мойындауыңыз керек. Құдай, Иса Мәсіхтің құрбандығы арқылы сізге Өзінің Патшалығына жол ашты. Исаның айқыштағы құрбандығының арқасында сізге мәңгілік әрі шынайы, бақытты өмір берілді. Бұл сізге Құдайдан келген сый. Сіз игі істеріңізге сүйеніп, соған лайықты бола алмайсыз.

Осы бағажетпес сыйды қабылдау үшін сіздің Құдайға мойынсұнбай өз бетіңізбен жүргеніңізді Оның алдында мойындауыңыз керек. Өйткені, Оған мойынсұнбаушылық адамдардың күнәларының түп тамыры осы. Құдайдың алдында осындай тәубе ету құтқарылудың шарты болып табылады. Елшілердің істерінде Петір бұл жайында бес мың адам құтқарылған кезде анық айтқан: «Сондықтан теріс жолдан қайтыңдар! Сонда Құдай Ие күнәларыңды кешіреді» (Елш. 3:19). Киелі Жазба әрбіріміздің күнәнің құлдығында туылатынымызды айтады. Осы күнәнің құлдығы Адам – атадан тарап, біздің Құдайға мойынсұнбаушылықтан көрсетеледі.

Шынайы тәубе, ету бұл шайтанның әрі өзіміздің жолынан қайтып, біз үшін өмір берген Тәңір Иса Мәсіхке бет бұрып, Оның жолымен жүру.

Сіз өміріңізді Исаға толық бағыштауыңыз керек. Исаны «Жаратқан Ие» деп мойындау бұл бар өмірімізді (рух, жан мен тәнімізді), өзімізді және барымызды Оған толық арнау.

Сіз Исаны қабылдаған кезде, Құдай сізді қара түнектен құтқарып өміріңізге Өз Патшалығының нұрын төгіп, толық өзгертеді. Сіз өлімнен шынайы өмірге өтіп Оның рухани баласы боласыз! Егер сіз Иса арқылы құтқарылғыңыз келсе, онда осындай мінажат ете аласыз:

Көктегі Құдай, мен өзім күнәкар болып, Сенің әділ жолыңмен жүрмегенімді мойындаймын. Мен тозаққа баруға лайықтымын. Алайда, мені осы қалпында қалдырмай, Сенің сүйікті рухани Ұлыңды, пәк таза қыздан туылған, мен үшін айқыш-ағашта өлуге Иса Мәсіхті жібергеніңе сенемін. Оның үшінші күні өлімнен қайта тіріліп, Сенің оң жағында Тәңір Ие әрі Құтқарушы ретінде отырғанына сенемін. Бүгін, мен өз бетіммен жүруден бас тартып, Саған шынайы тәубе етіп, Иса Мәсіхке өмірімнің Тәңір Иесі ретінде мойынсұнамын.

Иса, мен сені Құтқарушы әрі Жаратқан Ие ретінде мойындаймын. Өзінің Рухың арқылы өміріме кіріп, мені Құдайдың баласы етіп, *өзгертші*. Мен барлық қара түнектегі қылықтарымнан бас тартамын, өз бетіммен жүрмей, Саған бағышталып, өмір сүретін боламын.

Уа, Тәңір Иса, менің өмірім Сенің қолыңда, Сенің Сөзінде жазылғандай, Өзіңе сенім артқандар ешқашан ұятқа қалмайды!!! Аумин.

Құдайдың рухани отбасына қош келдіңіз! Мен сіздің жаңа, жақсы хабармен басқа сенушілермен бөлісуіңізді қалаймын. Исаға сенушілердің қауымына қосылғаныңыз өте маңызды. Сол жерде рухани бауырластарыңыз сізге жігер беріп, әрі қарай рухани өсуіңізге көмектеседі. Сіздің осындай шешім қабылдағаныңыз өте жақсы болды. Енді, сіз Құдаймен күнде қарым-қатынаста тұрып, соны жетілдіріп, керемет өмір сүретін боласыз.



ШАЙТАННЫҢ ТҰЗАҒЫ

Шайтанның құрған өлім қауіпі торынан сақ болыңыз. Осы кітапта сенушілерді Құдайдың жолынан тайдыру үшін, шайтанның алдамшы торына түсуі, яғни реніш жайында жазылған. Көптеген сенушілер осы шайтанның торына түскенін байқамайды. Өзіңіз алданып кетпеңіз. Сіз өзіңізді ренжітіп, өкпелететін адамдармен кездесетін боласыз. Осы адамдарға деген көзқарасаңыз сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңызға әсер етеді. Сіздің ренжуге қатысты көзқарасаңыз өз болашағыңызға әсер етеді. Егер сіз соған Құдайдың көзқарасымен қарайтын болсаңыз, онда одан да рухани мықты боласыз.

Сіз мынадай сұрақтарға жауаптар табасыз:

- Неге мені ренжіткені жайында толық шындықты айтуым керек?
- Адамдарға күдіктенбей, қалай оларға қайтадан сенуге болады?
- Мен өткендегі оқиғаны ескеріп, жүрегімді ауыртпауым үшін не істеуім керек?
- Мені қатты ренжітіп, жүрегімді жаракаттаған адамды қалай кешіре алып, оған қайтадан сене аламын?

Осы кітап сізді шайтанның тұзағынан аулақ жүруге үйретіп, реніштен азат етіп, Құдаймен терең қатынаста тұруына бөгет жасайтын кедергілерді алып тастауға көмектеседі.



ЖЕҢІМПАЗ

Сіз Құдайдың құдіретінде жүруге шақырылғансыз. Осы «Жеңімпаз» деген кітаптан, қиын жағдайларға жеңімпаздың көзқарасымен қарауға және соларды жеңуге үйренесіз.

- Иса Мәсіхке сену арқылы Құдайдың уәделеріне және Оның құдіретіне сүйеніп жүру
- Қиын-қыстау кезінде күш-қуатқа бөлену
- Әр уақытта рухани өмірде жеңімпаз болу

Қосымша ресурстар алу үшін:

www.CloudLibrary.org



Сіз көбірек білгіңіз келе ме?
Мынадан сканерлеп алыңыз:

СІЗ ҚҰДАЙ ТУРАЛЫ ЕСТІП, БІЛІП ҒАНА ҚОЙМАЙ, ОНЫ ЖЕКЕ БІЛЕСІЗ БЕ?

Исаның шәкірттері Онымен бірге жүріп, айтқанының бәрін естіген. Дегенмен, Иса ең жақын достарына, Өзінің кететінін және Соның орнына Киелі Рухтың келетінін айтты (Жохан 16:7; 13-14). Егер Исамен бірге жүрген сенушілерге бұл шындықты қабылдау өте қажет болса, онда бізге қаншама зор Киелі Рухпен өмірімізде тығыз қарым-қатынаста тұру қажет екен.

Өкінішке орай, кейбіреулер Киелі Рухтың Өзінің кім екенін қате түсініп, Оның жұмысы мен құдіреті қай жолмен көрсетілетіні көптеген адамдарға түсініксіз болып қалады. Киелі Рух оларға оғаш болып көрінеді. Киелі Кітап бізге Киелі Рух жансыз табиғат еместігін анық айтады. Ол сізді ешқашан тастамауға уәде еткен жеке тұлға екен. Осы кітапта Джон Бивер сізге сенуші адамдар қате түсінетін Киелі Рух туралы дұрыс түсінік береді.

Сіздің осы кітапты оқуыңызды сұраймыз.

Бұл Кітапта келесі қосымша тапсырмалар бар

- Күнделік Құдаймен уақыт өткізу бойынша тәжірибелік тапсырмалар
- Топтарда сұрақтарды талқылау
- Киелі Рух туралы ең қиын сұрақтарға жауаптар қосымша тарау



ДЖОН БИВЕР және оның жұбайы Лиза, Мессенджер Интернайшенал қызметінің қалаушылары. Ол Құдайдың қызметшісі және кітап жазушысы болып, қауымдарға шындықты еш жасырмай, батылдықымен және бар ынтасымен уағыздап келеді. Оның қалауы, жергілікті қауымдардың қай жерге орналасқанына, қаржылық жағдайларына, әрі адамдардың қай тілдерде сөйлегеніне қарамай, жігерлендіріп, рухани өсуіне көмектесу. Оның жазған кітаптары мен материалдарының барлығы алпыстанаса тілдерге аударылды. Ол үйде болғанда, Лиза жұбайын гольф ойнауға көндіріп, өз ұлдары мен келіндері және немерелеріне уақыт бөлгенді жақсы көреді.

Қосымша ресурстар алу үшін: www.Cloudlibrary.com

Сіз көбірек білгіңіз келе ме?
Мынадай шаһердегі алыңыз:



**Messenger
International**
MessengerInternational.org

Бұл кітап сыйлық болып табылады,
және оны сатуға болмайды.

